



ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(XVIII–XIX ғғ.)

8

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы "Мектеп" 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72
Қ18

Авторлары:

Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева

Қазақстан тарихы (XVIII–XIX ғғ.). Жалпы білім беретін мектептің
Қ18 8-сыныбына арналған оқулық / Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева,
М. Ноғайбаева. – Алматы: Мектеп, 2018. – 192 б.

ISBN 978–601–07–0966–9

К $\frac{4306020600-055}{404(05)-18}$ 16(1)-18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

© Омарбеков Т., Хабижанова Г.,
Қартаева Т., Ноғайбаева М., 2018
© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнелендіруі, 2018
Барлық құқықтар қорғалған
Баспагердің мүлтік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978–601–07–0966–9

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар! Өздеріңе оқулық ретінде ұсынылып отырған осы кітапта Қазақстан тарихының аса бір ауыр кезеңі – Қазақ хандығының, яғни мемлекетінің күйреп, отаршылдық саясаттың Ұлы Далада күшейген уақыты баяндалған. Сендер осы оқулық арқылы еліміздің отаршыл империяға тәуелді болып, мемлекетін жоғалтқан тағдырын біліп шығасындар. Бүгінде мемлекет құрушы қазақ халқының өзінің тәуелсіздігі үшін сан ғасырлар бойы күресуге, қантөгістер мен құрбандықтарға баруға мәжбүр болғанын осы кітаптан ұғасындар. Мұның өзі сендерге бүгін қолымыз жетіп отырған тәуелсіздіктің халқымыз үшін қандай қымбатқа түскенін айқын аңғарта алады.

Қазақ халқы әрқашан елдігін сақтап қалуға ұмтылып, сол үшін табанды түрде күресумен болды. Нәтижесінде ұлттық және ұлт-азаттық күрестер тізбегінен тұратын азаттық қозғалысының тамаша ерлік дәстүрі қалыптасты. Оларды оқып-үйрену, тарихтан сабақ алу және бүгінгі тәуелсіз өмірімізде оларға жанаша салқалы баға беру – бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған басты міндет. Оқулықта қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Отан соғысынан басталып, патшалық Ресейдің отарлау саясатының құрсауына түсуі, оның салдарлары мен нәтижелері, еліміздің отаршылдыққа қарсы азаттық күрес тарихы мен XX ғасыр басына дейінгі әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуының ерекшеліктері баяндалған.

Осы оқиғаларды оқулықта баяндау барысында халқымыздың ұлт-азаттық күрестерін басқарған аса көрнекті тарихи тұлғалардың айшықты бейнесін жаңа көзқараспен сомдауға тырыстық. Олардан бүгінгі жас ұрпақ барлық жағынан үлгі алып, үйрене алады.

Оқулықтағы әрбір тақырыптың соңында берілген тапсырмалармен жұмыс жасап, көрсетілген сұрақтарға жауаптар іздеп, талқылайсындар. Бұл тапсырмалар білімге деген құштарлықтарыңды және ұмтылыстарыңды арттыра түседі деген ойдамыз.

Оқулықтағы «Ізден!», «Ойлан!», «Анықта!», «Бұл маңызды!», «Есте сақта!», «Есте түсір!» сияқты айдарлармен берілген қосымша тапсырмалар еліміздің тарихын толық игерулеріңе, оны терең түсінулеріңе, алған білімді қолдана білулеріңе, тарихи оқиғаларға талдау жасай алуларыңа, материалдарды жинақтап, қорытындылауларыңа мүмкіндік береді.

Іске сәт, достар!

I бөлім ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ

§ 1. XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы

Бұл сабақта:

- XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайын;
- жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістер мен миграциялық процестерді білеміз.

Тірек сөздер

- Тәуке хан
- Жоңғар хандығы
- жоңғар шапқыншылығы
- Еділ қалмақтары
- башқұрттар

XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырда қазақ қоғамының одан әрі бірігу, тұтастану үдерісі орын алды. Осы кезеңде ел билеген Тәуке хан ел ішінде тыныштық орната білді. Сондықтан Тәуке хан билік құрған кезең халық ішінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген атпен есте қалды. Өзінен бұрынғы атакты хандардың заңдарын («Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы») өзі өмір сүрген заманға сәйкестендіріп, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жинағын жарыққа шығарды.

Еске түсір! «Жеті жарғы» қазақ қоғамының ішкі сұраныстарын құқықтық тұрғыдан қалай реттеген еді?

Тәуке тұсында ел бірлігін нығайтып, ішкі мәселелерді шешу үшін тұрақты түрде Үш жүздің мәслихаты шақырылып тұрды.

Ізден! Неліктен XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басындағы Күлтөбе, Мәртөбе, Ордабасыда өткен халық жиындары «Дала Парламенті» деген теңеуге ие болды деп ойлайсындар?

Тәуке хан қоғамдағы ішкі алауыздықты толық жоя алмады. Оның көзі тірісінде-ақ кейбір қазақ сұлтандары алауыздық танытып, жеке билікке ұмтыла бастады. Тәуке хан қайтыс болған кезеңде қазақ хандарының ішінде жолы үлкен саналатын Қайып хан Ұлы хан болудан үмітті болды. Бірақ ол 1718 жылы саяси бақталастарының қолынан қаза тапты. Орта жүзде Тәукенің ұлы Болат хан болса, Кіші жүзде Әбілқайырдың билігі нығая бастады. Орта жүз бен Кіші жүз руларын

басқарған басқа да сұлтандардың ықпалы артып, олардың дербестікке ұмтылуы күшейе берді. Осылайша қазақ тарихындағы аса ауыр кезең – «Ақтабан шұбырынды» жылдары қарсаңында Қазақ хандығының ішкі саяси алауыздығы күшейе түскен еді.

XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы. XVIII ғасырдың басында сыртқы қауіп күшейе түсті. Оңтүстік-батыстан орыс-қазақ әскерлеріне сүйенген Еділ қалмақтары, солтүстіктен Сібір қазақтары, башқұрттар, оңтүстіктен Орта Азия хандықтары (Бұқара, Хиуа), шығыстан жоңғарлар оңтайлы сәтті күтіп, шабуыл жасауға дайын тұрды.

Жоңғар хандығы. Қазақ хандығының тәуелсіздігіне мейлінше қауіп төндірген басты жауы – Жоңғария әскери-көшпелі мемлекеті еді. Тарихта қазақ және жоңғар халықтары арасындағы 100 жылдан астам уақытқа созылған қазақ-жоңғар соғысы орын алған.

Ізден! Жоңғарлар кімдер және Жоңғария мемлекеті қай жерде орналасқан?

Жоңғарларды Оңтүстік Қазақстандағы сауда, қолөнер орталықтары, Ресеймен, Шығыс елдерімен байланыстыратын керуен жолдары қатты қызықтырды. Оларды иелену жолында Қазақ және Жоңғар хандықтары арасындағы күрес жылдан-жылға өрши түсті.



XVIII ғасырдың басындағы қазақ даласына көрші елдерден төнген қауіп бағыттары

Жоңғарларға қарсы саясатты оңтүстік-шығыста Қытайдың Цин өкіметі де жүргізіп отырды. Яғни жоңғар қонтайшылары екіжақты соғыс жүргізуге мәжбүр болды. XVII ғасырдың 90-жылдарындағы Цин империясына қарсы соғыс жоңғарларға аса ауыр тиіп, шайқастардың бірінде олардың көсемі Қалдан Бошақты қаза тапты.

Жоңғарлардың хан тағына көрнекті тарихи тұлға әрі қолбасшы Себан-Рабдан (Цэван-Рабдан) келді (1697–1727). Ол 20 жылдай Маньчжур әулетінің билеушілерімен және Қытаймен ашық соғысудан бас тартып отырды. Мұның өзі Жоңғар хандығының тез арада күшеюіне мүмкіндік жасады.

Жоңғарияның қазақ жеріне шапқыншылығы. Жоңғар билеушілері қазақ даласына үздіксіз жортуылдар ұйымдастырып, адамдарын тұтқындап, малдарын айдап кетіп отырды. Осы тұста Еділ бойындағы *қалмақтар* да қарап жатпай, Жайық казактарымен және башқұрттармен бірге қазақ даласына оқтын-оқтын шабуылдар жасаумен болды.

Анықта! Картадан Еділ мен Жайық өзендерінің бойын анықтаңдар.

XVII ғасырдың 80-жылдарынан бастап жоңғарлар Жетісудағы Шу және Талас өзендерінің маңындағы қазақ жерлерін басып алды. Көп кешікпей-ақ казактар қарсы шабуылдар ұйымдастырып, жоңғарларға күшті соққы берді. Қазақ жасақтары *Еділ қалмақтарына* қарсы да сәтті ұрыстар жүргізді.

Еске түсір! Қалмақтар, Еділ қалмақтары, казактар, башқұрттар кімдер еді?



XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезінде қорғаныс үшін қолданылған мылтық пен өзге де жарақтар. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайы

1708 жылдан бастап жоңғарлардың қазақ жеріне жаңа шабуылдары басталды. Бұл соғыстарда екі жақ алма-кезек жеңіске жетіп отырды. Қазақ жерін басып алу жоңғарлардың басты мақсатына айнала бастады.

Жоңғар шапқыншылығының демографиялық жағдай мен көші-қон процестеріне әсері. Жоңғар шапқыншылығы Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың түп-тамырымен өзгеруіне әсерін тигізді. Қазақтардың оңтүстікте өзбек хандықтарына, ал батыста Еділ қалмақтары иелігіне жақындауы көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасты біршама күрделендірді. Жайық бойындағы іргелес казактар, оңтүстіктен карақалпақтар мен өзбектер қазақ ауылдарына шабуылдап, жағдайды одан әрі ушықтырды. Қалмақтардың шапқыншылығы кезінде қатты ойрандалғаны – Жетісу өңірі болды. Әрине, жаудың шабуылын бірінші болып қабылдаған шығыс өңірінің ахуалы да тым аянышты еді.

Жоңғарлардың күтпеген жерден бірнеше бағытта ұйымдастырған шапқыншылығының зардабы бейқам жатқан қазақ ауылдары үшін өте ауыр болды. Мал-мүлкін, тігулі үйін тастап, бас сауғалауға мәжбүрлеген қайғылы жағдай қазақ жерінде моңғол шапқыншылығынан бері қайталанбаған еді.

Білімді шыңда:

1. Көшпелі Жоңғар хандығының күшею себебін қалай түсіндіресіңдер? Олардың қазақ жасақтарынан басым түсіп отыруының себептерін талдандар.
2. Жоңғар шапқыншылығының негізгі мақсаты қандай?
3. Жоңғар шапқыншылығының зардаптары туралы айтып беріндер.
4. Қазақ жеріне тағы кімдер көз салды?
5. Жоңғар шапқыншылығының демографиялық жағдай мен көші-қонға әсері қандай болды?

§ 2. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру

Бұл сабақта:

- жоңғар шапқыншылығына тойтарыс берудегі Қарақұм жиынының маңызын;
- 1718 жылғы Аягөз шайқасындағы қазақ жасақтарының жеңісі нәтижесіз аяқталғанын талдаймыз.

Қарақұм жиыны. 1710 жылы қазақ жүздерінің белгілі өкілдері *Қарақұм* маңында бас қосып, жоңғарларға соққы берудің мүмкіндіктерін талқылады. Қарақұм – Аралдың солтүстік және солтүстік-шығыс өңірінен Ұлытау сілемдеріне дейін созылып жатқан аймақтың атауы. Қарақұмда өткен жиналысқа Үш жүздің өкілдері, сұлтандар, билер

Тірек сөздер

- Қарақұм жиыны
- Әбілқайыр хан
- Бөгенбай батыр
- Аягөз шайқасы



Тәуке хан

мен батырлар, рубасылар қатысты. Тәуке хан қазақ жасақтары мен руларын басқарудың жаңа әдісін талқылауды ұсынды. Бұл бойынша сұлтандардың билігін шектеп, халық арасынан шыққан билердің басшылық рөлін көтеру көзделді. Қазақтың Үш жүзі енді билер арқылы басқарылатын болды.

Еске түсір! *Сұлтандар мен билер* деп кімдерді атады?

Мұның өзі орталықтандыруды нығайтып, жауға қарсы қазақ жасақтарын құруды, қорғаныс қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін еді. Қарақұмдағы мәжілісте Тәукенің ұлы Қайып пен Әбілқайыр сұлтандар, Бөгенбай, Жәнібек, Есет батырлар ерекше белсенділік көрсетті. Жауға қарсы тойтарыс ұйымдастыру мәселесі қызу талқыға түсті. Адамдардың бір тобы мәжілісте басталған даудың соңын күтіп, толқып отырды. Бұл жағдайды Я. Гавердовский былайша суреттеп жазады: «Осындай жағдайда халық батыры Бөгенбай елдің ортасына суырылып шығып: «Таланған көштің, тұтқындалған бала-шағаның бейшара бақылаушысы болып отыра алмаймын. Жаудан кек аламыз, өлсек, қару ұстап өлеміз! Қыпшақ даласының сарбаздарының жалтарған кезі болды ма?! Мен қолымды жау қанына малғанда, сақалымды қырау шалған жоқ болатын. Жаудың зұлымдығына шыдап отыра алмаймын. Жауға мінер тұлпар құрып па?! Сұр жебе толы қорамсақ қаңырап бос қалып па?!» – деді». Мұндай жалынды ұран отырғандарды бейжай қалдырмай, ерекше әсер етті. Жиналысқа қатыскандар Бөгенбайды қолдауға сөз беріп, жауға қарсы бірге аттануға серттесті. Олар құрбандық шалып, құдайы таратты.

Бұл кім? Яков Петрович Гавердовский (1770–1812) – Ресейлік Бас штаб офицері, Қазақстанды зерттеуші. 1803 жылғы қазақ даласы арқылы өткен Бұхараға баратын арнайы сауда-дипломатиялық елшілікті басқарған. Я.П. Гавердовский Петерборға қайтып оралған соң, қазақ жерінде жинаған материалдарын өңдеумен айналысты. Кейінірек «Қырғыз-қайсақ даласына шолу» деген атпен Қазақстан географиясы, тарихы мен этнографиясы бойынша зерттеу еңбегін жазды.

Қарақұмдағы мәжіліс Тәуке ханның жасы ұлғайғандығын ескеріп, оған Қайып пен Әбілқайырды көмекшілер ретінде сайлады. Ал Бөгенбай қалмақтарға қарсы қазақтардың жетекшісі болып белгіленді. Осы кеңестің шешіміне сай жонғарларға қарсы біріккен *халық жасағы* құрылып, соның күшімен жонғар әскері шығысқа қарай ығыстырылды. 1711 жылы жонғарлар қазақ даласына тағы шабуыл жасағанда, қазақ батырлары тізе қосып, жауға айтарлықтай тойтарыс бере алды.



Алаш елі. Құрылтай. Суретші Қ. Өжібекұлы

Аягөз шайқасы. 1717 жылы калмақтардың қалың қолы Аягөз өзені бойындағы найман және жалайыр тайпаларының қоныстарына баса-көктеп кірді. Жауға қарсы қазақ жасағын Тәуке ханның ұлы Қайып бастап шықты. Мұнда Әбілқайыр бастаған Кіші жүз жасақтары да жауынгерлік белсенділік танытты. Қалмақтар ағаш бөренелерден биік өре жасап, соның үстінен қазақтарға қарсы садақтан оқ жаудырды. Түнге қарай қазақтар кесілген ағаштардан калмақтардікінен әлдеқайда биік бірнеше мұнара тұрғызып, олардың үстінен калмақтарды екі күн бойы садақпен атқылайды. Мұның өзі ақырында калмақтарды қашуға мәжбүрледі. Бұл шайқаста Қаракерей Қабанбай басқарған қазақ жасақтары да үлкен белсенділік танытты. Алайда Қайып ханға бағынғысы келмеген Әбілқайырдың өз әскерін алып, ұрыс даласынан кетіп қалуы калмақтарды біржолата күйретуге мүмкіндік бермеді. Сол себепті жауды талқандаған бұл жеңіс те қазақ елінің ауыр жағдайын жақсарта алмады.



Бөгенбай батыр ескерткіші. Астана қаласы

Білімді шыңда:

1. Жонғар шапқыншылығына қарсы күрес қалай ұйымдастырылды?
2. Қарақұм жиынында қандай мәселелер қаралды?
3. Аягөз шайқасының нәтижесі қалай болды?

4. Елді азат етудегі қазақ батырларының рөлі қандай?
5. Қарақұмдағы жылы мен Аягөз шайқасындағы жеңістің нәтижелі болмауының себептерін түсіндіріңдер.

§ 3. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы

Бұл сабақта:

- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталатын қасіретті оқиғаның себептері мен салдарларын;
- халық ауыз әдебиеті туындыларының тарихи дереккөз ретіндегі құндылығын талдаймыз.

Тірек сөздер

- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»
- «Елім-ай»

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаньң» басталуы. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Цин империясымен уақытша болса да қарым-қатынасын ретке келтірген Жонғария барлық күш-қуатын қазақ еліне қарсы жұмсауға мүмкіндік алды. Қазақ елін талқандауды мақсат еткен жонғарлар өздерінің жоспарын тезірек іске асыруға тырысты.

1723 жылы қазақ билеушілері арасындағы өзара алауыздықты пайдаланған жонғардың 70 мың адамдық әскері қазақ жеріне тұтқиылдан баса-көктеп кірді. Жетісуды, Қаратауды басып өтіп, Талас алқабындағы қазақ ауылдарына ойран салды. Бұл «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаньң» басы еді. Жау соққысына төтеп бере алмаған Ұлы жүздің көптеген рулары мен Орта жүздің бірқатар рулары Шыршық өзенінің Сырдарияға құяр сағасынан өтіп, Ходжентке қарай беттеді. Орта жүздің басқа рулары Самарқандқа ойысты. Кіші жүз рулары Ырғыз, Торғай, Жайық, Ор өзендеріне қарай



«Ақтабан шұбырынды». Суретші Д. Қастеев

ығысты. Шапқыншылармен арпалысқан қазақтардың бір бөлігі Тобыл губерниясының шегарасына жақындады.

Бұл оқиға туралы Шоқан Уәлиханов: «Орынбордағы бір рубасы өз жерлестерінің жағдайын тазы иттердің қуғынына түскен қоянмен салыстырған», – деп жазған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы: «...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың басшысы Себан Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: «Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама болсын», – дейді. Оның мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені», – деп жазған. Ел басынан кешкен осынау қайғы-қасірет әйгілі «Елім -ай» әнінде көрініс тапқан.

Ойлан! 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығы ерте көктемде басталғаны туралы айтылды. Бұл халықтың «Ақтабан шұбырындыға» ұшырауына қаншалықты себепкер болды?

«Ақтабан шұбырындының» зардаптары мен салдарлары. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қазақ қоғамына тігізген зардабы орасан зор болды. Қазақ ру-тайпаларының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көші-қон бағыттары бұзылды. Шұрайлы мал жайылымдары жау қолында қалды. Жетісу және Қазақстанның оңтүстік аймақтары енді қаңырап бос жатты. Қазақтардың Ташкент, Түркістан, Сайрам сияқты қалалық колөнер орталықтарымен және сауда базарларымен қатынасы үзілді. Шәкәрім Құдайбердіұлының келтірген деректері бойынша, қазақтардың үштен екі бөлігі қырғынға ұшыраған. Енді бір бөлігі құлдыққа сатылып кеткен. Халық ашаршылыққа душар болды. Өлмей аман қалу үшін қайынның сөлін ішкен. «Қайың сауған» деген сөз содан қалған.

Деректер! «Бұл көш (яғни жоңғар шапқыншылығы салдарынан шегіну) еріксіз қайыршылану мен қырылуға әкеліп соқтырды. Мал басы күн сайын азайды, айырбас саудасы құлдырап кетті, кедейшілік пен қайғы барлық жұртты қамтыды, біреулері аштықтан өлсе, екіншілері бала-шағаларын тастап кетуге мәжбүр болды. Ақырында халық – тақыр, көшпелі халықтың өміріне ешқандай қолайсыз өңірге келіп тоқтады».

Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч. 2. С. 70.

1725 жылы шабуылын үдеткен жоңғарлар Түркістан мен Ташкентті басып алды. Оңтүстік ауданның елді мекендері мен дәстүрлі керуен саудасына нұқсан келді. Қазақ жеріне жоңғар қолында қалып қою

қаупі төнді. Ел билігіндегі хандар мен сұлтандар ауызбіршілік болмауы салдарынан жоңғар шапқыншыларына қарсы күресті дұрыс жүзеге асыра алмады. Мұндайда олар өзара жанжалдасып, халықтың жағдайын тіптен ауырлатып жіберді.

Халық ауыз әдебиеті туындылары тарихи дереккөз ретінде. Ел басынан өткерген осынау қасіретті күндер «Елім-ай» әнінің мұңлы-зарлы шумақтарынан анық байқалады:

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған жаман екен –
Екі көзге мөлтідеп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіннен қар борады,
Қантардағы қар жауған қыстан жаман.

Жоңғар қалмақтарының Ресей мен Қытайдың қазаққа қарсы екіжүзді саясатын орынды пайдалана білгенін Қожаберген жырау төмендегіше жырлайды:

Ресейдің қолтығына еніп алды,
Солардың мылтығымен қаруланды.
Жоңғарға Батыс жақтан демеуші боп,
Жұртына Кіші жүздің ойран салды!
Осылай екі беттен тиді қалмақ,
Ғаскерін¹ күн-түн демей жиды қалмақ.
Қазаққа екі жақтан шабуылдап,
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ!
Үш жүзге дұшпан болып шығыс жақтан,
Қытай да қаскөйлігін жасап жатқан.
Айдап сап қалмақтарды халқымызға,
Көк шалғын сахарамды қан, шап жапқан!

Бұл соғыстағы қазақ батырлары мен жауынгерлерінің көрсеткен ерлігі, қаһармандығы батырлар жырында да көркем суреттеліп, толығырақ баяндалған. Өздері осы соғысқа қатысқан және оқиғаның куәсі болған ақын әрі батыр Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жыраулар өз шығармашылығында қазақ батырларының ерлігін жан-жақты жырлап, жастарды отаншылдық, ерлік рухта тәрбиелеуге зор үлес қосты. Қазақ жерін азат етуге байланысты Отан соғысының ұрыстары қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып әнгімелеп отыратын мақтанышына, қаһармандықтың үлгісіне айналды.

Білімді шыңда:

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны, Ш. Құдайбердіұлы, Ш. Уәлихановтың мәліметтері бойынша «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары туралы эссе жазындар.

§ 4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жасағының құрылуы

Бұл сабақта:

- жоңғар шапқыншылығына қарсы өткізілген Ордабасы жиынының;
- қазақ елінің азаттық күресінің жеңісті кезеңдерін бастап берген Қалмаққырылған шайқасының тарихи маңызын айқындаймыз.

Тірек сөздер

- Қаламаққырылған
- Сарыарқа
- Ордабасы
- Бұланты шайқасы

Қазақ жасақтарының құрылуы. Жоңғар қалмақтарының жаппай шапқыншылығы жағдайында халықтың негізгі сүйенері елін-жерін жан-тәнімен қорғаған батырлар болды. Соңдарынан тұтас рулы елді ерткен, жанқиярлық ерліктерімен есімдері аңызға айналған Есет, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Саурық, Малайсары, Шапырашты Наурызбай, Баян, Жауғашар (Шақантай), Жәнібек, Райымбек т.б. батырлар жеке қол құрап, күресті тоқтатпады. Атақты жыраулар өз толғауларында батырлардың ерен еңбектерін шаттықпен сипаттаған. Халық батырлары атамекенді жаудан қорғауда ерекше ерлік пен табандылық көрсетті әрі туған өлкені азат етуге шақырған жалынды үндеу тастады. Билер мен сұлтандар да күресті ұйымдастырушылар ретінде зор еңбек сіңірді.

Ізден! Қазақ халқының соғыс өнеріндегі «жорық жырауы» деген кімдер және олар қандай қызмет атқарды?

Жоңғарларға қарсы біртұтас әскер ұйымдастыруда қазақ елі ауызбірлік таныта білді. Осы кезеңде қазақ қоғамының ішкі өмірін терең білетін және халықты өз жанына ұйымдастыра білген Әбілқайыр ханның да тұлғасы даралана түсті.

1724 жылы-ақ Әбілқайыр бастаған қазақ қолы Түркістан қаласын жаудан қайтарып алды. Қазақ жасақтары Отырар, Шымкент, Түркістан, Сайрам қалаларын жоңғарлардан азат етті. Қаратау маңында жоңғар қолы тас-талқан болып жеңілді. 1725 жылы Шақшақұлы Жәнібек батыр бастаған қол Қорғалжын көлі маңында жоңғарларға қарсы соққы берді. Қазақ жасақтары Сырдың төменгі ағысы бойындағы жерлермен қатар, Мұғалжар тауы бойындағы жерлерді де азат етті. Осылайша жоңғарлардың Алтай тауларынан Есіл, Жайық өзендеріне дейін құрған шебі бұзылды.

Бірақ түпкілікті жеңіске жету үшін басқыншыларға қарсы бытыранқы қимылдап келген қазақ жасақтарының тізе қосып, бірігуі қажет болды.



«Бірлік-Ордабасы»
монументі. Оңтүстік
Қазақстан облысы

Ордабасы жиыны. Бұрын бытыранқы кимылдап келген Үш жүздің жасақтарының басқыншыларға қарсы біріккен кимылдары 1726 жылы басталды. Осы 1726 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Бадам өзені алқабындағы *Ордабасы* тауының етегінде қазақ билерінің қатысуымен үлкен құрылтай болып өтті.

Анықта! Картадан Ордабасы тауын анықта.

Бұл ұлы жиынға Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс тәрізді қазақ хандары, Төле, Қазыбек, Әйтеке тәрізді елге танымал билер, атақты қазақ батырлары мен қолбасшылары да қатысты. Жиынды қазаққа *аға хан* болып келетін Болат хан ашқанымен, оны басқару жоғарыда аталған қазақтың әйгілі үш билінің қолында болды.

Ойлан! Қазақ хандығындағы *аға хан* дегенді қалай түсінесің?

Үлкен кеңес осыған дейін Түркістанды жаудан қайтарып алуда, Еділ бойындағы қазақтарды қорғауда және түрікмендердің шабуылдарына тойтарыс беруде ерекше ерліктерімен танылған Әбілқайырды қазақтың Үш жүзіне бас қолбасшы етіп тағайындады. Батырлар арасынан бүкіл қазақ жасағының сардарбегі болып Қанжығалы Бөгенбай батыр сайланды.



«Бұланты шайқасы» стелла-
сы. Қарағанды облысы

Ізден! Бас қолбасшы мен бас сардарбектің рөлі және басты қызметі қандай болды?

Осында барлық қазақ жасақтары жиналды. Бұл жер жау қолындағы Жетісуды азат етуге аттануға жақынырақ еді. Сонымен қатар Алатау мен Қаратау сілемдерімен қоршалған, ал шығысқа қарай ашық дала болып келетін бұл аймақ қалың қолды құпия шоғырландыруға мүмкіндік беретін.

Қалмаққырылған шайқасы. 1728 жылы Сарысудың орта ағысы алқабында, Бұланты

және Білеуті өзендері аралығындағы Қараспыр (тағы бір атауы – Айрантөгілген) деп аталған кең жазықта біріккен қазақ жасағы жоңғарларға ойсырата соққы берді. Зеңбіректермен және мылтықпен қаруланған жоңғардың қалың қолы қазақ батырларының біріккен күшіне төтеп бере алмады. Осы шайқас қазақ-қырғыз және басқа халықтардың 60 мыңдық қолының толық жеңісімен аяқталды. Қалмақ қолдары тас-талқан болған сол жер кейін *Қалмаққырылған* деп аталып кетті.

Ізден! Қазақстан картасында «Қалмаққырылған» атауын еліміздің барлық аймақтарынан кездестіруге болады. Бұның себебі неде?



Бұланты шайқасында қаза тапқан батырларға арналған ескерткіш тақтатас

Бұланты және Білеуті бойындағы шайқастағы жеңістің қазақ халқының рухын көтеруде орасан зор маңызы болды. Себебі қазақтың кең даласы әрі халқымыздың елдігінің тарихи нышанына айналған Сарыарқаның кіндігі саналатын Ұлытау етегінен басталған бұл жеңіс қазақ-жоңғар соғыстарындағы шешуші кезеннің бастамасына айналды.

Ізден! Сарыарқа, Ұлытау неліктен қазақ халқы үшін киелі жерлер саналады?

Ендігі мақсат – қазақ жерін түгел жаудан тазартып, елдің тәуелсіздігін толық қалпына келтіру еді. *Қалмаққырылған* шайқасы, негізінен, Қазақстанның солтүстік-батыс өңірін азат етті. Елдің бірқатар аудандарында, соның ішінде Жетісу өңірінде, әлі де жоңғарлар үстем болатын. Басқыншылар тарапынан орын алатын қауіп-қатер жойыла қойған жоқ.

Бұланты мен Білеуті жеріндегі жеңістің зор маңызы болды. Бұл жеңіс қазақ жасақтарын рухтандырды, жауды жеңуге деген сенімдерін күшейтті, қазақ қолының Аңырақайда жеңіске жетуіне жол ашты.

Білімді шыда:

1. Ордабасы жанында қандай мәселелер шешілді?
2. Қалмаққырылған шайқасының маңызы қандай болды?
3. Осы шайқастардан кейін қазақ хандары мен билері қандай ой түйді?

§ 5. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы

Бұл сабақта:

- жоңғар басқыншыларымен арада өткен Аңырақай шайқасының барысымен;
- Аңырақай шайқасының тарихи маңызымен танысамыз.

Тірек сөздер

- Аңырақай шайқасы
- азаттық күрес
- Әбілмәмбет хан
- Абылай сұлтан

Аңырақай шайқасы. Біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы 100 жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі – Аңырақай шайқасы болды. Шайқас 1730 жылдың көктемінде Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Ітішпес деген жерде өткен.

«Аңырақай» атауының шығуына қатысты пікірлер әртүрлі. Халық ішінде сақталған мәліметтер бойынша осы шайқаста қалмақтың бас батыры Аңырақ қазақ батыры Бөлекпен жекпе-жек ұрыста қаза тапқандықтан Аңырақай аталып кеткен. Қалмақтар шайқаста жеңіліп, «аңырап» қайғырғандықтан осылай аталған деген әңгіме де ел арасында кең таралған.

Ізден! Карта бойынша Аңырақай шайқасы өткен аумақтың географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шайқас орнының стратегиялық маңызын түсіндір.

Аңырақай шайқасындағы ұрыс қимылдары болған алқап 200 шақырымдай жерді алып жатыр. 1730 жылдың көктемінде аттарын



Аңырақай шайқасы. Суретші А. Жамхан

тың айтып алған қазақ жасақтары Хантау, Аңырақай таулары өңіріне келіп тоқтайды.

Шайқас ежелгі дәстүрмен жекпе-жекпен басталады. Ұрыс басында қалмақ-қазақ батырлары он екі күн бойы жекпе-жекке шығып, қазақтар басым түсіп жатты. Соғыстың соңына қарай аса үлкен ерлік көрсеткен және атасының атымен «Абылай! Абылай!» деп жауға ұрандап шапқан жас Әбілмансұр сұлтан ерекше көзге түсіп, он екі қалмақты аттан шауып түсірді. Солардың бірі – қалмақ ханы Қалданның жақыны Шарыш болатын. Осыдан соң Әбілмансұр ел арасында *Абылай* атанып кетті. Екі ай бойы толастамаған осы шайқаста қазақ қолы үлкен жеңіске жетті.

Ізден! Қазақ ру-тайпаларының ұрандары қалай пайда болған және олар қандай қызмет атқарған?

Тарихта *Аңырақай шайқасы* деп аталып кеткен бұл оқиға қазақ халқының басқыншыларға қарсы күресінде ерекше орын алады. Мұндай жеңілісті бұрын-соңды көрмеген жонғарлар осы жолы қазақ әскерінің тегеурініне шыдамай, Іле өзенін бойлап еліне қарай шегінеді. Аңырақай ғасыр шайқасына айналды.

Аңырақай шайқасының тарихи маңызы. Аңырақай шайқасы халық санасына түбегейлі бетбұрыс жасап, жонғар соғысынан қалжырап кеткен



XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының жонғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі



Анырақай шайқасының құрметіне қойылған ескерткіш тас. Алакөл ауданы, Жонғар Алатауының етегі



Қазақтардың қару-жарақтары. Суретші П.М. Кошаров (XIX ғ.)



«Анырақай шайқасы» стелласы. Алматы облысы

халықтың рухын көтерді және оны ұйымшылдыققа, ерлікке шақырды. Осылайша бұл соғыс ортақ жауға қарсы кейінгі жылдары болатын және ұзаққа созылатын жаңа соғыстардың бастауы болды. Халық көп жылдардан бері елді қалжыратқан жонғарлардың жорықтарынан қаймықпай, оларды талқандауға болатынын түсініп, жаңа күрестерге дайындалды. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Әбілқайыр хан және Барак, Батыр, Әбілмәмбет, Абылай сұлтандар Анырақай шайқасының маңыздылығын дұрыс түсініп, халықтың осы ұрыста көтерілген рухын жаңа күрестерге бағыттай білді. Алайда осындай үлкен жеңіс кейбір ел басшыларының, сұлтандардың арасында «жаудың бетін қайтардық, енді ол қайтып бас көтере алмайды» деген біржақты сенім орнықтырды. Осындай түсінікке берілген кейбір рубасылар бытыраңқылыққа жол беріп, күрестен оқшаулана бастады. Қатерлі жауды соңына дейін талқандамаудың аса қауіпті екенін кейбір ел басшылары дұрыс түсіне алмады.

Анықта! Рубасылар деп кімдерді айтқан?

Білімді шыңда:

1. Анырақай шайқасының қазақ тарихы үшін маңызы қандай?
2. П.М. Кошаров суретіндегі қару-жарак түрлерінің атауын анықта.

§ 6. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар, билер мен батырлар

Бұл сабақта:

- қазақ хандары мен билердің бүкілхалықтық азаттық күресті ұйымдастырудағы қызметімен;
- қазақ-жоңғар соғыстарында ерекше еңбек сіңірген батырлармен танысамыз.

Жоңғарлардың қазақ еліне жасаған жойқын жорықтары ауыр қасіреттер әкелді. Енді елдің іргі-жақсылары жауға қарсы тойтарыс беруде тек ауызбіршілік пен қайсарлықтың ғана өздерін аман алып қалатындығына көздері анық жетті. Жауға тойтарыс беру үшін бүкіл елдің бірігуі қажет болды. Мұндай істе хан-сұлтандар, танымал билер және батырлар ерекше қызмет атқарды.

Жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастыруда Әбілқайыр үлкен істер атқарды. Жоңғарлар мен өзге сыртқы жауға қарсы күресте ол Кіші жүзге ғана емес, Орта жүз руларының да қолдауына сүйенді. Оның жауларымен жүргізген күрестердегі тәжірибелілігін ескергендіктен, Ордабасыдағы жиында Үш жүз әскерінің басшысы ретінде тағайындалған болатын. Хандармен қатар, жоңғарларға қарсы күресте Барак, Батыр, Әбілмәмбет және Абылай сияқты көптеген сұлтандар қажырлы қайрат көрсетті.

Қазақ елінің жоңғар басқыншылығына қарсы күресін ұйымдастыруда билер аса зор еңбек сіңірген. Әсіресе сол дәуірдегі аса көрнекті тұлғалар

Тірек сөздер

- Әбілқайыр хан
- Төле би
- Қазыбек би
- Әйтеке би
- батырлар



Қабанбай ескерткіші,
Талдықорған қаласы



Жәнібек ескерткіші,
Қостанай қаласы



Наурызбай ескерткіші,
Алматы қаласы



Малайсары ескерткіші.
Павлодар қаласы



Райымбек ескерткіші.
Алматы қаласы

болған Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би ерекше қажырлылық көрсете білді.

Қазақ батырларының ұйымдастырушылық қызметі. Қазақ жерін қорғауда жонғарлармен болған ірі шайқастарда аса көрнекті қолбасшылар – Қаракерей Қабанбай, Шакшақ Жәнібек, Тама Есет, Бәсенти Малайсары, Сіргелі Қаратілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Шашырашты Наурызбай, Қанжығалы Бөгенбай, Тайлақ батыр, Бөлек, Райымбек батыр және т.б. үлкен ерліктің үлгісін көрсетті. Әсіресе **Қанжығалы Бөгенбай Ақиаулы** (1680–1778) – бүкіл қазақ жасақтарының қолбасшысы, дипломат, аса көрнекті ұйымдастырушы ретінде көзге түскен. Ол бастаған қазақ жасақтары Жайық казактарына, жонғарларға, Цин империясына қарсы жанкешті шайқастарға қатысып, үлкен ерліктер жасады. **Қаракерей Қабанбай (Ерасыл) Қожағұлұлы** (1691–1769) жонғар басқыншыларына қарсы қазақ халқын ұйымдастырушы, ірі-ірі шайқастарда найман тайпасының жасағын басқарған қолбасшы ретінде белгілі болды. Ерекше топ жарған ерлігі үшін Абылай хан Қабанбайға «Дарабоз» деген атақ берген. **Шакшақ Жәнібек** – қазақ-орыс қатынастарын нығайтуда белсенді елшілік қызметтер атқарған дипломат, жонғарларға қарсы азаттық күресті ұйымдастырушылардың бірі, ірі қолбасшы. **Есет батыр** да Тама руының үлкен ақсақалы, жонғарларға қарсы көптеген шайқастарда қазақтың үлкен

жасағын басқарған. Ал **Малайсары Тоқтағұлұлы** – бәсентінің руының ақсақалы, көптеген қанды шайқастарда қазақ жасақтарын басқарушы. Ол шайқасқан жер оның есімімен **Малайсары тауы** деп аталады. **Тайлақ батыр** болса ерекше мергендігімен көзге түсті. Абылай ханның ірі қолбасшыларының бірі **Наурызбай батыр** қалмаққа қарсы Есім ханның тұсында басталған алғашқы соғыстарда көзге түскен өзінің бабасы **Қарасай батырдың** туын көтеріп, соңынан бүкіл Ұлы жүздің қолын ертті. Кезінде бүкіл албан руының қолын бастап, қанды шайқастарда жауды жайпаған **Хангелді батырдың** ұрпағы **Райымбек батырдың** қалмаққа қарсы күрестегі жанқиярлық ерлігі ел арасына аңыз болып таралды.



Төле би



Қазыбек би



Әйтеке би

Төле Әлібекұлы (1663 – 1756)

Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде туған. Бала күннен жас Төле қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі. Осылайша Ұлы жүздің бас биі, атақты шешен болған Қазыбек, Әйтеке бидің қолдауымен Үш жүзге *төбе би* болып сайланған. «Жеті жарғыны» жасауға қатысушылардың бірі. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен.

Қазыбек би (1667 – 1764)

1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі еткен. Би әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне араласып отырған. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би оны құтқаруға атсалысқан. Қазыбек мемлекет істерімен қатар, руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Қазыбек би 97 жасында дүниеден өтіп, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Басқа бір деректе 1665–1765 жылдары аралығында өмір сүрген.

Әйтеке би (1644 – 1700)

Әйтеке бидің шын есімі – Айтық. Жастайынан дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгерген. Ақша бабасының көмегімен елшілік, ел басқару жолдарын меңгереді. Ал Жалаңтөстен әскери қолбасшылық дағдыларын үйренген. 21 жасында Бұқара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал жиырма бес жасында Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. Әйтеке ресми түрде хан кеңесшісі болды. Ол әділ би, аузы дуалы шешен, жоңғар басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастыруға үлкен үлес қосқан қайраткер ретінде танылған.

Білімінді шыңда:

1. Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей жыраулардың шығармаларын пайдалана отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресті бастаған, ұйымдастырған тарихи тұлғалар туралы эссе дайындаңдар.
2. Қазақ хандарының, билерінің, батырларының жерді сыртқы жаудан сақтаудағы рөлі қандай?

II бөлім

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

§ 7-8. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің отарлау әрекеттерінің басталуы

Бұл сабақта:

- Ресейдің қазақ жерлерін әскери отарлауының басталуы мен оның себептерін;
- қазақ жерін әскери отарлауда ерекше рөл атқарған Бухгольц экспедициясы мен Омбы бекінісінің салыну тарихын;
- қазақ жерлеріндегі әскери бекіністер мен шептер салудың одан әрі күшею барысын айқындаймыз.

Тірек сөздер

- әскери отарлау
- әскери шептер
- әскери бекіністер
- Омбы бекінісі
- Бухгольц экспедициясы

Қазақстан Ресей үшін неліктен Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» болды? Орыс көпестерін қазақтың малшаруашылығынан алынатын өнімдер қатты қызықтырды. Олар өнеркәсіпке қажетті өнімдер ретінде орыс көпестеріне қыруар пайда әкелетін еді. Сонымен қатар Ресейді қазақ жеріндегі сауда жолдары да қызықтырды.

Ізден! Көпес деген кімдер еді?

Ұлы Дала арқылы Орта Азия хандықтарына, Қытайға тауарлар апаруға мүмкіншілік бар еді. Қазақ даласына Бұхарадан, Хиуадан, Ташкенттен, Қоқаннан сауда керуендері келіп жатты. Қытаймен сауда қатынасы Құлжада және Чигучакта кең канат жайды. Мұндай ахуалды орыс билігі де байқап отырды. Сонымен қатар қазақ жері арқылы Ресей Орта Азияға ғана шығып қоймай, одан әрі Иранға, Үндістанға, Қытайға және т.б. шет елдерге баруға мүмкіндік алатын еді. Олар Қазақстанды жаулау арқылы осындай үлкен сауда кеңістігіне шығуға болатынын ескеріп, отарлау саясатын жандандыра түсті.

Ресей қазақ хандарының ойрат жаулаушыларымен күресін, әскери күштерді біріктіру және қазақ мемлекеттігін сақтау жолындағы күрес жағдайын өз мақсатына шебер пайдаланды. Тәуке хан (1680–1718) мұндай жағдайда Ресеймен қарым-қатынасты ушықтырмай, шыдамдылық көрсетіп, елдің басты күшін жоңғарларға қарсы жорыққа бағыттады. Қазақ хандығына сыртқы қауіптің күшеюіне байланысты өзінің халықаралық қатынасын нығайтып, Ресеймен сенімді байланыс орнатуға бар күшін салды. Осындай мақсатпен ол, 1686–1693 жылдар

аралығында Ресейге бес елшілік аттандырып, орыстарды казак елінің одақтасына айналдыруға әрекеттер жасады. Бірақ жоңғарлардың үздіксіз шабуылдары және казак билеушілері арасындағы өзара ішкі алауыздықтар бұл мәселені аяқсыз қалдырды.

Қазак жерлерін әскери отарлаудың басталуы. І Петр шығыс елдерімен экономикалық және саяси байланыс орнату үшін алдымен Қазақстан және Орта Азия елдерін Ресейге қосып алу керек деп есептеді. Осы мақсатта казак жеріне бірнеше экспедиция жіберді.

І Петр 1714 жылы 22 мамырда И.Д. Бухгольц басқарған экспедицияны жабдықтау туралы жарлыққа қол қойды. 1715 жылдың 1 қазанында И.Д. Бухгольцтің экспедициясы Ямышев көліне жетті, сол жерде *Ямышевск* деп аталатын бекініс салды. Жоңғарлар қиратып тастаған Ямышевск бекінісінен қайтып келе жатқан Бухгольцтің отряды Ом өзенінің сағасына жеткенде қосымша көмек келіп жетіп, 1716 жылы 20 мамырда Омбы бекінісінің негізін қалады. Енді осыларда әскер ұстаған патша өкіметі казак жеріне тереңдеп кіре бастады.

Анықта! Бекіністер дегеніміз не?

Әскери бекіністер мен шептер санының артуы. Бухгольц Петерборға кеткеннен кейін Сібірдің бірінші *губернаторы* М.П. Гагарин Ертіс бойында жаңа бекіністер тұрғызуға кіріседі. 1717 жылы Железинск, 1718 жылы Семей бекіністері салынды.

Көп кешікпей майор И.М. Лихарев басқаратын тағы бір әскери отряд 1720 жылы 3 әскери-саяси шеп – Сібір, Ертіс және Колыван шептерінің негізін қалады.



Омбы бекінісінің қақпасы



Әскери шеп бекіністерін салушы казактар. Суретші Н.Н. Карзин (XIX ғ.)

Ойлан! Әскери-саяси шеп дегенді қалай түсінесіңдер? Бұл шептерді салудағы негізгі мақсат қандай еді?

Жақсы машықтанған *гарнизондары*, зеңбіректері көп, стратегиялық жағынан орналасқан жері қолайлы бекіністер жергілікті тұрғындарды құнарсыз жерлерге ығыстырып, отарлау ісін жүргізуді камтамасыз етті.

Талда! Әскери бекіністердің қазақ жерін отарлау әрекетіндегі рөлін талдаңдар.

Осылайша XVIII ғасырдың басында патшалық Ресей қазақ даласында әскери *бекіністерді* салу арқылы өзінің әскери отаршылдық әрекеттерін бастады. Қазақ даласын әскери бекіністер шебімен біртіндеп қамту патша өкіметінің отарлауына кең мүмкіндіктер ашты. Әскери бекіністер шебінің бойында орыс, қалмақ, башқұрт халқы тез көбейді, казак станицалары мен шаруа слободалары пайда болды.

Білімді шында:

1. Ресей мемлекеті қазақ жерлерін отарлауды неліктен әскери отарлаудан, яғни бекіністер мен шептер салудан бастады деп ойлайсыңдар?
2. Орыс мемлекетінің қазақ жеріне көз салуының себебі неде?

§ 9. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары

Бұл сабақта:

- Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауының себептері мен барысын;
- Әбілқайыр ханның Ресеймен одақтасудағы мақсатын;
- Әбілқайыр ханның Ресей билігін мойындауының салдарын айқындаймыз.

Қазақ жүздерінің жалпы жағдайы. Аңырақай шайқасындағы жеңіске қарамастан қазақ елінің жағдайы күрделі күйінде қала берді. Жоңғар шапқыншылығының нәтижесінде қазақ жүздерінің арасындағы байланыстар әлсірей бастады.

Еске түсір! Жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық және сауда-экономикалық жағдайын қалай өзгертті?

Тәуке ханның ұлы Болаттың орнына аға хан ретінде Әбілмәмбет сайланды. Кіші жүз бен Орта жүз жеке пеліктерге бөлініп кетті. Әбілқайырды Кіші жүздің көптеген рулары хан ретінде мойындаған жоқ. Орта жүзде екі хан және бірнеше ірі сұлтандар билікте болды. Ұлы жүздің де жеке ханы болды.

Әбілқайыр ханның саясаты. Қазақ елінің халықаралық жағдайының шиеленісуі Кіші жүз ханы Әбілқайырды Ресей империясымен жақындасуға итермеледі. Ол көрші ірі мемлекетпен тығыз байланыс орнату арқылы қалмақтар мен башқұрттардың шабуылдарын тоқтатуға тырысты. Ханның мақсаты Ресеймен байланыс орнатып, бар күшті ойраттарға қарсы күреске жұмылдыру және Қазақ хандығын бір орталыққа біріктіру болатын. Әбілқайырдың Ресейден тағы да бір күткені – қазақ жері арқылы өтетін керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді.

Кіші жүз қазақтарының Ресейге елшілігі. 1730 жылы Кіші жүздің ықпалды билері Әбілқайырға Жоңғарияға қарсы күресу үшін Ресеймен келіссөз жүргізуді ұсынды. Алайда хан билер мәжілісінің шешімін бұзып, Петербургқа аттандырылған елшілерге әскери одақ құру емес, Ресейдің қол астына кіруді қуаттайтын құжатқа қол қоюды тап-

Тірек сөздер

- Әбілқайыр хан
- А.И. Тевкелев
- И.К. Кириллов экспедициясы
- Орынбор экспедициясы



Әбілқайыр хан.
Суретші
А. Дүзелханов

сырды. Ресей императрицасы Анна Иоанновнаның атына жазылған Әбілқайырдың өтінішінде өзін ұлысымен бірге Ресейдің қол астына алу туралы өтініш жасалды.

Анықта! Неліктен Әбілқайыр әскери одақ туралы келісім емес, бодандық туралы келісімге келуді ұйғарды деп ойлайсыңдар?

1731 жылғы ақпан айының 19-ы күні қазақ елшілері Сейітқұл Қойдағұлұлы мен Құтлымбет Қоштайұлының Кіші жүзді империя құрамына қабылдау туралы ұсынысын императрица Анна Иоанновна қабыл алды.

А.И. Тевкелевтің елшілігі. Анна Иоанновна Кіші жүз қазақтарын Ресейге қосуға тілек білдірген Әбілқайыр мен билеуші топтардан *ант* алу үшін Қазақстанға арнайы елшілік жіберді. Оны Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А.И. Тевкелев басқарды.

Анықта! Ант деп нені айтамыз және оның қазақ тарихы мен бүгінгі ел өміріндегі орны қандай?

А. Тевкелев қазақтарды Ресейдің қол астына қабылдау туралы грамотамен Ырғыз өзенінің жағасын қоныстап отырған Әбілқайыр ханның ордасына келеді. Ал Ресейдің қол астына кіруге қарсы топтар Әбілқайыр ханның Тевкелевпен келісіміне кедергі жасауға күш салды.

Орыс елшісі Кіші жүз билерімен қазан айының басында бірінші рет, ал сол айдың 10-ы күні екінші рет кездесті. 1731 жылдың қазан айында



Әбілқайыр ханның ордасы. Еуропалық саяхатшы Джон Кэстльдің 1736 жылы Әбілқайыр хан ордасына сапары барысында салған суреті

Әбілқайыр мен оны қолдаған Кіші жүздің 29 старшыны Ресейдің қол астына кіруге *ант* берді. Ант бергендер Кіші жүзден шыққан қазақ билеушілерінің аз ғана тобы болатын. Бірақ осы шараның өзі Ресейдің қазақ халқын бодандық жолына түсіруіне жол ашып берді.

Әбілқайырдың саясатына қарсы күштер. Батырлар мен билердің үлкен тобы Әбілқайырды қолдаушыларға қарсы шықты. Халықтың көпшілігі Ресейге бодан болу туралы ант беру, тәуелсіздікті жоғалту екенін түсінді және Әбілқайырдың ұстанымын қолдай қойған жоқ. Алайда билер арасындағы өзара алауыздық сал-

дарынан халық бодандықты қаламағанына карамастан, ұйымдасқан түрде қарсылық көрсеткен жоқ. Әбілқайырдың бұл шешімі қазақ өлкесінің империя құрамына қосылуының алғашқы қадамы еді.

Ізден! Ресейге бодан болу туралы бір топ қазақ билеушілерінің ғана шешімінің келешекте барлық қазақ жерін отарлаудың құқықтық негізіне айналуының себебі неде?

1734 жылы Әбілхайырдың ұлы Ералы бастаған елшілік Петерборда Анна Иоанновнаның қабылдауында болып, Кіші жүздің Ресей бодандығына өтуін түпкілікті рәсімдеді.

Әбілқайыр ханның Кіші жүзді жонғар ойраттарынан тәуелсіз жағдайда сақтап қалуы – хандыққа таласқан басқа әріптестері арасындағы оның саяси беделін көтере түсті.

Ресей бодандығын мойындаудың тарихи мәні. Әбілқайыр ханның 1731 жылы Ресей билігін мойындауы – Қазақстан тарихындағы елеулі оқиға. Бұл қадамның жонғарлардың қазақ жеріне шапқыншылығына белгілі дәрежеде шек қойғаны мәлім. Кіші жүздің Ресеймен іргелес жатқан шағын өңірі ғана орыс өкіметінің әкімшілігіне тәуелді болды. Қазақ сұлтандарының басым бөлігінің Әбілқайырды қолдамауы орыс өкіметінің отарлау әрекетін қиындатты. Патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген алғашқы шаралары табысты болмағанымен, Петербор билеушілері қазақ жерінің Азияға «кілт пен қақпа» екенін естерінен шығармады. Кез келген жолмен өз ықпалын нығайтуды көздеп, қазақ жерін отарлауға белсене кірісті.



Әбілқайыр хан ескерткіші. Ақтөбе қаласы



Әбілқайыр ханға арналған кесене. Ақтөбе облысы

Білімді шыңда:

1. Кіші жүздің Ресей империясының құрамына кіруінің алғышарттарын сипаттап беріңдер.
2. Әбілқайыр ханның Ресей бодандығына өту жөніндегі әрекеттерін қалай бағалауға болады?
3. А. Тевкелевтің елшілігі қандай нәтиже берді?

§ 10. XVIII ғасырдың 30–50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты

Бұл сабақта:

- И.К. Кириллов басқарған экспедициямен;
- Орта жүз билеушілерінің Ресейге ант беруімен;
- әскери шептерді салудың кеңеюімен танысамыз.

Тірек сөздер

- Орынбор экспедициясы
- Кириллов И.К.
- әскери шеп
- Горькая шебі
- Ертіс шебі

Орынбор экспедициясы. XVIII ғасырдың 30-жылдарында патша өкіметі қазақ жерін тірек ретінде пайдаланып, Ресейден алшақ жатқан Хиуа, Қоқан, Бұхар хандықтарына жорық ұйымдастыруды көздеді. 1734 жылы патша өкіметі қазақ жеріндегі шептерін нығайту үшін Ресей сенатының аға хатшысы И.К. Кириллов басқарған арнайы экспедицияны жабдықтады. Алғашында «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» деген атпен белгілі болып, көп ұзамай «Орынбор комиссиясы» (немесе «Орынбор экспедициясы») деп аталған. Экспедиция 1735 жылы Ор өзені бойында Ор бекінісінің негізін қалады. Саяси жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты И. Кирилловтың экспедициясы қойған мақсатының барлығын іске асыра алмады.

Орта жүз билеушілерінің Ресейге ант беруі. 1738 жылы тамыз айында Орынбор комиссиясының басшысы В.Н. Татищев Орынборда қазақ сұлтандарының съезін шақырды. Осында Әбілқайыр хан және Кіші жүз бен Орта жүз старшындары Ресейге адалдығын қуаттап, антқа бармақтарын басты.

1740 жылы башқұрт халқының екінші көтерілісінің бүрк ете түсуіне байланысты патша өкіметі қазақтарды қысып ұстауға тырыс-



Орынбор қаласы

ты. Орынборға шақырылған ел ағалары қатарында тек Кіші жүз емес, Орта жүз билеушілері де бар еді. Олардың арасындағы 120 старшынды бастап келген Әбілмәмбет хан да Ресей бодандығын қабылдайтындарын мәлімдеді.

Әскери шептер салудың кеңеюі. 1734 жылы *Жоғарғы Жайық шебінің* негізі қаланды. XVIII ғасырдың 30–40-жылдары Жоғарғы Жайық қамалынан Звериноголовск қамалына дейін созылған *Ой шебін* құру аяқталды.

XVIII ғасырдың орта шенінде патша өкіметі өзінің бүкіл аумағында және Қазақстан өңірінде әскери шептерін нығайтуға және жаңа шептер салуға кірісті.

Ресей үкіметі қазақстандық Алтай өңірінен табылған түсті металдар қорын игеру үшін кен байыту зауыттарын және кеніштер салды. Қазақстан мен Жонғария шегарасында қайшылықтардың артуына байланысты XVIII ғасырдың орта кезінде патша өкіметінің Алтайдағы зауыттары мен кен орындарына қауіп төнді. Патша өкіметі өзінің экономикалық мүдделерін қорғау және қазақ елінің тәуелділігін күшейту мақсатымен қазақ жері мен оған іргелес өңірде бекініс шептерін кеңейтуге кірісті. Қазақтарды қорғау деген желеумен Оралдан, Сібірден әкелінген әскери бөлімдерді Ертіс, Алтай өңіріндегі бекіністерге орналастырады. Яғни қазақ-жоңғар тартысын пайдаланған Сібір губерниялық басқармасы Петербордың талабымен кенге бай Алтай өңірін отарлауды тезірек аяқтауға тырысып бастады. Барлық күшті жоңғар шапқыншыларымен күреске жұмсаған қазақтар бұл қамалдар өздеріне қорғаныс болады деп сеніп, Ресейге қарсылық жасамады.

Ізден! Патша үкіметінің қазақ-жоңғар соғыстары барысында ұстанған саясатын қалай бағалауға болады?

XVIII ғасырдың 40–50-жылдарында патша өкіметі іске асырған шаралардың нәтижесінде Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірі бекініс шептерімен қоршалды. Сібір редутинан Омбыға дейінгі бекіністерді *Горькая шебі* деп атады. Екінші шеп Омбы бекінісінен Ертістің оң жағасын қамти отырып, Кіші Нарын бекінісіне дейін созылды. Бұл бекіністер тобы *Ертіс шебі* деп аталды. Үшіншісі Өскемен бекінісінен басталып, Алтай тауларының батысын жағалай, Колыван зауыттарын басып өтіп, Кузнецк шебімен жалғасты. Ол *Колыван шебі* деп аталды.

Еске түсір! Әскери шептер қандай мақсатта құрылған еді?

XVIII ғасырдың 50-жылдарының басында жоңғар-қытай, жоңғар-қазақ қарым-қатынастарының шпеленісуіне байланысты Ресей өкіметі Звериноголовск редутинан Омбы бекінісіне дейінгі аралықта қосымша



Әскери форт бекінісінің ішіндегі құрылыстар. «Түркістан альбомы» (тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

бекіністерден тұратын *Есіл* немесе *Пресногорьковск шебі*н құрды. Осы бекіністердің ең ірісі – Петропавл¹ (1752 ж.) камалы еді.

Тобыл өзенінен тартылған Ой шебі біртіндеп *Жаңа Есіл шебі*мен жалғасты. Патша өкіметі осылайша қазақ жерін бекіністер арқылы отарлаудың шешуші кезеңін аяқтады. Қамалдар қыспағында қалған қазақтардың көшіп-қонатын жері тарыла бастады.

Анықта! Қазақ жеріндегі орыс әскери шептерінің бағыттарын және олардың патша үкіметінің отарлау саясатындағы маңызын айқында.

Жайықтың, Есілдің, Тобылдың, Ертістің бойында ғасырлар бойы көшіп жүрген қазақ халқының шұрайлы жерінде отаршылдық езгі күшейді. Оның үстіне, қазақтардың саяси дербестігіне жаңа қауіп төнді.

Білімді шыңда:

1. XVIII ғасырдың 40–50-жылдарындағы отарлау саясатының сипаты және нәтижелерін кестеге сәйкес анықтаңдар.

Отарлау саясатын жүзеге асыру үшін жүргізілген іс-шаралар		Сипаты, нәтижелері	
1		1	
2		2	
3		3	

¹ Жергілікті аты – Қызылжар.

§ 11. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың асқынуы

Бұл сабақта:

- XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Кіші жүздің жағдайын;
- XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-ойрат қатынастарының барысын;
- Жоңғария мемлекетінің құлауының себептерін талдаймыз.

XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастары. XVIII ғасырдың 40-жылдары – қазақ халқының саяси дамуындағы күрделі кезеңдердің бірі. Ресейдің құрамына қосылғанымен, Кіші жүздің жағдайы түзеліп кеткен жоқ. Жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің 1741–1742 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзге ұйымдастырған шапқыншылықтары Қазақстандағы саяси жағдайды асқындыра түсті.

Тірек сөздер

- Қалдан Серен
- Әмірсана
- Давақи
- Нұралы

Ізден! Халық жадында «Екінші Ақтабан шұбырынды» ретінде қалған бұл оқиғаның осыншалықты қасіретті болуының себептері неде?

Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен белгілі сұлтан Абылай ұлыстарын талқандаған жоңғарлар қазақтарды Ор бекінісіне дейін ығыстырды. Жоңғария қазақ билеушілерінен өздерінің билігін мойындауды және қазақтардың қонтайшы белгілеп берген жерде ғана көшіп-қонуын талап етті.

1742 жылғы қыркүйек айының 2-сі күні Орынбор комиссиясының төрағасы И.Н. Неплюев Қалдан Серенге жолдаған хатында Ресейдің қарамағындағы қазақтарға қысымды тоқтатуды талап етті. Жоңғар билеушілері бұл талапқа құлақ аспады. Тіпті көрнекті сұлтан Абылайды қолға түсіріп, ол Жоңғар елінде біраз уақыт тұтқында болды.

Ізден! Абылай сұлтан жоңғар тұтқынына қалай түсті?

Осындай жағдайда қазақ жерін жоңғарлардан босататын күш тек қазақтардың өздері болатынын 1734 жылдан Орта жүздің ханы болған Әбілмәмбет те, ықпалды сұлтан Абылай да түсінді.

Жоңғария мемлекетінің құлауы. 1745 жылы күзде қалмақтардың билеушісі Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін Орталық Азиядағы саяси жағдай тіпті шиеленісіп кетті.

Жоңғар тайшалары арасындағы өзара талас қуатты мемлекеттердің бірі болған Жоңғар хандығын әлсіретті. Хандыққа талас кезінде жоңғар билеушілерінің арасынан Әмірсана ерекшеленді.

Анықта! Әмірсана неліктен жоңғар тағына үміткер болды?

Ол Жоңғар тағына үміткердердің бірі Давашимен бірге так үшін күресте жоңғар ханы Лама Доржыдан жеңіліп қалып, қазақтың Орта жүзінің аймағына қашып келді. Мұның өзі Абылай бастаған Орта жүз казактары мен жоңғарлардың арақатынасын шиеленістіре түсті. Жоңғарлардың казактарға карсы жана жорыктары басталды.

Көп ұзамай Лама Доржыны жеңіп, билікке келген Даваши мен Әмірсананың арасында күрес басталады. Әмірсана енді Қытайға қашып барды. Бұл жағдайды Пекин сарайы да өз мүддесіне пайдаланып қалды. Цин императоры оны колдап, 1755 жылдың көктемінде Әмірсана бастаған орасан зор әскерді Жоңғарияға аттандырды.

Бір-бірімен қырқысып әлсіреген жоңғар билеушілері Цин әскерлеріне қарсылық көрсете алмады. 1755 жылғы шілде айының 19-ында Жоңғар мемлекетінің нелігі Цин өкіметінің меншігі деп жарияланды.

Анықта! Бұрынғы жоңғар хандығының аумағы қазіргі таңда қалай аталады?

Кіші жүздегі саяси бытыраңқылықтың күшеюі. Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін, орнына хан болған үлкен ұлы Нұралы орыс билігінен өзін осы лауазымға ресми түрде бекітуді өтінді. Патша өкіметі оны 1748 жылы Кіші жүздің ханы лауазымына бекітті. 1848 жылдың аяғынан бастап Нұралы ханға 600 сом мөлшерінде мемлекеттік айлық



Цин әскерлерінің жоңғарларды ойрандауы. XVIII ғасырдағы қытай суретшісі Цзя Бинчжениң салған суретінен көрініс

жалақы тағайындады. Нұралыны хан сайлаудың патша тарапынан ұйымдастырылуы және бекітілуі оны орыс патшасына тәуелді етті.

Ойлан! Қазақ хандарының арасында бірінші болып Нұралының хан атағын патша үкіметі атынан ресми бекіту актісінің тарихи салдарлары қалай болды?

Ханның патша өкіметі тарапынан бекітілуіне байланысты айтысқан сұлтандар мен ру ақсақалдары арасындағы жанжалдар ондаған жылдарға созылып кетті. Қазақ билеушілерінің үлкен бөлігі Нұралының хандық билігін шектеуге барынша әрекет жасап отырды. Ол әкесі Әбілқайыр сияқты ықпалды хан бола алмады.

Нұралының билігі Жем және Жайық арасында көшіп жүретін қазақтарға ғана жүрді. Кіші жүздің көп бөлігі Нұралыдан аулақ кетті. Нәтижесінде Кіші жүзде екі хандық құрылды. Оның оңтүстік-шығысындағы аймақтар Батырға бағынса, солтүстік-батысындағы рулар Нұралының хандығына кірді. Нұралының бодандыққа ұмтылған саясатына қол астындағы сұлтандардың біразы қарсы болғандықтан, оның иелігіндегі шеткері аймақтар тәуелсіз бола бастады. Нұралы басқарған аймақ оңтүстіктегі түрікмендермен, батыстағы қалмақтармен жанжалдасып, ауыр ахуалды бастан өткізіп жатты.

Білімді шыңда:

1. XV ғасырдың ортасындағы қазақ-жоңғар қатынасы қандай болды?
2. Цин әскерлерінің Жоңғарияны талқандауы қазақ саясатына қаншалықты әсер етті?
3. Мәтін ақпараттары мен 32-беттегі суретке қарап, Цин әскерлерінің жоңғарларды ойрандауы туралы эссе жаз.

§ 12. Абылай ханның қайраткер ретінде қалыптасуы

Бұл сабақта:

- Абылайдың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуын;
- қазақ-жоңғар-қытай қарым-қатынастарындағы Абылай ханның рөлін талдаймыз.

Абылайдың қолбасшы, саяси қайраткер ретінде қалыптасуы. Орта жүздің сұлтаны Уәлидің баласы Абылай (Әбілмансұр) 1711 жылы дүниеге келген. Атасы Абылай Түркістан қаласының билеушісі болып, әскери жорықтарда жауына қаталдығымен ерекше көзге түскен. Абылай 13-ке келгенде, ауылын жау шауып, әкешесі, туыстарынан айырылып қалады. Әкесінің қызметшісінің көмегімен жаудан қашып құтылған

Тірек сөздер

- Абылай хан
- төлеңгіт
- Бұқар жырау
- Үмбетей жырау



Абылай хан. Суретші
А. Дүзелханов

Абылай алғаш Түркістан аймағын паналады. Ол осында Ұлы жүздің бас бні атанған Төле бидің малын бақты. Абылайдың өмірі мен ерлігін жырлаған Бұқар жырау:

Әй, Абылай, Абылай!
Сені мен алғаш көргенде
Тұрымтайдай ұл едің.
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атын жоқ еді,
«Сабалақ» атпен жүр едің. –

деп, оның жас кезіндегі өмірін өлең шумақтарына қосқан.

Жоңғарларға қарсы шайқаста ол өз атасы Абылайдың есімімен ұрандап жауға шауып, өзінің ерекше ерлігімен қазақ жасақтарын қиын жағдайдан алып шығады.

Еске түсір! «Сабалақ» атанып жүрген Әбілмансұрдың «Абылай» деген атқа ие болуы нақты қай тарихи оқиғамен байланысты еді?

Көп ұзамай Абылай Орта жүз ханы Әбілмәмбет сарайындағы ақсүйектерге келіп қосылады. Оны Ұлы жүздің бні Төле мен Орта жүздің бні Қазыбек әрқашан қолдап отырады.

Жаумен соғыстың бірінде ол кездейсоқ жағдайда жоңғарларға тұтқынға түседі. Алайда Абылайды жанындағы серіктерімен бірнеше ай бойы тұтқында ұстаған Қалдан Серен сый-сияпаттар көрсетіп, оны еліне қайтарады.

1743 жылдың тамыз айында тұтқыннан босаған Абылай жоңғарлармен күресті одан әрі өрістетті. Ол Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Қанжығалы Бөгенбай, Тарақты Байғозы, Малайсары, Баян, басқа да батырлардың күшін жауға қарсы күреске жұмылдыра білді.

Есте сақта! Абылай – Қазақ хандығының бұрынғы шегарасын қалпына келтіріп, елдің саяси-экономикалық дамуына түбірлі өзгерістер енгізген атақты мемлекет қайраткері.

Қытай-қазақ қатынастары. 1756 жылдың көктемінде Қытай басшылары Абылайға қашып барған Әмірсананы ұстап беру туралы талап қойды. Алайда Абылай талапты орындаудан бас тартып, қытайларға қарсы тұруды ойластырды.

Ізден! Абылай неліктен Әмірсананы ұстап беруден бас тартты? Ханның бұл шешімі қандай мақсаттан туындады?

1756 жылдың жаз айында екі топқа бөлінген қытай әскерлері қазақ даласына басып кірді. Алғашқы шайқас 1756 жылдың мамырында Шаған Оба аумағында болды. Шайқаста қазақтар жеңіліп, батысқа қарай шегінді. Қарқаралы тауларындағы Жарлы өзенінің жағасына күш топтастырған қазақ әскері тағы да жеңіліске ұшырайды. Нұра өзенінің жағасында Қожаберген батыр мен Әмірсананың біріккен қолы да қытайларды тоқтата алмады. Осындай жағдайда Баянауыл тауларына әскер жинаған Абылай Бөгенбайды қолбасшы етіп, қытайға қарсы шайқасқа аттанды. Баянауылдың батысындағы Шідерті өзенінің бас жағында Цин әскерлері зор шығынға ұшырайды. Осы оқиғадан кейін бұл жер *Шүршітқырылған* деп аталып кетті.

Анықта! Картадан *Шүршітқырылған* шайқасы өткен жерді анықта.

Осы жылдың қазан айында Нияз таулары маңында Бөгенбай батырдың жасағы қытайлықтармен тағы да шайқасты. Бұл ұрыс қазақ жасақтарының табанды қарсылықтар көрсететінін дәлелдеп берді. Қытайлықтардың «қазақтарды жылдам талқандаймыз» деген жоспары іске аспай, қазақ жерінен кейін шегініп кетті.

1757 жылдың жазында қытай әскері Тарбағатай таулары арқылы тағы да қазақ жеріне басып кірді. Аягөз маңында қазақтардың қытайлармен шайқасы орын алды. Бірақ бұл қытайлықтарды тоқтата алған жоқ. Олар біртіндеп Семей бекінісі орналасқан Ертіс бойына дейін жетті. Абылай, Әбілшайыс сұлтандар қытайлықтармен келіссөз жүргізіп, Цин империясымен бейбіт байланыс жасауға мүдделі екендіктерін білдірді. Қытайдың әскери басшылығы мұны мақұлдап, Пекинге қазақ елшілерін жіберуді ұсынды.

1757 жылдың қыркүйегінде Қытайға қазақ елшілері аттанды. Қазақтар Тарбағатайды қазақ қонысы ретінде мойындауын талап етті. Келісім дипломатиялық дәстүрді сақтай отырып жасалғандықтан, екі елдің арасындағы келісім ретінде тарихта қалды.

Абылай патша өкіметімен де, Қытаймен де бейбіт қатынастарды сақтауға күш салды. Ол өзінің бодандықты мойындайтынын мәлімдегенімен, іс жүзінде екі империяға да бағына қоймаған. Бұл – қазақ елін күшті жаулардан сақтау үшін Абылайдың қолданған



Абылай хан.
Суретші А. Дүзелханов

саясаты еді. Осылайша ол патша өкіметімен қақтығыста Қытайдан қолдау тапса, ал Қытаймен қарым-қатынас ауырлап кеткенде Ресейдің қолдауына сүйеніп отырды.

Білімді шында:

1. Абылайдың қайраткер ретінде қалыптасуына қандай жағдайлар әсер етті?
2. Абылай ханды шебер дипломат әрі саяси қайраткер ретінде сипаттаңдар.
3. Абылай ханның Қытайға көзқарасы қандай еді?

§ 13. Абылай хан және біртұтас Қазақ хандығының қайта нығайуы

Бұл сабақта:

- Абылайды хан сайлау қарсаңындағы Қазақ хандығының жағдаймен;
- Абылайдың Үш жүздің ханы болып сайлануымен танысамыз.

Тірек сөздер

- қырғыздар
- Түркістан
- хан көтеру

Абылайды хан сайлау қарсаңындағы Қазақ хандығы. Қытайдың басқыншылық саясатына дипломатиялық жолмен шектеу қойған Абылай енді елдің ішкі мәселелерімен айналысады. Ол біртіндеп Орта жүзде ғана емес, Кіші жүзде де, Ұлы жүзде де ықпалды тұлғаға айнала бастады.

Орта жүзде беделді Барақ сұлтан 1752 жылы қайтыс болғаннан кейін Абылайды қазақ қоғамы толық мойындай бастады. Кіші жүздегі мәселелер де Абылайдың келісімінсіз шешілмейтін болды. Түркістан қаласына билік еткен Абылайдың жақын ағасы Әбілмәмбет хан да Абылайсыз шешім қабылдамауды әдетке айналдырды. Төле бидің жасы жетіп қартаюуы да Ұлы жүзде Абылайдың билігін нығайта түсті.

Еске түсір: Түркістан қай кезеңнен бастап қазақ хандарының ордасына айналды?

50-жылдардың соңында және 60-жылдардың басында Абылай қырғыз-қазақ қатынасына араласуға мәжбүр болды. Жоңғар қалмақтарын күйреткеннен кейін, қазақтар мен қырғыздар Жетісу өңіріндегі шұрайлы жайылымдарға таласып, соны соғысқа ұласты. Қырғыздар 1760 жылы дулат және қонырат руларының ұлыстарына жорықтар ұйымдастырды. Қазақ хандығының оңтүстік аймағын және шегараларын нығайтуды көздеген Абылай қырғыздардың бұл әрекетіне қарсы тамыз айында жорыққа аттанды. Нәтижесінде Талас қырғыздары жеңіліске ұшырады. Алайда қырғыздар алған бетінен қайта қойған жоқ. Олар 1764 жылы Жетісу қазақтарына жаңа шабуыл ұйымдастырып, осындағы

ауыл дарды тонады. Араға бір жыл салып, жаз айында 30 мыңдық әскер жинаған Абылай қырғыздарға жана жорық ұйымдастырды. Нәтижесінде қырғыздар жеңіліс тапты. Алайда күштеу жолымен екі туысқан халықты татуластыру оңайға түспеді. Оның үстіне Қазақстан аймағына қытайлардың басып кіру қаупі байқалып тұрды. Оңтүстіктен Қокан мемлекеті де күшейіп, қазақ жеріне қауіп төндірумен болды.



«Абылай ханның Ақ үйі»,
Петропавл қаласы

Ізден! Қокан хандығы қандай аймақта және қашан құрылды?

Мұның өзі Абылайды қоқандықтармен бірнеше рет қақтығыстарға баруға мәжбүрледі. Абылай 1767 жылы Бішпек бекінісін қоршап алып, қоқандықтарды ығыстырды. 1770 жылы Абылай Қырғыз жеріне тағы да жорық ұйымдастырды. Ол Шату асуынан өтіп, қырғыз жасақтарын талқандады. Көптеген қырғыздар Орталық Қазақстанға көшірілді және оларға қоныстар берілді. Осыдан кейін Ұлы жүз қазақтары да Абылайды өздерінің ханы ретінде мойындап, оған қолдау жасады.

Абылайдың Үш жүздің ханы ретінде сайлануы. XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында жалпы қазақ ханын сайлауға қолайлы барлық жағдай қалыптасты. Түркістанды билеп отырған Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін, Абылайды қазақ ханы етіп сайлауға мүмкіндік жасалды. 1771 жылдың күзінде Үш жүздің өкілдері ақылдасып, жаңа ханды сайлау үшін Түркістан қаласына жиналды. Абылайға Әбілпайыз және Болат сұлтандар, Кіші жүз қазақтарының біраз билеушілері, Орта жүз бен Ұлы жүздің өкілдері қолдау көрсетті. Осылайша Абылай 1771 жылы бүкіл елдің ханы ретінде мойындалып, қазақтар оны ақ киізге отырғызып хан көтерді.

Анықта! «Ақ киізге отырғызып хан көтеру» салты нені білдіреді?

Бұл – Абылайдың Жоңғарияға қарсы азаттық күрестегі, халықтың басын біріктірудегі рөлін, Ресей және Қытай мемлекеттерімен дұрыс дипломатиялық қатынас орнатып, іс жүзінде елдің дербестігін сақтап қалғандығын қазақ елінің мойындауы еді.

Бұл маңызды! Абылайдың хан сайлануы, шын мәнінде, Қазақ хандығының біртұтастығының және бірлігінің қалпына келуі болды.

Қосымша мәлімет. «...(Абылай) өз заманындағы қырғыз (қазақ) билеушілерімен салыстырғанда жастығымен, айлакерлігімен, тәжірибелілігімен, ақылдылығымен, өз қарамағындағы халықтың көптігімен басым болды. Ресей императрицасымен және Қытай Боғды ханымен қарым-қатынасында тәуелсіздігін көрсетті...»

Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. С. 264–265.

Білімді шында:

1. Абылай Қазақ хандығын нығайту жолында қандай шараларды жүзеге асырды?
2. Абылайдың Үш жүзге хан болып сайлануын сипаттаңдар.

§ 14. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты

Бұл сабақта:

- Абылай ханның ішкі саясатта жүргізген реформаларын;
- Абылай ханның сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен нәтижелерін айқындаймыз.

Тірек сөздер

- хан кеңесі
- ішкі саясат
- сыртқы саясат
- хан сайлау

Абылай ханның ішкі саясаты. Үш жүздің ханы атанғанына қарамастан, Абылай ханның алдында күрделі мәселелер тұрды. Абылайды барлық сұлтандар толық қолдай қойған жоқ. Кейбір рубасылар Абылайдың билігін құлатуға да тырысты. Ал Абылай рубасылардың бытыранқылығын жоюға күш жұмсады.

Анықта! Қазақ қоғамындағы рубасыларының рөлі қандай болды?

Ол Қазақ хандығын саяси жағынан орталықтандыру үшін қажетті шараларды жүзеге асырды. Рубасылар мен билердің мүмкіндіктерін шектеу үшін әскербасылар мен сұлтандардың рөлін көтерді. Бұрын билердің қолында болған қылмыскерлерді өлім жазасына кесуге үкім шығару құқығын енді өз қолында ұстады. Билер кеңесі мен рубасы ақсақалдарының құқықтары едәуір шектелді. Ол жүргізген шаралар Қазақ хандығын бір орталыққа бағындыру ісін айтарлықтай нығайтты.

Еске түсір! Абылай хан билігіне дейінгі билер кеңесінің қызметі қандай еді?

Алайда ежелден келе жатқан дәстүрлі рулық басқару принциптерін Абылай біржолата жоя алмады. Ханның билігін руларға ықпалды билер мен сұлтандар бұрынғысынша шектей алды.

Абылай хан сонымен қатар қазақ елінің шаруашылық құрылымына да өзгерістер енгізуге тырысты. Қазақтардың Ертіс пен Есілдің бойында, Көкшетау, Тарбағатай өңірлерінде егіншаруашылығын дамытуын қолдады. Қазақ халқының дәстүрін, мәдениетін дамытуға тұрақты көңіл бөлді. Оның төңірегіне атакты жыраулар мен күйшілер, шешендер, қазақ даласына белгілі суырыпсалма ақындар топтасты.

Ізден! Бұхар жыраудың Абылай ханның саясатына қатысты шығармаларынан үзінді келтіріңдер.

Абылай ханның сыртқы саясаты. Абылай ханның сыртқы саясаты ымырашылдығымен сипатталды. Абылай патшалық Ресей мен Цин империяларының күш-қуатын сезіне отырып, әрекет етті. Сондықтан Абылай хан екі алып империяның екеуінің де қазақ жеріндегі ықпалының күшеюіне жол бермейтіндей жолды ұстануға тырысты. Хан бәрінен бұрын қытайлықтардың қаупінен қатты сақтанды. Сондықтан да ол 1762 жылы II Екатерина патшайымға өзінің бағынышты болатынын мәлімдеп ант берді. Сонымен қатар ол өзінің бұл әрекетімен қытайлықтарды қазаққа қарсы қойып алмауды ойластырып, Қытай императорына үлкен сый-сияпаттармен елшілер аттандырды. Абылай қытайлықтардың сеніміне кіру үшін тіптен өзінің ұлы Әділді аманат етіп жіберді.

Ізден! Ортағасырлық дипломатияда «аманат» беру дәстүрінің маңызы қандай болды?

Мұның өзі Қытайды Түркістан мен Самарқандқа жорық жасау ниетінен бас тартқызды. Осылайша Абылай екі үлкен империяның ортасында қазақ елін және мемлекетін қорғаудың бірден-бір дұрыс жолын таңдады. Цин әулетімен әскери-саяси тартыстың қазақ елі үшін қауіптілігін түсінген Абылай хан Қытай мемлекетімен арадағы кикілжіңді келіссөзбен шешуге бел байлады. Сөйтіп, XVIII ғасырдың 20–30-жылдарында жоңғарлар басып алған шегаралық аймақтағы жайылым жерлер дипломатиялық жолмен қайтарылып алынды.

Абылайдың басты мақсаты мемлекет дербестігін қалай да сақтап қалу еді. Дипломатиялық шаралардың шебері Абылай хан болып



Қазақ жауынгерлері жорықта. Суретші Қ. Омархан

сайланғанға дейін де Тарбағатай таулары, Алтай сенгірі, Зайсан көлінің шығысындағы қазақ жерін қайтаруда қыруар күш-жігер жұмсады. Жонғария мемлекетін жойып, оның жерін басып қалған Маньчжур-Цин билеушілері Абылаймен келісе отырып, жана шегара белгіледі.

1757–1760 жылдары қазақ елінің дербестігін, жер аумағының бірлігін қамтамасыз ету мақсатында Абылай Қытайдың да билігін мойындаған.

Ойлан! Абылайдың 1740–1742 жылдары Ресейге ант берумен қатар, Қытайдың билігін де қабылдауын қалай түсіндіруге болады?

Патшалық Ресей өзінің отарлық саясатын сақтай отырып, Қазақ мемлекетінің өркендеп-дамуына құштар болмаса да, 1778 жылдың 24 мамырында Абылайды Орта жүздің ханы етіп бекітті. Абылай өзіне берілуге тиісті ханға лайықты символды қабылдауға Орынбор немесе Троицк қалаларына барудан бас тартты. II Екатерина оны Орта жүздің ханы етіп бекіту туралы грамотасын патша өкілдері арқылы ханның туған ауылына жеткізді.

Ойлан! Патшалық әкімшілік неліктен Абылайды өзінің боданы ретінде ұстап қалуға бар күш-жігерін салды?

Абылай Орта Азия елдерімен байланысын дамытуға да көңіл бөлді. XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында Абылай бірқатар соғыстарда Ходжент әміршісіне, Ташкент бегіне соққы берді. Қазақтар жонғарлармен соғысып жүргенде өзбек бектерінің билігіне өтіп кеткен Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа бірнеше қалаларды Абылай қайтарып алды. Олар тиесілі алым-салығын төлеп тұруға міндеттелді. Қазақстанның халықаралық жағдайы жақсара бастады.

Білімді шыңда:

Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын талдаңдар.

Ішкі саяси өмірдегі өзгерістер		Сыртқы саяси өмірдегі өзгерістер	
1		1	
2		2	
3		3	

III бөлім

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ

§ 15. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи оқиғалар

Бұл сабақта:

- Бұқар және Ақтамберді жыраудың батырлық, қаһармандық туралы шығармаларын;
- Үмбетей жырау, Тәтіқара ақын шығармаларының ерекшеліктерін білетін боламыз.

Тірек сөздер

- батырлық жырлар
- жорық жырлары
- жорық ақындары
- ауыз әдебиеті
- жырау



Бұқар жырау.
Суретші А. Игембаев

XVIII ғасырда қазақ әдебиеті жандана түсті. «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деп аталған қасіретті кезең, сұрапыл соғыстар, жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінде ерекше көрініс тапты.

Сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы күресін, ел ішіндегі жағдайды көрсететін жырлар, аңыз-әңгімелер туындады. Халықтың басына түскен ауыр қасірет әсіресе «Елім-ай» әнінде ерекше сипатталды.

Еске түсір! Не үшін бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деп аталды?

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі халықтың намыс-жігері жаугершілік заманда өмір сүрген Бұқар жырау (1693–1787), Ақтамберді жырау (1675–1768), Үмбетей (1706–1778), Тәтіқара (XVIII ғ.) шығармаларынан айқын көрінеді.

Қазақ поэзиясы тарихындағы биік тұлға **Бұқар жырау** Баянауыл өлкесінде туып-өскен. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр – ерлігімен аты шыққан адам. Бұқар жырау Тәуке ханның тұсында хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болды. Ол – жырау ғана емес, мемлекет істеріне белсене араласқан тұлға. Өлең-толғауларында тәуелсіздікті сақтау, нығайту идеясын насихаттады. Абылай ханның тұсында сарай кеңесшісі болып, хан саясатын мейлінше қолдаған. Өз шығармаларында Абылайдың сырт жауларға қарсы күресте айрықша

қайтпас қайсарлығын, батырлығын, ел қамын жеген ер, көреген көсем екендігін бейнелеген.

Хан Абылай атанды,
Дүниеден шықпай мініңіз,
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрады.
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмады.
Әділдікпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.
Арманың бар ма, хан нем...

Бұқар жырау хан-сұлтандардың ел мүддесіне қайшы келетін саясатын да қатты сынға алып отырған. Ол патша өкіметінің түпкілікті мұраты отарлық саясат екенін де нақты пайымдаған. Шығармаларында өзі өмір сүрген заманның қилы тағдырлары, жоңғар шапқыншылығындағы күрес жолдары айқын байқалады.



Бұқар жырау ескерткіші.
Қарағанды облысы

Ізден! Бұқар жыраудың қандай батырлардың ерлігі насихатталған толғаулары бар? Онда қандай батырлардың есімі аталады?

Бұқар жырау келешек ұрпаққа ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін беруге де ерекше көңіл бөлген. Шешендік өнері арқылы жастарға күш-қуаттары мол кезінде көздеген мақсатына қол жеткізіп, қимылдап қалу керектігін айтып отырған. Жырау шамамен 1781 жылы Баянауылда, Далба тауының етегінде қайтыс болған.

Ақтамберді жырау Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында дүниеге келген. 15 жасынан бастап Орта Азия хандықтарымен, одан кейін жоңғарларға қарсы ұрыстарға қатысып, ержүректігімен көзге түседі. Осылайша Ақтамберді жырау жастайынан батыр атанып, соғыс өнерін игеріп өскен. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, оңтүстік және шығыс аймақтар жаудың қолында қалғанда, Ақтамберді жырау Орта жүз рубасыларының Орынборда ант беру жиналысында өкіл болған.

Ол жырларымен елді күреске шақырып қана қоймай, өзі жоңғарларға қарсы күрес майданының алдыңғы шебінде шай-



Ақтамберді жыраудың сауыты. Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайы



Үмбетей жырау ескерткіші.
Ереймен кенті

қасқан. Сондай-ақ жоңғарларды талқандап, халықты жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстандыру кезінде зор қызмет атқарды.

Жырау толғауларында еліміздің бойындағы қонақжайлылық, ақкөңілділік, жомарттық, мейірбандық сияқты қасиеттерді ерекше бағалап, жастарды ерлікке, батылдыққа шақырып отырған.

Тәтіқара ақын Қостанай өңірінде, Сарыкөл маңында туып-өскен. Ол да қазақ халқының басынан өткен ұрыс-соғыстарға қатысып, жұрттың рухын ерлікке, күреске, жауынгерлікке үндеген өлең-жырларымен жігерлендіріп отырған. 1756 жылғы Цин басқыншыларымен болған ұрыста айтқан өлең-жырлары ақынның атын әйгілі етеді.

Үмбетей жырау Ақмола облысы, Ерейментау ауданында дүниеге келген. Оның

жырлары мен толғауларының өзекті тақырыбы сыртқы жаумен күресте аты шыққан батырлардың ерлік істерін мадақтау болды.

Үмбетей жырау әсіресе Бөгенбай батырды ерекше қадір тұтып, жырларының бәріне арқау еткен. Ал батыр қаза тапқанда аза тұтып, Абылайға батырдың өлімін жырмен естіртуге келген. Жоқтау әрі естірту жырында Бөгенбайдың батырлығын жырлаумен қатар, жау шебінде атқа мінген басқа да батырлардың ерлігін паш етеді.

Керейде батыр Жәнібек,
Қаздауысты Қазыбек,
Қу дауысты Құттыбай,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай –
Абылай, сенін тұсында
Сол бесеуі болыпты-ай!

Ал Абылай ханның өзіне арналған толғауларында жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы күрестің шиеленіскен тұстарын жақсы сипаттайды.

Білімді шында:

1. Бұқар жырау мен Ақтамберді жыраудың батырлық жырларынан жатқа үзінді айтындар.
2. XVIII ғасырдағы жыраулардың шығармаларында қандай оқиғалар бейнеленген?

§ 16. Дәстүрлі рухани мәдениет (салт-дәстүр)

Бұл сабақта:

- «жеті ата» ұғымы мен маңызын білеміз;
- Наурыз мейрамын тойлаудың ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Тірек сөздер

- жеті ата
- қымызмұрындық
- наурыз
- наурызнама

Жеті атасын білу. Қазақта өз ұрпағына жеті атасын үйрету – ертеден келе жатқан дәстүр. Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін, өз руынан шыққан белгілі батыр, би, жақсылардың есімін айтып, жадына сіңіріп отырған. Адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын және жеті атасын сұрап отырған. «Жеті ата» тәртібі ағайын-туыс арасындағы бірлікті, ынтымақтастықты талап ете отырып, әулетті ғана емес, тұтас рулы елді ұйыстырып отырған.

Бұл тәртіптің зор маңызын халқымыз ерте түсінген және оны өте берік ұстанып келген. Сондықтан да қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Сегізінші атадан бастап қана құдаласуға жол ашылады. Бұл үшін сол атаның рубасыларын, ақсақалдары мен билерін, ел ағаларын шақырып, боз бие сойып баталасып, құдалыққа рұқсат берілген. Жеті атадан аспай қыз алушыларға ауыр жаза кесілген.

Наурыз мейрамы. Шығыс күнтізбесі бойынша жыл басын қарсы алу Наурыз мейрамы аталған. Орта Азия халықтары наурыздан келесі наурызға дейінгі уақытты бір жыл деп санап, жылдарды 12 жануардың атымен атаған. 12 жыл 1 мүшел саналып, қайталанып отырады. Қазақтар арасында Наурыз мерекесін тойлау бірнеше күнге жалғасқан. Қазақ жыл басталатын жаңа күнді ертеден Ұлыстың Ұлы күні деп атаған. Жыл басы күн мен түннің теңесетін уақыты 22 наурыздан басталған.

Қазақ халқы Наурыз мерекесін күн мен түн теңесетін жыл басында – көктемнің алғашқы күндерінде тойлаған. Қазақ жерінің оңтүстігіндегі қазақтар Наурыз мерекесін көктеуде, ал Жетісуды, шығыс пен солтүстіктегі қазақтар қыстауда отырғанда өткізген.

Наурыз мерекесінде *наурызкөже* аталған ғұрыптық ас даярланады. Қазақтардың дәстүрінде әрбір үйдің наурызкөже пісіріп, дәм таттыруы міндетті саналады. «Наурызкөжені тойып ішсең, жыл бойына тоқ жүресің» деп ырымдап, барынша мол жасауға тырысқан.

Қазақтар арасында наурызкөже дайындау әдісінде және атауында аймақтық ерекшеліктер бар. Қазақ жерінің шығыс бөлігінде «көпкөже», «қоскөже»; оңтүстік-шығысы мен Жетісуда «тілеукөже» (Жана жылда тілек тілеумен байланысты) деп аталады. Ел арасында

«жылыкөже», «құдайыкөже» деп атау да кездеседі. Наурызда арпадан дәм әзірлеу бағзы заманнан қалыптасқан.

Бұл маңызды. Наурыз мерекесі ЮНЕСКО қорғауындағы Әлемдік мұра тізіміне енгізілген.

Қазақтардың дүниетанымында «Қыдыр ата дала кезіп, халыққа наурыз батасын береді» деген ұғым қалыптасқан. «Қыдыр ата ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе мал төлді болады, егін бітік болады, халық молшылықта өмір сүреді. Ал адамға назары түссе, сол адамға бақ дариды» деген сенім қалыптасқан. Қазақтар Наурызда қариялардан, жасы үлкен, беделді адамдардан бата алады.

Наурыз мерекесін тойлайтын Шығыс халықтарының барлығы үшін ортақ мүдде – адамдардың табиғатпен тіл табысуы, жыл басын ізгі ниетпен, жақсы көңілмен қарсы алып, тыныштық, молшылық тілеу, адамдардың бір-бірін кешіріп, этикалық-моральдық қатынастарын реттеу. Наурыз мерекесін түркі халықтары өздерінің тарихи дәуіріне сай және өз ұлттық ерекшеліктеріне қарай бейімдеген. Мерекені атап өтудегі ғұрыптық ерекшеліктер халықтардың дәстүрлі шаруашылығымен, наным-сенімдерімен тығыз байланысты. Қазақтар көшпелі мәдениетпен көшпелі малшаруашылығына бейімделген.

Есте сақта! Наурыз мейрамы ислам дінінен бұрын қалыптасқан. Кеңес үкіметінің билігі 1926 жылы Наурыз мерекесінің діни сипаты бар деген сылтаумен тойлауға тыйым салған. 1989 жылдан бастап қазақ елі Наурызды тойлауды ресми түрде қайта жаңғыртқан.

Ертеде жайлауға көшіп барған соң, **қымызмұрындық** тойын өткізген. Қымызмұрындық жайлауда өтетін болған. Қымыз молырақ жиналғаннан кейін, ауыл ақсақалдары мен туыс-туғандар «қымызмұрындыққа» шақырылған. Осылайша алғашқы жиналған қымызды адамдарға салтанатпен ұсынған. Ақсақалдар «көпке бұйырсын», «аузымыз ақтан кетпесін» деп тілек білдірген. Ұйымдастырған үй иесіне рақмет айтып, батасын берген. Ал ауыл жастары тойды ән-жырмен, ойынмен жалғастырған. Қазақ халқының бұл дәстүрі де қонақжайлықты, жомарттықты, бірлікті көрсетеді.

Ізден! Қымыздың қандай қасиеті бар және қымызды халқымыз қай уақыттан бері пайдаланған?

Бұл қызық! Қымыздың *саумал қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз, асау қымыз* және т.б. түрлері болған.

Қазақ халқы да мұсылмандарға тән *Ораза айы* пен *Құрбан айы* деп аталатын діни мерекелерін өткізген. Ораза айы ораза айы біткен соң үш күн мерекеленген. Ал Құрбан айы ораза айынан 70 күннен кейін үш күн тойланады. Айыт күндері адамдар бір-бірінің үйіне *айттықтап* барып, жақсы тілектерін айтатын болған.

Білімді шыңда:

1. Қазақтардың «жеті ата» ұғымының маңыздылығын талдай отырып, өзінің ататегің туралы 6-7 сөйлеммен тұратын эссе жаз.
2. Наурыз мерекесінде орындалатын қандай тұрпаттар бар, олардың ерекшелігі неде?

§ 17. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі

Бұл сабақта:

- қазақтың қолданбалы өнерінің түрлерімен және ерекшелігімен;
- қазақтың темір ұсталары мен зергерлерінің қызметімен танысамыз.

Қазақ қоғамында қолөнермен айналысатын шеберлердің орны ерекше болды.

Есте сақта! Қолөнер – тұрмыс пен шаруашылықта қолданылатын бұйымдарды қолдан даярлайтын кәсіптің атауы.

Тоқымашылық өнер – ертеден келе жатқан кәсіп түрі. Өрмек тоқу, ши тоқу, жас талдың шыбықтарынан ыдыс, құрал-жабдықтар тоқу, өру – тоқыма кәсібінің ежелгі түрлері. Тоқыма өнерінің бірі – арнайы жасалған тоқыма құралдарымен тоқу, екіншісі – қарапайым ине-жіп қолданып қолмен тоқу.

Тірек сөздер

- қолөнер
- шебер
- ұста
- зергер
- тоқымашылық
- тігіншілік

Есте сақта! *Тігіншілік, тоқымашылық* өнерімен, негізінен, әйелдер айналысқан. Тігіншілікті кәсіп еткендер *ісмер* деп аталды.

Өрмек деп аталатын құрал арқылы кілем, алаша, шекпен, қап, коржын, белбеу, термебау, басқұр, құр сияқты заттар тоқылады.

Қазақ тұрмысында *кілем тоқу өнері* кеңінен таралған. Кілем дәстүрлі баспана – киіз үйдің ішкі жабдықтарының бірі болған. Кілемді сән үшін керегенің тұсына тұтқан, жерге де төсеген. Кілем тоқуды кәсіп еткен шеберлерді *кілемші, кілем тоқушы* деп атайды.



Өрмек басындағы тоқымашы.
Суретші Н.Г. Хлудов

Ізден! Қандай кілем түрлерін білесің?

Кесте тоқу өнері де ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Кестемен киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, орамал, дастарқан, атжабулар, түйежабулар көркемделген. Қыз балаларды жас күнінен әсемдікке, талғампаздыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеуде кесте тігудің маңызы зор болған.

Ши тоқу өнері де ерте кезден белгілі. Түзу өсетін өсімдік – шидің сабағын жүнмен орап, оны өрнектеп тоқыған. Тоқылған шиді керегенің сыртына тұ-

туға, үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ тұрған орынды қоршап, көлегейлеп қоюға, киіз үйдің есігін жабуға, құрт жайып кептіруге, киізді ылғалдан сақтау үшін жерге төсеуге т.б. қолданған.

Есте сақта! Әшекей бұйымдарды соғуға кәсіптенген шебер *зергер* деп аталған.

Зергерлер әшекейлер соғумен қатар, ер-тұрман, камшының сабы, ағаш төсек, сандық, кебежелерді алтынмен аптап, күміспен күптеп, музыкалық аспаптарды сүйектермен өрнектеумен де айналысты. Бұларды әсемдеу үшін зергерлер алтынға қарағанда күмісті көбірек қолданған. Көркем бұйымдар жасауға мыс пен темір де қолданылды.

Ізден! Зергерлер қандай әшекей бұйымдар жасаған және олардың қолданылатын орындарын атаңдар.

Темір *ұсталары* мен зергерлер өздері жасайтын бұйымдарды елдің алдын ала өтініш етуімен ғана қолға алатын болған. Тапсырыс берушілер заттың күрделілігіне қарай жылқы, түйе, ірі кара, ұсақ мал берген.

Ізден! Ұста мен зергердің айырмашылығы қандай?

Ұста, темірші – темірден түрлі бұйымдар соғатын шебер. Қазақтың көшпелі тұрмысында темірден жасалған құрал-саймандардың қажеттілігі жоғары болды. Темір ұсатушылар мосы, ошақ, какпан, бәкі, пышак, үзенгі, ұстара, іскек, таға, орақ, шалғы, шымшуыр, балта, балға, қырықтық, таралғы, арба дөңгелегі, қазық т.б. тұрмыс және шаруашылық заттарын жасауды кәсіп етті.



Күмістелген ер



Зергерлер соққан әшекей бұйымдар



Ұста мен зергерлер пайдаланған төс

Есте сақта! Қазақ ұсталары *Дәуіт пайғамбарды* пір тұтқан.

Зергер мен ұстаның бұйым жасайтын шеберханасы *дүкен* деп аталды. Дүкенді арнайы жасаған, кейде киіз үйді де пайдаланған.

Ұсталардың ісі көктем мезгілінен күн суытқанға дейінгі аралықта қызу жүретіндіктен, жыл сайын көктемде, сондай-ақ ұста дүкенін көшіргенде немесе жаңадан дүкен соққанда Дәуіт пайғамбарға арнап құрбандық шалып, *дүкен майлау* ғұрпын өткізген. Яғни көріктің аузына май тамызып ырым қылған. Дүкен майлау ғұрпы басқа түркі халықтарында да бар. Дүкен қасиетті орын саналған.

Ағаш шебері ағаштан түрлі бұйымдар жасауды кәсіп еткен. Ағаштан жасалған бұйымдар берік әрі жеңіл болғандықтан, қазақтың көшпелі тұрмысында қолдануға ыңғайлы болды. Олар асадал, сандық, кебеже, жүкаяқ, ағаш төсек, жозы, адалбақан сияқты жиһаздарды, ожау, келі, келсап, тегене, қымыздық, шара, саптаяқ, кесекап сияқты ағаш ыдыстарды жасаған.

Ағаш ұқсатуды *үйшілер* мен *ершілер* де кәсіп етті. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үйдің қаңқасын, сүйегін жасаумен арнайы айналысқан шеберлерді *үйшілер* деп атаған. Киіз үйдің *сүйегі* арнайы кептірілген қайың, терек, әртүрлі талдан да жасалды. Үйші тоғай аралап, талдарды өзі таңдап кескен.



Ағаш шеберінің қолынан шыққан төсек



Сүйекпен әсемделген кебеже

Ер қосу – қазақ шеберлері игерген ер-тұрман жасайтын кәсіп түрі. Ежелден көшпелі малшаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін ат – көліктің негізгі түрі болғандықтан, ер-тұрман жабдыктарының алатын орны ерекше болды. Ер қосу ісін кәсіп еткен шеберді қазақтар «*ерші*» дейді.

Ізден! Ер-тұрман түрлері мен олардың ерекшелігін айтыңдар.

Білімді шыңда:

1. Қазақстан мұражайларының электронды сайттары арқылы мұражай қорларындағы зергерлік бұйымдар топтамаларымен танысыңдар.
2. Өзін ұста, зергер немесе ағаш шебері болғанда қандай бұйымдар жасаумен айналысатын едің? Ол туралы қысқаша эссе жазыңдар.

§ 18. Қазақ халқының ұлттық киімдері

Бұл сабақта:

- қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшелігімен;
- маусымдық киім түрлерімен;
- баскиімдердің түрлерімен, ерекшеліктерімен танысамыз.

Тірек сөздер

- шекпен
- камзол
- сәукеле
- орамал
- кимешек

Қазақ тігіншілерінің қолынан шыққан ұлттық киім үлгілері жүріп-тұруға ыңғайлылығымен, маусымдық үйлесімділігімен ерекшеленеді. Маусымдық киімдер тігуге малдың пірілген жүні мен өңделген терілері пайдаланылды. Ісмерлер қызын немесе келінін қасына ертіп жүріп, қолөнер ісін жалғастыруға тәрбиелеген.

Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын, ұлттық ерекшелігін танытады.

Әлеуметтік-статустық дәрежесіне қарай қазақтар арасында *би, бақсы, бай, сұлтан, ханзада, сал-сері, малшы, балуан, батыр* киімдерінің өз ерекшеліктері болды.

Жас, жыныс ерекшелігіне қарай бала, бозбала, бойжеткен, қалыңдық, келіншек, жігіт, жігіт ағасы, ақсақал киімдерінің үлгілері болған. Олардың әшекейі, тігілуі, сырылуы, кестеленуі де әрқалай болып келеді. Жасы ұлғайған адамның киімі денеге қонымды, кең-мол пішілген, әшекейі аз, қарапайым болып келеді. Күйеу жігіт пен қалыңдық, сал-серілер киімі барынша сәнді болған. Сонымен бірге бақсылар киімдерінің өзіндік ерекшелігі болады.

Іштік киімдерге – көйлек, дамбал; *сырттық киімдерге* – шапан, күпі, кеудеше, тон; *сұйық киімдерге* шекпен, қаптал шапан, кебенек

жатады. Сыртқимдердің ең қымбаты – аң терісінен тігілген *ішіктер*. Аң терісінің атына сәйкес: бұлғын ішік, жанат ішік, қасқыр ішік, күзен ішік, түлкі ішік болып бөлінеді. Ішіктердің сыртын бағалы маталармен тыстаған. Иленген әрі боялған теріден тігілген қыстық киім *шон* деп аталған.

Түйе жүнінен пірілген жіптен тоқылған жұмсақ сырттық киім – *шекпен*. Шекпен жаңбырда суды, жазда ыстықты, қыста суықты жібермейді. Шекпенді тығыз, су өтпейтіндей етіп тоқыған. *Күті* – матадан астарына шыт, ішіне мақта салып сырып тіккен, көктем мен күзде киетін ерлердің маусымдық сыртқимі.

Жарғақ шалбарды қой, ешкі терілерінен тігеді. Шалбар атқа мініп-түсуге ыңғайлы, кең балақ болып келеді, балағы кестемен өрнектелген.

Ер адамдар көбінесе сыртқимдерін түймесіз, тек белбеумен ғана киіген. Белдік пен кісені қайыстан, былғарыдан қабаттап, күміс құйма, асыл тастармен сәндіетін. Мата белбеу буыну да кең тарады.



Сұнқар ұстаған дәулетті аңшы. Суретші В. Верашагин (1871 ж.)



Ер адамдардың киімдері. Мәскеуге Зайсан өлкесінен барған қазақ депутаттары. «Всемирная иллюстрация» (СПб., 1873 ж.) журналынан



Шекпен мен сәукелелер.
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік орталық
мұражайынан



Жетісу өңірі қыздарының
киімдері. «Азиатская Рос-
сия» (СПб., 1914) кітабынан

Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім түрлері: бешпент, белдемше көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше. Қыздардың киімдері кеуделері тар, қынамалы, жаға, жең, кеудесі, өңірі кестелі әшекейлі келсе, жас ұлғайған сайын неғұрлым етекті, кең, мол қаусырмалы бола түседі. *Қамзол* – әйелдердің көйлек сыртынан киетін сырткінімі.

Ерлер баскиімдерінің тақия, құлақшын, қалпақ, тымақ, құлақпара, бөрік сияқты көптеген түрлері бар.

Әйелдер баскиімі – сәукеле, бөрік, қарқара, кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі, бүркеніш, тақия, шылауыш, жаулық, орамал.

Қыста киетін баскиімдер қымбат қалың матамен тысталады. Қыста баскиімнен ерлер тымақ пен құлақшынды, әйелдер түбіт орамал түрлерін кең қолданған.

Түбіт орамал – әйелдер өздеріне шаршылап, кейде үш бұрыштап немесе төрт бұрыштап түбіттен тоқитын қыстық баскиімі. Оны тоқудың көптеген түрлері мен үлгілері болады.

Әйелдер баскиімінің ең қымбаты, ерекшесі, ұзатылатын қыздың өз үйінен киіп шығатын баскиімі – *сәукеле*. Оның негізін ақ киізден, бірнеше қабат матадан биік конус тәріздендіріп жасайды. Сыртын қызыл түстес қымбат матамен көмкеріп, күндызбен жиектейді. Сәукелені зергерлер алдын ала тапсырыс бойынша жасаған. Қымбат сәукелелер зерлі жіппен сырылып, алтындалған күміс *күлдіреуіштермен* көмкерілген. Сәукеле күлдіреуіштері кей жерлерде сәукеле *шұбыртпасы* деп те аталады. Сәукеленің биіктігі қыздың шыққан тегінің дәулетін білдірген. Алтындалған, күмістелген күлдіреуіштерін барған жерінің ұрпағын көбейтсін, бала-шағалы болсын деген мағынада мол салған. Алтын, күміс

құймалармен қатар інжу, маржан, ақық сияқты тастарды да молынан қолданған. Сәукеленің пішіні мен ою-өрнегінің өзі-ақ көшпелі өмір сүрген қазақтардың мифологиялық таным-түйсіктерінің қаншалықты терең де бай болғандығын айқын аңғартады. Ою-өрнектер айналадағы кеңістікті, дүниенің жаратылысын, адамзат қоғамының қалыптасуын бейнелейді.

Аяқкиімнің етік, мәсі, шоқай, бұйық сияқты түрлері таралған. *Мәсі* – үлкен кісілер арасында кең қолданылатын, теріден тігілген аяқкиім. Мәсі сыртынан киетін кебісті етікшілерге тапсырыспен жасатқан. Мәсіге боялған түрлі түсті теріден немесе кесте жіппен ою-өрнектер салған.

Орта Азия, Қытай, Ресеймен саудасаттық жасаудың нәтижесінде жібек, мақта маталарын алып, киім тігуге қолданды және олар қымбат бағаланды. XVIII ғасырдан бастап маталардың сауда айырбасында көп болуы қазақ ұлттық киім түрінің көбеюіне мүмкіндік туғызды.



Ұзату тойы алдында.
Суретші Н.Т. Кожин

Ізден! Қазақстан мұражайларында сәукеленің қандай озық үлгілері сақталған?

Білімді шыңда:

1. Қазақстан мұражайларының электронды сайттары арқылы мұражай қорларындағы киім топтамаларымен танысындар.
2. Маусымдық киімдердің айырмашылықтары қандай?
3. Суретші Н. Кожиннің «Ұзату тойы алдында» суретіне қарап, қазақ киімдерін сипаттап эссе жазындар.

IV бөлім ОТАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС

§ 19-20. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері

Бұл сабақта:

- Ресей империясының отаршылдық саясатының мақсатымен, отарлаудың әдістерімен;
- XVIII ғасырдағы казак отаршылдығымен танысатын боламыз.

Тірек сөздер

- түз өндіру
- кәсіпорын
- сауда-саттық
- Ұлы Дала
- отарлау

Ресей империясының отаршылдық саясатының себептері, мақсаты. Ресей әкімшілігі казак ру-тайпалары орналасқан аймақтарда өздерінің шегаралық бекіністерін нығайтып, казак жерімен кеңінен таныса түсті. Ресей билігі енді казак жерінен кен орындарын іздестіре бастады. Көшпелі малшаруашылығымен шұғылданатын казактардың бұл мәселеге көңіл қоя

қоймайтынын отарлаушылар айқын аңғарды. Олар казактардың осындай шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін өздерінің жеке мүддесіне пайдаланып қалуды көздеді.

Ресей отаршылары Қазақстанның шығыс және орталық аймақтарында түсті металдар, таскөмір өндіруді көздесе, біртіндеп май, былғары өнімдерін өндіретін зауыттарды да ашуды жоспарлады.

Орыс көпестері Ұлы Даладағы тауар-ақша қатынастарын, мал өнімдерін сату мүмкіндіктерін кеңейте түсті. Казактар өздерінің малдарын орыстар салған бекіністер мен қалашықтарда саудалаған. Осындай екіжақты мүдделілік орыс-казак қатынастарын нығайта түсуге де ықпал жасады. Сол себепті Ресей отарлау шараларын жүзеге асыруда сауда қарым-қатынастарына ерекше мән берді.

Есте сақта! XVIII ғасырдың екінші жартысында сауда қарым-қатынастарының басты қаласы 1743 жылы негізі қаланған Орынбор болды.

Орынбор қаласында татар халқы кеңінен қоныстанып, казак даласынан және Орта Азия мемлекеттерінен келгендерге қызмет көрсетті. XVIII ғасырдың соңына қарай тек Орынбордың бір өзіне ғана казактар жыл сайын 200 мың қой айдап барып, сауда-саттық жасады.

Анықта! XVIII ғасырда казактар Орынбордан бөлек қандай қамалдарда, шептерде сауда-саттық жасады?

Қазақ жеріне Ресейден мата өнімдері тауар ретінде келіп жатты. Сонымен қатар Ресей бидай өнімдерінен жасалған нанды және ұнды қазақ даласына көптеп жөнелтті. Тауарлар қатарында шойыннан, темірден және мыстан жасалған қазандар, балталар, шоттар, орақтар, шалғылар, шелектер және т.б. болды. Белгілі тарихшы М.П. Вяткин өзінің зерттеулерінде шойыннан жасалған қазандардың қазақ даласында мал және аң терілеріне қалай айырбасталғанын суреттеп жазған болатын. Сонымен бірге қазақ даласы орыстар үшін аралық сауда жолы ретінде жоғары бағаланды. Мұндай қалыптасқан ахуалды Ресей билеушілері өз пайдаларына шешіп, Қазақ хандығын отар елге айналдыру шараларын кеңінен өрістете бастады.

Анықта! Неліктен Ресей XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ жерін отарлауға асықты?

Ресейдің қазақ жерлерін отарлауға асығуына жоңғарларға қарсы соғыста жеңіске жеткен Қазақ мемлекетінің күшейе бастауы және Қытай мемлекетімен шектесіп жатқан Орта жүздің нығая түсуі себеп болды. Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте тәуелсіздігін қорғап қалған қазақтар мемлекеттігін нығайтып қана қоймай, сонымен бірге Ресеймен қарым-қатынаста өзін дербес мемлекет ретінде ұстауға тырысты. Ресей мұндай қолайсыздықты жою үшін қазақ жерін жылдам отарлауға күш сала бастады.

Отарлаудың әдістері. Ресейдің Ұлы Даланы отарлауды көздеген мақсатының жүзеге асуына қазақтар арасында хандық биліктің әлсіреуі шешуші рөл атқарды. Абылай хан тәрізді өзін бүкіл қазақ даласына мойындатқан ірі тұлғаның қайтыс болуы Қазақ хандығының саяси жүйесінің ыдырай бастауына алып келді. Бір орталықтан басқарылатын хандық биліктің әлсіреуі жергілікті жерлердегі сұлтандар мен билердің жеке билікке құмарлығын күшейте түсті. Абылай ханның мұрагерлері халық алдында өз беделдерін көтере алмады.

Абылай хан қайтыс болғаннан соң, қазақ елі оның үлкен ұлы Уәлиді хан көтеруге дайындалды. Алайда хан тағынан үміті болған Абылай ханның көптеген туыстары билікке қол жеткізуге әрекеттер жасап, Қазақ хандығының әлсірей түсуіне ықпал етті.

Ойлан! Неліктен қазақтарда хандық билік әлсірей бастады?

Орта және Ұлы жүзде билікте отырған Абылай ханның ұлдары Уәли сұлтанды қолдап, оның хан тағына отыруына ықпал жасады. Осындай жағдайда қазақ даласына өз ықпалын күшейтуді көздеген Қытайдың Цин империясы Уәлиді хан көтеру рәсіміне қатысатын өздерінің елшілерін жіберді. Ол рәсімге орыс елшілігі де қатысты. Ресейдің

келісімін алмай хан тағында орныға алмайтынына көзі жеткен Уәли 1782 жылдың басында Петропавловск қамалына барып, өзінің Ресейге адалдығын айтып ант берді. Осыдан соң ғана Ресей отаршыл әкімшілігі оны хан ретінде мойындай бастады. Әкесінің саясатын жалғастыруды көздеген Уәли Пекинге де өзінің елшілерін жіберіп, Цин императорына өзінің адалдығын айтты.

Абылайдың хандықтан үміті бар басқа туыстары Уәлиді қолдай қойған жоқ. Сондықтан да жергілікті рулардың қосымша хан көтеру әрекеттері орын ала бастады. Кейбір орысшыл сұлтандар мен старшындар Ресейдің шегаралық шебіне жақын көшіп барып, Уәли ханның үстінен оның қаталдығы мен жүгенсіздігі туралы арыздар айта бастады. Ханның үстінен түсірген мұндай арыздарды Ресейдің Шегаралық әкімшілігі қазақтың солтүстік және шығыс өңірлерін империя құрамына қосып алу үшін пайдаланып қалуға тырыса бастады. Орыс өкіметі мұндай арызқойларды және рубасыларын әртүрлі марапаттаулармен, сыйлықтармен және дәрежелермен ынталандырып сатып алуды Шегара әкімшілігіне ұсынды.

XVIII ғасырдың соңына қарай Ресейдің қазақ даласын басып алуды жоспарлаған біраз жобалары пайда бола бастады. Ол бойынша Уәли ханның жанында екі коллегиядан тұратын *ақсақалдар кеңесін* құру ұсынылды. Басты сот коллегиясы Петропавловск қамалында орналасуы, ал екіншісі ханның ставкасында жұмыс істеуі тиіс болды. Сонымен қатар әрбір руда *билер сотын* құру қолға алынатын болды. Бұл жүйе бойынша маңызды істердің бәрі екінші коллегияда қаралып, ал оның шешімі Петропавловскіде бекітілетін болды. Осылайша қазақтардың дәстүрлі сот жүйесі енді Ресейдің шегаралық билігінің бақылауына алынды. Сонымен қатар қазақтарды орыстандыруды қолға алу үшін Петропавловск қамалында қазақ балаларына арналған мектеп және қазақ болыстарында мешіттер ашу қолға алынды. Соңғыларының жұмыстарын жүргізетін молдалар Ресейге тәуелді кісілерден тағайындалатын болды. Мұның өзі Ресей әкімшілігінің қазақтардың рухани өмірін де бақылауда ұстауына мүмкіндіктер бере бастады. Осылайша орыстардың оқу орындарының отаршыл аппаратқа қазақтар есебінен кадрлар дайындау ісі нақты мақсатқа айналды.

Ізден! Қазақтарды орыстандыру саясаты қандай сипатта болды?

Нәтижесінде Абылай ханның тұсында мемлекетті нығайту бағытында жасалған шаралар аяқсыз қала бастады. Осындай қайшылықты жағдайға тап болған Қазақ хандығы әлсірей түссе, Ресей империясы күшейе бастады. Батыс Еуропада және Қара теңізде берік орнығып алған Ресей империясы шаруалар соғысын талқандап, билігін нығайта түскен еді.

Есте сақта! 1768–1774 жылдары Ресейдің әскерлері Қырымды және Ноғай хандығының жерлерін басып алса, ал 1783 жылға қарай Қырым хандығын жаулап, оның өмір сүруін біржолата тоқтатты.

1817 жылы Орта жүзде Бөкей ханның қайтыс болуы және 1819 жылы Уәли ханның дүниеден өтуі Ресейге көршілес аймақтардағы хандық билікті әлсіретті. Осы жағдайды пайдаланған патша өкіметі казак даласында Орта жүзге хан сайлау рәсімін тоқтатып тастады.

XVIII ғасырдағы казак-әскери отаршылдығы. Казактар әскери күш ретінде Ресей мемлекетінің шет аймақтарын қорғап отырған. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап кейіннен Жайық казактары деп аталып кеткен казак қауымдастығы құрыла бастады. 1808 жылғы Ережеге сәйкес, Сібір линиялық әскері казактарды қызметке өз қаруларымен, жабдықтарымен, киім-кешегімен және жылқыларымен алуға тиіс болды. Сібір казак әскерлерін құрған кезде патша үкіметі бірінші кезекте казактардың полицейлік рөл атқаруы керектігін ескерді. Ал енді Сібір казак әскерлері «барлық бүлікшілерді тыныштандырушы және жуасытушы» ретінде өздерінің міндеттерін қатыгездікпен орындады. Бұл кезеңде казак даласынан өзге аймақтарда әскерлер құрыла бастаған еді. Дон казактарынан Астрахан казак әскері құрылды.

Казактарға патшаның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға көмектесу, тартып алынған жерді көшпелі тайпалардың шабуылынан қорғау, казак әскерлері мемлекеттің қарулы күштерінің бір бөлігін құрау міндеттерін орындау жүктелген.



Казактардың казактармен шайқасы. Суретші А.О. Орловский (1826 ж.)



Қазақ әскерлерінің форты. «Түркістан альбомы»
(тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

Оңтүстік Қазақстан аумағына орыс мұжықтарының алғашқы легі келгенге дейін патша әкімшілігі қазақ даласын әскери қазақ-орыстардың отарлауымен шектелді. 1867 жылғы 13 шілдеде ІІ Александр патшаның жарлығымен Жетісу қазақ әскерлері құрылды. Оның міндеттеріне отарлануға тиіс аймақтарды Ресей құрамына кіргізу, басып алған сол жерлердегі шегараны қорғау, форпос, бекініс салу жұмыстары кірді. Келімсек қазақтар мұндағы қазақтардың өңделген ең құнарлы егіс алқаптарын, су жүйелерін, мал жайылымдарын тартып алып, қазақтардың шаруашылығының дамуына орасан зор нұқсан келтірді.

Қазақ елінің Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналдырылуы қазақ жұртшылығының көтерілістерін туғызды. Қазақтар патшаның әскери күші ретінде Исатай мен Махамбет, Көтібар мен Есет бастаған отаршылдыққа және отаршылдармен бірлескен қазақ билеушілерінің әділетсіздіктеріне қарсы көтерілістерін басуға қатысты.

Білімді шыңда:

1. «Ақсақалдар кеңесі», «билер соты» деп аталатын басшылық органдарын құруды отаршылдар неліктен қолдады деп ойлайсындар?
2. Қазақстандағы қазақ әскери отаршылдығын сипаттап эссе жазындар.

§ 21-22. Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс

Бұл сабақта:

- көтерілістің себептерімен, кезеңдері және барысымен;
- А.О. Игельстромның реформасымен;
- Ресей билігіне қарсы қарулы соғыстың басталуымен танысамыз.

Тірек сөздер

- хандар кеңесі
- Игельстром реформасы
- төраға
- С. Датұлы

Көтерілістің себептері. 1742 жылы 19 қазанда патша өкіметі казак руларының Жайық өзеніне және Жайық қалашығына жақын маңда көшіп-қонуына тыйым салатын заң қабылдады. 1782 жылғы жарлық бойынша казак ауылдары Жайықтың арғы бетіне тек патша өкіметінің шегара басшыларынан рұқсат алған ханның шешімімен ғана көше алатын болды. Ал шегара әскерлері Жайықтың арғы бетіне көшкені үшін салық төлемеген казак ауылдарын қайта-қайта тонап, казактарды тұтқынға алумен болды. Мұндайда хан және оның жақындары тұтқынға түскендерді құтқару үшін елден қаражат жинады. Әрине, бұл қаражатты Орал казак әскерлерінің басшылары өзара бөлісіп алып отырды. Осылайша орыс билеушілері Жайықтың арғы бетіне өтетіндерді бақылайтын Орал шегаралық басқармасын құрды.

Бұл аймақтағы халықтың наразы көңіл күйіне Е.И. Пугачев бастаған көтеріліс те үлкен ықпал жасады. Қазактардың бір бөлігі Е.И. Пугачев көтерілісін қолдап, шегаралық бекіністерге шабуылдар жасай бастады. Осы көтерілісшілерді халық арасында аса беделді батыр және шешен Сырым Датұлы басқарды.



Пугачевшілдермен шайқас. Суретші Н.Н. Карзин (XIX ғ.)



Сырым батыр.
Суретші А. Дүзелханов

Е.И. Пугачевтің көтерілісі жеңілгеннен кейін патша өкіметінің жазалаушы отрядтары – Жайық казак әскерлері өздеріне қалмақтарды, башқұрттарды, татар-мешеряктарды қосып алып, қазақтарға қарсы пайдаланды. Хан-сұлтандар мен халықтан шыққан тұлғалар, рубасылар мен билер арасында алауыздық тереңдеп кетті. Осындайда ержүректігімен, шешендігімен халық арасында танымал беделді батыр Сырым Датұлы Еділ жағалауынан Арал теңізіне дейінгі казак ру-тайпалары арасында қолдауға не болды.

Сырым батыр патшалық биліктің әділетсіз қысымына қарсы көтерілісті рубасылардың қолдауымен бастап шықты.

Патша өкіметінің рулық старшындардың құқықтарын шектеуі, хандар мен сұлтан-

дардың халыққа қарсы күштеу саясаты және олардың Орал казак әскерлерінің және патша әкімшілігінің жағында болуы халықтың көтеріліске шығуын жеделдетті.

Халықтың қаһарынан қаймыққан Ресейдің сыртқы істер коллегиясы 1775 жылы 7 қарашада казактардың Еділ мен Жайық аралығына, Каспий теңізінің жағасындағы жағалаулық жайылымдарға және Жем, Сағыз өзендерінің бойларына көшіп-қонуларына рұқсат беретін жарлық шығарды. Мұның өзі Сырымды патша өкіметімен келісімге келуге итермеледі. Алайда мұндай тіл табысу ұзаққа барған жоқ.

Ізден! Патша өкіметі 1782 жылы 27 қарашада қазақ малшыларының жайылымдарды жалға алып пайдалануын жолға қоятын жарлық шығарды. Мұның өзі Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа жаңа қарқын берді. Неліктен патшаның бұл жарлығы халық наразылығын өршітті?

1782–1783 жылдары Орал казак әскерлерінің Жайықтың ішкі жағына көшіп барған Кіші жүз шаруаларынан 4000-нан астам жылқыны тартып алып, айдап кетуі көтеріліске түрткі болды. Қысқы жұттың өршуі және отаршылдардың малды тартып алуы шаруалар тіршілігіне ауыр әсер етті. Оның үстіне, Орал казак әскерлерінің шегаралық шептердегі ауылдарға тағы да шабуыл жасауға дайындалып жатқаны казак ауылдарына кеңінен тарап кетті. Бұған жауап ретінде казактар орыс-казак әскерлерінің камалдарына шабуылдар жасай бастады.

Орыс-казактары мен казактар арасындағы қатынастың ауырлай түсуіне 1783 жылдың тамыз айында Сырымның Орал казактары-

на абайсызда тұтқынға түсуі де ықпал етті. Халықтың қысымынан қорыққан Нұралы хан Сырымды тұтқыннан босату үшін орыс-казактарына көптеген мөлшерде құн төлеуге мәжбүр болды.

Көтерілістің әлеуметтік негізі және барысы. Көтеріліске шыққан казактардың негізгі соққылары Орск камалының айналасындағы аймақтарға бағытталды. 1784 жылы қараша айында Сырым батыр Сағыз өзенінің бойында саны 1000 адамға жететін жасақ жинады. Сырымның әрекетіне тойтарыс беру үшін патша өкіметінің шегаралық шебі 1785 жылы ақпан айында Елек өзенінің жоғарғы жағындағы көтерілісшілерге қарсы жазалаушы әскер аттандырды. Жазалаушылар казак ауылдарын тонап, біраз адамды тұтқынға алды. Мұның өзі Кіші жүздің көптеген руларында үлкен наразылықтың бой көтеруіне алып келді. Осылайша патшалық билікке қарсы Кіші жүздің рулары түгелдей дерлік бас көтерді. Патша өкіметі көтерілісшілерді талқандау үшін казак жазалаушы отрядтарын аттандырды. Олар өздерінің жүрген жолдарында казак ауылдарын тонап, адамдарын тұтқынға алып, жылқыларын айдап кетіп отырды.

Жазалаушылардың мұндай қатыгездігіне жауап ретінде 500 адамнан тұратын казактардың жасағы Сахарная камалына шабуыл жасады. Сәтсіздікпен аяқталған бұл жорықта казактың ықпалды сұлтаны Айшуак тұтқынға түсті. Мұның өзі көтеріліске жаңа қарқын беріп, Сырымның халық арасындағы беделін бұрынғыдан да көтере түсті. Ол көтерілісшілерге қарсы аттанған жазалаушы патша отрядтарының ту сыртына шығып кетіп, 1785 жылдың наурыз айында Антонов форпостысына, сонан соң Сахарная камалына шабуыл жасады. Бұл даладағы патшалық жазалаушы жасақтардың бекіністерге қайтып оралуына алып келді. Осындайда Нұралы хан көтерілісшілерге деген өзінің жаулық әрекетін ашық байқата бастады. 1785 жылы наурызда Нұралы хан Орал казак әскерлерінің атаманына мәлімет жолдап, өзіне бағынбай отырған табын руының кейбір ауылдарын жазалауды өтінді. Ал мұндай жазалаудан кейін халықтың ашу-ызасы арта түсті. Нәтижесінде көтеріліске бұрын қосылмаған ауылдар да қатыса бастады. Ал хан өзінің халқынан бөлініп, оқшау қалды.

Ойлан! Халық неге ханды емес, Сырым батырды жақтады?

А.О. Игельстромның реформасы. 1784 жылы Сібірдің және Самараның билеушісі болып тағайындалған генерал-губернатор барон А.О. Игельстром патша өкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру үшін хандық билікті күйретіп, казактардың мемлекетілігін жойып жіберуді көздеді. Игельстромның реформасы «Бөліп ал да, билей бер» принципіне болды.

Есте сақта! Реформаның басты мақсаты Кіші жүз қазақтарын екіге бөлу және Нұралы ханды биліктен аулақтату болып табылады.

Бұл реформа негізгі билікті *Шегаралық соттың* қолына берді. Ал бұл сот патша әкімшілігінің адамдарынан құралды. Сотқа әкімшілік органдары – жергілікті «расправалар» бағынатын болды. Олардың құрамына руларды басқаратын старшындар кірді. «Бас старшын» деген қызметке патша өкіметінің саясатын қолдайтын сенімді сұлтандар ұсынылатын болды. Алайда мұндай саясат сұлтандар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Кіші жүзде хандық билікті жоюға Орта жүздің де сұлтандары қарсы шықты. Дегенмен де О. Игельстромның реформалары хандық билікті әлсіретіп, қазақ қоғамын дәстүрлі басқару ісін жергілікті деңгейде қалдырды. Осылайша нақты билікті Ресей империясы мекемелерінің қолына берді.

О. Игельстром қазақтардың қысқы қоныстары туралы мәселені қарастыра келе, 17 старшынға өзінің халқымен Жайық бойынан Еділ өзеніне дейін қыста көшіп-қонуға рұқсат берді. Игельстромның мұндай әрекеті көтерілістің қарқынын бәсеңдетіп тастады. Реформа Кіші жүздегі хандық билікті жойды. Алайда көтерілісті біржолата тоқтату үшін О. Игельстромның бұл реформалары жеткіліксіз еді.

Наразы халық енді ханның ауылына шабуыл жасай бастады. 1786 жылы сәуір айында Нұралы хан көтерілісшілерден қашып шығып, патшалық биліктен қорғаныс іздеуге мәжбүр болды.

Есте сақта! 1786 жылы 3 маусымда II Екатерина патшайым Нұралы ханды биліктен тайдыру туралы шешім шығарды.

Нұралы хан Орынборға шақыртылып, одан әрі Уфаға жөнелтілді. Осындай жағдайды пайдаланып қалуды көздеген патша өкіметі Кіші жүзде қайта хан сайлаудан бас тартып, билікті Орынбор әкімшілігінің қолына беру туралы Игельстромның реформасын жүзеге асырды. Енді патша өкіметінің саясатына Нұралы ханды жақтайтындар да қарсы тұрып, оны қазақ даласына қайтаруды талап етті. О. Игельстром қазақ даласына жазалаушы әскер жіберуді тежеді. Бірақ Орынбор және Орал казак әскерлерінің аймағына мал жайған қазақтардан аманаттар алынды. Бұл да өз кезегінде қазақтардың ашу-ызасын арттыра түсті. Ал Кіші жүзді 3-ке бөлу әрекеті халықтың, старшындар мен сұлтандардың тарапынан қолдау таппай, аяқсыз қалды.

Сырым халықтың мүддесін ойлап, жергілікті жерлерде мешіттер мен мектептер ашуға күш салды. Бұл әрекеті оны тағы да патшаның Орынбор әкімшілігінің қарсыласына айналдырды. Сырым Орынбор әкімшілігіне қарсы күресте Хиуа хандығының қолдауына ие болуды көздеп, онымен келіссөз жүргізді.

Есіңде болсын! Сырым ешкімнің ықпалымен жүрмейтін, дербес мемлекет құру саясатын ұстанды.

Көтерілістің өрши түсуі. XVIII ғасырдың 90-жылдарынан бастап Сырым бастаған көтеріліс бұқаралық сипат ала бастады. Оған себеп, Орал казак әскерлерінің казактарға шабуыл жасауы, тұтқынға алуы, малды айдап әкетуі еді. Бұған жауап ретінде казактар да Орал шебіндегі казак әскерлеріне шабуылдай бастады. Орынбор әкімшілігінің жаңа басшылығы көтерілісшілерді жазалауды күшейте түсу қажет деп тапты. Патшалық әкімшіліктің Игельстромға дейінгі жүгенсіз озбырлық саясаты қайтадан басталды. Патшалық билік енді Сырым батырдың өзін тұтқынға алуға тырысты. Мұның өзі казак ауылында қайшылықты ахуалды қалыптастырды. Рулық старшындар Ресейден мүлде қол үзуді қаламағандықтан, Орал казак әскерлерімен қарым-қатынасты дұрыстауға ұмтылды.

Қазақтардың жазалаушы әскерлерден өзін-өзі қорғау әрекеттері жаулықпен қабылданып, патшалық биліктің жаңа жазалаушыларды жіберуіне сылтау болды. Мұндайда сұлтандар көбінесе патша өкіметінің жағына шығып кетіп отырды. Мұның өзі халықтың наразылығын өршіте түсті. Нәтижесінде жергілікті рулардың көтерілісшілер отрядтарына қосылуы күшейді. Олар Ойыл өзенінің бойында және Шыңғырлау өзенінің құйылысында топтасты. Сырым қантөгістен қашып, Ресейлік билікпен бейбіт келісімге қол жеткізу жолдарын іздестірді. Сонымен бірге ол мұндай мақсатқа жету үшін халық қозғалысын кең ауқымда таратуға тырысты.

Анықта! Сырым бастаған көтерілістің бұқаралық сипат алып кету себептері неде?

Бірақ кейбір старшындар мен сұлтандардың жазалаушылар жағына шығып кетуі көтерілісшілердің күшін әлсірете түсті.

Ойлан! Старшындардың біраз бөлігінің Сырым Датұлын қолдамау себебі неде?

Старшындардың біразы Жайық ауданындағы өздерінің иелігіне берілген жайылымдық жерлерден айырылып қалудан қорықты. Мұның өзі отаршылдыққа қарсы күресті тежеген негізгі мәселеге айналды. Сырым Кіші жүздің рубасылары тарапынан ғана емес, Орта жүз халқының қолдауынан да үміттенді. Ол осы бағытта жергілікті басшылармен келіссөздер жүргізе бастады. Мұның өзі патшалық әкімшілікті қатты шошындырды. Сол себепті ол казактар талап етіп отырған дәстүрлі басқару жүйесін ішінара болса да қалпына келтіру қажет екенін түсінді және Кіші жүзде қайта хан сайлау қажет деп тапты. Бірақ енді хан болатын адам патшалық әкімшіліктің мүддесіне қызмет атқаруы тиіс еді. 1791 жылы қыркүйек айында патша әскерлерінің қолдауымен

Ералы Кіші жүзге хан болып сайланды. Мұның өзі Сырымның және оны қолдаушылардың патша өкіметіне қарсылығын туғызды.

Ресей билігіне қарсы қарулы соғыстың басталуы. Қарулы күреске ұласқан Сырым бастаған бұл соғыс алғашқы кезде 100 адамнан тұратын қазақ жасақтарының Илецк қамалына шабуылымен басталды. Алайда бұл жорықтары сәтсіз аяқталған соң, көтерілісшілер Красногор қамалына шабуыл жасады. Бұл жолы да шабуыл сәтсіз аяқталды.

Ойлан! Көтерілісшілердің Илецк және Красногор қамалдарына жасаған шабуылдарының сәтсіз аяқталу себебі неде деп ойлайсындар?

Сырымды қиын жағдайда қалдырған Бұқарадан келетін қолдаудың болмауы еді. Көтерілісшілерге қолдау жасамағаны үшін Сырым жазалаған рулық старшындар енді ашықтан-ашық патша әскерлерінің жағына шығып, көтерілісшілерге қарсы жорықтарға қатыса бастады. Патша жазалаушы отряды да қазақ ауылдарын ойрандауға көшті. Мұның өзі көптеген қазақ ауылдарын Оралдан қаша көшуге мәжбүрледі. Қыстың қаталдығы да жағдайды ауырлата түсті. Сырымның хан тұқымдарына деген жаулық көзқарасы сұлтандардың да патша әскерлері жағына шығып кетуіне ықпал етті. Солай бола тұрса да, жергілікті халық бұқарасының қолдауына сүйенген Сырым батыр көтерілісті тоқтатпады. Дегенмен патшаның жазалаушы әскерінің көптеген қазақ ауылдарын талқандауы көтерілістің жаппай бұқаралық сипат алуына кедергі жасады.

Көтерілістің әлсіреуіне Сырымның өз көзқарасындағы өзгерістер де ықпал жасады. Көптеген билер мен старшындардың оны хандық билікті сақтауға шақыруы, халықтың мүддесіне адал хан сайлауға болады деген шешімге алып келді. Сондықтан да ол Ералы ханға қарсы күресе отырып, Кіші жүздің тағы бір ханы Абулғазиз Қайыповтан қолдау алуға тырысты. Оның қолдауына сенген Сырым Датұлы Сырдария бойына көшіп барды. Алайда Сырымның мұндай әрекеті оны қолдаған халық бұқарасының мүддесіне сай келмейтін еді. Сондықтан да көтерілісшілердің қатары ыдырай бастады. Оның үстіне, 1794 жылдың жаз айынан бастап патшалық билік Орал қазақ әскерлерінің қазақ ауылдарындағы жүгенсіздігін тежеуді қолға алды. Дәл осы мерзімде Ералы ханның қайтыс болуы және жана ханды сайлау туралы келіссөздердің басталуы көтеріліс қарқынын тежеп тастады.



Сырым көтерілісіне арналған ескерткіш. Батыс Қазақстан облысы

Есте сақта! 1795–1796 жылдары жұттың орын алуы және жаңа хан ретінде Орынбор әкімшілігінің ұсынысымен Нұралының ұлы Есімнің тағайындалуы 1796 жылдың күз айынан бастап көтерілісті жаңа кезеңге көтерді.

Алғаш Сырым Есім ханның қолдауына ие болуға талаптанды. Бірақ Есімнің оны қолдауға бармайтынын білген соң, Сырым өзіне бағынатын старшындарды жинап алып ханға, яғни патша әкімшілігіне, қарсы күреске шығуға үгіттеді. Сырымның алған бетінен қайтпауы көтерілісшілерді жігерлендіріп, мұның өзі олардың Есім ханды өлтіруіне алып келді. Осындай жағдайды пайдаланып, Игельстром Кіші жүзді басқаруды жаңа ханға емес, *хандар кеңесі* деп аталатын органға тапсыруға әрекеттенді.

Есте сақта! 1798 жылы Кіші Қобда өзенінің ауданында *Хан кеңесі* сайланып, өз жұмысын бастады. Оның төрағасы болып Айшуақ сұлтан тағайындалды.

Алайда сұлтандардың бір бөлігі халықпен ақылдаспай, Қаратай сұлтанды хан етіп сайлады. Мұның өзі Кіші жүздегі саяси қайшылықты шиеленістіріп, Сырымның Сырдария аумағына көшіп кетуін туғызды. Игельстром халық арасында беделінің жоғары екенін ескеріп, Айшуақты хан етіп сайлады. Ешкімге керексіз болып қалған Қаратай сұлтан Сырымға барып қосылып, онымен бірге Хиуа аймағына қарай көшті. Жаңа аймақта Сырымға ілескендер қолдауға ие бола алған жоқ. Көп кешікпей-ақ, Әмудария бойынан Сырымның уланудан қайтыс болғаны туралы хабар келді. Халық арасында ерекше тұлға, шешен және батыр ретінде ерекшеленіп, есімі аңызға айналған Сырымның қайтыс болуы – оның басшылығымен болған ұлт-азаттық көтерілістің аяқталғанын көрсетті.

Ізден! Сырымның Сырдария аумағына көшіп кету себебі неде еді?

Көтерілістің жеңілу себептері және маңызы. Сырым бастаған халық көтерілісінің жеңілуіне себеп ретінде старшындарының сұлтандармен бірігіп кетуі еді. Сонымен қатар көтерілістің тиянақсыз болуына оның басшыларының, Сырым Датұлының әр кезеңде өз ұстанымынан ауытқуы ықпал жасады. Сонымен бірге патша өкіметінің көтерілістің белгілі бір кезеңінде Жайық және Еділ өзені аралығындағы жайылымдарды қазақтардың пайдалануына беруі қазақтардың жайылымға мұқтаждықтарын жойып, көтерілісшілер қатарын азайта түсті.

Бұл маңызды! 1783–1797 жылдары Сырым Датұлының басқаруымен болған халық бұқарасының күресі қазақ тарихында ерекше ерліктің көрінісі ретінде орын алды.



Сырым Датұлы ескерткіші.
Орал қаласы

Ішкі қайшылықтарына қарамастан Сырым Датұлы бастаған көтеріліс халықтық сипат алып, бостандық сүйгіш қазақ халқының ерлік дәстүрлерін жалғастырып, ұрпақтарын жігерлендіретін тарих сабағына айналды.

Бұл күрес халық арасында белсенді тұлғалардың отаршылдық қанауға және ұлттық әділетсіздікке қарсылығының айқын көрінісі болды. Осы оқиғалардан сабақ алған қазақтардың жана ұрпағы тәуелсіздік үшін күресті жалғастыру қажеттігін терең түсінді. Әрқашан халықпен бірге болған ол елді әділ басқару үшін күресті. Сырымның осы ұстанымымен жігерленген қазақ даласында мемлекетті дәстүрлі басқару түсінігі және дәстүрлі өмір қалпы ішінара болса да сақталып қалды.

Есте сақта! Бұл көтеріліс қазақ халқының ұлттық сана-сезімін жоғарылата түскен, қазақтарды ұлт-азаттық көтеріліске жігерлендірген қозғалыс ретінде тарихымызда жоғары бағаланады.

Білімді шыңда:

1. Көтерілістің басты себептерін баяндайтын қысқаша эссе жазыңдар.
2. Көтеріліс басшысы Сырым Датұлының және патшалық пен хандық биліктің мақсаттарын арнайы кестеде салыстырмалы түрде бейнелеңдер.

Сырым Датұлының мақсаты	Патшалық биліктің мақсаты	Хандық биліктің мақсаты

3. Көтерілістің себеп-салдарларын, тарихи маңызын көрсететін арнайы кестені толтырыңдар.

Көтерілістің себептері	Көтерілістің маңызы

§ 23. 1822–1824 жылдардағы реформалар және қазақ қоғамы

Бұл сабақта:

- Ұлы Далада хандық биліктің жойылуымен;
- отаршыл реформаны жүзеге асырудың салдарларымен танысамыз.

Тірек сөздер

- «Сібір қырғыздары туралы жарғы»
- округ
- болыс
- ағасұлтан
- болыстық сұлтан
- ауыл старшыны

Ұлы Далада хандық биліктің жойылуы. Қазақстанның саяси жағдайы XIX ғасырдың алғашқы ширегінде аса күрделі болды. Шығыс Түркістанда ағылшындар ықпалының күшеюіне жол бермеу үшін Ресей империясына қазақ өлкесін толықтай жаулап алу қажет болды. Ресей империясы сонымен қатар Үндістанға баратын сауда жолын қамтамасыз етуде Хнуа және Бұхар хандықтарын бағындыруды көздеді. Ал бұл мақсатқа жету үшін де қазақ даласын өздеріне қарату қажет еді. Сонымен қатар орыс өкіметі қазақ жерінің Қытайдың ықпалына түсіп кетуінен де қатты қауіптенді. Шығыстағы және оңтүстіктегі қазақ даласының осы Ұлы мемлекетпен шектесуі аса қауіпті еді. Қазақ даласының ішкі жағдайы да мәз емес болатын.

Ойлан! Ресейдің «Бөліп ал да, билей бер» деген саясатының мақсаты мен мәні қандай?

Жағдайды жөндеу үшін қазақ даласындағы биліктің жаңа жүйесін жасау қажет болды. Бұл жұмысты патша Сібір шенеуніктерінің бірі генерал-губернатор М.М. Сперанскийге жүктеді.

Ізден! Энциклопедиялық сөздіктердегі М.М. Сперанскийдің өмір-баянымен танысыңдар.

М.М. Сперанский Орта жүздегі хандық билікті жоятын жаңа заңдар жиынтығын жасап шығаруға тиіс болды. Ол бұрынғы декабрист Г.С. Батеньковпен бірге заңның алғашқы нұсқасын жазды. 1822 жылы 22 маусымда патша «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» бекітті. Жарғы деп аталатын бұл заңның мақсаты Қазақстанның солтүстік-шығысындағы әкімшілік, сот және саяси басқаруды түбірімен өзгерту болды.

Ойлан! Патшаның «Сібір қырғыздары туралы жарғысында» қазақтар неге «қырғыздар» деп көрсетілді?

Ізден! 1822 жылғы заңның мақсаты бұрынғы басқару жүйесін талқандау екендігі белгілі. Ал бұрынғы басқару жүйесі қандай еді?

Жарғы бойынша Сібір екі бөлікке: орталығы Тобольск болып табылатын Батыс Сібірге және орталығы Иркутск болып табылатын Шығыс Сібірге бөлінді. Батыс Сібірге Тобыл және Томск губерниялары және Омбы облысы кірді; ал казактардың Орта жүз аудандары бұрын Сібір казактарының округі деп аталатын *Омбы облысының* құрамына енді.

Жарғы бойынша казактардың бұл аймағы ішкі және сыртқы округтерге бөлінді. Бұлар – Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Баянауыл (1826 ж.), Аягөз (1831 ж.), Ақмола (1832 ж.), Үшбұлақ (1833 ж.), Аманқарағай (1834 ж.) және кейініректе құрылған Көкпекті, Құсмұрын, Алатау округтері болатын.

Хандық билікті мүлде қажетсіз деп тапқан бұл жаңа заң бойынша әкімшілік-аумақтық басқару құрылымы түгелдей өзгерді. Енді казак рулары *округтерге*, *болыстарға*, *ауылдарға* бөлінетін болды. Биліктің осындай 3 сатысы бұрынғы қалыптасқан рулық басқару жүйесін жоққа шығарды. Қазак көшпелілерінің бір округ аймағынан екінші округ жеріне ауысып, көшіп-қонуына тыйым салынды. Жарғының 9-параграфында көрсетілген бұл ереже казак ауылының қалыптасқан көшу жолдарын шектеп, дәстүрлі малшаруашылығын күйзеліске ұшыратты.

Жарғының 15-параграфы жаңа әкімшілік лауазымдарды бекітті. Мұндай ереже Шыңғыс тұқымдарының, яғни төрелердің, бағзы заманнан келе жатқан әкімшілік артықшылықтарын әлсіретіп жіберді.

Есте сақта! Жарғы бойынша ауылдарды *ауылдық старшындар*, болыстарды *болыстық сұлтандар*, округтерді *ағасұлтандар* басқаратын болды.

Қазак қоғамында өздерінің артықшылықтарын сақтаған төрелерге округтік басқару бөлімдерінің жұмыстарына араласуға тыйым салды. Округтер Омбы облыстық басқармасына бағынды. Оларды *Округтік приказдар* деп аталатын мекемелер басқаратын болды. Олардың билігі *ағасұлтандардың* қолына беріле тұрса да, округтік приказдың мәжілісінде Ресейдің екі заседатели қатысуға міндетті болды. Мұның өзі жергілікті басқаруды отаршылдардың қатаң бақылауына мүмкіншілік берді.

Патшалық билік ағасұлтандарды өз ықпалында ұстау үшін оларға майор әскери шенін, ал он жылдан кейін дворяндық атақ беруді қолға алды. Дегенмен ағасұлтандар халық арасынан шыққандықтан дәстүрлі рулық қоғамнан бас тарта алған жоқ. Олар сондықтан да жергілікті *билердің*, *рубасылардың* ықпалында болды. Ағасұлтанды халық емес, тек сұлтандар ғана сайлады. Оны халық ақ киізге отырғызып,

хан сияқты көтермелеген. Олар үш жылға сайланды. Ал *болыстарды* сайлау мерзімі өмірлік болды және әкеден балаға мұрагерлікпен қалдырылып отырды. Егер болыс сұлтанының мұрагері болмаса, оның орнына інісі немесе облыстық басқарма бекіткен жақын туысы билікке ұсынылатын болды. *Ауыл старшындары* ағасұлтан секілді үш жыл сайын сайланып отырды. Олардың құқықтары Ресейдегі селолық старосталарымен бірдей болды.



Ағасұлтан Әли мен оның ұлы.
Суретші П.М. Кошаров (XIX ғ.)

Жарғы жаңа сот жүйесін енгізді. Ол бойынша сот істері қылмыстық істерді талап етуді, болыстық басқармаға шағым айтуды шешетін болды. Алғашқы қылмыстық істер империя заңдары негізінде округтік приказдарда талқыланды. Істі алдын ала тексеруге қазақтың рулық биімен қатар бір орыс шенеунігі міндетті түрде қатыстырылатын болды. Қазақтардың талабымен қаралатын істер жергілікті ескі заң қағидалары бойынша шешіліп отырды. Алайда жоғарғы билік – *округтік приказ* жергілікті сот шешімдерін қайта қарауға әрқашан да құқылы болды. Бұл отаршыл жүйенің қазақ даласындағы билігін күшейтті.

Жарғыда қазақтардың дәстүрлі малшаруашылығын біржолата күйрету үшін оларды отырықшылыққа көшіру жолдары қарастырыла бастады. Бұл үшін жарғыда отырықшы тұрмысқа көшкен қазақтарға 15 десятина жер бөліп беруге рұқсат берілетіндігі айтылды. Мал жайылымының өрістерін тарылта түскен мұның өзі қазақ қоғамын малшаруашылығымен айналысудан бас тартуға еріксіз мәжбүрлейтін отаршылдық шара болатын.

Ойлан! Патшалық Ресейдің осы жарғы бойынша қазақтарға 15 десятинадан ғана жер бөліп беруге рұқсат етудегі мақсаты неде?

Отаршыл реформаны жүзеге асырудың салдарлары. 1822 жылы қазақ қоғамына енгізілген «*Сібір қырғыздары туралы жарғы*» қазақ даласындағы биліктің дәстүрлі басқару жүйесін жойып жіберді. Бұл заң Ресейдің отаршыл саясатының мүмкіндігін кеңейтіп, патша өкіметінің қазақ даласын жаулауына заңдық негіздер қалады. Бұрынғы Қазақ хандығы тұсындағы кейбір қағидалар қазақ даласында ішінара сақталса да, төрелердің биліктен шеттетілуі қалыптасқан дәстүрлі басқаруды біржолата күйретті.

Енді ағасұлтандар және болыстарды билейтін сұлтандар халықтан да шығатын болды және мұндай тұлғаларды таңдауда ең басты қағида –


олардың шығу тегі емес, патшалық отаршылдық билікке адалдығы болды. Осылайша сұлтан атанғандар Ресейдің лауазымды шенеуніктеріне айналып, отаршыл жүйенің қызметкерлері болып қалыптаса бастады.

Алайда асығыс жүзеге асырылған Орта жүздегі хандық басқаруды жою және жаңа әкімшілік-аймақтық басқаруды енгізу елді тыныштандыра қойған жоқ. Керісінше, жаңа заң отаршыл билікке деген наразылықты күшейте түсті. Граф М. Сперанский енгізген әкімшіл биліктің жаңа үш сатысы – *ауыл – болыс – округ* ғасырлар бойы қалыптасқан рулық дәстүрлі қоғам ерекшелігін ескермей, күшпен енгізілді. Ал мұның өзі жергілікті қазақ қоғамында отаршыл билікке қарсы күресті жандандырды. Көп кешікпей басталған Кенесары Қасымұлының көтерілісі осының тікелей салдары еді.

Кіші жүздегі хандық билікті жою. Орта жүзде жүргізілген реформадан кейін патша өкіметі Кіші жүзде хандық билікті жоюды қолға алды. 1824 жылы «*Орынбор қырғыздары туралы жарғы*» қабылданды. Бұл заңды жасауға кедергі болмауы үшін Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Орынборға шақырылып, сонда елге жіберілмей қалдырылды. Отаршыл билік Кіші жүзде хандық билік қайта жанданбауы үшін оны үш бөлікке бөліп жіберді: 1) батыс бөлікті Елек, Темір өзендері бойындағы және Арал теңізінің батыс жағындағы аймақтағы қазақтар құрады; 2) орта бөлікті Тобыл, Тоғызаяқ, Аят өзендерінің басындағы батыс аймақты мекендейтіндер құрады; 3) шығыс бөлікті Сыр бойын және солтүстік-шығыс жағын жайлаған қазақтар құрады. Осы үш бөліктің әрқайсысын билеуге шегаралық өкімет орындары тағайындаған *сұлтан-әкімдер*



Патша жарлығын жариялау. Суретті салған Н.Н. Карзинн (XIX ғ.)



1822–1824 жылғы реформалар нәтижесінде Кіші жүз бен Орта жүздің шамамен алғандағы әкімшілік бөліністері

қойылды. Олардың жандарында орыс офицері басқарған казак-орыс әскері тұрды. Сұлтан-әкімдер патша өкіметінен жалақы алатындықтан, отаршыл әкімшіліктің шенеунігі болып есептелді. Бірақ олардың да билігі шектеулі болды. Сұлтан-әкімдер бар болғаны ел ішіндегі барымта дауларын қарау, рулар арасындағы талас-тартыстарды шешу тәрізді жергілікті мәселелермен ғана айналыса алды. Басқа үлкен қылмысты істер Орынбор шекаралық комиссиясының қарауына берілді. Осылайша Кіші жүз аймағы өзін-өзі басқару құқынан айырылып, патша өкіметіне тәуелді отар аймаққа айналды.

Салыстыр! Орта жүздегі хандық билік пен Кіші жүздегі хандық басқаруды жоюда қандай айырмашылықтар мен ұқсастықтарды байқадыңдар?

Білімді шыңда:

1. Патша өкіметінің 1822 жылғы жарғысын казак жерінде жүзеге асыру қалай жүргізілді?
2. Реформа бойынша бұрынғы дәстүрлі билер сотына қандай өзгерістер енгізілді?
3. Қазак даласындағы биліктің жаңа үш сатысы қалай қалыптасты?
4. Кіші жүздегі хандық билік қалай жойылды ?
5. 1822–1824 жылғы реформалардың нәтижесі қандай болды?

§ 24. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары

Бұл сабақта:

- Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысымен;
- Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы (1825–1836) бастаған ұлт-азаттық қозғалыстармен танысамыз.

Тірек сөздер

- Жоламан Тіленшіұлы
- Қасым Абылайұлы
- Саржан Қасымұлы

Отарлық езгінің күшеюі. 1822–1824 жылдары Кіші және Орта жүздерде хан билігінің жойылуына байланысты патша өкіметінің отарлық езгісі арта түседі. Мұнда жана аумақтық құрылымдар енгізіліп, Ресей империясына ұқсас басқару органдары құрылған болатын. XIX ғасырдың 30-жылдарында өкімет билікті одан әрі орталықтандыруға күш салды. Жергілікті билік органдары мен казактан шыққан билеушілерге бақылау күшейтілді. Қазақ жерін әрі қарай отарлау үшін жаңа бекіністер тұрғызылып, оларға әскери горнизондар орналастырылды. «Сібір қырғыздарын шегаралық басқару» деген атаумен жеке шегаралық басқарма құрылды. Оның орталығы Омбы қаласында орналасты. Дәл осындай шегаралық басқарма Кіші жүз руларын басқару үшін Орынбор қаласында да құрылды.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батысына Қоқан және Хиуа хандықтары да басқыншылық саясатты күшейтті. XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай Ұлы жүздің бір бөлігі, Кіші жүздің оңтүстік өңірінің бір жағы Қоқан бектерінің билігінде болды. Тіпті Орта жүздің бір бөлігін өзіне қаратуға тырысқан Қоқан билеушілері казактардан алым-салық жинап, берекесін кетірді.

XIX ғасырдың 20–30-жылдары Хиуа хандығы да шекті, табын, төртқара, байұлы руларына қысым көрсетіп, Сыр өзенінің төменгі ағысында бірнеше бекініс тұрғызды. Сауда керуендерін тонаған, қазақтардың тыныштығын алған хиуалықтар жорығының салдары ауыр болды.



Жоламан
Тіленшіұлы

Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1822–1825). XIX ғасырдың басында Орынбор әкімшілігі 1822 жылғы жарғыға сүйене отырып, қазақтардың табын руының Елек өзені бойындағы жайылымдарын тартып алды және осы маңда әскери бекініс салуға кірісті. Осылайша Жаңа Елек әскери шебі жасалып, ол Жайық, Білек, Бердиянка, Құраты өзендеріне дейін созылды. Бұл әскери шепке 29 бекініс кірді. Жағдайға қатты наразы болған және жайылымдық жерлерінен

айырылған қазақтар Орынбордың генерал-губернаторы П.К. Эссенге хат жазып, патша өкіметінің өлкеде жүргізіп отырған отаршылдық саясатын айыптады. Мәселенің байыбына бару үшін патша әкімшілігі арнайы комиссия шығарды. Қазақ жерлерін бөліп таратуға байланысты мәселені қарастырған комиссияның төрағасы Шерғазы халықтың наразылығын заңсыз деп тауып, наразы қазақтарға қарсы әскери күш қолданатынын айтып қорқыта бастады. Мұндай біржақты халықтың мүддесіне қарсы бағытталған жауап табын руын қарулы көтеріліске шығарды. Көтеріліс біртіндеп патша бекіністеріне арнап, тартып алынған жерлерді мекендейтін жағалбайлы, жаппас, алшын, арғын, қыпшақ руларын да қамтыды. Біртіндеп көтеріліске қатысушылар саны 3000 адамға жетті. Көтерілісшілермен тең жағдайда келісім жүргізудің орнына, патшаның Орынбор әкімшілігі оны күшпен баспақ болып әскер аттандырды. Орыстардың жазалау әрекетінің және Орск-Троицк әскери шебінің күшеюіне байланысты осындағы көп қазақ ауылдары Торғай өзеніне қарай қоныс аударды. Малға жайылым таппаған қазақтардың ашу-ызасы өрши түсті. Осындай наразылықты ұйымдастырушы және басқарушы Жоламан Тіленшіұлы болды. Жоламан Тіленшіұлы батырлығымен аты шыққан белгілі тұлға болған. Жоламан Тіленшіұлы ұйымдастырған көтерілістің басты мақсаты – отаршылдар күшпен басып алған жерді қазақтарға қайтару еді. Оның басшылығымен қазақтар орыстардың жаңа әскери шебіне шабуылдар жасады және орыс жерінен Орта Азияға кетіп бара жатқан керуендерді тонады. Ашынған қазақтар патша үкіметінің отаршылдық саясатына осылайша наразылық білдіруге мәжбүр болды. XIX ғасырдың 30-жылдарының ортасында Жоламан Тіленшіұлының әскери жасақтары Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске қосылып, күресті бірігіп жалғастырды. Бірақ Кенесары Қасымұлының әскери жасақтарының патшаның жазалаушы отрядтарынан ығысып, оңтүстікке қарай кетуіне байланысты Жоламан Тіленшіұлының қол астындағы қазақ жасақтары біртіндеп тарай бастады. Ал Жоламан Тіленшіұлының өзі 40-жылдары Бұхара аймағына кетті. Көтеріліс жеңіске жете алмаса да патша өкіметіне халықтың мүддесіне қарсы біржақты қысым жасауға болмайтындығын дәлелдеді. Көтеріліс жақсы қаруланған патша әскеріне қарсы күресте үлкен дайындықтың және ұйымшылдықтың қажет екендігін тағы да дәлелдеді.

Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы (1825–1836) бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар. Патша өкіметінің 1822 жылғы Сібір қырғыздары туралы жарғы негізінде хандық билікті таратуы Орта жүзде Қасым сұлтан басқарған наразылықтың шығуына алып келді. Қасым сұлтанды әкесі Абылай хан қайтыс болған соң, ағасы Уәли хан тәрбиелеп өсірді. Ол Қытайға және Орта Азия хандықтарына аттанған елші керуендерді басқарған. Қасым Абылайұлы Ресей

өкіметінен хандық биліктің орнына құрылған округті таратуды және бұрынғы хандық басқару жүйесін қалпына келтіруді талап етті. Ол қазақ жерінде ғасырлар бойы келе жатқан мемлекет басқарудың хандық жүйесін қорғауды және сақтауды өзінің басты міндеті деп білді. Қасым сұлтан және оның балалары (Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары, Наурызбай) өздерінің ұсыныстарын Ресей әкімшілігі қабылдамағандықтан, 20 жылға созылған Ресей отаршылдарына қарсы күресті жүргізді. Қасым Абылайұлы алғаш Ресей өкіметінен Уәли ханның үлкен ұлы Ұбайдолланы Орта жүздің тағына заңды мұрагер ретінде хан етіп сайлауды талап етті. Бірақ отаршыл билік бұл ұсынысты қабылдамай, қарсы әрекетке көшті. Патша әкімшілігі Ұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Енді Қасым және оның үлкен ұлы Саржан Ресейге қарсы күресті бастады. Олар қазақ даласынан орыс әскерлерін алып кетуді талап етті. Сонымен бірге ежелден атақонысы болған Көкшетауда орыс бекіністерінің салынуына қарсылық білдірді. Алайда патша үкіметі мұндай талапқа құлақ аспады және жаңа бекіністер салуды қолға алды. 1836 жылы Қасым өзінің балаларымен бірге 40 мың отбасымен Көкшетауды тастап, оңтүстіктегі Қоқан хандығының аймағына көшіп кетті. Мұндағы мақсаты Қоқан хандығының қол астындағы қазақтармен бірігіп, Орта Азия хандықтарының қолдауымен орыс патшасына қарсы шығу еді. Қазақтарды патша үкіметіне қарсы көтерілуге үгіттеуде оның ұлы Саржан Қасымұлы ерекше белсенділік көрсетті. Алайда өздерінің қол астындағы қазақтардың бұл қозғалысқа қатысуын қаламаған қоқандықтардың Ташкенттегі билеушілерінің бірі опасыздық жасап, алдымен Қасымның ұлдары Саржан мен Есенгелдіні, соңынан Қасымның өзін өлтірді. Осыдан соң Қасым сұлтанның отбасы мен туыстары Қоқан хандығының аймағынан көшіп, Ұлытау өңіріне қоныстанды. Бұл аймақ ол кезде Сібір генерал-губернаторлығының қол астына қарайтын еді. Ресей билігі орнықтырмақ болған жаңа мемлекет басқару жүйесі мұнда да қазақ халқының наразылығына тап болды. Ресейдің отаршылдық саясатының кең қанат жая бастағанын көрген Қасымның ұлы Кенесары әкесінің жолын жалғастырып, халықты патша өкіметінің саясатына қарсы күреске көтерді.

Білімді шында:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ жеріндегі отарлық езгінің күшейе түсуі неден көрінеді?
2. Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің себептері қандай?
3. Қасым Абылайұлы мен Саржан Қасымұлы патша әкімшілігіне қандай талаптар қойды?
4. Олар бастаған көтеріліс неге жеңіске жете алмады?

§ 25-26. 1836–1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы казактардың көтерілісі

Бұл сабақта:

- Бөкей Ордасының құрылуымен;
- Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліспен танысамыз.

Бөкей Ордасы. Кіші жүздің Еділ және Жайық өзендері аралығындағы рулар 1801–1845 жылдар аралығында Бөкей Ордасы деген атпен құрылған казактардың хандығына біріктірілді. Бұл тарихи әдебиетте кейде *Ішкі Орда* немесе *Бөкей хандығы* деп те аталады. 1801 жылдың басында Кіші жүздің сұлтаны Бөкей патша I Павелден өзінің қол астына қарайтын рулардың Нарын құмында тұрақты қоныстануына рұқсат алды. Бұл хандықтың шегаралары 1806 жылы нақты анықталды.

Тірек сөздер

- Бөкей ордасы
- Ішкі орда
- Бөкей хан
- Жәңгір хан
- Исатай Тайманұлы

Есте сақта! 1808 жылы 17 шілдеде патшаның арнайы бұйрығымен Бөкей Ордасы Астрахан әскери губернаторына және Орынбор шегаралық комиссиясына бағынатын болып бекітілді.

1815 жылы Бөкей ханның өзі қайтыс болған соң, оның баласы Жәңгірдің кәмелетке толмауына байланысты Бөкей Ордасын уақытша Шығай сұлтан басқарды. Ал 1823 жылдан бастап Бөкей хандығын Жәңгірдің өзі басқарып, билікті орталықтандыруға және хан өкіметін күшейтуге күш салды. Жәңгір ханның тұсында Бөкей Ордасы жан-жақты өркендеп дамыды. Нәтижесінде 1827 жылы осында Орда хандығының әкімшілік орталығы болып табылатын қала салына бастады.



Бөкей ордасындағы Хан сарайы.
Батыс Қазақстан облысы



Бөкей кесенесі. Астрахан қаласы



Жәңгір хан.
Суретші
А. Дүзелханов

Ойлан! Патша үкіметі Бөкей Ордасын құруды неліктен қолдады?

Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің шығу себептері. 1836–1838 жылдары Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс Бөкей Ордасындағы қазақ руларын және Кіші жүздегі халықтың едәуір бөлігін қамтыды. Көтерілістің басты мақсаты Жәңгір ханның саясатына және Ресей империясының отаршылық қанауына тойтарыс беру еді. Исатай Тайманұлы 1791 жылы туған беделді батыр, Кіші жүздің старшыны, яғни халықтың қалың бұқарасына да, патша әкімшілігіне де белгілі тұлға болатын. Жас кезінен-ақ ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетін және батырлық қасиетін байқата бастады. Бөкей 21 жасқа толған Исатайдың үлкен беделін ескеріп, оны беріш руының старшыны етіп тағайындады және көшіп-қонатын арнайы жайылым берді.

Ізден! Жәңгір ханның реформасының, халық арасындағы ол жүргізген мәдени және рухани шаралардың маңыздылығы белгілі. Олай болса, осы аймақта халық көтерілісі неліктен орын алды? Халық Жәңгірді неге тыңдамай кетті?

Халық көтерілісінің басталуына 1834 жылы елді жұт жайлап, халықтың кедейшілікке ұшырауы түрткі болды. Сонымен бірге Жайықтан шығысқа созылған аймақты немденген князь Юсупов қазақтарды осы жерді қыстап шыққаны үшін мал басына салық төлеуге мәжбүрледі. Бұған Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлының озбырлығы және қаталдығы қосылды. Осының бәрі халықтың ашу-ызасын туғызып, халық көтерілісінің басталуына негіз болды.

Кіші жүз старшындарының өтінішіне Жәңгір ханның жауап бермеуі Исатайдың Кіші жүздегі старшындарды бастап көтеріліске шығуына алып келді. Көтеріліске Исатай Тайманұлын қолдаған белгілі суырыпсалма ақын және жалынды шешен, халық арасында аса белгілі Махамбет Өтемісұлы қосылды. Ол өзінің жігерлі жырларымен, өткір мінезімен және терең ақылымен көтерілісті ұйымдастырушы ретінде айқын ерекшеленді.

Ойлан! Исатай мен Махамбет неліктен ханнан гөрі халыққа жақын болды?

Исатай мен Махамбет ханды қолдайтын сұлтандар мен билерге қарсы шабуылдар ұйымдастырды. Каспий бойындағы рулар хан

өкілдерінің билігін мойындаудан бас тартып, Исатайдың қол астына бағынуға көшетіндерін мәлімдей бастады.

Халық наразылығының күшеюіне байланысты Исатай мен Махамбет те өз кезегінде халықты хансыз-ақ басқаруға болатынын айтып, өздерінің бұған дайын екенін мәлімдеді. Мұның өзі халық қозғалысына үлкен қуат беріп, көтеріліс біртіндеп ханға қарсы қозғалыс сипатына ие болды және бүкіл Бөкей Ордасы аумағын қамтыды. Осылайша Орда халқы екіге бөлінді. Олардың бір бөлігін ханды жақтайтындар құраса, екіншісіне Исатай мен Махамбетті жақтайтындар жатты. Көтерілістің негізгі әлеуметтік базасы көшпелі қазақ бұқарасы болды.

Ізден! Егер Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ісі әділ болған болса, Бөкей Ордасының халқы неліктен екіге бөлінді?

Исатай Тайманұлы көтерілісінің басталуы және барысы. Ордадағы көтеріліс туралы хабардар болған І Николай патша көтеріліс басшыларын қатаң жазалауды талап етті. Осыған байланысты Орынбор губернаторы В.А. Перовский көтерілісті талқандап, оның басшыларын тұтқынға алу мақсатымен подполковник Гекенің жасағын аттандырды. Алайда жазалаушылар тобының әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Жергілікті жердің ерекшеліктерін жақсы білетін Исатай бастаған көтерілісшілер жазалаушылардан әрқашан құтылып кетумен болды. 1837 жылдың жазына қарай көтерілісшілердің жалпы саны 4-5 мың адамға жетті. Орынбор губернаторы 1837 жылдың тамыз айының басында көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын тұтқындауға бұйрық берді. Алайда далалық жағдайда мұны жүзеге асыру мүмкін болмады.

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер өзіне қосылған наразы халықты бастап Жәңгір ханның ордасына қарай жылжыды. Олар ханды жақтайтын тұлғалардың ауылдарын талқандап, сонымен бірге жолшыбай кездескен ауылдарды үгіттеп, көтеріліске тартумен болды. Мұның өзі көтерілісшілер қатарына жаңа рулардың қосылуына алып келді. Көтерілісшілердің мақсаты ханға қысым жасай отырып, отаршылдарды басқару реформасын жасауға мәжбүрлеу еді. 1837 жылдың қазан айының 15-іне қарай Исатай мен Махамбеттің сонынан ілескен көтерілісшілер Теректіқұм деп аталатын жайлауға топталды. Бұл ханның ордасынан 60-70 шақырым ғана қашықтықта



Исатай мен Махамбет ескерткіші. Атырау қаласы

орналасқан жер еді. 2-3 күн өткен соң көтерілісшілер хан ордасынан 7-8 шақырым қашықтыққа орналасып, Жәңгір ханның ордасын қоршауға алды. Алайда көтерілісшілер осындайда нақты шешімге келе алмай, 2 аптадай кідіріп қалды. Ғасырлар бойы ханды сыйлап үйренген халық Исатай мен Махамбеттің ханмен текетіресін қолдай тұрып, батыл пікір айта алмады. Халық арасында ханға деген құрметтің болуы көтерілісшілердің едәуір бөлігінің ханды емес, оның төңірегіндегі сұлтандарды жазалауды мақсат етуіне ықпал жасады.

Ойлан! Егер көтерілісшілер хан ордасын талқандағанда көтеріліс барысы қалай аяқталар еді? Бұл туралы Махамбет ақынның өз жырларында айтқандарына назар аудар.

Осындай жағдайды пайдаланған Жәңгір хан отаршылдардың шегаралық өкіметінен көтерілісшілерге қарсы жазалаушы отряд жіберуді өтінді. Патша өкіметінің Бөкей Ордасындағы тірегі болып отырған ханның осындай ауыр жағдайда қалуы Орынбор губернаторын ойландырмай қойған жоқ. Отаршылдар көтеріліске қарсы жазалаушыларға жетекшілік жасау үшін Орынбордан подполковник Гекені жіберді. Хан да өзінің төңірегіндегі төленгіттерінің және көтерілісшілерден қашып келгендердің есебінен саны 700 адамға жететін қорғанушы жасақ жасақтады. Көтерілісшілерге жеңілген жағдайда кейін шегінуге жол бермеу үшін олардың кері шегінетін жолдарындағы әскери күзет күшейтілді. Көтеріліс басшылары Исатай мен Махамбет әрқашан да орыс әкімшілігінің жазалаушы қарулы күштерімен бетпе-бет кездесуден қашқақтап жүретін еді. Өйткені көтерілісшілердің оларға қарсы тұруға дайындығы жетіспейтін. Сондықтан да патша жазалаушыларының келіп жетуі көтерілісшілер үшін күтпеген жағдай болды. Осы себепті көтеріліс басшылары алдымен ханмен, сонан соң подполковник Гекемен бірнеше күн бойы хат жазысты. Подполковник Геке 600 адамнан құралған әскери тобымен көтерілісшілердің қоршауын бұзуға тырысты. Ол сонымен бірге Исатайды қолдайтын старшындар мен билерге хат жазып, оларды көтерілістен бас тартуға шақырды. Күші басым жаудан қаймыққан және Гекенің үндеуіне сенген көтерілісшілердің біраз бөлігі көтерілісшілер қатарын тастап кетті. Бұл жағдай Исатайды қатты ойландырды. Дегенмен де Исатай жазалаушыларға қарсы шығуға шешім қабылдап, оның 1 000 адамнан тұратын қолы подполковник Меркуловтың әскерлеріне шабуыл жасады. Саны басым көтерілісшілерден жазалаушылар уақытша кейін шегінді. Көп кешікпей жазалаушыларға екі зеңбірек жеткізілді. Мұның өзі көтерілісшілердің қарқынын басып тастады.

30 қазанда көтерілісшілер ханның ордасын қоршауды қойып, өздерінен әлдеқайда басым орыс жазалаушы отрядтарының қор-

шауына түсіп қалмау үшін кейін шегіне бастады. Алайда олар соңына түскен жазалаушылардан құтыла алмады. 15 қарашада 2 000 әскерден және хан жасағынан тұратын Гекенің отряды мен көтерілісшілердің арасында Тастөбе деген жерде үлкен қактығыс болды. Женіліске ұшыраған көтерілісшілер қатары бұзылып, әртүрлі топтарға бөлініп кетті. Ыдырап кеткен көтерілісшілердің топтарын қайта біріктіріп, күресті жалғастыруды көздеген Исатай мен Махамбеттің әрекеті сәтсіз аяқталды. Енді жазалаушылар Исатай мен Махамбетке адал болып қалған көтерілісшілердің азғана тобының соңына түсті.

Еске сақта! Көтерілісшілер 1837 жылы 13 желтоқсаннан 14 желтоқсанға қараған түні Жайық өзенінен өтіп, далалы өңірге шығып кетті.

Жайықтан шығыс бағыттағы далалық өңірге өтіп кеткен Исатайдың соңына түскен Баймағамбет сұлтан мен жазалаушылар көп кешікпей-ақ одан адасып қалды. Бұл кезде Исатайдың жанында бар болғаны 40 адам ғана бар еді. Енді Исатай тобын ғана емес, бұрын оны қолдаған көтерілісшілерді қудалау басталды. Бұл көтерілісші халықтың ханға, оның төңірегіндегі сұлтандарға және орыс отаршыл жүйесіне қарсы өшігуін арттыра түсті. Халықтың осындай көңіл күйін байқаған Исатай мен Махамбет қаруларын тастай қойған жоқ. Далада бұлар патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы жаңа күш жасақтауға тырысты. 1838 жылы көктем айында олар өздерін жақтайтындардың санын көбейтіп, айтарлықтай ірі отряд жасақтады.

Көтерілістің жеңілуі. Осы кезде Орта жүзде кең таралған Кенесары Қасымұлының көтерілісі, соным ен бірге Кіші жүздің батысында Хиуа



Исатай мен Махамбет. Суретші М. Қалимов

ханымен байланыс орнатқан сұлтан Қайыпқали Есімұлы бастаған көтерілістің өрістеуі, Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің Исатайды қолдауы отаршылдарды қатты ойландырды. Олар Исатайдың көтерілісін жылдамырақ басу үшін полковник Геке бастаған отрядты 1838 жылы шілде айында аттандырды. Оның үстіне, Баймағамбет сұлтан Айшуақұлының бастауымен Исатайға қарсы отряд та жасақталған еді. Осындайда Исатай 500 адамнан тұратын өзінің сарбаздарымен Баймағамбет сұлтанның жазалаушыларына қарсы шығу үшін Қайыпқали Есімұлынан бөлініп шықты. Алайда Баймағамбет сұлтанның жасақтары зеңбірек сүйреткен Гекенің жазалаушы отрядына қосылып үлгерген еді. Мұны аңғара қоймаған Исатай Баймағамбет сұлтанға қарсы шешуші соғысқа дайындалды.

Еске сақта! Екі жақ 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ және Қиыл өзендерінің аралығында ақырғы шайқаста кездесті.

Исатайдың жігіттерінің саны 500-дей, ал подполковник Геке басқарған жазалаушылар отрядының саны әлдеқайда көп болған. Жазалаушылар көтерілісшілер қатарын зеңбірекпен атқылап, шегінуге бет алған көтерілісшілерді сұлтан Б. Айшуақұлының жасағы қудалады.

Ойлан! Махамбеттің шығармаларында Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанға айтқандарына баға беріп, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

Махамбет пен Исатайдың жанқиярлық ерлігі рухтандырған көтерілісшілер сұлтанның жасағына төтеп беріп қана қоймай, оларды қашуға мәжбүрледі. Осы кезде жазалаушылардың казак жүздіктерінің шабуылға шығуы көтерілісшілерді бытырай қашуға мәжбүрледі. Исатай Тайманұлының өзі ұрыс даласында ауыр жараланып қаза болды. Қашқан көтерілісшілер казак ауылдарында жасырынбақ болды. Алайда жазалаушылар оларды әрбір ауылдан іздестірді. Дегенмен де Махамбет Өтемісұлы бастаған біраз жігіттер қуғыннан сытылып шығып, күресті әрі қарай жалғастырды. Енді олар жазалаушылар жағына шыққан сұлтандардың ауылдарын тори бастады. Мұның өзі жазалаушылардың 150 казактан құралған қарулы отрядты Махамбетке қарсы аттандыруға мәжбүрледі. Мұндайда амалсыздан Махамбет бастаған көтерілісшілер тобы біртіндеп Хиуа жеріне өтіп, бас сауғалады. Жазалаушылардың қарқыны саябырлаған соң, 1839 жылы қазан айында Махамбет жігіттерімен Бөкей Ордасына жасырын қайта оралды. Ақырында жалдамалы кісі өлтірушілер Махамбетті 1846 жылы қазанда жасырын түрде айуандықпен өлтірді. Осылайша отаршылдыққа қарсы күресте өзінің айбынды жырларын ту етіп, халқын ерлікке тәрбиелеудің үлгісін көрсеткен қазақтың биік тұлғасы Махам-

бет Өтемісұлы өмірден өтті. Оның жалынды жырлары кейінгі ұрпақты тәуелсіздік үшін күреске құлшындыратын қазақтың дәстүрлі поэзиясының інжу-маржандарына айналды.

Көтерілістің маңызы. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілер өздерінің көсемдерінен айырылған соң ыдырап кетті. Көтерілісшілердің басты мақсаты – хандық жүйені жою емес, ханды және оның төңірегін халықтың талаптарын орындауға көндіру болды. Мұның себебі, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының өзі де қазақтың дәстүрлі басқару жүйесінің рухында, яғни халық сайлаған ханды құрметтеу рухында тәрбиеленген азаматтар еді. Олар сондықтан да хан төңірегіндегілердің жүгенсіздігіне, зорлық-зомбылығына қатты наразы бола тұрып, ханның көзін жоюға тәуекел ете алмады.

Барлық көтерілістер тәрізді бұл көтерілісте рулық ауылдардың негізінде өрістеді. Ғасырлар бойы қазақ қоғамы көтеріліске немесе соғысқа аттанғанда жасақты рулық негізде жабдықтайтын еді. Мұның өзі рубасылар мен белгілі бір ру батырларының рөлін халық арасында биіктете түсті. Алайда бұл арнайы үйретуден өткен тұрақты әскери жасақтар емес еді. Мұндай ахуал көтеріліске шыққан қазақтардың аймақтық немесе дербес қозғалыстарға қатысуына алып келді. Бытыраңқылық пен шектелушілік бұл көтеріліске де тән болды. Осылайша белгілі бір ауылдық аймақтарда көтерілісшілер бас көтеріп жатқанда, басқа аймақтарда көтерілістер тарап жатты. Ең үлкен кемшілік – бұл көтерілістің қазақ өлкесінің басқа аймағында болып жатқан наразылықтармен тығыз байланысының болмауы. Дегенмен көтерілістің қазақ халқының тарихындағы зор маңызын атап көрсеткен жөн.

Білімді шыда:

1. Көтерілістің басталу себептері қандай?
2. Көтерілістің алғашқы кезеңін сипаттап беріңдер.



Исатай кесенесі.
Ақтөбе облысы



Махамбет кесенесі.
Атырау облысы

3. Тастөбе түбінде көтерілісшілердің жеңілу себептері қандай?
4. Көтерілістің әлсіреу себептерін, ақырғы кезеңін сипаттаңдар.
5. Көтерілістің салдары, жеңілу себептері, тарихи маңызы неде?

§ 27-28. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс

Бұл сабақта:

- Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың себеп-салдарымен;
- Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың барысымен танысамыз.

Тірек сөздер

- Кенесары
- Созақ
- Жаңақорған
- Ақмешіт
- қырғыз манаптары

Көтерілістің себептері. Отаршыл жүйенің қазақ даласындағы шаралары елдің тәуелсіздігіне қауіп төндірді. Осыны түсінген Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы Қазақ хандығына қараған аймақтардың біртұтастығын сақтап қалуды мақсат етіп, елді көтеріліске бастап шықты. Ол бірінші кезекте қазақ өлкесіндегі XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы басқару жүйесіне байланысты өзгерістерге қарсы болып, оның ішінде округтерді таратуды және Ресейдің қол астына кірмеген жерлердің дербестігін сақтауды талап етті. Көтерілістің басталуының тағы бір себебі – Ертіс, Есіл өзендері бойындағы және Шығыс, Солтүстік Қазақстан аймағындағы көптеген құнарлы жерлердің орыс шаруаларына және орыс казактарына берілуі еді. Бұл жерлер казактардың жайылымдары және көшу жолдары болып табылатын. Халыққа салықтың және әртүрлі салымдардың көбеюі де наразылықты күшейте түсті.

Ойлан! Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс себептерінің Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс себептерімен қандай ұқсастықтары бар?

Кенесары Қасымұлы – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы және ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі. 1802 жылы Бурабай тауларына жақын Көкшетауда дүниеге келді. Шыңғыс ханның тұқымы, яғни төреден шыққан Абылай ханның немересі болатын.

Есте сақта! Кенесары Қасымұлы 1837–1847 жылдары Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысты басқарды. 1841–1847 жылдар аралығында ол Қазақ хандығының соңғы ханы ретінде Ұлы Даладағы мемлекетті биледі.

Ізден! Қазақтар арасындағы *төре* атанғандар кімдер?

Кенесары жастайынан ел басқару ісіне және әскери өнерге бейімділігін танытты. Оның жастық шағы қазақ өлкесін отарлауға қарсылық көрсеткен қазақтардың ортасында өтті. Ол отаршылдарға қарсы күресте өзінің әжесі Қасымның және бауыры Саржанның жолын жалғастырушы ретінде көрінді.

Есте сақта! Кенесарының басты мақсаты – Ресей империясының қазақ даласына тереңдеп енуін тоқтату, қазақ жерінде салынған орыс қамалдарын жою және жаңадан салынып жатқан бекіністердің құрылысын тоқтатып тастау, сондай-ақ атасы Абылай ханның кезіндегі Қазақ хандығының мемлекеттігін қалпына келтіру еді.

Кенесары Ресейге қарсы күресте қазақтың Үш жүзін біріктірмей жеңіске жете алмайтынын жақсы түсінді. Сондықтан ол күрестің әскери жолын ғана емес, бейбіт дипломатиялық жолын да қарастырды. Ол патша өкіметіне қарсы күресте мәселені бейбіт жолмен шешуді бірінші орынға қойып, дипломат ретінде ерекшеленді.

Ізден! Кенесарының біздің заманға жеткен суреті мен айтылған сипаттауларды салыстыра отырып, оның бейнесін толықтыра суреттеңдер.

Ол әскери әрекеттерге мұқият және жан-жақты дайындалды. Жасақтары үздіксіз әскери жаттығумен айналысты және оған көтерілісшілерге қосылған кейбір орыстар мен шетелдіктер тартылды.



Ауылды ойрандау. Суретші Н.Г. Хлудов

Есте сақта! Отаршыл әкімшілікке қарсы бейбіт келіссөздер нәтиже бермеген соң ғана Кенесары қарулы күрес жолын таңдауға мәжбүр болды.

Көтерілістің басталуы және барысы. 1837 жылдың қараша айында Кенесары Қасымұлы Петропавл қаласынан шыққан ресейлік керуенді қорғайтын Ақтау бекінісінің казактарына шабуыл жасап, өзінің патша өкіметіне қарулы қарсылықты бастағанын байқатты. 1838 жылы Кенесарының жасағы Ақмола қамалын талқандап, өртеп жіберді. 1839–1840 жылдардың аралығында оның жасақтары Есіл бойындағы әскери бекіністерге шабуыл жасаумен болды. Көтерілісшілердің біразы Торғай даласы арқылы Кіші жүз аймағына өтіп, осындағы Кіші жүз ру-тайпаларын көтеріліске тартты.

Есте сақта! 1841 жылы қыркүйек айында Үш жүздің өкілдері Кенесарыны қазақтың ханы етіп сайлады. Осылайша Қазақ хандығы деп аталатын қазақтардың біртұтас мемлекетілігі қалпына келтірілді.

Осы жылы Кенесарының жасақтары оңтүстіктегі қазақ жерін жаулап отырған қоқандықтардың әскерлерін талқандады және олардың Созақ, Жанакорған, Ақмешіт тәрізді қамалдарын қазақтарға қайтарды.

1843 жылы 27 маусымда І Николай патша Кенесарыға қарсы тұрақты әскер бөлімдерін кеңінен тарту туралы бұйрыққа қол қойды. Енді Ресей көтерілістерге қарсы кең ауқымды әскери қимылдарды бастады.

1843 және 1844 жылдары орыс әскерлеріне қарсы күресте Кенесарының жасақтары бірнеше рет жеңіске жетті. Мұнда Кенесарының соғыс ісін жақсы білуі, әскери тактика мен стратегияны жетік меңгеруі көтерілісшілер әскерінің жауға соққы берулеріне көмектесті. Орынбор әкімшілігі Дуниковский бастаған әскери жасақты аттандырды. Сібірден шыққан әскер бөлімдерін генерал Жемчужников басқарды. Оларды жергілікті халықтың арасынан шыққан Б. Айшуақов, А. Жантөрин сияқты сұлтандар өздеріне қарайтын ауылдардан казак әскери жасақтарын даярлап қолдаумен болды. Алайда Кенесары қолға түспей, патшаның жазалаушы әскерінен сытылып кетіп отырды.

Кенесарының Кіші жүзді көтеріліске тартамын деген әрекетіне осындағы қазақ сұлтандарының патшаны қолдап жасақтар ұйымдастыруы және Ресейдің жағында соғысуы көп кедергі келтірді. Осы жылдың тамыз айында Наурызбай батыр мен Ағыбай батыр бастаған Кенесарының қолы Екатерина қамалын талқандады. Бірақ 1845 жылға қарай Кенесарының қолы кейін шегінуге мәжбүр болды. Орынбордың генерал-губернаторы В.А.Обручев қазақтар көшіп жүретін Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Арал (Райым) бекіністерін тұрғызып,

казактардың бас көтеруін қиындата түсті. Кенесарыны Орынбор өлкесінен ығыстырып шығару үшін осы аймақта және Арал, Сырдария жағалауларында бірнеше жаңа камалдар салынды. Екіжақты қысымға тап болған Кенесары Сарыарқа аймағын тастап шығып, көтерілістің орталығын Ұлы жүзге ауыстыруға мәжбүр болды.

Кенесары 1846 жылы Балкаш көлінің жағалауындағы Қамал түбегіне барып бекінді. Кенесарының 10 мың адамнан құралған отряды жазалаушыларға едәуір қатты қарсылық көрсете алды. Кенесары Іле өзенінің оңтүстік жағалауына көшіп шығып, онда сұлтан Рүстем Әбілпейісовтің отрядымен қосылды. Осы жерде Кенесарының қырғыздармен қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Ол қырғыз манаптарына 2 мың адамнан тұратын жасағын жібертіп, жергілікті халықтан зекет жинамақ болды. Алайда қырғыз манаптары қазақ ханына бағынудан бас тартып, оларға қарсы едәуір күш шығарды. Нәтижесінде Кенесарының 2 мың адамдық жасағынан мыңға жетер-жетпес жасақ қайтып оралды.

Кенесарының ісін қиындата түскен Абылай ханның тұқымдарының кейбірінің жазалаушы казак әскерлерімен жасырын байланыста болуы еді. Мұндай толқулар жергілікті рубасылары мен батырлар арасында да болды. Ол әрекеттер көтерілістің топтасуына кері әсерін тигізбей қоймады. Осындайда Ұлы жүз бен қырғыздың арасына көшіп барған Кенесары қырғыз манаптары Жантай мен Орманға өзінің мұнда жауласу үшін келмегенін, мақсаты қырғыздар мен казактарды біріктіріп, оларды Қоқан хандығының қысымынан азат ету екенін айтып хат жолдаған еді.

Алайда қырғыз билеушілері Кенесарыға сенбеді. Ал қырғыз манаптары болса, қол астындағы қырғыздарға билік жасаудан айырылғылары келген жоқ. Кенесарының жорығынан қаймыққан қырғыз манаптары орыс-казак әскерлерімен Кенесарыға қарсы бірігіп күресу туралы келісім жасады. 1847 жылы сәуір айының ортасына қарай қырғыздардың Кенесарының әскерлерінен әлдеқайда көп жасақ жинауына мүмкіншілік туды. Соңынан орыс әскерлері қалмай ілескен, алда Қоқан билігінің камалдары тұрған, яғни екіжақты қыспақта қалған Кенесарыға қырғыздармен соғысудан басқа жол қалмаған еді.



Ағыбай батыр ескерткіші.
Балкаш қаласы

Ізден! Мықты стратег, көреген дипломат Кенесарының тұйыққа тірелу себептерін анықтаңдар.



Кенесары хан ескерткіші. Астана қаласы

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жеңілуі және тарихи маңызы. Қырғызбен бетпе-бет қалған Кенесары өзін қолдайтын Ұлы жүздің азғана қолымен қырғыз жеріне басып кірді. Шешуші соғыс 1847 жылы 17–25 сәуірде қазіргі Токмакқа жақын маңда Майтөбе деп аталатын (Кекілік сепгір) жерде болды. Алғаш бірнеше күн бойы қырғыз бен қазақ батырларының жекпе-жектері түрінде көрініс берген бұл соғыста қырғыздар біртіндеп қазақ сарбаздарын тау аңғарына алдап апарып қақпанға түсірді. Таулы жер ханның қырғыздарға қарсы соғыста пайдаланбақ болған жеңіл зеңбіректерін жарамсыз етіп тастады. Кең далада соғысқа әбден үйренген Кенесарының атты әскері де таудың тар шатқалында еркін қимылдау мүмкіншілігінен айырылды. Үш тәулікке созылған күші басым қарсыластарына қарсы қазақтардың шайқасы сарбаздардың күшін әбден сарқыды. Рүстем сұлтан мен Сыпатай би басқарған Кенесарыны қолдайтын әскердің үлкен бөлігінің шешуші шайқастың қарсаңындағы түнде кетіп қалуы жағдайды күрделендіре түсті. Ақырында Кенесары өзіне берілген 30 сұлтанмен және көптеген жасағымен бірге тұтқынға түсіп, қаза тапты. Оның жасақтарының қалдығы жан-жаққа тарап кетті. Бүкіл қазақ-қырғыздың азаттығын аңсаған қазақтың ең соңғы ханы осылайша ұлтаралық түсініспеушіліктің құрбаны болды.

Ойлан! Кенесары бастаған ұлт-азаттық күрестің жеңіске жетуі мүмкін бе еді?

Абылай ханның кезіндегі қазақ мемлекетігін қалпына келтіруді көздеген Кенесары ханның күресі болашақ ұрпақтарды тәуелсіздік



Кенесары. Суретші Ө. Жұбаниязов.

үшін күреске жігерлендіріп, тәрбиелеумен болды. Сондықтан да Кенесары мен оның сонынан ілескен батырлардың қаһарман тұлғасы және жаужүрек ерліктері халықтың санасында мәңгі сақталып, құрметтелді.

Ізден! Халықтан шыққан ақын-жыраулар Кенесарыны неліктен қаһарман тұлға ретінде жырлады?

Кез келген қазақстандық азамат Кенесарының осы жолда өмірін аямай халық пен мемлекеттің мүддесі үшін құрбандыққа барғанын әрқашан естерінде сақтауы жөн. Бүгінгі ұрпақ Кенесарының халық мүддесіне негізделген іс-әрекетінен, әскери істегі үздік қолбасшылық өнерінен үлгі алып, осы рухта азамат болып қалыптасуы тиіс.

Бұл маңызды! Кенесарының ержүрек тұлғасы Қазақстанның ұлттық мақтанышына айналып, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің, отаншылдықтың символы болып қала бермек.

Ойлан! Халық арасынан шыққан белгілі батырлардың және олардың сонынан ілескен әскери жасақтардың қолдауына қарамастан, Кенесарының патша әскеріне төтеп бере алмау себебі неде?

Кенесарыны қолдаған батырлар. Кенесарыны көтерілістің басынан бастап көптеген халық батырлары жанқиярлықпен қолдаған. Олардың қатарында халыққа әйгілі болған Ағыбай, Иман, Басықара, Аңғал, Жанайдар, Жәуке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан, Бұқарбай,

Байзақ, Сыпатай және т.б. бар еді. Олардың кейбіреуіне тоқталсақ, Кенесарының соңғы ұрысына дейін қатысқан *Ағыбай батыр* (1802–1885) ел арасында Шұбыртпалы Ағыбай деген атпен белгілі еді. Ол Кенесарының ерліктерінің және қасіретті жеңілісінің куәсі болған.

Иман батыр Дулатұлы (1780–1847) атақты қолбасшы әрі Кенесарының сенімді серігі болды. Ақтық демі қалғанша Кенесары ханға адал болып, онымен бірге Майтөбе деген жерде қырғыз манаптарына қарсы шайқаста тұтқынға түсіп, қаза болды.



Жанайдар батыр ескерткіші,
Қарағанды облысы



Сұраншы батыр ескерткіші,
Алматы облысы

Жанайдар батыр Орынбайұлы (1818–1870) арғын руының әскери жасақтарын басқарып, Кенесары Қасымұлының көтерілісіне 1837 жылы қосылған еді. Ақмола бекінісін басып алуда ерекше ерлік танытып көзге түсті. Өзінің үш бауырымен бірге ол 10 жыл бойы Кенесарының қозғалысына қатысты. Кенесары хан мен оның інісі Наурызбай батыр қайтыс болған соң, Жанайдар өзінің туған өлкесі Сарыарқаға қайтып оралды.

Сұраншы батыр Ақынбекұлының (1815–1864) аты Қоканның сарбаздарына қарсы күресте шықты. Ол Жетісудағы Тойшыбек камалын қорғауда, Шамалғандағы және Сарыкемердегі шайқастарда ерекшеленді. Кенесары Жетісуға келгенде оны қолдады. Кейінірек орыстармен Қокан басқыншыларына қарсы бірігіп күресу туралы келісімге келіп, 1860 жылы қазан айында Ұзынағаш маңында өткен шайқаста Құдияр ханның әскерлерін талқандауға атсалысты. 1864 жылы ол Сайрам қаласын қокандықтардан азат етуде ерлікпен қаза тапты.

Жоламан батыр Тіленіұлы 1835 жылы 3 000 адамға жететін жасақ жинап, Кенесары Қасымұлының көтерілісіне келіп қосылған болатын. Бірақ Кенесары Қасымұлының жасақтарының оңтүстікке қоныс аударуына байланысты Жоламанның көтерілісшілері ыдырап кетті.

Байзақ батыр Мәмбетұлы (1789–1864) халық арасында беделді болғандықтан қокандықтар өздерінің жағына тартып,

«датка» әкімшілік дәрежесін берген. Байзақ қазақтардың мүддесін қызу қорғап, ешкімге тәуелсіз саясат жүргізуге күш салды. Кенесары Арқадан оңтүстікке ауған кезде, Байзақ өзінің сарбаздарымен Кенесарыға қосылды және 1841 жылы ханмен бірге қоқандықтардың бірнеше қамалын басып алды. Созақ аймағын қоқандықтардан азат етуге қатысты. Ол Кенесарының қырғызбен соңғы шайқасында да бірге болып, соңына дейін ханды қолдады.

Сыпатай батыр Әлібекұлы (1781–1868) өмірінің көп бөлігін қазақ және қырғыз халықтарының Қоқан хандығына қарсы азаттық күресіне қатысуға арнады. Оңтүстікке Кенесары ханның қолы келген кезде, Сыпатай ханды қолдап шықты және ханның қоқандықтарға қарсы азат ету күрестеріне қатысты. Алайда қырғыз манаптарының жасағына қарсы болған соңғы шайқастың қарсаңында Сыпатай қолы Кенесарының саясатын қолдамай, одан бөлініп кеткен болатын.

Ойлан! Кенесары қозғалысына қатысқан батырлардың ерліктерінде бұрынғы жоңғар қалмақтарына қарсы ұрыстарға қатысқан батырлармен қандай ұқсастықтарды және айырмашылықтарды көресіздер?

Білімді шыңда:

1. Кенесары Қасымұлы көтерілісінің басты себептері неде?
2. Көтерілістің қозғаушы күштеріне сипаттама беріңдер.
3. Кенесары хандығының құрылымы мен XVI–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығын салыстырыңдар.
4. Көтерілісшілердің Қоқан және қырғыз манаптарымен соғысына баға беріңдер.
5. Көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы қандай?



Байзақ батыр кесенесі.
Жамбыл облысы



Сыпатай батыр ескерткіші.
Жамбыл облысы

§ 29-30. Орта Азия хандықтарының басқыншыларына қарсы қазақ көтерілістері

Бұл сабақта:

- Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліспен;
- Есет Кетібарұлының бастауымен болған көтеріліспен танысамыз.

Тірек сөздер

- Жанқожа Нұрмұхамедұлы
- Хиуа хандығы
- Жазалаушы отрядтар
- Қазақ отрядтары
- Есет Кетібарұлы



Жанқожа
Нұрмұхамедұлы

Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс. Сыр бойына орыстардың бекіністер салуы Хиуа хандарының мүддесіне қайшы келді. Олар қазақтардың орыс ықпалына түсуіне кедергі жасауға тырысты. Қазақтардың орыстарға қарайтын Райым бекінісінің айналасында көшіп жүруі Хиуа хандығының наразылығын тудырып, Сырдария мен Үстіртте қазақтарға шабуылын күшейтті.

Анықта! Хиуа хандығының аумағы қандай аймақты алып жатты?

Хиуалықтар қазақ ауылдарын шауып, адамдарды тұтқындап алып кетті. Жанқожаның қарауылда тұрған төрт адамын өлтірді. Бұның өзі хиуалықтарға бұрыннан ашулы Жанқожа батырдың ашу-ызасын өршітті.

Есте сақта! Жанқожа Нұрмұхамедұлы 1780 жылы Арал маңында дүниеге келген. Арал және Сыр бойы қазақтарын Орта Азия хандықтары езгісіне және Ресей отаршылдығына қарсы азаттық көтерілісінің басшысы.

Жанқожа Хиуаға қарсы ұрыста орыстарға сүйенбек болды. 1847 жылы 23 тамызда орыстардың Райым бекінісінен шыққан 200 қазақ және Жанқожаның 700 сарбазы Хиуаның Жанқала бекінісіне шабуыл жасайды. Нәтижесінде хиуалықтар Қуандарияның арғы шетіне көшуге мәжбүр болды.

Есте сақта! Жанқожа батыр бастаған қазақтарды Хиуа, Қоқан хандықтары қанауынан босату әрекеті 1847–1848 жылдары аралығында жүзеге асты.

Мұның өзі Сырдарияның төменгі ағыстарында да орыс әскери күштерінің нығая түсуіне алып келді. Алайда орыстардың қол асты-

на түскен Сыр бойындағы және Үстірттегі казактардың жағдайлары ауырлап кетті. Оларға салынатын салық екі есе көбейілді. Салықтың көлемі жергілікті отаршыл-әміршіл орталық тарапынан белгіленді. Мұндай қанау казактардың кедейленуін жеделдете түсті. Сонымен бірге казактар әскери бекіністерге апаратын жолдарды жөндеуге, көпірлер салуға, сукоймаларының бөгеттерін жөндеуге, үлкен арықтарды тазалауға мәжбүр болды. Бұл жұмыстарға казактардың күші тегін пайдаланылды. Ал мұның өзі казактардың өз шаруашылығымен айналысуына кедергі жасады. Орыс отаршылдарының бекінісін жабдықтау үшін әрбір казак отбасы бір-бір түйе беруі тиіс еді. Бұл аз болғандай, орыс отаршылдары өздері басып алған аймақта Орынбор және Орал әскери шептерінен казактардың отбасын көшіре бастады. Қоныстанушылардың саны жыл сайын көбейе түсті. Нәтижесінде құнарлы және жақсы суландырылған жерлерінен айырылған казактар жаңа жерлер іздеп, көшіп кетуге мәжбүр болды. Осылайша жерден айырылу казактардың көтеріліске шығуына негіз болды. Көтерілісшілерді бастаған Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1780–1860 жж.) батырлығы арқасында ел арасында белгілі болған шекті руының старшыны еді. Ол Хиуаға қарсы казактардың күресін бастаған Арынғазы ханның жолын жалғастырды.



Жанқожа батыр ескерткіші,
Қызылорда қаласы

Анықта! Арынғазы хан қай жылдар аралығында Хиуаға қарсы азаттық күресін жүргізді?

1836 жылдан бастап Жанқожа хиуалықтардың Әмудария мен Сырдария аралығында орналасқан тұрақты әскеріне қарсы күреске дайындалды. 1842 жылы күзде Жанқожа батырдың жасағы хиуалықтардың бекінісі – Бесқаланы талқандап, қала билеушісін тұтқынға алды. Бір жылдан кейін Жанқожаның сарбаздары Қуандариядағы Хиуа бекінісін талқандады. 1845 жылдың көктемінде ол Хиуа ханының Сырдарияның төменгі ағысындағы бекіністерін қалпына келтіруге келе жатқан екі мыңдық қолын жеңіп, оларды қуып жіберді. Сонымен бірге Жанқожа Сыр бойындағы казактарды коқандықтардың қанауынан құтқаруға кірісті. Ол Кенесары Қасымұлымен бірге Сырдың төменгі ағысындағы коқандықтардың бекіністері – Жаңақорғанға, Күмісқорғанға, Шымқорғанға, Қосқорғанға шабуыл жасады. 1845 жылы Жанқожа Кенесарының өтінішімен коқандықтардың Созақ бекінісін басып алуға көмектесті.

1847 жылы Жанкожа көп қолды бастап хиуалықтардың Қожаниязқала деп аталатын бекінісін басып алды. Алайда Жанкожаның орыс билеушілерімен қатынасы да шиеленісе бастады. Оған себеп болған орыс қолшоқпарларының Жанкожа батырдың ауылына келіп салық жинауы болды. Бұған наразы болған батыр Ресей отаршылдарына қарсы қазақтардың күресін бастап шықты.

Есте сақта! 1856 жылдың желтоқсан айында 3 000 қазақ қатысқан Сырдария қазақтарының жаңа көтерілісі басталды.

Оған қарасақал, кішкене, шекті рулары және төртқара руының бір бөлігі қатысты. Бұл наразылықтың басында шекті руларын бастап келген Жанкожа батыр болды. Біріндеп бұл көтеріліске Сыр бойының төменгі ағысындағы басқа да қазақ рулары қатысты. Көтерілісшілер орыс отаршылдарының Сырдария шебіне күтпеген жерден шабуыл жасап, 1856 жылдың соңында Қазалыны қоршауға алды. Бұдан қатты шошынған Орынбор генерал-губернаторы Перовский көтерілісті басуға әскер бөлу туралы төтенше бұйрық берді. Қазалы портының төңірегінде 1857 жылдың қаңтарында көтерілісшілердің саны 5 000 адамға жетті. Орыс жазалаушыларымен қақтығыс 9 қаңтарда Арықбалық деген жерде болды. Жақсы қаруланған орыс әскерлері көтерілісшілерді ығыстырып, олардың ауылдарын аяусыз тонады. Казак отрядтары қазақ ауылдарынан көптеген малды айдап әкетті. Олардың арасында тек спырлардың өзі 20 000 бастан асты. Көтерілісшілердің саны басым бола тұрса да, олардың жеңілуінің себебі нашар қарулануы еді. Бір өкініштісі – орыс жазалаушыларының қатарында олардың ықпалына түскен қазақтардың да болғаны. Олардың жергілікті жағдайды жақсы



Жанкожа Нұрмұхамедұлының кесенесі. Қызылорда облысы

білуі жазалаушылардың жеңіске жетуіне көмек болды. Көтерілістің талқандалуы Сыр бойындағы қазақтардың екіжақты қанауын одан да күшейте түсті. Кейбір казак сұлтандары, старшындары және билері патша әскеріне қызмет етуге кірісіп, өзінің халқына қарсы әрекетке көшті. Мұның өзі орыс шегара билігінің көтеріліске қатысушыларды ауыр жазалауына жол ашты. Қазақ ауылдары аяусыз тоналды. Жекелеген казак отрядтары ауылдарды аралап, тұрғындардың малын күшпен алып отырды.

Нәтижесінде Сыр бойындағы қазақтарды ашаршылық жайлап, көптеген адамдар аштыққа ұрынды. Осылайша тәуелсіздік үшін күрестің айқын көрінісі болғанына қарамастан, Сыр бойы қазақтарының көтерілісі жеңіліс тапты. Бұл басқа аймақтардағы қазақтармен байланыссыз, оқшау көтеріліс болғандықтан да оның болашағы жоқ еді. Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс жеңіліп қалса да, көтерілісшілердің ерлігі осы аймақтағы жас ұрпақты жігерлендірді. Сыр өңіріндегі халық осы көтерілістің барысында екіжақты қанаудан ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана құтылуға болатынын анық түсінді. Мұның өзі қазақтардың жаңа ұрпағын ұлттық намыс рухында тәрбиеледі. Жанқожа батырдың әділетсіздікпен және қиянатпен күрескен батыл да ержүрек тұлғасы қазақ тарихынан абыройлы орын алды.

Ойлан! Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс жеңіске жете алатын ба еді?

Есет Көтібарұлының бастауымен болған көтеріліс. Кіші жүздегі қазақтар арасында Есет Көтібарұлы (1807–1888) аса беделді болды. Ол атақты Көтібар батырдың ұрпағы еді.

Есте сақта! *Есет Көтібарұлы* 1807 жылы қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар көлінен он шақырым жердегі Ақши бойында дүниеге келген, Кіші жүздің қабақ руының басқарушысы болған.

Есет батыр бастаған көтеріліс 1838 жылы оның Жоламан батырмен бірге орыстардың Елек бекінісіне шабуылымен басталды. Ал 1847–1848 жылдары ол Жанқожа Нұрмұхамедұлымен бірігіп, Хиуа және Қоқан басқыншыларына қарсы күрес жүргізді. Хиуаға қарсы күресте Есеттің Жанқожаны қолдауы қазақтардың көтерілісін күшейте түсті. 1847 жылдың шілде айында Ембі өзені аймағында Есет Көтібарұлы өзінің жасағымен 200 казактан тұратын Орынбордың және Омбының жазалаушы отрядына шабуыл жасады. Алайда нашар қаруланған көтерілісшілер жеңіске жете алмады. Орынбордағы отар-



Есет батырдың фотосуреті

шылар қалайда Есетті қолға түсіріп, оның патша үкіметін мойындауына қол жеткізбек болды. Жазалаушылар отряды Есетті іздеп шығып, жолшыбай бейбіт халықты аяусыз тонады. XIX ғасырдың 50-жылдарында Есет бастаған халық көтерілісі өрши түсті. Бұған себеп болған орыс отаршылдарының Арал теңізі маңын отарлауы еді. Ресей әскерлері Ақмешітті басып алуға жіберілген әскери экспедицияны жабдықтау үшін Есеттің ауылынан түйелер беруді талап етті. Алайда Есет мұндай талапты орындаудан бас тартып қана қоймай, орыстардың қолдауында болған Арыслан сұлтанды өлтірді. Орынбордың генерал-губернаторы көтерілісшілерді басу үшін жазалаушы отрядтарды бірінен соң бірін жіберіп отырды. Бірақ Есет қауіпті жағдайға тап болған қазақтарды Борсықұм және Үстірт құмдарына жөнелтіп жасырды. Ал өзінің жігіттерімен екі топқа бөлініп алып, орыс керуендеріне шабуылдар жасады және жазалаушы отрядтармен шайқасқа шықты. 1854 жылдың көктем айына қарай көтерілісшілер саны 1 500-ге жетті. Олар орыс үкіметіне қазақтардың түтін басынан алынатын салықты жоюды, қазақ даласына жазалаушы әскерді жіберуді тоқтатуды және Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, Жайық өзендері бойындағы жайылымдық жерлерді қазақтардың емін-еркін пайдалануларына еркіндік беруді талап етті.

Есте сақта! Түтін салығы – әрбір шаңыраққа салынатын салық түрі.

Алайда бұл өтініштерді патшалық билік қабылдай қойған жоқ. 1854 жылдың көктемінде көтерілісшілерді талқандау үшін барон Врангель бастаған жазалаушы әскер қазақ даласына жөнелтілді. Күші тең емес жаумен қиян-кескі шайқасты бастан өткізген Есет батыр ақырында жазалаушылардың қысымына төтеп бере алмай, генерал-губернаторға өз еркімен барып бағынатынын мойындады. Бірақ Есет өзінің уәдесін орындауға асықпады. Ол отаршылдарға қарсы күресу үшін жергілікті қазақтардан тағы да қол жинай бастады. Ол өзінің жігіттерімен патшалық Ресейдің қамалдарына шабуыл жасап, олардың жылқыларын айдап кетумен болды. Сонымен қатар ол октын-октын жазалаушы казак отрядтарына тосыннан шабуыл жасап отырды. Осыдан кейін Орынбордың генерал-губернаторы Кіші жүздің сұлтаны Арыстан Жантөринге және т.б. қазақ билеушілеріне Есетті ұстап әкелу туралы тапсырма берді.

Алайда Есеттің сарбаздары күтпеген жерден Жантөриннің лагеріне шабуыл жасап, сұлтанның өзін және сыбайластарын түгел қырып салды. Бұған жауап ретінде Орынбор үкіметі қазақ ауылдарына жаңа жазалаушы отрядты жіберді. Жазалаудан ығысып, Есет Қоңырат аймағына көшті. 1857 жылы 21 маусымда патша үкіметінің шенеуніктерінің берген мәліметтеріне қарағанда, Есет Көтібарұлы Хиуа хандығына қарайтын Қоңырат қаласынан онша алыс емес маңда, Арал теңізінің жағасында, өзінің ауылымен көшіп-қонып жүрді.

1858 жылы Бородин басқарған жазалаушы отряд көтерілісті біржолата жеңді. Күші басым жауға қарсы тұра алмаған Есет патша үкіметінің бейбітшілікке шақырған келісімін қабылдап, бағынуға мәжбүр болды. Осы үшін отаршыл билік тарапынан Есетке кешірім жасалды.

Бұл маңызды! Халық арасында аса құрметті де беделді болғанына қарамастан, Есет бастаған көтерілістің жеңіске жетуі мүмкін емес еді.

Жеке аймақтарды ғана қамтыған бұл көтеріліс басқа да қазақтардың аймақтық бас көтерулері тәрізді бүкіл ұлтты көтеретін тұтас майданға ұласа алмады. Мұндай жағдайда отаршылдыққа қарсы тұру көзсіз ерлікпен тең еді.

Ойлан! Неге қазақ батырларының көтерілістері өзара байланыссыз және әртүрлі аймақтарда, әртүрлі кезеңдерде орын алып отырды?

Білімді шында:

- 1858 жылғы қазақ шаруаларының көтерілісін 1836–1838 жылдардағы қозғалыспен салыстырып, олардың себептерін және ерекшеліктерін көрсететін арнайы кесте жасаңдар.

1836–1838 жж. көтерілістің себептері	1836–1838 жж. көтерілістің ерекшеліктері	1858 ж. көтерілістің себептері	1858 ж. көтерілістің ерекшеліктері

- Жанқожа мен Есет батырлар бастаған көтерілістердегі Ресейдің, Хиуа хандығының және көтерілісшілердің ұстанымдарын салыстырмалы түрде көрсететін кестені толтырыңдар.

Ресейдің ұстанымы	Хиуа хандығының ұстанымы	Көтерілісшілердің ұстанымы

§ 31-32. Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы

Бұл сабақта:

- Оңтүстік Қазақстан аймағына Ресей және ағылшын мемлекеттерінің қызығушылықтарының артуының себептерімен;
- XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызымен танысамыз.

Тірек сөздер

- ағылшындар
- Хиуа хандығы
- Бұхара хандығы
- Ұлыбритания
- Ақмешіт
- Шымкент
- Қазалы

Оңтүстік Қазақстан аймағына Ресей және ағылшын мемлекеттерінің қызығушылығының артуы. Ресей отаршылдарының Кіші және Орта жүзде орнығуы Хиуа және Бұхара хандықтарының қарсылығын туғызды.

Еске түсір! Орта жүз бен Кіші жүзге Ресей патшалығының билігі қалай орнады? Неліктен Кіші жүз бірінші кезекте қосып алынды?

Оңтүстіктен осы кезде Үндістанда өзінің рөлін нығайтып алған Ұлыбритания мемлекеті Ауғанстан арқылы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия аймақтарына үстемдік орнатуға ұмтылды.

Ағылшын көпестері XVIII ғасырдың 30–40-жылдарында-ақ өзінің тауарларымен Қазақстан аймағына ене бастаған болатын. XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап Британияның елшілері Орта Азия хандықтарына келе бастады. Мұның өзі Ресей мен Англияның экономикалық бақталастықтарын күшейте түсті. Ағылшындар өздерінің бұл әрекеттерін орыс қаупінен Үндістанды қорғаймыз деген ұранмен ақтады. Мұның өзі ағылшын дипломаттарының Бұхарамен, Хиуамен және Қоқанмен келіссөздерді күшейте түсуіне алып келді.

Ізден! Ресей мен Англияның Орта Азияға байланысты саяси ұстанымдарында қандай ұқсастықтар және айырмашылықтар бар?

Орыстың шегаралық әкімшілігі Орталық Азиядағы және оған көрші Шығыс Түркістандағы жағдайларды қадағалап отырды. Патша өкіметі осы өңірде ағылшындардың экономикалық және саяси билігінің кеңеюіне кедергі жасап, өзінің ықпалын арттыра түсуді көздеді. Сондықтан орыстар да Қоқанға, Бұхараға және Хиуаға елшіліктер мен көпестер жіберуді күшейте түсті. Мұның өзі көбінесе әскери экспедиция түрінде көрініс берді.

1839 жылдың қараша айында генерал-губернатор В.А. Перовский бастаған 4 мың солдаттан құралған әскери экспедиция Хиуаға жо-

рық жасады. Бұл жорық ағылшындарға осы өңірде орыс мүддесі бар екендігін байқатты. Енді орыс отаршылдары өздерінің алдына екі міндет қойды. Олардың алғашқысы – орыс билігін мойындамайтын казактарды күшпен бағындыру, екіншісі – орыс әскерлерінің Орталық Азия хандары шегараларына жақындауын жылдамдату.

Осындай мақсатпен 1834–1839 жылдары патшалық Ресей Маңғыстау өңіріне және Арал бойы казактарына экспедициялар ұйымдастырды. Алайда орыстардың қысымы казактардың рухын түсіре қойған жоқ. Бұл өңірдің казактары басқыншылардың отаршылдық әрекетінен туған жерлерін қорғау үшін көтеріліске шықты.

Бұл маңызды! Орта Азия хандықтарының шегарасына орыс әскерін жақындату мақсатында Ресей Сырдарияның төменгі ағысының бойына әскери бекіністер салу ісін жүргізді.

XIX ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысынан бастап патшалық Ресей Орта Азия жеріне ақырындап ене бастады. 1847 жылы олар Сырдарияның құйылысын басып алып, онда Райым бекінісін тұрғызды. Арада бір жылдан кейін Қазалы бекінісі бой көтерді. Ресей отаршылдары кейбір казак сұлтандары мен билерін әртүрлі сыйлықтармен марапаттап, өзінің жағына қаратуды көздеді. Бірақ мұндай саясат отаршылдардың күштеу әрекеттерімен жалғасқан кезде, Арал бойының халықтары қарулы қарсылықтар көрсете бастады.

Жаңадан салынып жатқан форпостар, яғни патша өкіметінің бекіністері, орыс гарнизондарының Сырдарияны жоғары өрлеп, қокандықтардың ірі бекінісі – *Ақмешітке* дейін баруына мүмкіндік туғызды. 20 күн қоршауға алынған бұл бекініс 1853 жылдың 28 маусымында орыс әскерлерінің қолына көшті. Осылайша Сырдың төменгі



Қазалыдағы бекініс. «Түркістан альбомы»
(тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан



Ақмешіт бекінісінің шабуылдан кейінгі көрінісі. «Түркістан альбомы»
(тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

ағысын жағалаған Райымнан Ақмешітке дейін созылып жатқан *Сырдария шебі* деп аталатын орыстардың әскери бекініс жүйесі қалыптасты.

Есте сақта! Қоқан хандығы Сыр бойына Ақмешіт бекінісімен қатар Жаңақорған, Жөлек, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорған және т.б. бекіністер тізбегін салып, Ақмешіт бекінісін осы бекіністердің орталығына айналдырды.

Орыс әскерлері енді Хиуа мен Қоқанға жақындау үшін Арал теңізінде кеме жүргізудің жолдарын іздестіре бастады. Алайда Хиуа ханы орыс отаршылдарының Арал арқылы Әмудариямен жоғары өрлеп жүзулеріне тыйым салды. Дегенмен де Ресей XIX ғасырдың 40-жылдарының соңына қарай Сырдария өзенінде билік жасауға мүмкіншілік алды. Бұл орыс отаршылдарының Хиуа өңіріне жақындасуына жол ашты. Қазақтар мекендейтін аймақты, қоқандықтардың және бұхарлықтардың жерлерін біртіндеп басып алу Ресейдің «Түркістан генерал-губернаторлығы» деп аталатын жаңа басқарушы әкімшілік жүйесін құруына мүмкіндік берді. 1869 жылы Ресей Красноводск шығанағын басып алды. Осындай жағдайда Ресей 1873 жылы Хиуаға Кавказ, Орынбор және Түркістан округтері тарапынан шабуыл жасауды бастады. Хиуа ханы да қарап жатпай, өз кезегінде шегарасын нығайтып, мұнда бірнеше камалдар салды. Үш қанаттан жасалған орыстардың басқыншылық әрекеттері 1873 жылы мамыр айында Хиуа ханының астанасын басып алумен аяқталды. Енді орыстар Хиуа хандығын жою үшін оны «Бөліп ал да, билей бер» деген принциппен басқаруға көшті.

Есте сақта! «Бөліп ал да, билей бер» принципі – Ресей патшалығы қолданған отарлау саясатының қағидасы. Яғни ел ішінде алауыздық туғызып, ел басшыларын бір-біріне айдап салып, бөлшектеу арқылы өздеріне бағынышты ету шараларын жүзеге асыру дегенді білдіреді.

Әмударияның оңтүстік жағалаулары енді Ресейдің қол астына көшті. Ал Хиуа хандығы болса, Әмударияның солтүстік жағалауында қалды. Ресейдің қол астына қараған Хиуа хандығының бөлігі Түркістан генерал-губернаторлығына бағынатын болды.

Отаршыл Ресейдің Орталық Азия елдерімен сауда-саттықты жандандыруы Қоқан хандығының тарапынан қарсылықтарға кездесті. Қоқандықтар ағылшындармен тұрақты байланыс орнатқан болатын. Сонымен бірге қоқандықтар өздерінің шегаралық Пішпек, Мерке, Әулиеата және Шымкент тәрізді бекіністерінде қорғанысты күшейту шараларын жасады. Алайда Ресей өз жағына Шу, Іле бойында көшіп жүрген қазақтың ру-тайпаларын қосып алу жағын ойластырды. Сонымен бірге ресейліктер Ұлы жүз казактарының беделді басшыларын өз жағына тартып, оларға жалақы тағайындады, әртүрлі марапаттаулар мен атақтар берді.

Бұл маңызды! Патша үкіметінің ықпалды рубасыларына қатысты алдау-арбау, шен-шекпен беру, жоғары қызметтерге тағайындау сияқты жүргізген саясаты да олардың отарлауында біршама маңызды рөл атқарды.

Ресейдің оңтүстікте алға жылжуына көмектескен үлкен мәселе Шымкент және Әулиеата аймағындағы казактардың 1857–1858 жыл-



Шымкент қаласының қамалы. Суретші Д. Вележев (XIX ғ.)

дары Қокан билігіне қарсы көтерілістер жасауы болды. Қокандықтардың көтерілістерді аяусыз басуы казактардың көпшілігінің Ресей жағына өтіп кетуіне әсер етті.

Алатау бойындағы казактардың кыргыздармен қайшылықты қарым-қатынастары да қокандарға бағынышты кыргыздардан қазақтардың бойды аулақ салуына алып келді. 1860 жылдан бастап осы жағдайларды ескере отырып, орыс әскерлері қокандықтарға қарсы әскери шабуылды бастады. Нәтижесінде қокандықтардың 26 тамызда Токм ақ, 4 қыркүйекте Бішкек қаласы бағындырылды. 24 қазанда Ұзынағашқа жақын жерде подполковник Колпаковскийдің бастауымен орыстардың қокандықтарға қарсы шайқасы болды. Қокандықтарға наразы бола тұрса да, Жетісудың казактары мен кыргыздары қокан әскерлерін қолдап соғысты. Бұған себеп болған басты мәселе – қазақ-кыргыз арасында кәпірлерге қарсы ғазуат соғысын жүргізуге шақырған насихаттың күшті болуы еді.

Есте сақта! «Ғазуат» соғысы – дін жолындағы соғыс.

Сонымен қатар Алатау округінің билеушісі Колпаковскийдің жергілікті халыққа деген қатал саясаты, тіптен кейбір қылмыс жасағандарға өлім жазасын қолдануы халық наразылығына алып келді. Дегенмен Ұзынағаш түбінде 30 мың әскері бар қокандықтар орыстардың соққысына төтеп бере алмады.



Ұзынағаш түбіндегі шайқастың жоспары. «Түркістан альбомы» (тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан



Әулиеата қаласының қамалы. «Түркістан альбомы»
(тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

1863 жылы оңтүстікте сәтті әрекеттер жасаған орыс әскерлері қокандықтарға қарсы Қаратау тауы арқылы Созақ – Шолаққорған – Әулиеата әскери шебін жасауға талапталды. Қокандықтар да қарап қалмай, соғысқа қызу дайындалды. 1864 жылы мамыр айында орыс әскерлеріне қараған Сауран қамалы арқылы Шорнақ қамалына, онан соң Түркістанға басып кірді. Қокандықтардың билеушісі Әлімқұл молда бастаған әскерлердің табанды қарсылығы орыстарды тоқтата алмады. Верныйдан шыққан орыстардың екінші бір жазалаушы әскери отряды 22 зеңбіректі сүйретіп, полковник М.Г. Черняевтің бастауымен 4 маусымда Мерке бекінісін ұрыссыз алды және Әулиеата бекінісіне келіп тоқтады. Екі сағат бойы зеңбірек оғының астында қалған Әулиеата қаласы кешікпей-ақ бағынуға мәжбүр болды.

Есте сақта! Полковник Черняев әскері 1864 жылы 4 маусымда Мерке бекінісін, 6 маусымда Әулиеата бекінісін алса, Полковник Веревкин отряды Түркістан қаласын 14 маусым күні басып алды.

Қокандықтарды қолдауға осы кезде атақты Кенесарының ұлы Садық Ташкенттен біраз сарбаздарымен келіп қосылған еді. Солай бола тұрса да, 3 күн бойы қарсылық көрсеткен Түркістан орыс әскерлеріне төтеп бере алмай, бағынуға мәжбүр болды. Дегенмен де М.Г. Черняев басқарған орыс әскерлерінің 1864 жылы шілде айында Шымкентті басып алмақ болған әрекеті сәтсіз аяқталды. Осындайда қокандықтардың жергілікті қазақтарға шектен шыққан қысым жасауы қазақтардың орыстар жағына жаппай шыға бастауына ықпал етті. Мысалы, кезінде Кенесарының сенімді серігі болған Байзақ Мәмбетұлының баласы Ақмолда батыр өзінің жігіттерімен М.Г. Черняевтің әскеріне қосылды.

Мұны естіген қокандықтардың билеушісі Әлімқұл Ташкентке Байзақты және оның серіктерін алдап шақырып алып, зеңбірекке байлап атып өлтірді. Қокандықтар қазақтардың басқа руларының да билерін аяусыз өлім жазасына кесті. Мұның өзі 1864 жылы жаз айларында Түркістан мен Шымкент аралығындағы аймақты мекендейтін көптеген қазақ ауылдарының М.Г. Черняев басқарған орыс әскері жағына жаппай көшіп баруына себеп болды. Бұл қазақ руларының қокандықтардың тонауынан қауіптенгендіктен жасалған шаралар еді.

Жергілікті халықтың жаппай қолдауы орыс әскерлерінің 1864 жылдың 19 қыркүйегінде Шымкентке сенімді түрде шабуыл бастауына және оны басып алуына жағдай туғызды.

Есте сақта! Шымкент қаласы 1864 жылы 22 қыркүйекте басып алынды.

Орыс әскерлерінің Оңтүстік Қазақстандағы қокан бекіністерінің тұрғындарын аяусыз жазалауы адам айтқысыз қаталдықтың көрінісі болды. Мысалы, Түркістанды басып алған кезде орыстар мұсылмандардың қасиетті ескерткіші – Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зеңбіректен атқылады. Мұның өзі жергілікті халықтың қорқыныш сезімін ояту үшін жасалған шара еді. Шымкент қаласын басып алуда 3170 қала тұрғындары қаза болды. Осындай қаталдық Әулиеата және басқа қалаларда да орын алды. Мұның өзі орыс әскерінің құрамында жүрген Ш.Ш. Уәлихановтың М.Г. Черняевпен араздасып кетуіне басты себеп болды. Сайрам қаласы да осылайша аяусыз талқандалды. Екі сағат



Шымкент қаласына шабуылдың жоспары. «Түркістан альбомы» (тарих бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

бойы зеңбірек оғының астына алынған қала жаппай орыс әскерлерінің тонауына берілді. Осылайша Түркістан мен Шымкентті басып алу 130 жылға созылған Қазақстанның Ресейге күшпен қосылу үдерісін аяқтады.

1865 жылы маусым айында орыс әскерлері Ташкентті басып алды. Осыдан соң 1867 жылы шілде айында орыс патшасы II Александр орталығы осы Ташкент қаласы болып табылатын Түркістан генерал-губернаторлығын құрды.

Анықта! Жаңадан құрылған Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына қай аймақтар кірді?

Енді Қазақстан тарихында қазақ жерін Ресейдің отар аймағы ретінде қабылдайтын жаңа тарих басталды.

Білімді тексер!

1. Орта Азия хандықтарының қазақтарға озбырлық жасауды күшейтуін қалай түсіндіруге болады?
2. Ұлы жүздің Ресейдің қол астына өтуі үшін қандай алғышарттар қалыптасты?
3. Жетісу аймағының Ресейге бағынуын тездеткен себептерді атаңдар.
4. Оңтүстік Қазақстан аумағын Ресейдің қол астына қарату үшін патша өкіметі қандай шараларды іске асырды?
5. Қокан-орыс соғыстары қалай аяқталды?

V бөлім ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

§ 33-34. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы реформалар

Бұл сабақта:

- 1867–1868 жылдардағы патша үкіметінің отаршыл реформаларымен;
- Қазақстандағы патша үкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясатымен танысамыз.

Тірек сөздер

- Батыс Сібір генерал-губернаторлығы
- «Уақытша ереже»
- приставтық
- вице-губернатор

1867–1868 жылдардағы патша үкіметінің отаршыл реформаларын жүргізудің алғышарттары. Оңтүстік Қазақстанды және Жетісуды қосып алған соң патша үкіметі енді қазақ жерінде «Бөліп ал да, билей бер» принципін жүзеге асыруға күш салды.

Отаршыл жүйе Қазақстанның кең-байтақ даласындағы әскер бөлімдерінің санын көбейте түсуді ойластыра бастады. Ол үшін Ресей Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандарына қосымша әскери бөлімдерді жөнелтті. Әскери күштеріне сүйену – отаршыл Ресейдің Солтүстік Кавказды бағындырған кезде сыннан өткен басқару



1869 жылы қазақ даласына жіберілген орыс әскерлері.
«Всемирная иллюстрация» (СПб., 1870 ж. №56) журналынан

әдісі еді. Осындай жағдайда Ресейдің өзінде жаңа қарқынмен дами бастаған өнеркәсіп орындары арзан шикізат көздеріне және жұмыс күшіне мұқтаж бола бастады. Мұны қамтамасыз ету үшін отарлау жүйесіне жаңа заңдық негіздер жасау қажет болды.

Ізден! М. Сперанский басшылығымен «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы Жарғы» жасалып, ол 1822 жылы қабылданды. Бұл реформаның Орта жүзден басталу себебі неде деп ойлайсыңдар?

1822–1824 жылдар аралығында жарияланып, қолданысқа енгізілген Сібір және Орынбор казактары туралы Жарғы Орта және Кіші жүзде хандық басқару жүйесін жойып, Ресейдің қазақ өлкесін отарлауына жол ашқан еді.

Еске түсір! 1822 және 1824 жылғы реформалардың мақсаты мен нәтижесі қандай болды?


Хандық басқару жүйесі Бөкей ордасында ғана сақталып қалды. Солай бола тұрса да, отаршылдар жергілікті басқару жүйесінен қазақ төрелерін, яғни сұлтандарды, біржолата ығыстырып шығара алмады. Осыған байланысты патшалық билік қазақ даласын басқаруды күшейтудің жаңа жолдарын іздестіре бастады.

Есте сақта! 1867 жылы 11 шілдеде ІІ Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі» заң жобасына, 1868 жылы 21 қазанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережеге» қол қойды.

Бұл екі заң жобасы да 1869 жылдың 1 мамырынан бастап қолданысқа енгізілуі тиіс болды. «Уақытша ережелер» бойынша басқару жобасын бекіте отырып, патшалық Ресей Қазақстан аймағын отаршыл империя өнеркәсібінің мүддесіне сәйкес игеруді көздеді.

1867–1868 жылдардағы реформалар. Жаңа реформа бойынша енгізілген әкімшілік басқару жүйесі әскери сипат алды. Генерал-губернаторлықтар құрылды және оны қолына әскери және азаматтық билікті топтастырған *генерал-губернатор* басқарды. Түркістан генерал-губернаторлығы басшысының көрші мемлекетпен тікелей келіссөздер жүргізу құқығы болды.

Есте сақта! 1867–1868 жж. реформа бойынша қазақ даласында *Түркістан генерал-губернаторлығы, Орынбор генерал-губернаторлығы және Батыс Сібір генерал-губернаторлығы* құрылды.



XIX ғасырдың сонындағы Қазақстан аумағының әкімшілік бөлінісі

Әрбір генерал-губернаторлық *облыстарға* бөлінді. Орынбор генерал-губернаторлығына *Орал және Торғай облыстары*, ал Батыс Сібірге – *Ақмола және Семей облыстары*, Түркістанға – *Жетісу және Сырдария облыстары* кірді. Бұрынғы Бөкей хандығының аумағы 1872 жылы Астрахан губерниясының құрамына, ал *Маңғышлақ приставтығы* 1870 жылы Кавказ әскери округінен бөлініп, кейінірек Закаспий округінің құрамына енді. Облыстық әкімшіліктің басында *губернатор* тұрды, оның қолында әскери және әкімшілік билік болды.

Ойлан! Неліктен Жетісу және Сырдария облыстарының губернаторлары басқа облыс губернаторларынан ерекшелендірілді?

1867–1868 жылғы реформалар бойынша *уезд* болыстарға бөлінетін болды, ал *болыстар* ауылдарға жіктелді. Әрбір *ауыл* 100–200 үйден тұрса, ал болыстарға 1 000–2 000, кейде 3 000 үй кірді. Мұндай тәртіп Қазақстанды отарлауды жеделдете түсті. *Болыс меңгерушісі* және *ауыл старшыны* қызметіне сайлау әрбір үш жылда жергілікті жиналыстарда шешілетін болды. Болыс менгерушілері және оған кандидаттар болыстың әскери-губернаторы тарапынан бекітілді, ал ауыл старшындары және оған кандидаттар уезд басшыларының шешімімен рұқсат алды. Сырдария облысындағы отырықшы қышлақтарда әкімшілік билік пен полицияға басшылықты ақсақалдар жүргізді. Әрбір үлкен қышлақты белгілі бір ақсақал басқарды.



Билер соты. Талапкер, би А. Торғаев, би Ш. Іскенов,
би Ш. Торғаев, жауапкер. Н. Гродековтің архивінен.
1889 ж. Сырдария өлкесі

Сот жүйесі. Қазақ жерін отарлаудың негізгі элементі 1867–1868 жылдардағы реформа бойынша жасалған сот органдары еді. Қазақ жеріндегі сот органдары әкімшіліктің құрамдас бөлігі болып, оған тікелей бағынды. Мысалы, сот бөлімі облыстық басқарманың құрамдас бөлімі болды. Сот ісіндегі ең төменгі шешімді уезді судьялары шығаратын болды. Оларды 1867–1868 жылдардағы реформалар бойынша Әділет министрі тағайындады.

Есте сақта! 1867–1868 жылдардағы реформа бойынша *Билер соты* сақталды. Сырдария облысында ол *қазылар соты* деп аталды. Билерді болыс басшылары 3 жылға сайлайтын болды.

1867–1868 жылдардағы реформа бойынша билер сотын үш сатыға бөлді. Алғашқы саты – жеке *билер соты* болды. Екінші саты – *билердің болыстық жиыны* (съезі), ал үшінші саты *билердің төтенше жиыны* (съезі) болып табылды.

Қазақ даласындағы патша үкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясаты. Патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлау саясаты жер мәселесінде де байқалды. Мұндағы басты мақсат – қазақтар пемденіп отырған рулық қауым меншігіндегі жерлерді біртіндеп тартып алу болды.

1867 жылғы қазақ даласын басқаруға байланысты қағиданы жасау үшін комиссия жерді мемлекеттік меншікке жатқыза бастады. 1868 жылы 21 қазанда жарық көрген «Басқару туралы уақытша Ережеде» көшпелі қырғыздар мекендейтін жерлер мемлекеттік меншікке жататындығы және қырғыздар қауымдастығына пайдалануға берілетіндігі атап көрсетілді.

Барлық жер *қыстау* және *жайлау* болып екіге бөлінді. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялау арқылы патшалық Ресей қазақ

жерін түгелдей отарлау құқына ие болды. Бұл 1891 жылы 25 наурызда жарық көрген «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ережеде» анық көрініс тапты.

Бұл маңызды! 1891 жылғы ережеге сәйкес жерді күштеп тартып алуға заңдық негіз қаланды. Онда «Мал жайылымы алып жатқан жерлер, сонымен қатар жер қойнауы мен ормандар да мемлекетің меншігі» деп танылды.

Енді жергілікті басшылық қазақтардың қарауындағы жерлерді Ресейдің орталық өңірлерінен келіп қоныстанатын келімсектерге бөліп беруге құқылы болды.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресейде басыбайлылық құқық жойылуы орыс шаруаларының өз бетінше қоныстануына алып келді.

Ізден! «Басыбайлылық құқық» дегеніміз не?

1868 жылдан 1880 жылға дейінгі аралықта Қазақстан даласы Ресейдің жерді отарлау саясатындағы негізгі бағытқа айналды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Еуропада басталған аграрлық дағдарыс Ресейге де аяқ басып, елде жаппай аштық басталды. Бұл Ресейдің Еуропалық аудандарынан шаруалардың көшуінің жана толқынын туғызды. Отаршыл билік 1889 жылдың 13 шілдесінде арнайы заң шығарып, қоныстанушыларды ерікті түрде орналастыру туралы шешім қабылдады. Енді далалық өлкеде, әсіресе Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында, қоныстанушылардың келуіне рұқсат етіліп, оларға арнап жер бөліктері даярлана бастады. 1889 жылы жарық көрген осы заң Қазақстанды Ресей келімсектерінің қоныстануына ашық өлкеге айналдырды. Мұның өзі қазақ даласына адамдардың үздіксіз ағылып келуін туғызды.

XIX ғасырдың соңына қарай орыс империясының Азиялық аймағындағы далалық өңірлерге қоныс аудару Ресейдің өзіндегі көші-қоннан әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Мұның өзі 1891–1892 жылдары орын алған ашаршылықтан және Сібір теміржолының Батыс бөлімшелерін салудың 1893 жылы аяқталуынан кейін өрші түскен.

Бұл маңызды! Транссібір теміржолының құрылысы 1892 жылы басталып, 1893 жылы аяқталды. Ол Қазақстанның солтүстік өңірін басып өтті. Мұның өзі қазақтардың 4,2 миллион десятина жерін қосымша тартып алуға жол берді.

1894 жылы II Николай патша Ақмола және Семей облыстарындағы көшпелі халықтың пайдалануындағы бос жерлердің көлемін анықтау

туралы арнайы нұсқау берді. Осындай мақсатпен Ф.А. Щербина бастаған экспедиция далалық облыстарды зерттеуге шықты.

Есте сақта! 1896–1903 жылдары аралығында земство статистігі Ф.А. Щербина бастаған атақты *Щербина экспедициясы* қызмет жасады. Құрамына қазақ зиялыларынан Ә. Бөкейханов, М. Бекетаев, Ұ. Бизанов, Т. Жалмұхаметов, И. Жақсылықов, Т. Есенқұлов т.б. кірді.

1896–1903 жылдар аралығындағы кезеңде бұл экспедиция Ақмола, Семей, Торғай облыстарындағы 12 уездің статистикалық сипаттамаларын жасап шығарды және мұндағы қазақ шаруашылықтары туралы бағалы мәліметтер жинады. Үкімет бұл экспедицияның алдына мүмкін болғанынша жергілікті халықтан тартып алу үшін көп жерді анықтауды және олардың егіншілікпен айналысуға жарамдылығын айқындауды тапсырды. Бұл үшін әртүрлі далалық аймақтардағы қазақтардың жерді пайдалану нормаларын белгілеу қажет еді. Ал мұның өзі бос қалған жерлерді қоныстанушылар қорына жинақтауға мүмкіндік беретін.

Нәтижесінде қазақ даласы жаппай отарлаудың негізгі аймағы ретінде Ресей билеушілерінің басты объектісіне айналды.

Білімді шыңда:

1. 1822 және 1867–1868 жылдардағы реформалардың ерекшеліктерін көрсететін кестені толтырындар.

1822 ж. реформа ерекшеліктері	1867–1868 жж. реформа ерекшеліктері

2. Ережелердің мазмұнынан патшалық Ресейдің отаршылдық пиғылын анықтайтын, еуропалық келімсектің және қазақ көшпелілерінің мүдделеріндегі айырмашылықтарды салыстырмалы түрде көрсететін кесте құрастырындар.

Ресей билігінің отаршыл пиғылы	Еуропалық келімсектің мүддесі	Қазақ көшпелілерінің мүддесі

3. 1867–1868 жылдардағы реформаның Қазақстан жеріндегі кейінгі зардаптарын қысқаша тезистер түрінде жазып көрсетіндер.

§ 35-36. 1860–1870 жылдардағы азаттық күрес

Бұл сабақта:

- 1860–1870 жылдардағы азаттық күрестің себептерімен;
- 1860–1870 жылдардағы азаттық күрестің барысымен танысамыз.

Тірек сөздер

- «Уақытша ереже»
- Досан Тәжиев
- Иса Тіленбаев
- азаттық күресі

Ресейде капитализмнің дамуы шаруашылықтық тұрғыдан қазақ даласына айтарлықтай ықпал етті. Алдыңғы қатарлы капиталистік қатынастардың қазақ ауылдарына енуі жағымды құбылыстарды ала келді. Бірақ Ресей капитализмі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қазақ даласын қанауды да жолға қойды.

Ізден! Капитализм деген не?

Капитализмнің нарықтық элементтері мен ру-тайпалық қарым-қатынастар сәйкес келмей, қайшылыққа түсті. Оның үстіне, Ресей енгізген «Уақытша ереже» елді рулық-тайпалық негізде емес, аумақтық принцип бойынша басшылыққа алды. Мұның өзі 1868–1870 жылдары қазақтардың жаңа көтерілістерін туғызды. Дегенмен де патшаның жаңа заңдары Орта жүзде емес, негізінен, Кіші жүзде наразылықтардың шығуына түрткі болды. Өйткені Орта жүзде «Уақытша қағиданы» енгізу 1920–1940 жылдары хандық билік таратылған соң қолға алынған еді. Ал Кіші жүзде отаршыл жүйе хандық құрылыстың қалдықтарын сақтап, қазақ даласын сұлтандар арқылы басқармақ болды. Мұндай жағдайда патша үкіметінің жоғарыдан түсірілген заңы – «Уақытша ереженің» қазақтардан мүлде алыс болғанын, оған тіптен патша үкіметіне адал және отаршыл биліктің ықпалына түскен қазақ ауқаттыларының да қатыстырылмағанын айта кеткен жөн.

Ізден! Кіші жүз Ресей қол астына алдымен енді. Бірақ неліктен патша үкіметі ережелер мен жарлық, реформаларды Орта жүзге бірінші енгізіп отырды?

Сонымен бірге патша үкіметінің отаршыл жүйесі белгілеген ауыртпалықтар ауқаттылар үшін де, кедей көшпелілер үшін де бірдей болды. Ал салықтар болса, күннен-күнге өсе түсті. Мұның бәрі Орал, Торғай облыстарында және Маңғыстауда 1868 жылдың карашасының соңына қарай патша «Уақытша ережені» жариялаған бетте-ақ халық көтерілісінің басталуына алып келді. Көтерілістер қарулы қарсылыққа ұласты. Көтерілісті басып тастауға ұмтылған шағын қазақ әскерлері көтерілісшілерді тоқтата алмады. Бірақ 1869 жылы наурыз айының

басынан бастап отаршылдар көтерілісті басуға қажетті арнайы отрядтар жасақтай бастады. Орынбордан шыққан осындай 200 адамдық жазалаушы отряды Ембі ауданы көтерілісшілерін талқандамақ болды. Алайда олар Қобда және Елек өзендерінің бойында көтерілісші қазақтардың шабуылдарына тап болып, батыл қимылдай алмай, кейін қайтуға мәжбүр болды.

150 қазақ қатысқан көтерілісшілердің келесі бір шабуылы осы жылдың мамыр айында Орал облысында да орын алды. Біртіндеп көтеріліс Орал облысының солтүстік аудандарын кеңінен қамти бастады. Оған табын, шекті рулары белсене қатысты. Бұлар бұрынғы халық наразылығына қатыскандар еді. Көтерілісші қазақтар әсіресе орыстардың «Уақытша ережесін» қабылдаған қазақ ауылдарына жаулық көзқарас танытты. Көтерілісшілердің осындай 50 адамнан тұратын қарулы тобы 1869 жылы мамыр айында қазақ ауылдарын ойрандады және жылқыларын айдап кетті. Отаршыл билік бұл көтерілістердің шынайы себептерін анықтауда адасып, көтерілісшілерді Хиуа ықпалындағы қазақтар ретінде бағалаумен болды.

Еске түсір! Хиуа хандығы қандай аймақта орналасқан еді?

XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін Хиуа өкіметі мен оған көрші Бұхар әмірлігі екі жаққа да тиімді сауда қатынастарын орнықтырған еді. Бірақ Ресейдің Қазақстанның оңтүстігін күшпен басып алуы және өзбектердің басты қаласы болып саналатын Ташкентті шабуылмен алуы – Хиуаның Ресейге деген көзқарасын күрт өзгертті. Енді Хиуа Ресейді өзінің жауы ретінде қабылдап, Орал облысының оңтүстік аудандарында көшіп жүрген қазақтарды Ресейге қарсы айдап сала бастады.


Хиуа ханы Ресейдің жүргізіп жатқан реформасына қазақ руларын қарсы қою үшін олардың арасында үгіт-насихат жұмысын жаңдандырды. Хиуалықтар мұнымен де шектелмей, қазақтар көтерілген жағдайда оларды әскери тұрғыдан қолдауды ойластыра бастады. Қазақ даласындағы екі далалық облыстың көтерілісшілерін басқарған сұлтан Ханғали Арсыланов, би Дәуіт Асауұлов, Өзберген Мұнайтпасов және тағы басқалар хиуалықтармен келіссөздер жүргізіп, олардың қолдауына ие болды. Мұның өзі патшалық Ресейдің Маңғыстау аймағында ғана емес, Хиуа хандығы жерінде де әскери қимылдарды күшейтуіне алып келді. Маңғыстауда «Уақытша ереже» тек 1870 жылы ғана енгізіле бастады. Өйткені патша үкіметі адай руларының отаршылдықты қабылдамайтын батылдығынан қатты қаймығып, реформа енгізуге қолайлы жағдайды құтты.

Бұл кезде Маңғыстау аймағында адайлардың 20 мың түтін халқы көшіп-қонып жүрді. Алайда Маңғышлақтың приставы подполковник

Рукин ешкандай кедергілерді ескермей, адайлықтардан түтін басына салынатын салықты жедел төлеуді талап етті. 1870 жылы 15 наурызда Рукин казак отряды мен жергілікті жасағын басқарып Құрып жайлауына келеді. Онда ол көшіп келіп жатқан қазақтарға кедергі жасамақ болды. Мұның өзі қазақтардың ашу-ызасын туғызып, Рукинге қарсы көтеріліске шығуға мәжбүр болды. Олар Бозашыда әйгілі батыр Досан Тәжиевтің және Иса Тіленбаевтың бастауымен жазалаушыларға қарсылық көрсетуге аттанды. Ұманкөл жайлауындағы Ұсақ құдығының бойында көтерілісшілер жазалаушылармен бетпе-бет кездесті.

Ізден! Маңғыстау өңірінде жергілікті халық үшін даладағы құдықтар неліктен аса маңызды болды?

Көтерілісшілердің қоршауында қалып, қиын жағдайға тап болған Рукин өзін-өзі атып өлтірді. Командирдің қазасы және қақтығыс кезінде 20 жазалаушы әскердің қаза болуы – көтерілісшілердің рухын көтерді. Жазалаушыларды қоршауға алған адайлардың басшысы Иса Тіленбаев жазалаушылармен алғаш келіссөздер жүргізді. Алайда көшпелілерді өздерінің бірбеткейлігімен ықтырып аламыз деп ойлаған жазалаушылар қатты қателесіп, ақыры күйрей жеңілді. Адайлардың жазалаушылардың тұрақты әскерін талқандауы бүкіл адай даласына жайылып, көтерілісшілердің рухын көтерді. Порт-Александровск словодкасының балық кәсіпшілігіндегі және Николаевск станциясындағы жұмысшылар балықшы қайықтарын басып алды. Осыны пайдаланған адай даласындағы қазақтар сәуір айының басында Николев станциясына, Александровский портына шабуыл ұйымдастырды. Алайда олар жеңіліп қалды. Патша отаршылдары Кавказдан қосымша әскери күш алдырып, әскери басымдыққа ие болды. Осындай күш тең емес жағдайға тап болған көтерілісшілер үстірттің адам бармайтын аудандарына шегініп кетті. Жазалаушылар граф Кутансовтің бастауымен адайлардың көшу жолдарын аңдыды. Осылайша ол адайларды тәубесіне келтірмек болды. Бұл үшін жазалаушылар Маңғыстаудың Бескаты және Сағым деп аталатын жайлауларында бірнеше рота атты әскерлер және зеңбіректер топтастырып, адайлардың жолын бөгемек болды. Көтерілісшілер Хиуа ханынан көмек сұрады. Ол 6 мың адамнан тұратын әскери жасағын адайларды қолдауға аттандырды. Алайда олардың бұл қозғалысы көтеріліс барысында шешуші рөл атқара қойған жоқ. Сонымен бірге хиуалықтар көтерілісшілер арасында да өздерінің үгітшілерін жіберіп, жазалаушы орыстардың қазақтарды күштеп христиан дініне енгізетіндігі туралы әңгіме таратып, көтерілісшілердің жазалаушыларға қарсы өшігуін арттыра түспек болды. Алайда өздерін ислам дінінің тазалығын сақтаушылар ретінде көрсетіп отырған хиуалықтардың өздері адайларды талай



1868–1870 жылдардағы Орал, Торғай және Манғыстау казактарының отаршылдыққа қарсы көтерілістері

рет тонаған болатын. Сондықтан да бұл үгіттің көтерілісте шешуші рөл атқармағаны байқалды. Оның үстіне, көтерілісшілер Хиуаның Ресей тәрізді ірі және қуатты әскери державамен жанжалға баруға батылдықтар ы жететініне де күмәнданды.

Ізден! Діні бір, мәдениеті жақын хиуалықтар неге қазақтарды қолдауда әлсіздік танытты?

Жазалаушылар граф Кутансовтің жетекшілігімен Александр форты айналасындағы көтерілісшілердің негізгі топтарын талқандауға тырысты. Өйткені 1869 жылдың күз айында Александровск портының жұмысшыларын Ембі даласында патшаның жазалаушы отрядтары тұтқынға алған адайлықтар қолдады. Мұның өзі көтерілісшілер санын арттырып, 1870 жылы 10 000 адамға жетті. Көтерілісшілер Александровск портына және Николаевск станицасына шабуыл жасады. Осында олар форттың маяғын өртеп жіберді және Нижнее деп аталатын бекіністі талқандады. Алайда күш тең емес еді. Екі ротадан тұратын және зеңбірекпен қаруланған жазалаушылар күші көтерілісшілерден басым болды. Патша отряды көтерілісшілерді зеңбірек оғының астына алды және шегінуге мәжбүр етті. Көтерілісшілер ерліктеріне қарамастан жеңіліске ұшырады. Сондықтан да 1870 жылы желтоқсан айында көтеріліс басшылары Досан Тәжиев, Ержан Ертамбетқұлов,



Иса мен Досан батырларға арналған ескерткіш. Ақтау қаласы

Иса Тіленбаев және т.б. серіктері, барлығы 3 мыңдай түтін, патша жазалаушыларының соққысынан қаймығып, Хиуа хандығының аймағына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осылайша көтерілісшілердің едәуір бөлігі өздерінен әлдеқайда аз жазалаушы отрядтарына қарсы тұра алмай, олардың халық көтерілісінің негізгі ошақтарын талқандауына мүмкіндік берді. Руаралық кикілжіндер көтерілісшілердің қатарына іріткі салып, олардың қозғалысқа тұрақты да белсенді қатысуына кедергі келтірді. Бұларға қарағанда жазалаушылардың тұрақты да үйретілген әскері әлдеқайда мықты болып шықты. Көтеріліс басшылары көтерілісті басқаруда тұрақтылық таныта алмады. Адайлардың көтерілісі окшау аймақта болғанымен, оның географиялық шеңбері айтарлықтай кең болып, ол біртіндеп Қазақстанның батысын түгелдей және солтүстігінің бір бөлігін қамтыды. Мұның өзі казактардың жана ұрпағын азаттық үшін күреске жігерлендіріп, ата-бабаның ерлік дәстүрінің негізінде тәрбиелеуге мүмкіндіктер берді.

Білімді шында:

1. Орал, Торғай облыстарындағы, Маңғыстаудағы көтерілістер болған аймақтарды картаға түсіріп, көрсет.
2. Орал, Торғай облыстарына, Маңғыстау аймағына байланысты Ресей империясының, Хиуа және Бұхара хандықтарының ұстанымдарын анықтай түсетін кесте жаса.

Ресей империясының ұстанымы	Хиуа хандығының ұстанымы	Бұхара эмиратының ұстанымы

§ 37. Отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері

Бұл сабақта:

- қазақтың дәстүрлі шаруашылығындағы өзгерістерді;
- отаршылдық саясаттың шаруашылыққа әсерін білеміз.

Тірек сөздер

- ауыл
- қоныстанушылар
- отырықшылық
- егіншілік

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығындағы өзгерістер. XIX ғасырдың екінші жарытысы және XX ғасырдың басында патша үкіметінің Қазақстандағы Жер саясаты өлкенің жерін мемлекеттік меншікке қаратып, қазақ көшпелілерінің ең құнарлы аймақтарын тартып алу болды. Столыпін реформасынан кейінгі қазақ жерлеріне келімсектерді жаппай қоныстандыру әсіресе Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймақтарында кеңінен жүргізіліп, бұл жерлердегі егін шаруашылығын дамытуға қолайлы жерлердің көбі көшпелілерден тартып алынды. Әсіресе бұл Батыс-Сібір жазығында, Алтайдың, Тарбағатайдың, Жоңғар, Іле, Қырғыз Алатауларының бөктерлеріндегі жерлерде жүзеге асырылды.

Еске түсір! Столыпін реформасы қалай жүргізілді?

Қазақ жерінде орыс, украин келімсектерінің қоныстануымен шөп шауып, малды қолда ұстайтын шаруашылық түрі дами бастады.

Еске түсір! Қазақ даласында не себепті көшпелі малшаруашылығы өркендеген еді? Оған табиғи-климаттық жағдай қалай ықпал жасаған?

XIX ғасырдың соңына дейін қазақ-орыс келімсектері үшін көшпелі қазақтардан Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстарынан 14 млн. десятинаға жуық құнарлы жерлер тартып алынды. Ұйғырлар мен дүнгендер Жетісу облысына қоныстанғанда, оларға 100 мың десятинадай құнарлы жер бөлініп берілді. Осының әсерінен көшпелі малшаруашылығымен айналысатындардың жер көлемі тарыла бастады. Олар жайлы қыстаулардан және жайлаулардан айырылды. Мұның өзі қазақ халқының егін шаруашылығымен айналысуының алғышарттарын жойып жіберді. Сондай-ақ жерді орыс шаруалары, сарттар, ұйғыр және дүнген халықтары есебінен жалға берудің кеңінен енгізілуі де қазақтардың жерден айырылуына алып келді.

Қолайсыз табиғи жағдайлар да қазақ халқының жерге жаппай орналасуына мүмкіндік бере қойған жоқ. Бұған материалдық және әлеуметтік-экономикалық ынталандыру да болған жоқ. Оның үстіне, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтардың дәстүрлі малшаруашылығы



Салтанатты көш. Суретші Н.Г. Хлудов

егіншілікке және отырықшы өмірге қызықпауға дағдыландырған болатын. Қазақ көшпелілері киіз үйде тұрмайтын қолөнершілерді, саудагерлерді, егіншілікпен айналысатын шаруаларды менсінбей қарауға дағдыланған еді. Сондықтан да олар өздерінің қалыптасқан көшпелі өмірін отырықшы өмірге айырбастауға дайын емес еді. Рулық-тайпалық тұрғыда жерді немденуде ғасырлар бойы қалыптасқан дағдыларынан бас тарту қазақтарға өте қиын болды.

Қазақтардың жерге орналасуына және егіншілікпен айналысуына патша үкіметінің отарлық реформалары да кедергі жасады.

Есте сақта! Патша үкіметі қазақ жерінде орыс-қазақ келімсектері есебінен отырықшы диқандар санының арта түсуін қолдайтын шараларды жүзеге асырды. Ал көшпелі малшылардан құнарлы жерлерді тартып алу арқылы қазақтарды отырықшылану мүмкіншілігінен айырды.

Көшпелі қазақтарда рулық негізде жерді пайдалану тәртібінің сақталуы да отырықшылыққа көшуді қиындатты

Есте сақта! Ресейдің отарлық жүйесіндегі саяси басты бағыт – қазақ көшпелілерін жаппай отырықшыландыру идеясын жүзеге асыру болған. Мұның өзі қазақ өлкесін отарлауды және мемлекеттік әкімшілік әдістермен жоғарыдан билеуді жеңілдетте түседі деп есептеген.

Көшпелі қазақтардан жерді тартып алып, оған Ресейдің еуропалық губернияларынан шаруаларды қоныстандыру кең көлемде жүзеге асырылды. Ресейдің осындай отаршыл жүйесі қазақ жерінде

шаруашылықтың жаңа түрлерінің жіктеліп шығуына алып келді. Мысалы, тау етегіндегі аудандарда орыс казактарының және орыс-украин шаруаларының суаруды қажет етпейтін шаруашылықтары өркендей бастады. Ал Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Жонғар және Іле Алатауларының тау етегіндегі өзен жағалауларында ұйғыр келімсектерінің суармалы егіншілігі қолға алына бастады. Сыр бойындағы аймақтарда отырықшы сарттардың суармалы егіншілігі қалыптасты.

Сонымен қатар су жетіспейтін, топырағы құнарсыз, климаты құбылмалы аймақтарда көшпелі шаруашылыққа қосымша казактардың егін шаруашылығы орын алды. Мұның өзі казак көшпелілерінің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі малшаруашылығын күйреуге жол ашты. Тіптен егіншілікпен айналысатын шаруашылық түрлерінің өзі белгілі бір дақылды өсіруге бейімделе бастады. Мысалы, казак диқандары тары өсіруге ынталы болса, дүнгендер күріш өсіруге, ұйғырлар жемдік дақылдарды, бидай өнімдерін және бау-бакша дақылдарын өсіруге бейімделді. Ал орыс, украин келімсектері нарықтық бағдарға бейімделген астық өнімдерін өсіруге бағыт ұстады. Мұның өзі казак жеріндегі егіншіліктің үйлесімді дамуына кедергі келтірді. Бәрінен бұрын бұл көшпелі казактардың егіншілікке деген ынтасын төмендетті. Тіптен өзен жағасын мекендейтін казактар егін егуде елеулі табыстарға жете қойған жоқ.

Орыс және Еуропа келімсектерімен аралас отырған Атбасар уезі, Омбы, Павлодар, Көкшетау, Өскемен, Ақмола, Қарқаралы тәрізді аймақтарда ғана егіншілікпен айналысу казактар арасында кенінен тарала бастады. Мұның өзі артта қалған экстенсивті әдістерге негізделген шаруашылық түрлері еді. Жалпы алғанда, көшпелілердегі егіншілік көлемі 6-7 десятинадан аспайтын еді. Яғни казактардың егін шаруашылығы XIX ғасырдың аяғында дербес шаруашылық түрі ретінде және материалдық күнкөріс көзі ретінде көшпелілер өмірінде орныға қойған жоқ. Диқандық кәсіп көшпелі шаруашылықпен айналысатын казактар өмірінде көмекші, екінші қатардағы кәсіп түрінде қалып қойды. Жалпы алғанда, казак халқы XIX ғасырдың екінші жартысында бұрынғысынша көшпелі өмір сүріп, дәстүрлі малшаруашылығын кәсіп етті.

Анықта! Қазактардың ғасырлар бойы отырықшы, диқан халыққа айналуына не кедергі жасады?

Білімді шыда:

1. Орыс, украин шаруаларын казак жеріне қоныстандырудың шаруашылыққа әсерін қалай сипаттауға болады?
2. Табиғат байлықтарын игеретін жана өңдеу өнеркәсібінің қалыптаса бастауы казак елінің ауылшаруашылығына қалай әсер етті?
3. Н.Г. Хлудовтың «Салтанатты көш» туындысына қарап, көшпелілік туралы әссе жазындар.

§ 38. Ресей империясының қоныстандыру саясаты

Бұл сабақта:

- Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері және салдарымен;
- қазақ даласына ұйғырлар мен дүнгендердің көшіп келуімен танысамыз.

Тірек сөздер

- ұйғырлар
- дүнгендер
- бау-бақша
- диқаншылық
- қоныстану
- келімсек

Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдары. Қазақ жерінде отаршылдардың генерал-губернаторлықтарды құруы өлкедегі халықтың этникалық құрамына да өзгерістер әкелді.

Еске түсір! Қазақ даласында генерал-губернаторлықтар қашан және қалай құрылған еді?

Патша үкіметі Қазақстан аумағына Ресейдің ішкі губерниялары мен Украинадан шаруаларды көптеп қоныстандыру арқылы өздерін қолдайтын әлеуметтік база жасамақ болды. Жана құрылған облыстардың бәрінде XIX ғасырдың басынан бастап орыс, украин шаруаларын мақсатты түрде қоныстандыру етек алып, ол 80-жылдарға қарай бұқаралық сипатқа ие болды. 1889 жылдың 13 шілдесінде патша үкіметі село тұрғындарын және мешандарды өз еріктерімен қазына жерлеріне қоныстандыру туралы арнаулы қағиданы бекітті. Бұл бойынша Томск және Тобыл губернияларында және Жетісу, Ақмола, Семей облыстарында келімсектерге арналып жана жерлер қарастырыла бастады. Осылайша қазақ даласына Еуропа шаруаларын қоныстандыру елдің демографиялық жағдайын өзгертіп жіберді.

1891–1892 жылдары болған ашаршылық Ресейдің еуропалық бөлігіндегі шаруаларды шығыста жана жерлер іздеуге мәжбүрледі. Қазақстанның теміржол магистральдары арқылы Сібірмен, Еділ бойындағы өнеркәсіп аудандармен және Оңтүстік Оралмен жалғастырылуы отаршыл үкіметті қазақ даласын келімсектер есебінен белсенді



Қоныс аударып келген шаруалар



Жолға шыққан қоныс аударушылар

түрде игеруге итермеледі. 1867–1868 жылғы реформадан кейін көшпелі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне де түбегейлі өзгерістер ене бастады.

Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныстануы. XIX ғасырдың 70–90-жылдарында Шығыс Түркістаннан ұйғырлар мен дүнгендерді қоныстандыру жүзеге асырылған. Бұл қоныстандыру екі кезенді бастан өткізді. Алғаш 1877 жылы Солтүстік Қырғыз аймағындағы Тоқмақтың маңынан шэньсий дүнгендері көшіп келді.

Есте сақта! 1881–1883 жылдары Санкт-Петербург келісімшартына сәйкес Іле өлкесінен ұйғырлар мен дүнгендердің үлкен бөлігі көшіп келді.

Нәтижесінде 1884 жылдың басында Жетісуға 45 373 ұйғыр, 4 682 дүнген қоныс тепті. Ұйғырлар Жаркент маңында Өсек және Шарын өзендері жағаларында, ал қалғандары Шелек және Талғар өзендерінің аралығындағы Верный уезінде және Верный қаласының өзінде қоныстанды. Дүнгендер мен ұйғырлардың көшіп келуіне байланысты Жетісу халқы екі есе көбейді. Көшіп келгендерге арналып 5 жаңа болыс құрылды. Жетісудағы жақсы жерлерді келімсек орыс қазақтары бұрын алып қойғандықтан, ұйғырлар мен дүнгендерге егіншілікке қолайсыз жерлер бөлініп берілді.

Есте сақта! Ұйғырлар мен дүнгендер ежелден диқаншылықпен айналысатын егінші халық болған.



Қазақ отрядтарының 1881–1882 жылдары Жетісуға қоныс аударушы ұйғырларды бастап келуі. Суретші Н.Н. Карзин (XIX ғ.)

Олар алғашқы жылдары арықтар мен каналдар тартып, үлкен қиыншылықтарды бастан өткізді. Жетісу облыстық басқармасының 1882 жылғы шешімі бойынша, көшіп келген дүнгендер мен ұйғырлардың әрбір ер адамына 10 десятинадан жер берілуі тиіс еді. Бірақ, шын мәнінде, оларға 4-5 десятина ғана жер таратылды. Сондықтан да ұйғырлар мен дүнгендер арасында жалға жер алып пайдалану тәртібі кеңінен таралды. Ұйғырлар мен дүнгендер жерді казачестводан, еуропадан қоныстанған келімсек шаруалардан және казак-қырғыз қауымдарынан жалға алды. Ұйғыр және дүнген қауымының басында тұрған дін иелері, селолық әкімшілік иелері біртіндеп ірі жер иеленушілерге айналып, кедейлерге жер беруші ретінде көрінді.

Дүнгендер мен ұйғырлар Жетісуда егін шаруашылығын қолдан суғару дәстүрін жандандырды. Оларда малшаруашылығы және т.б. кәсіпкерлік екінші қатарға ысырылған болатын.

Ізден! Егіншіліктегі қолдан суғару дегенді қалай түсінесіңдер?

Дүнгендер бидай өсірді және ол барлық жердің жартысынан астамын алып жатты. Одан соң арпа, тары, сұлы, күріш және т.б. өнімдер өсірілетін болды. Күріш өсірумен дүнгендер Шу өзенінің Оңтүстік жағалауын жалға алған соң шұғылдана бастады. Ұйғырлар бау-бақша өнімдерімен айналысты. Дүнгендердің де бау-бақшалары болды. Олар шабдалы, алма, алмұрт, кара өрік өсірген. Өсірілген өнімдер жақын жерлердегі қалаларда және жәрменкелерде сатылды. Сондай-ақ Жетісу ұйғырлары мақта өсірумен және ішінара жібек өсірумен де айналысты. Дүнгендер мен ұйғырларда кендір, күнжіт өсіріліп, олардан май өнімдері алынды. Олар жұмысты жеңілдету үшін жұмыс көлігі ретінде жылқы, сиыр және ішінара қой мен ешкі өсірді.



Жетісуға қоныстанған дүнгендер

Ізден! Патша үкіметінің дүнгендер мен ұйғырларды неліктен Жетісуға қоныстандырғанын анықтаңдар.

Жетісуға қоныстанған ұйғырлар мен дүнгендер осында өздерінен бұрын келген орыс және казак келімсектерінің темірден жасалған соқаларын, тырмаларын, дән сепкіштерін пайдалануды әдетке айналдырды. Олардың бұрыннан пайдаланып келген ағаштан жасалған егіншілік құралдары жетілдіріле бастады. Сонымен бірге ұйғырлар мен дүнгендер қазақтардан мал өсіруді үйреніп, бұл мәселеде көп кешіктірмей-ақ жетістіктерге жетті.

Есте сақта! Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныстануы осы ауданды әртүрлі ұлттар мекендейтін аймаққа айналдырды.

Білімді шыңда:

1. Ұйғырлар мен дүнгендердің, орыс шаруаларының және қазақтардың шаруашылықтарындағы ерекшеліктерді салыстырмалы кестеде көрсетіндер.

Ұйғырлардың шаруашылығы	Дүнгендердің шаруашылығы	Орыстардың шаруашылығы	Қазақтардың шаруашылығы

2. Аталған халықтардың және қазақтардың рухани-мәдени ерекшеліктерін салыстырмалы кестеде көрсетіндер.

Ұйғырлар	Дүнгендер	Қазақтар

§ 39. Дәстүрлі казак қоғамындағы өзгерістер

Бұл сабақта:

- қазақ ауылының әкімшілік басқарудағы өзгерістерімен;
- қазақтың дәстүрлі қоғамының өзгеріске ұшырауымен танысамыз.

Қазақ ауылының әкімшілік басқарудағы өзгерістері. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ауылдарының әкімшілік саяси құрылымы байырғы қазақ ауылдарынан өзгешелеу болды. Бұған казак жерін басқару Ережелері әсер етті.

Әкімшілік ережелерге сәйкес облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар әкімшілік ауылдарға, әкімшілік ауылдар шаруашылық ауылдарға бөлінді. Яғни округтердің құрылу барысында көшпелі қазақтар 50–70 шаңырақтан құралған әкімшілік ауылдарға бөлінді. 10–15 әкімшілік ауыл бір

Тірек сөздер

- болыс
- уезд
- ауыл ақсақалы



Уезд басқарушысы келгендегі старшындар жиналысы. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайының қорынан

болысқа біріктірілді. Ал 15–20 болыс бір округті немесе уезді құрады. Әрбір әкімшілік ауылдың басшысы – *ауыл старшинасы* 3 жылға сайланды. Болыстарды мұрагерлік бойынша берілген немесе сұлтандардың өз арасынан 3 жылға сайланған *сұлтан*, уездік басқарманы *ага-сұлтан* басқарды. Уездік басқарманың әкімшілік құрылымына облыс бастығы бекіткен әскери шенеуніктер, старшындар мен билер кірді. Сұлтандардың рулар қауымдастығында басшы болуы мұрагерлікпен жүзеге асып, сұлтандық билік XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасын тапты.

Патша үкіметі енгізген әкімшілік Ережелер қазақ даласында ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі билік жүйесін бірте-бірте



Ақсақалдар кеңесі. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайының қорынан

ығыстырды. Әрбір болыс 50 үйден бір сайлаушы қатысатын съезде 3 жыл мерзімге сайланып, оларды әскери губернатор бекітіп отырған. Болыстар немесе сұлтандар өз қарамағындағы әкімшілік аймаққа билік жүргізіп, патша үкіметінің жарлықтары мен сот үкімдерінің орындалуын қадағалады. Ауылдарға жайылымдық, шабындық жерлер бөліп беру, жер дауы, салық жинау мәселелерін шешіп отырды. Болыс қызметі Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында әкімшілік-саяси өзгерістерге байланысты жойылды.

Ауыл старшындары сайлаушылар съезінде 3 жыл мерзімге сайланып, болыс билігіне бағынған. Старшын лауазымын уезд бастығы бекіткен. Старшын ауыл ішінде беделді, аukatты адамдар арасынан қойылған. Аткаратын міндетіне ауыл шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қонуды ұйымдастыру, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешу, халықтан алым-салық жинауды ұйымдастыру, болыстық сайлауға қатысушы адамдарды шақыру жүктелді. Ауыл старшындары ел арасында *ауылнай*, *ауылбасы* деп те аталған. Бұл лауазым да Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жойылды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ ауылының көлемі орташа 5–15 шаңырақтан тұрған. Ал 20–30 ауылды біріктіріп «қауым» деп атады. *Қыстау-ауылдар* елді мекенді ғана емес, байырғы ауыл сияқты бір атадан тараған ұрпақтар қоныстанған берік рулық қоғамды құрады. Ауыл мүшелері өз ататектерін ғана емес, бір рудан тараған көрші ауыл тұрғындарының ата-тектерін 15–20 атаға дейін, тіпті 30 атаға дейін тарқатып айтып бере алған. Ауылдарды сол ауылдың ақсакалы немесе ру ақсакалы атымен атаған. Ақсақал дәрежесіне ауылдың құрметті адамы не болып, ол сол ауылдың басшысы әрі ру басшысы саналды. Ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарына бастап, жайылымдық жерді таңдауда да шешім қабылдап отырды.

Рулық одақтың беріктігі рулас қауымның экономикалық жағдайының беріктігімен,



Ағасұлтан Тезек
Муралин. Суретші
П.М. Кошаров (XIX ғ.)



Жайнақ би, Адамқұл би
және аудармашы
Тардыбек. Суретші
П.М. Кошаров (XIX ғ.)

яғни малшаруашылығының дамуы, жайылымдық жерді пайдалану, әр рудың дәстүрлі көшу жолдарының сақталуы, жайылымдық шегараның қалыптасуымен де тығыз байланысты болды. Әрбір рулық қауым өз меншігіндегі жайылымдық, шабындық, егістік жерді иемденді. Рулық қауымдастық әрбір қазақтың қуаныш пен қайғыдағы арқа сүйейтін одағы ретінде қалыптасты. Мәселен, кедей отбасыларын бай ағайындары қалдырмай, өздерімен бірге алып көшкен.

Жайлауға көшер уақытта бірнеше ауыл бірігіп, үлкен бір қауымды құрайтын. Ауылдар арасында шегара қатаң сақталды. Ауыл адамдарының басым бөлігін немесе түгелдей бір атадан тараған ру адамдары құрады. Дегенмен ауылға отбасылық патриархалдық қоғам деп қарауға да болмайды. Белгілі бір жағдайларда басқа рудың өкілдері көшіп келіп, сол ауылға сіңіп, «*кірме*» болып кететін жағдайлар да жиі кездесті.

Қазақ отбасында ержеткен баланы үйленген соң, еншісін беріп бөлек шығарған. Олар «*отау үйі*» болып өз ауылында немесе бөлек көрші ауыл болып отырған. Осылайша бір ауылдан екінші бір ауыл бөлініп шыққан. Отау үйі бөлініп шыққанда, әкесі мал-мүлік бөліп берген. Олар малы көбейген уақытта жайылымдық жерді бөліп ала бастаған. Отау үйі қыстау, жайлауда да бөлек отырып, сол ауылдың бөлек бір мүшесін құрады. Әдетте, әкесінің шабындығын пайдаланған, кейін шабындық та бөліске түскен. Егер шабындық көлемі аз болса, ауыл ақсақалдарының кеңесіне жүгініп, мал, шабындық жер бөліп алып отырған. Ауыл ақсақалдары шабындық жерді жерге жиналған жеребені тастау арқылы бөлген. Жеребені ағаш сынығынан жасаған, ал жер көлемін қадыммен, арқанмен, көз өлшеммен өлшеп бөлген. Шабындық жерлерді иемдену алдымен жартылай отырықшылық басым болған ауылдарда жүзеге асқан. Кейіннен ХХ ғасырдың бас кезінен көшпелі қазақтардың жиі болған жұт зардаптарына байланысты қысқа мал азығын даярлау мақсатында көшпелі ауылдар да шабындықтар иелене бастады.

Білімді шыңда:

1. «Байырғы қазақ ауылының келбеті» атты тақырыпта әңгіме құраңдар.
2. ХІХ–ХХ ғасырлардағы қазақ ауылдарының келбетін сипаттап беріңдер.
3. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы әкімшілік құрылым қандай болды?

§ 40–41. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси жағдайымен;
- қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптің дамуымен танысамыз.

Нарықтық қатынасқа қажетті көп мал өсіретін жаңа байлар болыс басшыларынан сұлтандарды ығыстырды. Енді Шыңғыс тұқымдарының байырғы даңқы жойылды.

Тірек сөздер

- капитализм
- «Уақытша ереже»
- нарық
- сауда
- айырбас

Есте сақта! Отаршыл жүйе енгізе бастаған реформалар Шыңғыс тұқымы сұлтандарын биліктен ығыстыра бастады.

Дегенмен де шешуші рөлді болыс менгерушілері атқаратын болды. Сонымен бірге оларға белсенді қызмет ететін жаңа әлеуметтік топ – «атқамінерлер» пайда болды. Олар сайлаулар қарсаңында саяси үгіт-насихатты белсенді жүргізе отырып, жаңадан сайланатын болыс менгерушілерінің беделін көтеруге шешуші рөл атқарды. Ауыл тұрғынының барлық өмірі дәстүрлі малшаруашылығына тікелей байланысты болды. Малдың еті, сүті және т.б. өнімдері халықтың тұрмыс деңгейін белгіледі. Көшпелілердің отбасылық некелік өмірінде де малшаруашылығы экономикалық ықпалға ие болды. Өйткені жастардың тұрмыс құруы күйеудің қалыңдыққа мал есебімен қалың төлеуіне тікелей қатысты еді. Сондықтан да қазақтар бір-бірімен амандасқанда «мал-жан аман ба?» деген сәлемдесуді бірінші орынға қойды. Дәстүрлі малшаруашылығына тәуелділік қазақтардан табиғи климаттық жағдайды ескеруді де талап етті. Ауа райы қолайсыз болып, табиғи апаттар орын алған жылы көшпелі қазақтардың шаруашылығы үлкен күйзелісті бастан өткізді. Жайылымды сақтау үшін қазақтар ауылдар түрінде далалық аудандарда көшіп жүрді. Далалық аудандарда қазақтар қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, жайлаудан күздеуге, одан соң қыстауға айналып көшіп жүрді. Қыстың қатал заны көшпелілерді біртіндеп шөп шабу мен қысқа арнап жем-шөп жинауға мәжбүрледі.

Есте сақта! Егіншаруашылығымен айналысатын келімсектердің қазақ даласына көптеп орналасуы, қазақтардың отырықшылыққа көшуіне әсерін тигізді.

Көшпелілердің егін шаруашылығымен айналысуына табиғи географиялық қолайлы аймақтардың болуы мүмкіндіктер туғызды.

Дегенмен де шөл, шөлейт аймақтарда қазақтар бұрынғыша дәстүрлі малшаруашылығын сақтап қалды. Рулық ауылдың біртіндеп осылайша жіктелуіне капиталистік қатынастардың тереңдеп ене бастауы шешуші әсер тигізгенін айта кеткен жөн. Қазақ ауылдары енді мынадай бағыттарда дами бастады:

- таза көшпелі малшаруашылығымен айналысатын ауылдар;
- отырықшы егіншаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар;
- шөп шабатын және егіншаруашылығымен айналысатын көшпелі малшаруашылығы бар ауылдар;
- егіншілікпен және малшаруашылығымен қатар айналысатын, бірақ алғашқысы басымдық ала бастаған ауылдар;
- жартылай отырықшы, шөп шабатын малшаруашылығы өркендеген ауылдар.

Осындай әлеуметтік тұрғыдан қазақ ауылында еңбек бөлінісінің пайда болуы біртіндеп алыпсатарлардың арта түсуіне, жалдамалы жұмысшылардың қазақ арасында пайда болуына және олардың қала халқын толықтыра бастауына, *жатақтар* деп аталатын, малшаруашылығына қарағанда егіншаруашылығын негізгі күнкөріс көзіне айналдырған әлеуметтік таптардың шығуына алып келді.

Есте сақта! *Жатақтар* – әбден кедейленген және елмен бірге жазда жайлауға көше алмайтын, өзінің отбасын уақытша маусымдық жұмыстармен немесе егіншілікпен асырауға мәжбүр болғандар.

Малдан айырылған қазақтар бір орында тұрақтап қалғандықтан, олар отырықшыларға айналып өмір сүретін болды. Капитализмнің қанат жая бастағанына байланысты жатақтар өздері мекендеген баспаналарының төңірегіндегі жерді өңдеумен ғана айналысып қоймай, сонымен бірге Орынбор-Ташкент және Сібір теміржол магистральдары тәрізді құрылыстарда да уақытша жұмыстарға жалданды. Мұндай



Күріш бастыру. Орыс географиялық қоғамының мұрағатында сақталған фотосурет



Тұз артқан түйелер. Жетісу өңірі. Орыс географиялық қоғамының мұрағатында сақталған фотосурет

жұмыстарда жатақтарға жалақы аз төленетін еді. Алғашқы теміржол құрылысына қатысқан қазақ ауылынан шыққан осындай кісілер жаңадан қалыптасып келе жатқан жұмысшылар санын арттырды. Қазақ жатақтарының үлкен тобы қалаларға кетіп, ондағы жұмысшылар қатарын толықтырды. Жатақтар дәстүрлі малшаруашылығымен айналысатын қазақ ауылының шаруашылық тұрғыдан жіктеле түсуіне алып келді. Олар малшы қазақ ауылын орыс-қазақ келімсектерімен және қаламен байланыстырушы адамдар ретінде көрінді. Қазақстанның шығыс, орталық, солтүстік өңірлерінде жаңадан дамып келе жатқан кен өндіру және көмір өндіру кәсіптерінде қазақ жатақтары жаппай орналасып, біртіндеп жұмысшы табына айнала бастады.

Отаршыл Ресейдің қазақ даласындағы әрбір ер адамға 15 десятинадан жер бөліп беруі қазақ даласындағы келімсектер толқынының көбейе түсуіне алып келді. Қазақстан жеріне қоныстанған орыс, украин шаруалары едәуір ауқатты болды. Өйткені мұндай келімсектер алысқа көшіп баруға және жаңа жерге қоныстанып, шаруашылықты жүргізуге мүмкіншілігі бар адамдардан құралды. Сондықтан да қазақ жеріне қоныстанған келімсектер жаңа жерлерді игеруде едәуір табыстарға жетті. Олар өздерінің қарапайым техникаларын ала келіп, бұрынғы деревняларындағыдай жерлерді ескі әдістермен игеретін болды.

Өнеркәсіптің дамуы. 1860 жылғы реформа Орталық және Солтүстік Қазақстанның бай табиғи ресурстарын игеруді арттыра түсті.

Есте сақта! Қала маңында ірі қоныстардың бой көтеруіне малшаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындардың пайда болуы ықпал етті.

Малшаруашылық өнімдерін өңдейтін алғашқы кәсіпорындар Ақмолада және Семей облыстарында кең қанат жайды. 1888 жылы



Көктемдегі жер жырту. Суретші Н.Г. Хлудов

Семей облысында тері өңдейтін, сабын жасайтын, вино өндіретін, кірпіш, сыра зауыттары, дпирмен және т.б. жұмыс жасады. Осындай зауыттар Өскеменде, Павлодарда және т.б. жерлерде кеңінен тарала бастады. Мұндай зауыттарды Ресейдің Орталық және Еуропалық өңірлерінен келген орыс тұрғындар ұйымдастырып, өркендете бастады. Мысалы, Сырдария облысында орыс тұрғындарының 30 әртүрлі бағыттағы кәсіпорындары жұмыс істеді. Олардың біразы Шымкентте, Әулиеатада, Қазалыда бой көтерді. Сонымен бірге осы аймақта мақта өңдеу, таскөмір өндіру, темекі жасау кәсіпорындары да салынды.

Жергілікті кәсіпорындарда аң терілерінен өнімдер жасау қолға алынды. Оңтүстік аудандарда малдың жүндерінен басқимдер дайындау ісі қолға алынды. Арал теңізінде Сырдарияның төменгі ағысында балық кәсіпшілігі кеңінен өркендеді. XIX ғасырдың соңына қарай Ресейдің Орал және Батыс Сібір сияқты Орталық губернияларында өнеркәсіптің қарқындап дамуы Қазақстан аймағындағы табиғи ресурстарға, өлкелерге де өзінің ықпалын тигізді. Орталық Қазақстанда 80-жылдары мыс, көмір, әртүрлі металдар өндіретін кәсіпорындардың негіздері қаланды. Көкшетау уезінде алтын өндіру, Қарағанды бассейнінде көмір өндіру қолға алына бастады. Павлодар өңірінде де таскөмір мен мыс өндіруге негіздер жасалды. Бұл кәсіпорындарда орыстармен бірге алғашқы қазақ жұмысшылары да еңбек ете бастады. Қарқаралы уезінде күміс, қорғасын кендерін өңдейтін кәсіпорындар жолға қойыла бастады. Осында мыс балқытатын зауыт та салынды. Спасск кеніші, Успенск зауыты, Қарағанды және Саран көмір өндіру орындары, Зыряновск кеніші тәрізді кәсіпорындар бой көтерді.

Есте сақта! Өнеркәсіптің дамуына Транссібір теміржол магистралі үлкен рөл атқарды.

1896 жылдан бастап Ташкентке апаратын Орынбор теміржолын кеңейту мәселесі қолға алынды. Сібір теміржол магистралінің тармақтарын кеңейту онымен тасылатын тауарлардың көлемін арттырды. XIX ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстандағы кәсіпорындарда жұмыс жасайтын жұмысшылар саны шамамен 3 000 адамнан асып түссе, XIX ғасырдың соңына қарай олар 4 500 адамға арта түсті.

Білімді шыла:

1. Орыс, украин шаруаларын қазақ жеріне қоныстандырудың салдарларын қалай сипаттауға болады?
2. Табиғат байлықтарын игеретін жана өңдеу өнеркәсібінің қалыптаса бастауы қазақ елінің ауылшаруашылығына қалай әсер етті?
3. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты сауда мен қалалардың қалыптасуында қандай көрініс берді?

§ 42. XIX ғасырдың 80–90-жылдарындағы әкімшілік-аймақтық реформалар

Бұл сабақта:

- «Түркістанды басқару туралы ережемен»;
- «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережемен»;
- қазақ даласын басқарудағы енгізілген өзгерістермен танысамыз.

Тірек сөздер

- реформа
- ереже
- Ішкі істер министрлігі
- Түркістан өлкесі

Қазақстанды патшалық Ресейдің түгелдей жаулауы Ресейдің отаршылдық саясатының негізгі бағыттарын айқындай түсуді қажет етті. Енді «Қазақстанды отар ретінде қалай игеру керек?» деген мәселе күн тәртібінде тұрды. Ресейдің бай помещиктері жаңа жерлерді басып алуды ғана ойластырды.

Есте сақта! Ресей кәсіпкерлерінің негізгі мақсаты Қазақстанды аграрлық шикізат базасына айналдыру болды.

Осындай қайшылықты жою үшін қазақ өлкесін басқарудың жобаларын дайындау қолға алынды. 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы таратылып, Орал және Торғай облыстары тікелей *Ішкі істер министрлігіне* бағынатын болған еді. Ал қазақ даласындағы отаршыл әкімшілік мекемелерінің қызметін осы министрліктің Жер бөлімі жүргізетін болып белгіленді.

1882 жылы 18 мамырда *Далалық генерал-губернаторлығы* құрылды. Оған Ақмола, Семей, Жетісу облыстары кірді.

Арнайы комиссия өзінен бұрынғы отарлау жобаларының ерекшеліктерін ескере отырып, Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің жобасын жасайды.

Еске сақта! «Түркістан өлкесін басқару туралы ережеге» 1886 жылдың 2 маусымында қол қойылды.

Бұл ереженің міндеті қазақ өлкесін біртіндеп Орталық Ресеймен біріктіру болды. Нәтижесінде 1886 жылғы ереже негізінде Түркістан өлкесін басқару Орталық Ресейдің басқару жүйесіне көшірілді.

Түркістан генерал-губернаторлығына енді *Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары* кіргізілді. Түркістан өлкесін басқаруды әскери министрлік өзінің қолына алды. Оның басында генерал-губернатор тұрды. 1886 жылғы ереже бойынша Түркістан өлкесін басқаруды орталықтандыру мәселесі Орталық Ресейдегідей жүйеге көшіріле бастады.

Қазақ даласын басқаруды жетілдіру үшін 1887 жылы Ішкі істер министрлігінің арнайы комиссиясы құрылды. Бұл комиссияның мақсаты басқарудың жаңа жобасын дайындау еді. 4 жыл бойы жетілдірілген бұл жоба Ішкі істер министрлігінің бекітуімен Ресей империясының Мемлекеттік Кеңесінің қарауына ұсынылды. Мемлекеттік Кеңесте талқыланған бұл жоба Далалық генерал-губернаторлықты, әкімшілік басқару ісін қайта құруды ұсынған еді.

Есте сақта! 1891 жылы 25 наурызда Ресей императоры «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ережеге» қол қойды.

Бұл ереже бойынша Далалық генерал-губернаторлықтың бұрынғы құқықтары біраз шектелді. Онда облыстық басқару жүйесіне өзгерістер енгізіліп, олар бұрынғыдай азаматтық билікпен қоса әскери және әкімшілік билікті де өз қолдарына шоғырландыратын болды. Ал Жетісу облысындағы әкімшілік басқару жүйесі барлық деңгейлерде азаматтық және әскери билікті өз қолында ұстады. Басқа облыстардағы әскери және азаматтық билік губернатордың қолына шоғырланды. Жетісу және Орал облыстарында губернатор казак әскерлерінің жоғарғы атаманы, Ақмола және Семей облыстарында Сібір казак әскерлерінің атаманы құқына ие болды. Сібір казак әскерлерінің әскери басшылығы генерал-губернаторға бағынды. 1891 жылғы ережеде әскери және әкімшілік биліктің бір қолға шоғырлану принципі басшылыққа алынғандықтан, әскери губернатор дәрежесі Далалық өлкенің барлық облыстық әкімшілігін басқаратын кісілерге берілді.

Есте сақта! 1897 жылы Жетісу облысы Далалық генерал-губернаторлық құрамынан шығарылып, Түркістан өлкесіне берілді.

1898 жылдың 2 мамырынан бастап Далалық генерал-губернаторлықтың барлық облыстарында сот жүйесін реформалауға Ресейдің бұрынғы сот жүйесінің тәртіптері басшылыққа алынатын болды.

Есте сақта! Қазақстан аумағында жүргізілген реформалардың негізгі мақсаты отарлау жүйесін жетілдіру болды.

Жаңа тарихи жағдайға отаршыл басқару аппараты бейімделуі тиіс болды. Мұның өзі отаршыл Ресей үкіметінің саяси мүдделерінен туындап, помещиктік отаршыл мемлекеттің экономикалық қызығушылықтарына толық сәйкес келді.

Білімді шында:

1. Патша үкіметі отаршылдық езгіні күшейте түсу үшін қандай шаралар қолданды?

2. 1886 және 1891 жылдардағы әкімшілік басқарудағы өзгерістерді 1867–1868 жылдардағы реформамен салыстыра талдап, арнайы кесте құрастырындар.

Әкімшілік басқарудағы өзгерістер

1867 – 1868 жылдар	1886 жыл	1891 жыл

3. Отаршыл билік қазақ жеріне сырттан көшіп келгендердің құқығын жергілікті қала тұрғындарымен теңестіру себебі неде деп ойлайсындар?
4. Сот ісіндегі өзгерістердің отаршылдық және саяси бағытын неден көруге болады?
5. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі жұмысшы қозғалысының ерекшеліктері, олқылықтары неден көрінеді?

§ 43. Қазақстандағы сауда қатынастарының дамуы

Бұл сабақта:

- қазақ өлкесіндегі сауда қатынастарындағы өзгерістермен;
- қазақ даласында ашылған жәрмеңкелермен танысамыз.

Тірек сөздер

- жәрмеңке
- тауар
- сауда
- Қоянды жәрмеңкесі
- Қарқаралы жәрмеңкесі

Қазақ даласын отарлауға байланысты сауда ісін жүргізу екі түрге бөлінді. Олардың алғашқысын орыс, украин шаруалары, станция казактары жүргізсе, екінші түрімен қазақ көшпелілері айналысты. Қазақ көшпелілері, әсіресе Жетісу және Оңтүстік Қазақстан аймағындағылар, Қырғызстан аумағынан келетін мал шікізатын Орта Азия өнеркәсіп өнімдерінде орыстар өндіретін тауарларға айырбастаумен айналысты. Мұндай сауданың дәстүрлі орталықтары Орынбор, Троицк, Петропавл, Верный, Семей қалаларындағы *жәрмеңкелерде* дамыды. Оңтүстік аймақтарда Қазалы, Жаркент тәрізді қалалар ішкі сауда-саттықтың негізгі орындарына айналды. Бұларда мал мен әртүрлі өнеркәсіп тауарлары айырбасқа түседі. Сауда-саттық шегаралық аудандарда да кеңінен өркендеп, Қазақстанның Моңғолиямен, Шыңжаңмен шегаралас аймақтарында өріс алды. Қазақстан арқылы өтетін орыс-монғол сауда-саттық ісінің дамуына Ресейдің «Савва-Морозов и сыновья» деп аталатын Мәскеу компаниясы шешуші рөл атқарып, осы бағытта тауарларын көбейте түсті. 1881 жылы Қытай мен Ресейдің арасында жасалған Петербор келісімшартына сәйкес Моңғолияның барлық аймағында салықсыз сауда-саттық жүргізуге рұқсат етілді. Моңғолиядағы сауда орталықтарына баратын көпес керуендері Өскемен және Семей арқылы Қобдаға дейін барды. Ал Қытайдың Цин империясымен сауда-саттық Шыңжанның Чугучак, Құлжа тәрізді қалаларында өрістей бастады. Мұндай сауда-саттықтарға Үржардың, Мақаншының казактары белсене



Әулиеатадағы базар алаңы, «Түркістан альбомы»
(этнография бөлімі, 1872 ж.) фотожинағынан

катысты. XIX ғасырдың 80-жылдарында Шыңжаң мен Жетісу өлкесі арқылы сауда жасау қолға алына бастады. Мұнда Батыс Қытайға мал айдау кеңінен таралды. Қытай өнімдерінің ішінен қазақ өлкесіндегілер Қытай шайын көптеп тұтынды.

Есте сақта! XIX ғасырдың ортасынан бастап сауда-саттықтың өркенденуіне жәрмеңкелер кең ықпал жасады.

Қарқаралы уезінде – Қоянды-Ботов, Ақмолада – Константиновка-Еленовка, Атбасарда – Петров, Ақтөбеде – Ойыл және Әулиеатада – Ойыл, Петропавлда – Тайыншыкөл, Верныйда – Қарқара, Жаркентте – Жаркент, Семей уезінде – Шар жәрмеңкелері жұмыс істеді. Олар өздеріне Ресейден, Сібірден, Алтайдан, Оңтүстік Оралдан, сондай-ақ Цин империясынан, Моңғолиядан көптеген саудагерлерді тартып, сауда-саттықты өркендете түсті.

Есте сақта! 1848 жылы ең ірі жәрмеңкелердің бірі – Қоянды жәрмеңкесі ашылды.

Қоянды жәрмеңкесі Қарқаралыдан 52 шақырым жерде 1 маусымнан 1 шілдеге дейін жұмыс жасады. Оның көлемі 2 шақырым аумақты қамтыды. Бұл жәрмеңкеде мемлекеттік банктің бөлімі, пошта, телеграф жұмыс істеді.



Қоянды-Ботов жәрменкесі

Есте сақта! 1893 жылы 29 қаңтардан бастап Қарқара жәрменкесі өз жұмысын бастады.

Қарқара жәрменкесі орыс императорының шешімімен ашылып, 15 мамырдан 15 шілдеге дейінгі аралықта сауда-саттықты жандандырды. Бұлардағы сауда-саттық тауарлары, негізінен алғанда, мал, шикізат, жергілікті жерлерде өңделген мал терісі, қой терісі, киіз т.б. өнімдер болды. Сонымен қатар Еуропадан шыққан әртүрлі киім-кешектер, ыдыс-аяқтар, ұн, шай, қант, шырағдан, сабын, фарфор және темір бұйымдары саудаға түсті. Жәрменкелерді Азиядан келген кілемдер, жібек маталар мен қағаз өнімдері, кептірілген жемістер толықтыра түсті. Жәрменкелер қазақ халқының мәдени-рухани өмірін насихаттауда да үлкен рөл атқарды. Оларда әншілер мен музыканттар өнер көрсетіп, халық әндерін насихаттады. Палуандар күреске түсіп, ат жарыстары ұйымдастырылды, спортшылар өздерінің шеберліктерін көрсетті. Әсіресе халық ақындарының айпыстары көп адамдарды жинап, елдің көңілін көтере түсті. Жәрменкелерде қолөнершілер мен зергерлер өз өнімдерін көрсетті және сатты. Қазақ халқының мақтанышына айналған Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса Байжанұлы, Майра Уәлиқызы, Әміре Қашаубаев тәрізді дара таланттар өздерінің әншілік және композиторлық өнерлерімен елді аузына қаратты.

Білімді шыңда:

1. XIX ғасырда қазақ даласында сауданың қандай бағыттары дамыды?
2. Жәрменкелер дегеніміз не және олардың қазақтарға қандай пайдасы болды?

§ 44-45. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетімен;
- «Зар-заман» әдеби ағымы өкілдерінің саяси көзқарастарымен танысамыз.

Тірек сөздер

- әдебиет
- зар заман
- ақындар

Әдебиет. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әдебиетінде қазақ халқының азаттық жолындағы күресі ерекше жырланды. Олар Исатай Тайманұлы, Бекет және Есет батырлар, Кенесары мен Наурызбай, Жанқожа және т.б. тарихи тұлғаларға арналды. Суырыпсалма ақындар, жыршылар қазақ халқының ерлік күресін, ержүректігін, батырлар мен қолбасылардың халыққа адалдығын жан-жақты жырға қосты. Сонымен бірге халық өзінің тарихи шығармаларында патша отаршылдарының қолжаулығына айналған, өзінің халқын сатқан хандарды, сұлтандарды және билерді ашық сынады.

Есте сақта! Қазақ жырларының маңыздылығы – оның авторлары тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан тұлғалар болуында.

Қазақтың әдеби шығармаларының тарих үшін маңызы зор. Халық ақындары мен жыршылары қазақ халқының батыр ұлдары туралы тамаша шығармалар туғызу арқылы өткен заманның тамаша дәстүрлерін және тарихи тұлғалардың нақты есімдерін кейінгі ұрпаққа жеткізді.

Есте сақта! Тарихи шығармалар қазақ халқының жаңа ұрпағын тәуелсіздік жолындағы ерлікке, отаншылдыққа, қазақ халқының рухани мұраларын қастерлеуге тәрбиеледі.

Халықтан шыққан аса ірі ақындар қатарында Досқожа, Нысанбай, Шернияз, Шөже тәрізді дарынды тұлғалар, акын-жыраулар болды.

«Зар заман» әдеби ағымы өкілдерінің саяси көзқарастары. Азаттық үшін күресте ерлік көрсеткен халықтың ел қорғау әрекеті акын-жыраулардың шығармасында кеңінен көрініс тапты. Алайда күші өзінен басым отырықшы көрші елмен текетіресте қазақ қанша қайрат көрсетсе де отарлық бұғаудан құтыла алмады. Бес қаруы сай, саны басым, тұрақты әскері бар отаршылар қазақ халқын туған жерден ығыстырып, оның туып-өскен өлкесін тартып алды. Бірнеше ғасыр бойы қан төгіп, жоңғар басқыншыларынан аман сақтап қалған аймақты енді олардан әлдеқайда қуатты патша үкіметі жайлай баста-

ды. Халық құнарлы жерлерінен айырылып, құмды-шөлді аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Көшпелі шаруашылықпен айналысатын халық болашақтан үміт үзіп, қайғы-шерге берілді. Өршіл ақындар мұндай жағдайды өздерінің шығармаларында өкінішпен жырлап, халықтың мұн-мұқтажын білдірді. Олар патша үкіметінің отаршыл саясатын өздерінің жырларында әшкереледі. Жерден, малдан, тәуелсіздіктен қол үзген халықтың ауыр жағдайы, қайғылы көңіл күйі ақындар жырында көрініс тапты.

Есте сақта! Егер жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық қасіреті «Ақтабан шұбырынды» деген атаумен мәлім болса, патша отаршылдығы дәуірі халықтың басына орнаған «Зар заман» ретінде сипатталды.

Бұл – халықтың зары қазақ ақындары жырында айқын көрініс берген кезең еді. Олардың арасында Шортанбай Қанайұлы мен Дулат Бабатайұлының жырлары өздерінің өткір мазмұнымен ерекшеленді. Олар отаршылдық заманын сипаттай келе, оның күші басым жаудың билік жасаған, «жақсы жанынан түнілген, жаман малға жүтінген зар заман» болып табылатынын өздерінің шығармаларында ашық айтты. Халық ақындарын отаршылдардың қысымымен халықтың ата дәстүрінің аяқ асты болуы, ел билеу және басқару үрдістерінің дәстүрлі бағытынан айырылып, отарлау саясатының құралына айналғаны, халықтың еркін және бостандығын қорғаған ерлердің тұтқындалып, жазалауға ұшырағандары қатты ашындырды. Осының бәрі олардың жырларында көркем сөзбен термеленіп, жырға қосылды. Отаршылдардың қазақтың береке-бірлігін, дәстүр-салтын және қалыптасқан әдеттерін менсінбей, аяқ асты етуі халық ақындарының қабырғасын қайыстырды. Олар енді бұрынғы дарқан да жаны жайсаң қазақ халқының адамгершіліктен айырылған қоғамға тап болғанын өкіне сипаттады. Ел арасы отаршыл саясаттың кесірінен бүлініп, мал-мүлік, ақша, қаражат үшін өзара қырқысқан топтар мен тобырлар белең алып, халықтың ынтымағы бұзылды. Міне, осы мәселелер «зар заман» ақын дарының шығармаларынан көрініс тапты.

Есте сақта! «Зар заман» ақындары шығармаларының басты тақырыбы қазақ қоғамындағы отаршылдық саясаттың ауыр салдары мен зардаптары болды.

Сондай-ақ зар заман ақындары өздерінің шығармаларында туған халқына сатқындық жасап, отаршыл жүйеге ықыласпен қызмет етіп, еліне жаулық ойлаған кейбір екіжүзді болыс, старшын, ағасұлтан-дардың әрекеттерін де батыл әшкереледі. Олар елді аздырған,



Шортанбай
Канайұлы

халықтың қайғысын молайтқан, шен-шекпенге сатылған топтың ұнамсыз бейнелерін өздерінің шығармаларында сипаттап, жырлап отырды. Енді осы «Зар заман» ақындарының кейбірінің өмірі мен шығармашылығына қысқаша тоқтала кетелік.

Шортанбай Қанайұлы (1819–1881) – Түркістан қаласында дүниеге келіп, ержеткен шағында Орталық Қазақстанға қоныс аударған және осында бүкіл өмірін өткізген. Қазақ әдебиетінде «Зар заман», «Опасыз жалған», «Бала зары» атты толғаулары белгілі. Бұл шығармалар Қазан қаласының баспасында 1882–1890 жылдары бірнеше рет кітап болып басылған. Отаршылдардың үстемдік жасаған заманын өткір сынға алған, отаршылдық дәуірінің

ашы шындығын толғаған Шортанбайдың шығармашылығы еркінен айырылған қазақтың қасіретті тарихын сипаттайды.

Дулат Бабатайұлы (1802–1874) – Аягөз бен Балқаш алқабын жайлаған елде туып-өскен әйгілі жыршы ақын. Мұсылманша оқып, шығыс классиктерінің еңбектерімен таныс болған, жазбаша сауаты жоғары ақындардың бірі. Дулат ақынның шығармалары біздің заманымызға қолжазба (көшірме) және баспадан шыққан кітапшалар түрінде келіп жетті. Оның 1880 жылы жарық көрген тұңғыш өлеңдер жинағы «Өсиетнама» деген атпен Қазан қаласында баспадан шықты. Дулаттың «Еспенбет» атты ерлікті жырлайтын дастанын 1959 жылы Қазақстанның «Жұлдыз» журналы алғаш рет жариялады. 1990 жылы Дулат ақынның шығармаларының бір тобы біздің елімізде жеке кітап болып басылып шықты.

Ол қазақ ұлдарының отансүйгіш және жауынгер болуын талап етсе, қазақ қыздарының тәрбиелі, әдепті болуын жоғары бағалап, жастарға ой салатын жырлар шығарды. Дулаттың шығармаларында өзі өмір сүрген заманның шындығы бейнеленді. Оның басты тақырыбы Ресейдің қазақ жеріндегі отаршылдық саясатын айыптау және сынау болды.



Дулат Бабатайұлы

Ақын өлеңдерінде патшалық Ресейдің отарлау саясатынан ел ішінің бүлінуін, билеушілердің билікқұмарлыққа салынғанын батыл сынады. Қазақтың өз алдына дербес өмір сүруін көкседі. Оның шығармаларында ел басқару ісіндегі әділетсіздіктер мен ата-қоныстан айырылған елдің ауыр халі ашына жырланды. Өзі өмір сүрген ортадағы орыс отаршылдығының салдарынан қалыптасқан ауыр ахуалды жан-жақты суреттеген Дулат «Зар заман» деп аталған осы кезеннің аса ірі өкілі болып табылады.

Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906). Ол қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Ауыл молдасынан арабша оқып, хат таныған Мұрат шығармаларын қағаз бетіне түсірген. Сонымен бірге халықтық мұраға құрметпен қарайтын ақын ескі жыр кітаптарын іздеп жүріп оқып, жаттап алатын. Мұрат халықтың мұң-мұқтажын, зарын жырлаумен шектелген жоқ, ол елді отаршыл билікке қарсы күреске үндеді. Ерлік туралы дастандар жазды, жалынды жырлар да шығарды. Оның жырларынан ел тәуелсіздігін көксеген, озбырлық атауына наразылық білдіретін ақынның азаматтық үні естіледі. Өзінің шығармаларында Мұрат қазақтың бұрынғы батырларын елге үлгі етіп, көптеген ақын-жыраулардың осы бағыттағы жырларын халыққа таратқан еді.

Шернияз Жарылғасұлы (1806–1867) қазіргі Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында туған. Шешендік өнерге, ауыз әдебиетіне жасынан құмар болған Шернияздың ақындығы ерте оялды. Оның шығармашылығы 15-16 жастан бастап-ақ асқан ділмар шешен ретінде байқала бастады. Ақындар айтысына қатысып, көркемсөздің жүйрігі, дүлдүлі есептеле бастады. Сол кезде қазақ арасына кеңінен танымал болған Абыл, Жылқышы, Нұрым және т.б. ақындармен айтысып, оларды да жеңіп шықты. Ол 1836–1838 жылдары Ішкі Ордадағы көтеріліске қатысты. Қозғалыс басылғаннан кейін де Махамбет Өтемісұлынан қол үзген жоқ. Ол өзінің жырларында халықты Махамбет дәстүрінде үгіттеп, елді Исатай мен Махамбеттің сонынан ілесуге шақырды.

Шернияздың әдебиет саласына қосқан бір жаңалығы – суырып-салмалық өнерін жетілдірді. Кейбір билеуші топтардың оғаш мінездерін мысқылмен әшкерелеп отырды. Махамбет тәрізді Баймағамбет сұлтанмен тілдесіп, оның халыққа қарсы саясатын сынап, жырмен өрнектеді. Халық арасында әділетсіздік танытқан Әлен, Қазы тәрізді билерді сынаған шығармалары да ел арасына кеңінен таралып кеткен.

Анықта! Суырыпсалма ақын деп қандай ақынды айтады?

Шөже Қаржаубайұлы (1808–1895) бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында туып-өскен. Жастай екі көзінен бірдей айырылған Шөже қобыз тартып, өлең айтуға машықтанады. Ол мүгедектіктің зарын шегіп, тұрмыс ауыртпалығын бастан өткізіп өсті. Сондықтан да оның шығармаларында тұрмыстық мәселелер көп қозғалады. Шөже өз шығармашылығында ешқашан да әділдіктің ақ жібінен аттаған емес. Ол халықтың мұң-мұқтажын жоқтап, оның қорғаушысы болуға тырысты. Сондықтан да Шөже билеушілердің, жеке би-сұлтандардың екіжүзділігі мен басқа да ретсіз қылықтарын әшкерелеп отырды.

Нысанбай Жаманқұлұлы (1812–1871) – атақты қазақ жырауы. Ол өзінің «Наурызбай-Қаншайым» дастаны арқылы замандастарына

кеңінен танымал болды. Бұл шығармада автор өзі қатысқан Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының барысын тебірене жырлайды. Кенесарының көптеген жорықтарының куәгері болғандықтан, ол Кенесары мен Наурызбай басқарған соғыстың қалай басталып, қалай өрбігенін, қайғылы жағдайға ұшырап жеңілгенін басынан өткізген және оны өзінің шығармашылығында толғана жырлаған. Ол өзінің осы жырында Кенесарының қайраткерлігін және батырлығын жырға қосады. Кенесарының жан серігі және інісі Наурызбайдың ерліктері де Нысанбайдың жырына арқау болды. Сонымен бірге Нысанбай Кенесарының Қоқанға және оның қол астындағы қырғыздарға қарсы жорығындағы қасіретті жеңілісін күйінішпен көрсетеді. Нысанбайдың жыры ұлттан шыққан тұлғаларды қадірлеудің және құрметтеудің маңызды екенін халыққа түсіндіріп, үлкен танымдық және тәрбиелік мәнге ие болды.

Ізден! Нысанбай жырында Кенесарыға ілескен қандай батырлардың ерліктері жырланады?

Білімді шыңда:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті мен халық шығармашылығының қандай ерекшеліктерін байқадыңдар?
2. Батырлар туралы жырлаған халық акындарының тізімдерін жасап, оларға сипаттама беріндер.
3. Қазақтың айтыс өнерін бейнелейтін шығармалардан үзінділер оқып, оларға баға беріндер.

VI бөлім

ХІХ ҒАСЫР – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ

§ 46. Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүр ерекшеліктері

Бұл сабақта:

- қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерінің ерекшелігімен танысамыз;
- шілдеhana, бесікке салу дәстүрлерінің маңызын білеміз.

Отбасылық дәстүрлер. Отбасылық дәстүрдің ерекшелігі қонақ күтуден, бала тәрбиесінен, келін тәрбиесінен, абысын татулығынан, ағайындық қарым-қатынастан көрініс табады.

Келген қонаққа қазақтар «құдайы қонақ», яғни құдайдың берген сыйы деп қараған. Келген қонақты төрге шығарған. Көрші отырған үйге қонақ келгенін естісе, қонақасыға өз үлесін қосқан.

Ауылға басқа ауылдан жанадан бір отбасы көшіп келсе, сол жерде бұрыннан тұрып жатқан көршілер ол отбасын шақырып «ерулік» берген. Ал жанадан көшіп келген отбасы әбден жайғасып алған соң, көршілерін мал сойып шақырып, оларға «қарулық» берген. Қарулық сыйға-сый, меймандостыққа ықылас көрсету болып табылады. Қазақ халқындағы «ерулікке – қарулық» көрсету көршілер арасын жақындастыру, бірін-бірі жатсынбай араласып тұру мақсатында жасалған.

Жыын-той, аста, қонақ күткенде, сойылған малдың басын жасы, жолы үлкен қадірлі адамға тартады. Ас-тамақтан соң бата беру дәстүрі «ас қайыру» деп аталады.

Бала дүниеге келгенде, қуанышын ағайын туыспен бөлісіп, дастарқан жайып, шілдеhana жасаған. Әулеттің ауылдың әйелдері жиналып, бесікке салу рәсімін өткізген. Бесікке баланы ұзақ жасап, үбірлі-шүбірлі болсын деген ниеттен қарт әже бөлеген. Баланы бөлер алдында бесікті отпен аластап алған. Бесік түбегінен тәттілер тастап, «тыштыма, тыштыма» деп айтып, оны шашу ретінде үлестірген. Бесікті тербеткенде арнайы бесік жырын айтқан. Халық арасында бесік жырының бірнеше үлгілері сақталған.

Тірек сөздер

- қонақжайлық
- шілдеhana
- бесікке салу
- ат қою
- асар жасау

Ізден! Бесік жырының қандай үлгілері бар? Біреуін жатқа айтыңдар.



«Мейірім». Суретші
Ж.К. Мүсәпір



Бесік

Балаға *ат қою* мәселесіне ертеде ерекше мән берген. Балаға ат қою рәсіміне баланың атасы мен әжесі не болған. Бала есімін белгілі, беделді кісілерге қойғызып, батасын алу да жиі ұшырасады. Балаға ат қоярда жақсылыққа ырымдаған немесе белгілі бір мақсат көздеген. Қазақтардың наным бойынша адамның есімі оның болашағына игі әсерін тигізеді. Сондықтан әркім баласына жақсы ат қоюға тырысқан. Ырым етіп бұрынғы батырлар мен ақындар, шешендердің де атын қояды. Қойылатын есім күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, дәстүрлі және қосалқы шаруашылықтарымен, табиғатпен, жер-су аттарымен де байланысты болған. Ислам діні қазақ даласына келген кезден бастап балаға арабша ат қою тарала бастады.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақы дәстүр бойынша келіндер күйеуінің туыстарын өз атымен атамай, жанама аттармен атаған. Күйеуінің туыстарының аты бар сөздерді де айту әдепсіздік болып саналады. Келіндер күйеуінің туыстарына ерекше құрметпен қараған.

Бұл қызық! Қазақтың алғашқы ханының бірі – Жәнібек ханның өзінің түркіше есімімен бірге, Әбу-Сағид, Бу-Сағид деген мұсылманша есімі де болған.

Есте сақта! Бала дүниеге келген соң, оның атын құлағына жақын үш рет қайталап ескертіп айтуды «азан шақырып ат қою» дейді. «Азан шақыру» ислам дәстүрінде таң намазына шақыруды білдіреді.

Ойлан! Абылай хан, Қабанбай батырлардың азан шақырып қойған аттары кім? Олардың аттарының өзгеру себебі не?

Үлкен ұлдары ержетіп, отау тігіп, өз алдына үй болғанда әкесі мал-мүлік, тиісті үлес, яғни *енші* береді. Бұл дәстүр *бөлек шығару* деп те аталады. Енші үйдің үлкен ұлдарына берілген. Кенже ұл әкесі

отырған шаңыраққа ие болып қалған. Әке-шеше тұрған үй «үлкен үй», «қара шаңырақ» деп құрметтелген. Еншіні атасы, әкесі, олар болмаған жағдайда үлкен ағалары бөлген. Қазақ отбасында ержеткен ұлды еншісін беріп бөлек шығару, балалы-шағалы болған соң жүзеге асырылған. Осылайша енші алып, бөлек шыққан ұлы өз алдына «отасу үй» болып отырған.

Қазақтар арасында екі адамның дос-бауыр, яғни тамыр болуы ертеден қалыптасқан. Тамыр болу дәстүрі ертеде кеуделеріне кейде құран қойып, кейде қылыш қойып, құшақ айқастырып, серттесумен бекітілген. Оларды «қияметтік дос», яғни мәңгілік дос деп таныған. Тамыр болған адамдар бір-біріне қонаққа келіп, қалаған затына «қалау» жасайды, олар бір-бірінен көмегін аямаған.

Қазақ халқының өте ертеден келе жатқан ізгілікті салт-дәстүрінің бірі – бата беру. Бата сөз маңызды бір істі бастарда, сондай-ақ басталған іс нәтижелі аяқталғанда үлкен кісілер тарапынан беріледі. Бата берілген кезде айтылған жақсы ниетке түзу тілегіміз қосылсын деп, қол жайып, бет сипайды. Үлкеннен бата алу дәстүрі қазақтар арасында берік сақталып келеді.

Қазақтар қандай да күшті қажет ететін ауыр істі бастағанда асар жасаған. Бір адамның алдында өзінің күші жетпейтін жұмыс тұрса (мысалы, бейіт көтергенде, үй тұрғызғанда, қора сокқанда, арық тазалағанда), онда ол халықты көмекке шақырған. Іс біткен соң, асарға жиналған халыққа дастарқан жайып, ас береді. Көмекке адам жинау «үме» деп те аталған. Көмекке адам жинау үй салғанда, бейіт көтергенде ұйымдастырылады. Асарға немесе үмеге ауыл ақсакалы немесе асарға шақырып отырған әулеттің ақсакалы басшылық жасаған.

Егер адам бір қиыншылық жағдайға душар болса, ағайындары бірігіп, ру болып көмек көрсеткен. Ертеде туыстар арасында көмек сұрау, көмек жинау, көмек көрсету *немеурін, жытулықан, жұртшылық* немесе *жылу жинау* деп аталған.

Ізден! Бұрынғы кезең мен қазіргі кезеңдегі балаға ат қоюда қандай айырмашылықтар бар? Мысал келтір, өз атыңның мәніне түсініктеме бер.

Білімді шыда:

1. Қазақ халқының қонақжайлығын білдіретін қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
2. Баланың дүниеге келуіне орай қандай салт-дәстүрлер атқарылған?
3. Қандай бата сөздерді білесің, олардың мәнін түсіндіріңдер.

§ 47. Қазақ халқының ұлттық ойындары

Бұл сабақта:

- қазақ халқының ұлттық ойындарын білеміз;
- ұлттық ойындар түрлерін талдаймыз.

Тірек сөздер

- «Ақсүйек»
- «Тобық жасыру»
- «Теңге алу»
- «Арқан тарту»
- көкпар
- «Қыз қуу»

Қазақтың ұлттық ойындарының балалар, жастар, ересектер ойнайтын түрлері бар. Балалар ойындары – қуыршақ, асық ойындары, «Ақсерек-көксерек», «Түйе-түйе», «Соқыр теке», «Ұшты-ұшты», «Бестас» т.б. Бұл ойындар балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, алғырлыққа тәрбиелейді. Қазақтар арасында қыз ұзату, үйлену тойлары мен мейрамдарда бәйге, көкпар беріліп, «Қыз қуу», «Күрес», «Аударыспак», «Алтын қабақ ату», «Теңге алу» сияқты ойындар өткізілген.

Бұл маңызды! Ұлттық асық ойыны 2017 жылы ЮНЕСКО қорғауындағы әлемдік мұралар тізіміне енгізілген.

Жастар арасында алтыбақан құрылып, «Ақсүйек», «Сақина салмақ», «Тобық жасыру», «Арқан тарту», «Жамбы ату», «Теңге алу» ойындарының түрлері ойналған. «Тоғызқұмалақ» сияқты ой алғырлығын талап ететін ойындар көбіне үлкендер арасында таралған.

Алтыбақан жуан бақандарды үш-үштен бір басын буып, жоғары жағы белағашпен жалғастырылып жасалады. Бақандардың жоғарғы ашаларына екеуі жоғарырақ, бірі төмен етіліп үш арқан тартылады. Жоғарғы екеуі отыруға арналады, төменгі арқанға табан тіреледі. Қыз бен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан ұстап, үшінші адамның демеуімен тербетіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да, оған басқалары қосылып ән салады. Алтыбақан ежелгі көшпелі елдің бәріне кең таралған.

«*Ақсүйек*» – қыз-жігіттердің түнге қарай, ай сәулесінің жарығымен немесе жағылған от жарығымен ойнайтын ойыны. Ойын жүргізу үшін жіліктің кепкен сүйегін алған. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, өз көмбесін белгілейді. Екі топтың ойыншылары алаңға арқаларын беріп, сапқа тұрады. Ойын бастайтын топтың басшысы сүйекті алысқа лақтырып, қыз бен жігітті сүйекті тауып әкелуге жіберген. Сүйекті кім бұрын тауып алса, сол көмбеге қарай жүгіреді. Қалғандары оны қуады. Ойын жалғасып, қайталанып ойналады. Сүйекті іздеу қыздар мен жігіттердің достасуы үшін ұйымдастырылған. Әрі ойын жастарды қараңғыда бағдарды, мөлшерді айыра білуге, тез, жылдам жүгіруге үйретеді.



Кыз ұзату. Суретші Р. Құлбатыров

«Тобық (асық) жасыру» ойынында әзіл-қалжыны жарасқан жезделері балдыздарына, қайнылары жеңгелеріне, жігіттер мен қыздар бір-біріне ойын-тойда тобық берген. Ойын шартында тобықты алған адам оны сақтап қояды. Екеуі кез келген уақытта жолыға қалса, бірінші ойыншы «Есімде» деп әңгімесін бастағанда екінші ойыншы тобықты көрсетуі тиіс, егер тобықты көрсете алмаса, онда ұтылады. Ұтылған адам ұтқан адамның қалауын орындаған немесе айыбына сыйлық берген.

«Көкпар» ойыны ертеде көкбөрі аталып, кейін көкпар болып өзгерген. Ойынның шартында жігіттер атпен жүріп сойылған серкені тартысады. Топтан серкені алып шыққандар өздері таңдаған адамның үйіне апарып тастайды. Үй иесі көкпаршыларға басқа серке және кәде береді. Көкпаршылардың көкпар тастауы үй иесіне деген құрметін көрсетеді.

Ертеден келе жатқан ат ойындарының бірі – «Кыз қуу». Ойын шарты бойынша атты қызды мәреге жеткенше атты жігіт қуып жетіп, бетінен сүюі керек. Жігіт мәреге дейін қуып жетсе, қыз орамалын сыйлайды. Жігіт қуып жете алмаса, кері қарай қыз жігітті қуып, егер жете алса, қамшымен сабайды. Батыс саяхатшылары Джованни



Көкпар. Суретші Б. Досымов



Қыз қуу



Атжарыс

Плано Карпини мен Марко Поло және Виллем (Гильом) де Рубрук XIII ғасырда осы ойынды Жетісуға келген сапарларында көрген.

Бұл маңызды! «Көкпар», «Қыз қуу» ойындарының басқа ат ойындарынан ерекшелігі – олар тек қуанышты жағдайларда ғана ойналады.

Ал ат ойындарынан «Атжарыс», «Теңге алу», «Аударыспақ» астарда да ойналады. Адам елге сыйлы, танымал болса әрі ұзақ жасап қайтыс болса, оған арнайы *ас* берілген. Мұндай астарда сайыстар мен түрлі ойындар ұйымдастырылған.

Ат жарысы қатысатын аттардың жасына орай *тай бәйге*, *құнан бәйге*, *дөнен бәйге*, *ат бәйге*, *аламан бәйге* деп бөлінеді. Тайлар ең жақын қашықтыққа, ал 5-6 жасқа келген ересек аттар алыс қашықтыққа шабады. Озып келген бәйге аттарына жүлде беріледі.

«*Теңге алу*» (күміс алу) ойыны да ептілікті талап еткен. Ол үшін ат үстіндегі жігіт қатты жылдамдықпен шауып келе жатып, күміс теңге түйілген шүберекті жерден алып үлгеру керек. Егер алса, теңгені ойынға қатысушы олжалайды.



Теңге алу

«*Арқан тарту*» – қазақтың ұлттық ойыны. Ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінеді де, арқанның екі ұшынан ұстап, әрқайсысы өз жағына тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қарсыластарын бұрын сүйреп өткізген жақ жеңген саналып, жүлде алады.

Білімді шыңда:

1. Балалар ойынының қандай түрлері бар және олар қалай ойналады?
2. «Тоғызқұмалақ» ойынының шарттарын анықтаңдар.
3. «Қыз ұзату» немесе «Көкпар» суреттеріне карап, той кезіндегі ойын түрлері туралы эссе жазыңдар.

§ 48. XIX ғасырдың соңындағы халық ауыз әдебиетінің дамуы және хатқа түсірілуі

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдағы халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерімен;
- XIX ғасыр ақындарының патша үкіметінің отаршылық саясатына наразылық білдірген шығармаларымен танысамыз.

Тірек сөздер

- фольклор
- қазақ әдебиеті
- дәстүрлі поэзия
- рухани мұра
- эпос

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ұлт мақтанышына айналған дарынды тұлғалардың дара туындыларының санқырлылығымен ерекшеленеді. Жекелеген тұлғалар халық ауыз әдебиеті дәстүрлерін жаңа туындылармен байытты. Дәстүрлі поэзия XIX ғасырда отаршылыққа қарсы күрес құралына айналды. Ақындармен қатар айтыс өнерінің шеберлері, әнші-сазгерлер, кисса орындаушы жыраулар дәстүрлерін жалғастырып, олардың барлығының туындысы халық өмірімен, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен байланысты өрбіді.

Айтыс өнері. Ақындар айтысы – қазақтың ертеден келе жатқан өнер түрлерінің бірі. Күні бүгінге дейін айтыс өнері қазақ халқының рухын көтеріп, сезімін қорғауда және дәстүрлі тәрбиені дамытуда үлкен рөл атқаруда.

Есте сақта! Айтыс өнері үлкен дайындықты қажет етті. Айтысқа түсетін ақын табиғи талантпен бірге шешендікті, поэтикалық шеберлікті терең меңгеріп, халық өмірін терең білуі тиіс.

Суырыпсалма сөздің шебері – айтыскерлер де күнделікті тұрмыс аясындағы тірлік пен заманның ащы шындықтарын ортаға салып отырды.

Қазақтың айтыс өнерін өркендетуге үлкен үлес қосқандар қатарында Шөже, Жанак, Шортанбай, Орынбай, Сүйінбай, Шернияз, Біржан тәрізді ақын-жыраулар елге кеңінен танымал. Қазақ қыздары арасында да Сара, Ұлбике тәрізді тарихи тұлғалар айтыскер ақындар ретінде халық құрметіне бөленді. Әсіресе айтыс өнерінің майталманы ретінде Жамбылды атап көрсеткен жөн. Оның Құлмамбетпен, Шашубаймен айтыстары теңдесі жоқ поэтикалық шеберліктің үлгісі болып табылады.

Ізден! Қазақ халқында айтыс өнерінің қандай түрлері таралған?

Қай заманда да айтыс өнерінің негізгі мәселесі қоғамдағы қайшылықтарды сынау, халық мүддесіне қарсы әрекеттер жасаған ел ағаларын тәрбиелеу, халыққа жақындату болды. Эпикалық айтыстарда қалжыңмен қағыту, әзіл-оспақтар айту, әртүрлі жұмбақтар айту көп кездесті.

Біржан, Мұхит, Әсет, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сияқты әрі сазгер, әрі ақын тұлғалар қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Марабай, Абыл, Жанак, Нұрым, Шөже, Мұрын, Ығылман сияқты жыршы-жыраулар халық ауыз әдебиетінің тамаша дәстүрлерін жалғастырып, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Шора батыр», «Қырымның қырық батыры», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан» сияқты қазақтың эпостық шығармалары жазып алынып, хатқа түсірілді. XIX ғасырда қазақ әдебиетінің батырлық және лирикалық эпостары шығыс әдебиеті сюжеттеріне құрылған қисса, дастандармен толықты. Ертеден ауызша тарап келе жатқан қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері – *ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, дастандар, жырлар* хатқа түсірілді. Ертегілер, аңыздар, Шығыс әдебиеті сюжеттері бойынша жазылған дастандарды жинап, бастырып шығаруға Жүсіпбек Шайхысламов, Ақылбек Сабалов, Шәді Жәңгіров, Мәулекей Жұманшықов, Кашафуттин Шахмарданұлы көп еңбек сіңірген. Қазан баспасынан Дулаттың «Өсиетнамасы» (1880), Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» (1896), Шортанбайдың «Баланың зары» (1890) өлеңдер жинағы жарық көрді.

Қазақ жеріне келген орыс зерттеушілері, саяхатшылары, әскери зерттеушілер қазақтардың тұрмысы, өмір салтымен қатар, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, хатқа түсіріп, баспадан шығаруға зор көңіл бөлді. Аса көрнекті түркітанушы ғалым В.В. Радлов өзінің он томдық шығармалар жинағының «Түрік тайпалары қазақ халықтық әдебиетінің үлгілері» деген үшінші томын толығымен қазақ фольклорына арнаған. В.В. Радлов қазақ халқының поэтикалық туындыларына тәнті болған. Көрнекті ғалым, зерттеуші Г.Н. Потанин де қазақ фольклорын жинаумен, жариялаумен жүйелі түрде айналысты. Әбубәкір Диваев та қазақ ауыз әдебиеті, тұрмыс-салт жырларының үлгілерін жинап, жариялап отырған. Бірқатарын орыс тіліне аударды.

Білімді шыңда:

1. XIX ғасыр ақындарының бірінің шығармасы бойынша эссе жазыңдар.
2. XIX ғасырдағы ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері кімдер болған?

§ 49. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері

Бұл сабақта:

- Махамбет Өтемісұлының жорық жырларымен;
- Сүйінбай Аронұлы, Әбубәкір Кердері шығармашылығымен танысамыз.

XIX ғасырда қазақ әдебиеті қоғамның рухани өмірінде елеулі рөл атқара бастады, осы заманғы әдебиет қайраткерлерінің шығармашылығы отаршылық саясатты сынауға, бостандық, тәуелсіздік үшін күреске шақыруға бағытталып, қоғамның шынайы мәнін айқын көрсетті. Мұның өзі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің идеялық бағытын белгілеп берді.

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында туған. 1836–1837 жылдардағы Исатай батыр бастаған шаруалар көтерілісі көсемдерінің бірі болған.

Тірек сөздер

- Махамбет Өтемісұлы
- Сүйінбай Аронұлы
- Әбубәкір Кердері

Еске түсір! Исатай мен Махамбет көтерілісі қай жерлерді қамтыды?

Көтеріліске тікелей қатысып, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілектерін ұғынып, оны өз өлеңдеріне арқау етті.

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім, –

деп, Махамбет Исатай Тайма нов бастаған халық-азаттық көтерілістің мақсатын шабыттана айқын көрсетеді.



Махамбет Өтемісұлы

Ойлан! Не себепті Махамбет өлеңдерін көтеріліс ұраны дейміз?

Көтерілістің күрес жолдары «Ереуіл атқа ер салмай», «Соғыс», «Алайма, сұлтан, алайма!», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай» атты өлеңдерінде шебер суреттеледі. Махамбеттің «Мұнар да, мұнар, мұнар күн», «Жәңгірге айтқаны», «Қызғыш құс» өлеңдерінде азаттық жолында Исатайдың қаза табуына байланысты күйзелісі мен жауға деген кегі айқын байқалады. Махамбет көтерілістің жалынды жыршысы ғана емес, Исатайдың сенімді серігі болды. Ол жауынгерлерге жалынды өлеңдерімен жігер беріп отырды.



Махамбет ескерткіші.
Атырау қаласы



Сүйінбай ескерткіші.
Талдықорған қаласы

Өзінің өлеңдерінде жастарды шынығуға, беріктілікке, қайтпас қайсарлыққа шақырады. Ер адамның бойындағы жалтақтық пен қорқақтық мінезді айыптап, оны туған халқы мен ағайынға салқындықпен қарау, қасиетсіз болу деп айыптайды және оны кешірілмес күнә деп санайды. Махамбет өз толғауларында тәрбие мәселесін халықтың абыройы жолындағы күреспен ұштастырып, ұрпаққа мақсат-мұраттың, мүдденің әлеуметтік мәнін ашуға тырысады. Билік басындағы хан-сұлтандарға ойын тайсалмастан батыл айтатыны, халықтың мұң-мұқтажын жеткізуі – акынның ержүректігінің дәлелі. Махамбет қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресін жырға қосып өтті.

Сүйінбай Аронұлы (1815–1898) қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ деген жерде дүниеге келген. Акын халықтың мұң-мұқтажын, ой-армандарын, мақсат-мұраттарын өлеңмен жеткізген. Халықтың мүддесіне қызмет еткен ол жеке-басының қамын ойлайтындарды қатты сынға алады. Акын адам бойындағы мінез-құлықтардың сан қырларын, жақсы, жаман тұстарын, адамның жан дүниесінің әркілі тебіреністерін шебер суреттеген. Тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге толы идеялары оның «Нақылдар», «Әділеттік арнасы», «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» сияқты өлеңдері мен толғауларында суреттеледі.

Әбубәкір Кердері (1858–1912) өлеңдерінде отаршылдық дендеген «зар заманның» тууына байланысты қоғамдағы, адамның өміріндегі келенсіз құбылыстарды жырға қосқан. Ата дәстүрінен алшақтау, әділетсіздік, күншілдік, өтірік айту, жастардың әдепсіздігі, үлкенді сыйламау, кері тартушылықты сынға алады. Акын ақыл-ойдың жетілуін, оқу-білімді игеруді, қоғамның үйлесімді дамуын насихаттады.

Білімді шыла:

1. Махамбеттің шығармаларын оқи отырып, оның өмір сүрген ортасы мен кезеңіне сипаттама беріңдер.
2. XIX ғасырдағы ауыз әдебиетінің басқа қандай өкілдерін білесіңдер, олардың шығармаларын атаңдар.

§ 50. XIX ғасырдағы қазақтың күй өнері

Бұл сабақта:

- Құрманғазы күйлерінің негізгі желісімен;
- қазақтың күй өнерінің дамуымен танысамыз.

XIX ғасыр қазақ музыка өнерінің де гүлденген дәуірі болды. Бұл кезеңде өмір сүрген қазақтың сазгер-әншілері мен күйшілерінің шығармалары халықтық музыканың негізін қалады. Халық композиторларының барлығы дерлік хат танытын, кейбірі орыс, араб тілдерін меңгерген, өз заманының білімді адамдары еді. Осы заманғы сазгерлердің шығармаларында өмір қайшылығы, тұрмыс-тіршіліктің көрінісі, қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік мәселелері, адамдардың күнделікті тұрмысындағы оқиғалары, махаббат, қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны айқын бейнеленді.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1806–1879) Бөкей ордасының Жиделі деген жерінде туылған. Ол бала күнінен естіген күйлерін өздігінен үйрене бастаған. Осылайша күйшілік өнерге біржола ден қоюы арқасында кәсіби күйші атанды. Оның алпыстан астам күйлері бар және кей күйлерінің бірнеше нұсқасы белгілі. Көркемдік әсерлігі мен мазмұндылығы жағынан кемел туындыларға айналған күйлері бұл күнде де жиі орындалады. Құрманғазының күйлерінде өмір шындығы суреттеледі, олар өмірбаяндық шығармалар іспеттес. «Кішкентай» күйін Исатай Тайманов көтерілісіне арнаған. Бұл күйдің тақырыбы «жеңіске керек күш аз болды» дегенді білдіреді. Көтерілістен жеңіліс тапқан халықтың күйінішке толы үні естіледі. «Балбырауын» күйінде халық мерекесі, «Сарыарқа» күйінде ұлан-байтақ даланы, «Кісен ашқан» күйінде халықтың қайғылы тағдырын бейнелейді. Құрманғазы күрес рухына толы шығармалары үшін байлар, патша шенеуніктері тарапынан қуғындалып, абақтыға камалған.

Дәулеткерей Шығайұлы (1820–1887) – қырыққа жуық күй шығарған көрнекті композиторлардың бірі. Дәулеткерейдің «Жігер», «Бұлбұл», «Керілме» т.б. күйлері лирикалық, әсем нақышқа толы. «Желдірме» т.б. күйлерінде халықтық рухтың айқын көрінісі берілген.

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815–1862) – XIX ғасырдың аспаптық музыкасына елеулі үлес қосқан, шертпе күйлер шығарып, оны орындаушы ретінде танылған композитор. Тәттімбет «Саржайлау», «Сарыөзен»

Тірек сөздер

- музыка
- күй
- сазгер



Құрманғазы
Сағырбайұлы



Құрманғазы ескерткіші,
Атырау облысы



Ықылас Дүкенұлы мемориалы,
Жамбыл облысы

күйлерінде өзінің туған өлкесінің табиғатын, «Ерке атан», «Бозайғыр» т.б. күйлерінде төрт түліктің мінез-құлықтарын суреттейді.

Ықылас Дүкенұлы (1843–1916) – кобызға арналған шығармалардың қалыптасуына зор ықпал еткен талантты сазгер. Әкесі Дүкен кобыз тартқан, аталары жыршы, бақсы болған. Қобыз бақсылардың сарын орындайтын аспабы болғанын ескерсек, кобыз тарту Ықыласқа ата-бабаларынан берілген қасиет екеніне күмән жоқ. Ықылас әкесінің өнерін жалғастырумен қатар, кобыздың үнін анағұрлым жетілдіріп, кобызға арнап бірегей шығармалар шығара бастады. Оның эпикалық аңыздар негізінде шығарылған «Қорқыт күйі», «Қамбар күйі», «Қазан күйі» сияқты туындылары кеңінен танымал. «Жарым патша», «Бес төре» сияқты күйлерінде патша шенеуніктерін сынаған, «Жалғыз аяқ», «Жезкіік» атты күйлеріне халықтың тұрмыс-тіршілігі арқау болған. Ықыластың күйлері көркемдік деңгейі жағынан аса жоғары бағаланған.

Сарымалай (1835–1885) сыбызғыға арнап классикалық күйлер шығарумен қатар, аса шебер орындаушы ретінде танылған. Шын аты – Садық, бала күнінде байдың малшысы болып, Сарымалай атанып кеткен. Сарымалай

сыбызғы тарту өнерін әкесінен үйренген. Ол эпос, аңыз-әңгімелер, ертегілер желісі бойынша бірқатар күйлер шығарған. Сарымалайдың «Қоңырқаз» деген күйі «Қыз Жібек» жырының желісі бойынша шығарылған. Онда Қыз Жібектің түсіне енген қоңыр қаздың қайғылы қаңқылынан Төлегеннің қазаға ұшырағанын сезгенін суреттейді. «Нар идірген» күйінің желісі қарт адам мен оның қызын аштықтан өзінің сүтімен сақтап қалған інген туралы. Ал «Қоңыр бұқа» күйінің желісі жау айдап әкеткен спырларды туған ауылына қайтып әкелген бұқа жайлы оқиғаға құралған.

Білімді шында:

1. Күй өнері және күйшілер туралы не білесіңдер?
2. XIX ғасыр күйшілерінің күйлерін, әнші-сазгерлерінің әндерін тыңдап, алған әсерлерімен бөлісіңдер.

§ 51. XIX ғасырдағы қазақтың ән-саз өнері

Бұл сабақта:

- XIX ғасыр ән-саз өнерінің көрнекті өкілдерімен;
- XIX ғасыр қазақ ән-саз өнерінің ерекшелігімен танысамыз.

Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) қазіргі Ақмола облысында дүниеге келген. Бала күнінен өлеңге, ән мен жырға әуес болып өседі. Табиғатынан сұлулыққа інкәр акын жүрген жерін той-думанға бөлеп жүреді. Сол себепті халық арасында «сері» деп атанған. Ақан сері – ақындығымен, әншілігімен, сазгерлігімен бүкіл қазақ жеріне танылған өнер иесі. Оны кезінде қазақтың әйгілі өнер иелері – Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Құлтума сынды атакты сал-серілер аса жоғары бағалаған. Ақан серінің Ақтоқтымен айтысы – «Қыз бен жігіт» айтысының ерекше үлгісі. Сонымен қатар оның Жүсіп төре, Орынбай, Нүкей, Нұрғожа т.б. ақындармен айтыстары сақталған. Ақан серінің философиялық ой-толғамдарға толы шығармалары қазақ халқының классикалық өнерінің алтын қорын құрап, өшпес мұраға айналып отыр. 40-тан астам әсерлі, сазды әндері сақталған. Оның әндерінің желісінде күнделікті өмірдің күрделі әлеуметтік мәселелері бейнеленеді. Ақан серінің «Балқадіша», «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Ақ көйлек», «Құлагер», «Маңмангер» т.б. әндері өзінің өмірімен байланысты туындаған.

Тірек сөздер

- әнші
- рухани мұра
- Біржан сал
- Ақан сері



Ақан сері

Ізден! Сал-сері деп кімдерді айтқан? Олардың басқа ақын-жыраулардан қандай ерекшеліктері болды?

Біржан сал Қожағұлы (1834–1897) – ақын, әнші, сазгер ретінде ғана емес, туған өлкесінің ән өнерін кеңінен меңгерген әрі сал-серілікпен танылған тұлға. Біржан алғаш ауыл арасында ән салып жүрсе, кейін өзі де ән шығара бастайды. «Шідер», «Жанбота», «Көлбай-Жанбай», «Адасқак» т.б. әндері әлеуметтік мазмұнымен құнды. «Ләйлім шырақ», «Қаламқас» т.б. әндерінде сұлулықты, нәзік сезімді жырлайды. Адамның мінез-кұлқы, жай-күйі, ғашықтық сезімдері, өмірге көзқарастары сипатталған әндері халық арасында кеңінен таралды. 1865 жылы Абай Құнанбайұлымен кездесуі оның әнші-сазгерлік қасиетінің дамуына үлкен әсер етті. 1871 жылғы Сара



Біржан сал ескерткіші.
Ақмола облысы



Жаяу Мұса ескерткіші.
Астана қаласы

Тастанбекқызымен айтысы айтыс өнерінің озық үлгісіне айналды.

Жаяу Мұса Байжанұлының (1835–1929) шығармашылығы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ музыкасында үлкен құбылыс болды. Алғашында ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Омбыға кетеді. Сырнай, скрипкаға қосып қазақ, орыс, татар әндерін айтып үйренеді. Жалған жала жабылып, соның кесірінен сотталады. Ресейде әскер құрамында болып, кейін еліне келеді. Елінде дұшпандары ізіне түсіп, астындағы атына дейін тартып алғандықтан Жаяу Мұса атанады. Әншілік пен сазгерлік өнерінің арқасында 60-тан астам ән жазып қалдырды. Жаяу Мұса әндерінде болашақтың қуанышты күндері, өз Отанының жарқын келешегі, туған жердің көркемдігі, әсемдік, сұлулық, әділдік, халық бақыты суреттеледі. Ал өзінің өмірі туралы толғаған әндерін сырлы, мұнды, шерлі, қайғылы әуендермен жеткізеді.

Мұхит Мералыұлы (1841–1918) – аса көрнекті композитор-әнші. Шығармашылығынан Батыс Қазақстанға тән халық әндерінің ерекше нақыштары байқалады. Мұхит шығармашылығының негізгі дені лирикалық жанрдан тұрады. Оның әндері өмірге, адамға, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге толы. Ал «Бала Ораз» әні қайғылы оқиғаға негізделіп жазылған. Онда кедей жылқышы мен бай қызының бір-біріне ғашық болғаны, екеуінің де қаза болып, бақытсыз аяқталған махаббаты жырланады.

Білімді шыңда:

1. Сал-серілер туралы не білесіңдер?
2. XX ғасырдағы қазақтың сазгер-күйшілерін және олардың шығармаларын кестеге түсіріңдер.

§ 52. Қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары

Бұл сабақта:

- қазақ халқының ішекті, үрмелі музыкалық аспаптарымен;
- қазақ халқының соқпалы және шулы-сылдырлы аспаптарының түрлерімен танысамыз.

Қазақтың музыкалық аспаптары – ғасырлар бойына ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған мәдени мұра. Оның *ішекті, үрмелі, ұрмалы-соқпалы* сияқты түрлері бар.

Домбыра – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы. Домбыраның көне түрі «танбура» деп аталған. Танбуралар екі және үш ішекті болған. Екі ішекті танбуралардың перне саны бесеу болып келеді, басында біріне-бірі қарама-қарсы немесе мойынның бір жағында ғана екі құлағы, құлақтан сәл төмен ішектер үшін кетігі бар тиек орналасқан. Домбыраның шегі қойдың немесе ешкінің ішегінен бұралған. Домбыраның сүйегі әбден кепкен терек, қарағаш, жаңғақ, жиде, балқарағайдан шабылған.

Домбыраның құрылысы бас, мойын, шанақ, құлақ, ішек, перне, тиек, ойық, қакпак, түйме деген басты бөліктерден тұрады.

Шерттер – екі немесе үш ішекті саз аспабы. Ағаштан бітеу ойылып, шанағы терімен қапталады. Домбыра тәрізді ойналады.

Қобыз немесе *қылқобыз* – қазақтың ертеден келе жатқан ішекті аспабы. Ертеде бақсылар қобызды адам емдеуде жын шақыру, сарын орындау үшін қолданған. Қорқыт атаның күйлері қобыздың сүйемелдеуімен дүниеге келген. Дәулет бақсы, Табынбай қобызшы

Тірек сөздер

- домбыра
- қобыз
- жетіген
- сазсырнай
- даңғыра
- шаңқобыз
- сыбызғы
- дабыл



Домбыра



Қобыз



Адырна



Жетіген



Шаңқобыз, сыбызғы және сазсырнай



Желбуаз

«Тәңірі күй», «Қорқыт күй» сарындарын қобызға қосқан. Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш мирас еткен – атақты бағаналы Қойлыбай бақсы.

Ізден! Нарқобыз бен қылқобыздың айырмашылықтары неде?

Есте түсір! Қорқыттың қобызбен тартылатын қандай күйлері бар?

Адырна – шанағы қуыс, беті көн терімен қапталған, іліп-шертіп тартатын қазақтың көпшекті байырғы музыка аспабы. Адырнаның ішегі шуда жіптен, тарамыстан тағылатын болған.

Жетіген – жеті ішекті көне саз аспабы.

Көне жетігенде құлақ болмаған. Ішектердің астына екі жақ шетінен асық қойылған. Аспап осы асықтарды жылжыту арқылы күйге келтірілетін болған. Даусын көтеру үшін асықтарды ішектердің екі жақ басынан ортасына қарай жақындатқан.

Шаңқобыз – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар, түркі халықтары арасында кең тараған көне аспап. Шаңқобыздың сирек кездесетін түрі – үйенкі, қайын, жеміс ағаштарынан жасалатын ағаш шаңқобыз. Ертеде шаңқобыз кішкентай балалар мен әйелдердің аспабы болған. Шаңқобызға арналған «Қыз ұзату», «Қыз зары», «Қыз мұңы», «Шаңқобыз толғауы» сияқты шағын күйлер болғаны белгілі.

Сыбызғы – үрмелі аспап. Сыбызғы бақташылар арасында кең тараған. Көбіне сыбызғы күйі сазды болып келеді.

Желбуаз – қазақ халқының көне саз аспаптарының бірі. Іші қуыс болып, тұтасымен көн теріден жасалады. Екі не үш жеріне дыбыс беретін ұзынша қамыстан түтікшелер орнатылады. Түтіктің аузында

тілшесі, бекітетін тығыны болады. Мойынға асып алуға ыңғайлы арнайы қайыс бау тағылады. Орындаушы желбуазды қолтыққа қысып, түтіксырнайдың ойықтарын басып әуендетеді.

Сазсырнай – үрмелі аспап. Саз сырнайдың түпнұсқа үлгілері археологиялық қазба жұмыстары кезінде 1968 жылы Шымкент облысындағы Темір ауылынан, 1978 жылы Түркістандағы Отырар қаласының көне орны мен А. Ясауи кесенесі төңірегінде табылды. Аспап сапалы сазбалшықтан иін қандырып әбден илеген соң, қызып тұрған пешке күйдіру арқылы жасалған.

Ауызсырнай – музыкалық аспап. Қайыңның сырты қатқыл қабығын аршып тастап, діңіне таяу жеріндегі биязы тозын алып, үлкендігін бас бармақтай етіп пішіндеп, содан кейін оны екі бүктеп, доға тәріздес етіп жасайды. Кесілген жағын ерінге қыстырып үрлеу арқылы дыбыс шығарылады.

Дабылды-соқпалы және шулы-сылдырлы аспаптар – көне музыкалық аспаптар топтамасы. Олардың пайда болу негізін сараласак, көпшілігі әуелде қорғаныс қару құралдары ретінде пайда болып, кейін түрлене келе музыкалық мақсатқа, би қимылдарын сүйемелдеуге қолданыла бастады. Бұлай даму жалпы барлық халықтардың музыкалық аспаптарына тән.

Дабыл – ұрмалы көне музыка аспаптарының бірі. Дабылдың шанағы ағаштан шеңберлеп иіліп жасалады. Ағаштың іш жағына май сіңіріп, ыстап, тері керілген. Көлеміне қарай дабылдың шанағына түгінен тазартылған ешкінің немесе түйенің терісі пайдаланылған.

Даңғыра – соқпалы-шулы аспап. Даңғыра жасауға ағаш және мал терісі қолданылады. Шанағы дөңгелек шеңбер етіп жасалып, бір жақ беті терімен қапталады.

Дауылпаз – казак халқының ұрып ойналатын көне саз аспабы. Ертеректе бұл аспап соғыс құралы ретінде айбар беріп, қыр көрсету



Дабыл



Даңғыра



Дауылпаз



Дудыга



Асатаяк

үшін қолданылған. Оны жорықтарда әскербасылар мен жеке батырлар ұстайтын болған. Дауылпаздың шанағы өзегі алынған сырты жұмыр бітеу ағаштан ойып жасалған. Беті әбден иленіп, кепкен шыңылтыр терімен қапалады.

Дудыга – қазақтың саз аспабының ұрмалы аспаптар тобына жататын көнеден келіп жеткен бір түрі. Дабыл тәріздес, екі жағына тері керілген, дөңгелене біткен басы мен ұзыншалау келген тұтқасынан тұрады. Басында жіпке немесе қайыс таспаға тағылған, ағаштан немесе сүйек, мүйізден жасалған тобық тәрізді екі қакқышы бір-біріне қарама-қарсы ілінген.

Дудығаны аң-құс т.б. түз тағыларын үркіту үшін қолдануға болады. Ертеде әскербасылар мен жеке батырлар ұстаған қасиетті аспап болып саналған.

Дүңгіршек – көне саз аспабы. Құм мен сазбалшықты араластыра отырып жасалған бұл аспаптың Түрік қағандығы дәуіріндегі (VI–VIII ғғ.) түпнұсқа үлгісі алғаш рет 1970 жылы Тараз қаласы орнынан археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған. Қазбадан табылған үлгісінің үлкендігі қаздың жұмыртқасындай, жалғыз дыбыс ойығы бар, ішіне сылдырлы үн беретін ұсақ домалақ тас моншақтар салынған.

Асатаяқ – қазақтың дәстүрлі саз аспабы. Санкт-Петербургтегі Эрмитаж қорында 1932

жылы Талас алқабы өңірінен табылған, ертеде қолданылған руна жазулы асатаяқ сақталған. Асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстаған. Олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Оларды ырғактатып, сілкіп, шайқап ойнайды.

Білімді шында:

1. Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлері мен ұлттық ерекшеліктері туралы не білесіңдер?
2. Ішекті аспаптардың қазақ музыка өнеріндегі орны қандай?

§ 53-54. XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісі

Бұл сабақта:

- діни білім беру және жадидшілдік жөнінде;
- Жәңгірдің ағартушылық қызметі жөнінде оқып білеміз.

Тірек сөздер

- білім беру
- ағарту
- діни білім
- жадитшілдік
- молдалар

Мұсылмандық білім беру жүйесі. XIX ғасырдың екінші жартысында казак ауылында балалар әдеттегіше мұсылман мектептері мен медреселерде оқып білім алды. Бірақ бұл патшалық отаршыл әкімшілікті қанағаттандыра қойған жоқ. Патша үкіметі аймақта мұсылман мектептерінің ашылуына жол бермеуге тырысты және бұны қатаң бақылауға алды. Діни мектептер мен медреселерде балаларын оқытқысы келетін қазақтар отаршылдық органдар мен мекемелерден рұқсат куәлігін алуы тиіс болды. Мектептер мен медреселерде балаларын ескертусіз оқытқан қазақтар әкімшілік органдарына айыппұл төледі. Осындай шектеулерге қарамастан жер-жерлерде, ислам дінінің ықпалы күшті болған оңтүстік облыстарда мұсылман мектептері бұрынғысынша ашыла берді. Қазақ балалары жаздыгүні киіз үйлерде, ал қыста жертөлелерде оқып білім алды. Кейбір ауқатты адамдар қайырымдылық негізде киіз үйлерді мектеп пен медресеге берді. Медреселер тұрақты тұрғындары бар және мешіттер жұмыс істейтін белгілі бір елді мекендерде жұмыс жасады. Медресенің үй-жайларын дін жолын ұстанған немесе қайырымдылық жасауды мақсат ететін адамдар салып беріп отырды. Сыртқы түрі жағынан олардың басқа қазақ үйлерінен айырмашылығы болған жоқ. Қалалық жерлерде қалалық мектептер үлгісімен салынған медреселер



Бала оқыту. Суретші Н.Г. Хлудов

де болды. Мысалы, мұндай медреселер Семейде, Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Көкшетауда балаларды оқытты. Оңтүстік қалалардағы медреселер Орта Азиялық оқу орындарына, ал солтүстік пен батыстағы медреселер татар медреселеріне ұқсас болып келді. Бұл медреселердегі негізгі оқу құралы «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды. Құран оқумен қатар, татар және араб тілдеріндегі кітаптар бойынша ислам дінінің негізгі қағидалары, басты ғұрыптың ережелері оқытылды. Мектептерде көбінесе 8–17 жасқа дейінгі балалар білім алатын. Ал медреселерде мектепте білім алған және өзінің білімін одан әрі тереңдетуді қалайтын адамдар оқыды. Медресенің оқушылары «талиб-улам» (білімге ұмтылушыл ар немесе шәкірттер) деп аталатын еді.

Есте сақта! Медреселерде араб филологиясы, мұсылман дінінің негізгі қағидалары, дін философиясы, араб және парсы тілдерінің негізі оқытылды.

Медресеге оқытушылық жұмысқа дін жолын ұстанушылардың ұсынысымен үкімет органдарында бекітілген *молдалар* сабақ берді. Бұл молдалар әрі мешіттерде де дін қызмет атқаратын еді. Молдалар білімдерін Бұхарада оқып жетілдірген. Сонымен бірге Қазақстанның батыс және солтүстік облыстарындағы медреселерде татар медреселерінде оқыған молдалар сабақ берді. XIX ғасырдың соңына қарай қазақтар Орал мен Еділ бойындағы елді мекендерде татар медреселеріне ден қоя бастады. Медреселер – қазақ халқына дәстүрлі білім алу жолымен рухани тұрғыдан үлкен тәрбие беретін ағарту орындары еді. Алайда патша әкімшілігінің бұл оқу орындарына ұстанған жағымсыз көзқарасы және үздіксіз қысымы біртіндеп медреселердің беделін түсіріп, орыс гимназияларының абыройын арттыра бастады. Отаршыл әкімшілік шенеуніктерінің көздегендері де білім беру саласын осындай бағытқа бұру еді.

Білімін жалғастыру үшін аukatты ата-аналар балаларын Бұхар, Самарканд, Хиуа, Ташкентке жіберіп отырды. Олар да араб тілінде білімдерін жетілдірді. Ертеден дамыған араб философиясын меңгерді. Біртіндеп ірі медреселерде орыс тілін, арифметиканың төрт амалын үйретті, география пәнінен де мәлімет беретін болды.

Жәдитшілдік. XIX ғасырдың 90-жылдарына қарай мұсылман оқу орындарының саны өсе бастады. Мұсылман мектептері мен медреселерін Орынбор муфтилігі де тікелей қадағалап отырды.

XIX ғасырдың аяғында түркі халықтары арасында жәдитшілдік қозғалысы жандана түсті. Бастапқыда Қырым, Еділ бойы татарларының арасында қалыптасқан бұл қозғалыс, кейіннен Орта Азиядағы барлық түркі халықтары арасында жалғасын тапты. Жәдитшілдіктің өкілдері қоғамдық өмірдегі рухани тоқыраушылықты сынға алды және өздерінің

ағартушылық бағыттағы күресін патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағыттады. Жәдиттік қозғалыстың жандануы «жаңа әдісті» мұсылмандық медресе, мектептердің көптеп ашылуына алып келді. «Жаңа әдісті» жақтаушылар жаңа оқу бағдарламасына география, тарих, есеп, жаратылыстану, орыс тілі сияқты пәндерді енгізуді қажет деп тапты. Жалпы, жәдитшілер халықты «еуропалық оқу жүйесінде» оқытуды қалады.

Есте сақта! Жәдитшілдік (араб сөзі – жаңа әдіс) – XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында түркі тілдес мұсылман халықтары арасында өріс алған мәдени-ағартушылық қозғалыс.

XIX ғасырдың соңында бұл жоба татар медреселерінде кеңінен қолданылды және Қазақстанда ашылған мұсылман оқу орындары да осы жоба тәртібіне бағындырылды. Жәдиттік қозғалыстың көш-басшыларының бірі И. Гаспринский оқу орындарында діни сабақтармен қатар, жағрафия, математика, тарих, биология сияқты пәндердің аса қажеттігін дәлелдей отырып, ескі қадимшілдіктен жаңа жәдитшілдікке көшуді ұсынып, «Тәржіман» газеті арқылы осы жолды насихаттады. Ол өз идеясын Ресейдегі түркі халықтарының арасында таратып, жәдитшілдік қозғалыстың жандануына үлес қосты.

Еділ-Орал аймағы татарлары жәдитшілдік идеялардың негізгі таратушылары болды. Олар мектеп ашу, оқу құралдар мен жабдықтарды сатып алу, кедейленген шәкірттерге жәрдемақы төлеу ісіне қажет болған қаржыны аямады. Олардың негізгі мақсаты – білім беруді дамыту еді. Көркем шығармалар, газет-журнал беттері, шәкірт шығармалары – бұның айғағы.

Жаңа оқу жүйесі. Қазақ жерінің Ресейге қосылуы өлкенің білім беру, ағарту саласының және жергілікті халық дәстүрлері мен мәдениетінің жаңа бағыт алуына да әсер етті. Қазақстанның Ресей құрамына кіруінің аяқталу кезеңіне қарай білім беру жүйесінде де жаңа өзгерістер қалыптасты. Ірі медреселерде араб тілінен сабақ беруге, мұғалімдікке арнаулы куәлігі бар адамдар тартылды.

Есте сақта! Патша үкіметі Қазақ даласында бастауыш білім беру жүйесімен шектелуді ұсынды.

Отаршылардың ойынша, көшпелі қазақтар орыс жазуын оқи алса, орыс тілінде сөйлесе білсе және арифметиканың алғашқы төрт амалын меңгерсе жеткілікті деп ойлады. Сондықтан да Қазақстанның жалпы орта білім беретін оқу орындарында орыстан өзге ұлт балаларының саны өте аз болды. Қазақ балаларының орта оқу орындарына түсуіне жол бермеу үшін патша әкімшілігінің шенеуніктері оқу ісін бақылап,

мұндай оқу орындарына қазақ балаларын жолатпауға тырысты. Отаршыл әкімшіліктің ойынша, Қазақстанның байырғы халқының гимназиялық орта білім алуы саяси тұрғыдан зиянды деп танылды. Сондықтан да қазақ жерінде еуропалық үлгідегі жалпы орта білім беретін ұлттық оқу орындары ашыла қойған жоқ. Қазақстан аумағында қазақ тілінде оқытатын орта оқу орындарының болмауына байланысты қазақтар өздерінің балаларын орыс тілінде оқытатын орта оқу орындарына беруге мәжбүр болды.

Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Жәңгір хан орыс, парсы, араб, татар тілдерін жақсы меңгерген білімдар адам болған. Ол неміс тілінен де хабардар болды, сондай-ақ ортаазиялықтардың ерте жазуы – шағатай тілін меңгерді. Петерборда І Николайды таққа отырғызу рәсіміне қатысқан. Ресей мұражайлары коллекциясын көрген ол еліне оралған соң, тарихта «Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы» деген атпен қалған қару-жарақтар коллекциясын жинап, оны көпшілікке танытып отырды. Медициналық білім беретін бөлім, дәріхана ашты. Ол хандықтың мұрағатын және картасын негіздеді. Жәңгір хан қазақ хандарының ішінде алғашқы болып Ішкі Ордада қазақтардың мәдени өмірінің жанаруына бастамашы және жүзеге асырушы болды.

Еске түсір! Бөкей ордасы қалай құрылды? Оның әкімшілік аймағына қандай жерлер қарады?

Еуропалық білімі болған Жәңгір хан жергілікті қазақ жастарының аймақтық әкімшілік шенеуніктерімен, орыс саудагерлерімен келіссөз жүргізуі және өз мүдделерін қорғауы үшін орыс тілін үйренуі керек деп шешті. Ол Ішкі Бөкей Ордасының басқару жүйесіне сауатты қазақтарды дайындауды, білім беру саясатын енгізді. 1835 жылы Ішкі Ордада мешіт салып, оның міндетіне мектептердегі молдалардың жұмысын қадағалау, діни сауат ашу жұмыстарын кіргізді.



Жәңгір хан ескерткіші,
Орал қаласы

1841 жылы 6 желтоқсанда Жәңгір хан өзінің жеке қаржысына мектеп ашты, онда ислам дінінің тарихы, орыс тілі, арифметика, география, тарих оқытылды. Жәңгір хан өзі ашқан мектептің жұмыс барысына тікелей қадағалау жасады. Мектеп түлектерінің қатарында белгілі этнограф ғалым Мұхаммед Салық Бабажанов болды. Ол өзі мүше болған қоғамдардың «Известия», «Жазбалар», «Этнографиялық жинақтар» басылымдарын-

да қазақ халқының этнографиясына қатысты мақалалар жариялап тұрды.

Ізден! Этнография ғылымының зерттеу бағыты не?



«Жәңгір мектебі». Батыс Қазақстан облысы

Жәңгір хан Қазан университетіне барып, ғалымдардың еңбектерімен, шығармашылық жұмыстарымен, кітапхана қорымен танысқан. Ол университет кітапханасының қорына араб, парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбаларды тарту еткен. Жәңгір ханның білім деңгейін бағалаған Қазан университеті оны 1844 жылы 29 мамырда ғылыми кеңестің құрметті мүшелігіне қабылдаған.

Ізден! Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы қалай қалыптасты?

Ресей патшалығы да Жәңгір ханның білімділігі мен іскерлігін бағалап, 1843 жылы оған орыс армиясының генерал-майоры дәрежесін берді. Ол патша тарапынан 1-дәрежелі «Әулие Анна» орденімен және гауһар тастармен, әшекейлі қылышпен марапатталды. Қазан қаласында Жәңгір ханның «Мухтасар ал-фикһайат» атты еңбегі жарық көрді. Хан сондай-ақ асыл тұқымды жылқылар өсірумен де айналысты. Ол – қазақ шежіресі мен қазақ тарихын жетік білетін әрі қазақ халқының рулық шежірелері туралы қолжазбалар мен кітаптар жинаумен белсене айналысқан тұлға.

Ізден! Ресей гимназияларында қандай пәндер оқытылғанын анықтаңдар.

Білімді шыңда:

1. Ресей империясының білім беру жүйесі мен мұсылмандық білім берудің ерекшеліктерін көрсететін кестені толтырыңдар.

Ресей білім беру жүйесінің ерекшеліктері	Мұсылмандық білім берудің ерекшеліктері

2. Жәдиттік қозғалыс қазақ қоғамына қандай жаңалықтар әкелді?
3. Жәңгір ханның білім саласына қосқан үлесі қандай?

§ 55. XIX ғасырдағы Қазақстанның ғылыми зерттелуі

Бұл сабақта:

- XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елі мен жерінің ғылыми зерттелуін оқимыз;
- қоғамдық ұйымдар мен ғылыми мекемелердің дамуы туралы білеміз.

Тірек сөздер

- саяхатшылар
- ғалымдар
- экспедиция
- баспасөз.

Ғылыми ұйымдар мен баспасөздің дамуы. Патша үкіметінің қазақ өлкесін жан-жақты отарлауы – бұл елдің ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді, салт-дәстүрлерін білуді, өткен тарихын меңгеруді, сонымен бірге отар аймақтың табиғи ресурстарын, өндіргіш күштерін айқындауды қажет етті. Ресейдің ғылыми мекемелері мен министрліктерін және университеттерін Қазақстанды зерттеу ісіне

жаппай жұмылдырды. Өлкетану қоғамдары мен олардың бөлімшелерінің негізгі міндеттері – қазақ елі туралы географиялық, статистикалық, этнографиялық және жаратылыстану, тарих мәселелерінде деректер жинап, оларды зерттеп, жариялау болды.

Өлке тарихын зерттеуді ғылыми жолға қоюда 1845 жылы ашылған Орыс географиялық қоғамының Орынбордағы, Омбыдағы, Семейдегі және басқа ірі қоныстардағы бөлімдері мен бөлімшелері үлкен рөл атқарды.

Қазақстанның әртүрлі қалаларында облыстық статистика комитеттері, географиялық қоғамның бөлімдері, ал 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы ашылып, жұмыс істей бастады. Ғылыми зерттеу орталықтарының бірі осы Орынбор қаласында болды. Орынборда Орыс географиялық қоғамының бөлімі және Торғай статистика комитеті ашылды.

Баспасөздің дамуы. 1870–1917 жылдар аралығында Ташкент қаласынан Орта Азиядағы тұңғыш басылым «Туркестанские ведомости» газеті жарық көріп, онда сол кездегі қазақ халқының тарихы, археологиясы, этнографиясы, географиясы, әдебиетіне қатысты маңызды зерттеулер жарияланып тұрды. «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде 1870–1882 жылдары аралығында қазақ және өзбек тілдерінде «Туркістан уәлаятының газеті» жарық көріп, ұлттық баспасөздің қалыптасуына негіз болды. Газет беттерінде шаруашылық мәселелері, өнеркәсіптің жай-күйі, этнографиялық материалдар молынан жарық көріп отырды. 1888–1902 жылдары Омбыда қазақ тілінде «Дала уәлаятының газеті» атты газет «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде жарық көрді. Оның беттерінде қазақ халқының тұрмысы, дәстүр-салты, оқу-білім және мәдениеті жөнінде маңызды мәселелер көтерілді.

Қазақ жерін зерттеушілер. Бас штабтың генерал-лейтенанты *Лев Лаврентьевич Мейердің* 1858 жылы Орынбор әскери корпусына қызметке жіберілуі қазақ даласын зерттеуге деген қызығушылығын арттыра түседі. Оның Орынбор өлкесіне қарасты аймақтың тарихи географиясы, ру-тайпалық құрамы, шаруашылығы, мәдениетіне қатысты жазбаларының маңызы зор.

Бас штабтың генерал-майоры *Александр Константинович Гейнс* 1865–1867 жылдары Түркістан өлкесін басқарудың ережесін жасау мақсатында қазақ даласына саяхат жасап, қазақтардың көшпелі тұрмысын, құқығын, әлеуметтік қатынастарын зерттеген.

Қазақтардың тарихи-мәдени мұраларын жинақтап, кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдырған тұлғаның бірі – *Иосиф Антонович Костанье*. Оны өлке археологиясы, сәулет өнері ескерткіштеріне қатысты тарихи деректер мен аңыздар, ескерткіштердің сақталу мәселесі, бақсылық өнер, наным-сенім мәселелері қызықтырған.

Контр-адмирал *Алексей Иванович Бутаков* 1848 жылы Арал теңізі флотилиясының бастығы ретінде Арал экспедициясын басқарып, алғаш рет Арал теңізіне кешенді зерттеу жүргізген.

Қазақ жерін мекендеген ежелгі тайпалардың қоныстары, тарихи дәуірлердегі шаруашылығы мәселесін зерттеуде ерекше із қалдырған – Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің белсенді мүшесі, генерал-майор *Василий Андреевич Каллаур*. Оның жазбалары Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің протоколдарына және Орыс археология қоғамының шығыс бөлімінің жазбаларына енген. Ол археологиялық зерттеу жүргізе отырып, көне қоныстарға қатысты жергілікті тұрғындар арасында тараған аңыз-әңгімелер, наным-сенімдерді жинақтаған.



Шөлдегі құдық басында. Суретті салған Н.Н. Карзин (1903 ж.)

Белгілі әскери шығыстанушы, этнограф, штабс-капитан *Николай Николаевич Карзин* де – Түркістан өңірінің тарихи-этнографиясына ерекше із қалдырған зерттеушінің бірі. 1880 жылдары патшаның Қысқы сарайының Әскери галереясында Орта Азия мотивтері бойынша картиналар сериясының көрмесін жасап, бұл туындылар кейін Орыс мұражайына табысталған. 1879 жылы Сыр бойы, Бетпақдаланы аралап, зерттеу нәтижелерін қағаз бетіне түсірумен қатар, қылқаламмен суретін де салып отырды.

Белгілі этнограф *Әбубәкір Диваев* Түркістан өлкесінде әскери қызметте жүріп, халық арасында болып, ертегі, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, наным-сенімдерді жинақтап, жариялап отырған. Көптеген еңбектері Сырдария экспедициясы нәтижесінде жазылған. Ол тұрмыс-салт жырларының қай түрі болсын, жинап алысымен ретке келтіріп, орысшаға аударып, түсініктемелерін жазып, жариялауға асыққан.

Дүниежүзіне белгілі ғалым *Петр Петрович Семенов-Тяньинский* (1827–1914) Алтай бойына, Жетісу мен Орта Азияға саяхат жасап, өлкені жан-жақты зерттеді. Саяхатшы-ғалым Верный, Семей және басқа да Қазақстан қалаларында болған. Бұл өлкелер туралы ұлы саяхатшының сипаттамалары мен тарихи шолуларының маңызы зор.

Көрнекті Шығыс зерттеушісі, академик *Василий Васильевич Радлов* (1837–1918) – қазақ тарихы мен мәдениетінде көрнекті із қалдырған ғалым. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеді, соның ішінде Орхон, Тоныкөк ескерткіштерінің орыс тіліндегі аудармасын жасады. Түркі халықтарының этникалық тарихы, этнографиясы, фольклоры, археологиясына қатысты құнды еңбектер қалдырды. Ол Кунсткамера мұражайына директорлық қызмет атқара жүріп, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этнографиясы бойынша коллекцияларды жүйелі жинау мақсатында экспедициялар ұйымдастырған.



Тоғызқұмалақ. Суретті салған Н.Г. Хлудов

Григорий Николаевич Потаниннің қазақ халқының этникалық тарихына, жекеленген рулардың қоныстануына, дәстүрлі этнографиясына қатысты жазбаларының тарихи маңызы зор.

Бұл маңызды! Василий Владимирович Бартольд, Николай Алексеевич Северцов, Иван Васильевич Мушкетов сияқты атақты ғалымдар өздерінің маңызды зерттеулерін Түркістан өлкесіне арнаған.

Қазақ тарихына қатысты суретшілер шығармашылығы.

Қазақ даласына жасалған экспедициялардың жұмысында суретшілерге үлкен рөл берілді. Қазақтарға қатысты тарихи сурет-сызба деректер қатарын қалыптастырған зерттеушілер Н.Г. Хлудов, Т. Аткинсон, А.Т. фон Миддендорф, О. Финш, А. Брем, В. Верацагин, П. Кастанье болды.

1848–1852 жылдары қазақ даласында болып, тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізген *Томас Уитлам Аткинсон* Семей, Аягөз, Қапал, Алматы өңірлерінен қазақтардың тұрмыс-салты туралы сызба-суреттер салған. Қазақтар бет-бейнесін фотолар, сурет-сызбалар арқылы көрсеткен шетелдік саяхатшылар қатарында Г. Ланделл, А. Брем, Г.Ю. Клапрот, Б. Залицкий т.б. атауға болады.

XIX ғасырдағы қазақ даласының тыныс-тіршілігін, өлке тарихын, сол кезеңдегі қалпын дәл көрсете білуде Түркістан генерал-губернаторы болған *Константин фон-Кауфман* (1818–1882) тапсырмасымен құрастырылған 6 томдық фотоқұжаттар жинағы – «*Түркістан альбомының*» маңызы ерекше.

А.И. Бутаковтың Арал экспедициясына қатысып, Аралда өткізген жылдарында *Тарас Шевченконың* салған көркем суреттерінің мазмұны материалдық мәдениетті саралауға дереккөз болады. Поляк зерттеушісі әрі суретшісі *Бронислав Залицкий* 1848 жылы Орынбор корпусына әскери қызметке келген. Ол Арал экспедициясы материалдарын қорыту жұмысына қатысады. Оның Маңғыстау, Үстірт, Сыр-Арал өңірінің тарихи этнографиясына қатысты жазбаларымен қатар, сызба-суреттерінің деректік маңызы зор.

Білімді шыңда:

1. XIX ғасырдағы қазақ жеріне әскери қызметке келіп, ғылыми зерттеумен қоса айналысқан қандай тұлғаларды білесіңдер?
2. XIX–XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген қандай баспасөзді білесіңдер?



Қазақ отбасы.

Суретті салған Т. Аткинсон (XIX ғ.)

§ 56. Шоқан Уәлиханов – дарынды ғалым

Бұл сабақта:

- Ш. Уәлихановтың шығармалары мен ғылыми зерттеулерін;
- Ш. Уәлихановтың шығармаларының құндылығын танып білетін боламыз.

Тірек сөздер

- кадет корпусы
- зерттеуші
- шығыстану
- саяхатшы
- экспедиция



Шоқан Уәлиханов

Шоқан Уәлиханов (1835–1865) Құсмұрын бекінісінде (Көкшетау өңірі) ағасұлтан Шынғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген. Ол – Абылай ханның ұлы Уәли ханның немересі. Шоқан Уәлиханов – казактың тұңғыш ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, демократ-ағартушы. Азан шақырып қойған аты – Мұхамедқанафия. 12 жасына дейін Құсмұрындағы жеке мектептен білім алған, діни сауат ашқан.

1847 жылдың күзінде Сібірдегі жоғары білікті мұғалімдер жиналған таңдаулы оқу орындарының бірі – Омбыдағы Кадет корпусына оқуға түсті. Кадет корпусында әскери біліммен қоса география, тарих, әдебиет, философия, зоология, ботаника, математика, геодезия, құрылыс өнері, архитектура негіздері бойынша білім алды. Кадет корпусында Орта Азияны зерттеуге ерекше құмартқан белгілі географ, ғалым Г.Н. Потанинмен бірге оқыған. Екеуінің ғылыми-зерттеушілік көзқарастары бір арнаға тоғысып жатқан достар болды. Шоқан Уәлихановтың ерекше зеректік қабілеті оның тез есеюіне, жан-жақты болуына әсер етті.

1853 жылы осы оқу орнын бітірген соң, Батыс Сібір генерал-губернаторлығында әскери қызмет атқарған. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт Шоқанның ерекше қабілеттілігін байқап, өзіне адъютант етіп тағайындаған.

Ізден! Адъютант дегеніміз кім?

Әскери шенеуніктермен бірге жаңа қызметті атқара жүріп, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресті, өзінің демократияшыл көзқарасын жасырмады. Шоқанға халықтың үміт-арманы етене жақын болды. Өзінің рухани достары Ф.М. Достоевский, А.Н. Майковқа, В.С. Курочкинге, К.К. Гутковскийге жазған хаттарында патша үкіметінің озбырлық саясатын сынға алып отырды.

1855 жылы Гасфорттың Омбыдан Іле Алатауына дейінгі сапарына қатысты. Өзінің алғашқы экспедициялық сапарында халықтың

арасында сақталған аңыз-әңгімелер мен жырлардың бірқатарын жазып алды. Гасфорт сапар барысында Шоқанның ізденімпаздық қабілетіне тәнті болып, оған сый-сияпат көрсеткен.

1856 жылы атақты географ ғалым П.П. Семенов-Тяньшанскиймен танысуы оның өмірінде өшпес із қалдырған ерекше оқиға болды. Ол Шоқанның ғылыми-зерттеушілік қызметіне бағыт-бағдар берді. Осы жылы Шоқан екі экспедицияға: Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі және дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапарға шықты. Экспедициядан соң халық арасынан жинаған материалдарын ғылыми өңдеумен айналысты. Омбы мұрағатынан қазақтардың тарихына қатысты деректер жинақтады.

1857 жылы Шоқан Алатау кырғыздарына сапар шегіп, кырғыздар тарихын, дәстүрлі тұрмысын, этнографиясын, фольклорын жинаумен айналысты, «Манас» дастанын жазып алды. Ыстықкөл экспедициясы барысында археологиялық мұралармен, орта ғасырлар өркеніетінің ескерткіштерімен танысты, көне заман бұйымдарының үлгілерін жинады. Сапар нәтижесінде «Ыстықкөлге сапардың күнделігі», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты тарихи-этнографиялық еңбектер жазды. 1857 жылы ол Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды.

Шоқан Уәлихановтың 1858 жылы Қашқарияға жасаған сапары оның ғылыми қызметінің жаңа белесі болды. Сапардан алған әсері мен жинаған материалдары негізінде «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» деген атақты еңбегін жариялады. Бұл еңбекті шығыстанушы ғалымдар жоғары бағалап, көп ұзамай ағылшын тіліне аударылып, басылып шығады. Қашқар сапарында жолдың қиындығы әрі қауіпті болуы Шоқан Уәлихановтың денсаулығына қатты әсер етіп, сапардан оралған соң ауырып қалады.

1859 жылы күзде Шоқан Уәлиханов Әскери министрліктің шақыруымен Петерборға келгенде ол Владимир орденімен марапатталды. Петерборда бір жарым жылдай уақыт болып, орыстың алдыңғы қатарлы ғалымдарымен араласты. Олар Шоқанды Орта Азия және Қазақстан халықтарының өмірін терең білетін білімді адам ретінде құрметтеген. Ол Петерборда Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Азия депар-



Ш. Уәлихановтың салған суреті (XIX ғ.)



Ш. Уәлиханов ескерткіші.
Алматы қаласы

таментінде, университетте, Географиялық қоғамда жұмыс істеді. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын құрастыруға қатысқан. Абылай хан туралы мақала жариялады. Ресей Ғылым Академиясының жұмысына белсене қатысқан.

1861 жылы Петербор қаласынан денсаулығының нашарлауына байланысты туған өлкесіне оралып, жазды жайлауда өткізеді. Туған ауылына жайлауға келіп, әдеттегі халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысады. Патша үкіметінің отарлық саясатының озбырлығын көріп, Омбыға барып, жергілікті басқару ісіне өзгерістер енгізуге ұсыныстар жасайды. Өзінің басқару ісіне қатысты ойларын «Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қырғыздардың көші-қондары туралы», «Сот реформасы туралы жазба» т.б. еңбектерінде көрсетеді.

Алтынемел жотасының Көшентоған деген жердегі Тезек төренің ауылында тұрып, 1865 жылдың сәуірінде осы жерде ауыр науқастан қайтыс болады.

Ізден! Алтынемел тарихи-мемориалдық мұражайы Ш. Уалиханов туралы қандай ақпараттар береді?

Шоқан Уәлиханов Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан халықтарының тарихы, географиясы, этнографиясы, фольклоры жөнінде құнды зерттеулер қалдырған. «Қозы Көрпеш-Баян сұту», «Ер Көкше» поэмаларының үлгілерін жазып алған. Қазақтардың көрші халықтармен тарихи байланысын зерттеуде де ауыз әдебиеті деректеріне сүйенді. Қазақтың эпикалық туындыларына да көп көңіл бөлді.

Шоқан Уәлиханов орыс отаршылдығының келеңсіз зардаптарын толық түсіне отырып, қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолы ашық күресте немесе өткен заманға қайта оралуда емес, қайта оқуға, білімге, ғылымға, белгілі бір кәсіпті меңгеруге ұмтылыста деп білді. Ол өмір мен өнер туралы, тарих пен болашақ қоғам туралы озық ойларын ашық жеткізді, қазақ ғылымын таңдаулы еуропалық үлгілер бойынша даму арнасына бағыттады.

Шоқан Уәлихановтың қайтыс болған жерінде қазіргі кезде оның өмірі мен қызметіне арналған «Алтынемел» мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.



Ш. Уәлихановтың Алтынемелдегі тарихи-мемориалдық мұражайы.
Алматы облысы

Есте сақта! Белгілі шығыстанушы ғалым Н.И. Веселовский: «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Орыс шығыстанушылары оны ілуде бір кездесетін ғажайып дарын иесі деп таныды және одан түрік халықтарының тағдыры жөнінде ұлы да маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді», – деген.

Білімді шында:

1. Ш. Уәлиханов туралы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің естеліктерімен танысындар, талдау жасаңдар.
2. Мәтінде атап көрсетілген Ш. Уәлихановтың жасаған саяхаттарын және оған қатысты жазған еңбектерін дәптерлеріңе кесте түрінде жазыңдар.

§ 57. Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартуші

Бұл сабақта:

- Ы. Алтынсариннің еңбек жолы туралы;
- Ы. Алтынсариннің ағартушылық еңбегі жөнінде білетін боламыз.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – халқымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, демократ тәлімгер, этнограф, публицист жазушы. Торғай облысында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, атасының тәрбиесінде өскен. 1850 жылы Орынборда шегаралық комиссия жанынан

Тірек сөздер

- ағартушы
- мұғалім
- мектеп
- ұстаз



Ыбырай
Алтынсарин

қазақ балаларына арналған жеті жылдық орыс-қазақ мектебінде білім алып, 1857 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. Мектеп қабырғасында орыс тілі, көркем жазу, арифметика, татар тілі, мұсылман діні ілімі, ісқағаздарын жүргізу саласынан білім алды. Ыбырай Алтынсарин дүниежүзі әдебиеті классиктері Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдоуси, Низами, Навои және басқаларының туындыларын оқыған. Ол шекаралық комиссияда жұмыс істеген шығыстанушы ғалым В. Григорьевпен танысып, араласып, оның бай кітапханасын пайдаланған.

Ыбырай Алтынсарин 1857 жылы мектепті бітірген соң, Орынбор облыстық басқармасында кеңсе қызметкері, 1859 жылы тілмаш болып қызмет атқарған. 1860 жылы Торғайда бастауыш мектеп ашылып, Ыбырай сол мектепке орыс тілінің мұғалімі қызметіне тағайындалған. Ол ауылдарды аралап, халыққа білім алудың маңыздылығын насихаттаған.

1868 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасып, содан соң уезд бастығының аға көмекшісі, уақытша судья міндеттерін қатар атқарды.

Ол ауылдарды жиі аралап, болыс басқарушыларының, ауыл старшындарының сайлауларына жиі қатысып, сайлаудың әділ өтуі үшін күрескен. Оның әділдік жолындағы күресі ауылдың кейбір байларына жақпай, олар облыстық басқармаға, әскери губернаторға, Ішкі істер министріне шағым жасап, 1868 жылғы Уақытша ережеде белгіленген сайлау тәртібін бұзды деп айыптаған. Жала жабушылар Ыбырай Алтынсаринді уездік басқармасындағы қызметінен кетіруге



Ы. Алтынсарин ескерткіші, Қостанай облысы

тыр ысты. Себебі Ыбырай Алтынсарин халықтың мүддесін қорғайтын адамның сайлауда өтуіне қол жеткізген болатын. Ол халыққа қиянат жасауға жол бермеу жолында күрескен, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы болған. Өз ойын жергілікті «Оренбургский листок» газетінде ашық айтып отырған.

1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай губерниясының мектеп инспекторы қызметіне тағайындалған. Ол кезде Торғай облысы қазіргі Қостанай облысының бүкіл аумағын, Ақтөбе облысының үлкен бөлігін, Орынбор облысының бір бөлігін қамтыған, орталығы Орынбор қаласы болған. Алтынсарин Ырғыз, Николаев, Торғай, Елек уездерінде орыс-қазақ училищелерін ашып, оқушылар жинап, мұғалімдермен қамтамасыз еткен. Қазақ жастарының кәсіптік мамандық алуы үшін ірі бастама жасаған. Оның қазақ елінің экономикалық дамуына қажетті мамандарды әзірлеу ісіне ерекше мән беруі қоғам үшін, оқу-ағарту саласының дамуы үшін іргелі қадам болды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ қыздарының білім алуы мәселесін тұңғыш болып көтерген. Оның қазақ қыздарына білім беруге деген ерекше ықыласы қазақ халқының оқу-ағарту ісіндегі ірі бетбұрыс болды. 1888 жылы ол Ырғыз қаласында қазақ қыздарын оқытатын мектеп-интернат ашты. 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1896 жылы Ақтөбеде интернаты бар қыздар училищесі жұмыс істей бастады. Қолөнер, ауылшаруашылық училищелерін ашып, халық арасынан еліміздің экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға бар күш-жігерін жұмсады. Ыбырай Алтынсарин, жалпы алғанда, төрт орыс-қазақ училищесін, бір қолөнер училищесін, бір қазақ училищесін, бес болыстық училищесін, екі орыс училищесін ашқан.

Сондай-ақ орыс-қазақ мектептеріне арналған «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» атты оқулықтарын жазып шығарған. Оқулықтарға орыс жазушыларының балаларға арнаған шағын шығармаларымен қоса, өзінің жазған тәрбиелік мәнді өлең, әңгімелерін енгізген. Орыс-қазақ мектептері мұғалімдеріне оқулық-көмекші құрал ретінде орыс педагогтері мен жазушыларының еңбектері мен оқулықтарын ұсынды. Олар: Ушинскийдің «Балалар әлемі», Бунаковтың «Әліпби және мектеп пен үйде оқуға арналған кітабы», Крыловтың «Мысалдары», Кирпичниковтің «Грамматикасы», Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы», «Көркем жазу» еңбектері, Евтушевскийдің «Арифметикасы», Острогорскийдің «Орыстың қысқаша тарихы» т.б. еңбектері. Ыбырай Алтынсарин өзінің балаларға арнаған шығармашылығында еңбексүйгіштік, адалдық пен шыншылдықты насихаттау арқылы балаларды өнегелі, өнерлі, білімді болуға шақырды. Ол ұлттық әдебиеттің, қазақ әдеби тілінің қалыптасуы үшін жемісті еңбек етті.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының рухани мәдениетін қызыға зерттеп, «Орынбор ведомств осы қазақтарының құда түсу мен үйлену

тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очерктері», «Орынбор ведомство-сы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» атты еңбектерін жазды. Аталмыш еңбектер – қазақ халқының дәстүрлі рухани мұраларына деректік негіз болатын маңызды еңбек.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ елінің оқу-ағарту ісінің кәсіби дамуына сара жол салған тарихи тұлға. Қазақ халқы Ыбырай Алтынсаринді «Ұстаздардың ұстазы» деп таниды. Ол – қазақтар арасында ағартушылық қызметті тікелей жүзеге асырған тұңғыш педагог. Өмірінің соңғы жылдарында Қостанай қаласында тұрып, 1889 жылы қайтыс болған.

Білімді шында:

1. Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала», «Жомарт», «Таза бұлақ» атты шығармаларының бірін оқып, өз ойларыңды айтыңдар.
2. Ы. Алтынсариннің еңбектерін дәптерлеріне тізімдеп жазыңдар.

§ 58-59. Абай Құнанбаев – ұлы ақын

Бұл сабақта:

- Абай шығармашылығының көпқырлылығымен;
- Абайдың шығармашылығындағы ойларымен танысатын боламыз.

Тірек сөздер

- қазақ қоғамы
- медресе
- білім
- ақын
- жазушы
- қарасөз



Абай Құнанбаев

Абай Құнанбаев (1845–1904) – қазақтың ұлы ақыны. Семей облысы, Шығыс тауының етегінде туып-өскен. Абай бала күнінде арабша хат танып, сауатын ашады. 10 жасында Семей қаласындағы имам Ахмет Риза медресесіне орналасып, онда 3 жыл оқыған. Оқуға өте зерек болған Абай діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйренген. Өз бетінше Шығыс, орыс, Батыс елдері ақындарының, ойшылдарының еңбектерін оқып, білімін толықтырады. Билер сотына, билер кеңесіне, руаралық дауларды шешу ісіне жастайынан араласты. Патша үкіметі сотының заң ережелерімен жақынырақ танысып, патша самодержавиясының қазақ жеріндегі әкімшілік-шенеуніктік аппараттарының заңсыз іс-әрекеттеріне өз ойын бүкпей айтып отырды.

Абай сөзге аса шебер, табиғатынан аса қабілетті болған. Шығыс ақындары мен орыс классиктерінің шығармаларын оқып, оларды терең зерделеуді ігерді.

1886 жылдардан бастап көркем шығармашылыққа ден қойды. Абай өлеңдермен қатар, гюбратты өсиеттерге толы «Қарасөздер», «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» дастандарын жазды. Көркемсөздің мейлінше жоғары дамуына жету, жаңа көркемдік әдіске қол жеткізу Абайдың үлесіне тиді. Ол Еуропа және орыс классикалық әдебиетін еркін меңгерді. Орыс тіліндегі классикалық әдебиет үлгілерін аударды. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов туындыларынан жасаған керемет аудармалары қазақ және орыс әдебиетінің байланысын нығайта түсті.



Абай Құнанбаев балалары
Ақылбай және Тұрағұлмен

Абайдың өлеңдері өмірдің барлық қырын қамтыды. Ол ел ішіндегі алауыздықты, күншілдікті, адам мінезіндегі жалқаулық, енжарлықты, мақтаншақтықты, ойсыздықты, салғырттықты, көрсеқызарлықты, ысырапшылықты қатты сынға алды. Өз өлеңдерімен халықты білім алуға, сауаттылыққа, өнерлі болуға, адал еңбек табуға шақырды. Адам жанының сұлулығын, әсемдікті, тазалықты өлеңмен мүсіндеген. Жаман әдет-қылықтардан бойды аулақ ұстау керектігін, ұстамды болуды, ақыл-ой мен естілікті насихаттады. Ол өзінің *«... Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір өзіңнен-өзің есеп ал»* дейді. Абай адамдарға өзін-өзі тәрбиелеу, сана-сезімді тәрбиелеу керектігін айтып, осы идеясын өлеңдерімен, қарасөздерімен жеткізген. Абай Құнанбаев: *«Әр адамның адамзат қоғамына қызмет ету жолы, ең алдымен, еңбекте»*, *«әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбегіңді сау. Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды»*, – деп жастарды еңбексүйгіштікке шақырды.

Абайдың өзі туып-өскен ортадан шоқтығы биік тұрды, қарапайым халыққа өте жақын болды. Оның заманындағы қоғамның қайшылықтары дінбасыларға деген қайшылықтардан да көрінді. Кейбір молдалардың баюды көздейтін әділет пен ар-намыстан алыс тірліктерін көріп, оларды «зиянды дүмшелер» деп таныды.

Абай қазақ халқының алдағы уақыттағы дамуын егіншілікті кеңейтіп, қолөнер, сауданың дамуымен тығыз байланыстырды. Қазақ ағартушысы: *«Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, мал жұттайды, өнер жұтпайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол»*, – деп, жергілікті халықтың көпшілігі малшаруашылығымен айналысканымен, алдағы уақыттағы



Абайдың мұражай-үйі. Семей қаласы

экономикалық дамуда қолөнер, егіншілік, сауданы дамытуды көздеу қажет деп санаған.

Абайдың көзқарастарынан отаршылдық езгінің күшеюі, ел билігі, халықты басқару мәселелері көрініс тауып отырды. Ел басқару ісіне халық игілігіне адал қызмет ететін адам сайлануы тиіс деп санады. Абай заманында болыс басқару қызметіне заңсыз жеткен әрекеттерден бұқара халықтың билеушілерге деген сенімі жоғалды. Ол ел билеушілері мен халық арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімінің жолын іздеумен болып, қоғамдағы жағымсыз әрекеттермен күресуді өзінің борышы санады.



Абай ескерткіші.
Алматы қаласы

Адамның мінез-құлқын, ақылды-ақылсыз болуын тәлім-тәрбиемен байланыстырды. Отыз жетінші қарасөзінде: *«Мен, егер заң қуаты қалымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»*, – деген.

Абайдың көп қырлы шығармашылық өмірінің негізгі денін оның шығарған әндері құрады. Әсіресе «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндері – ән мәдениетінің классикалық үлгілері. Абай өзі қазақшаға аударған А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов өлеңдерін халыққа жеткізу үшін оларға арнап өзгеше бір үлгіде әндер жазған. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасын

аударғанда, Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» халық арасына тез тарап кеткен.

Абай ел ішіндегі татулық, бірлікті жоғары санап, халық бұқарасына сеніммен қараған. Қоғамдық құрылысты білім мен ғылым өзгерте алады деп есептеді. *«Берекеңді қашырма, ел тыныш болса, жақсы сол»* деп, ел ішінде татулық пен бірлік болғанда, мәдениет толық көлемде дамып, бүкілхалықтық игілік әкеледі деп санады. Шығармашылығының биік шоқтығын әлем мойындаған Абай «Ұлы Абай» атанды.

Білімді шыда:

1. Абайдың «Қарасөздерін» бөліп оқыңдар, оқыған қарасөз жайында өз ойтарыңды айтыңдар.
2. Абай шығармалары на қоғамдағы қандай жағдайлар әсер етті?

§ 60. Ш. Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы

Бұл сабақта:

- Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолдары және тарихи еңбектерімен танысамыз;
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерінің маңыздылығын білеміз;
- Құрбанғали Халид жазбаларының тарихи деректілігімен танысамыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор ретінде танылған тұлға. Ол Абайдың замандасы әрі талантты шәкірті болды. Халқына жол көрсетуде Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің Абай шығармашылығына жақын болуы, оның Абаймен туыстығына да байланысты. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді – Абаймен ағайынды кісілер. Шәкәрім Абайдың немере інісі болып табылады. Туған жері – бұрынғы Семей облысы, Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктері. Бес жасынан ауыл молдасынан сауат ашқан. Әкесінен 7 жасында жетім қалған Шәкәрім атасы Құнанбай мен ағасы Абайдың тәрбиесінде болды. Ол өзінің шығармашылығында Абайға еліктеп, дүниені Абайша танып, Абайша бағалауға бейімделіп, қалыптасады. Ол өз заманының аса білімдар адамының бірі болды.

Қазан төңкерісінен кейін Шәкәрім Алаш қозғалысына қатысқан казак зиялыларымен

Тірек сөздер

- шежіре
- поэма
- әдеби мұралар
- дастан



Шәкәрім
Құдайбердіұлы



«Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, Шығыс Қазақстан облысы

жақындасып, орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдерімен пікірлес болды. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген, орыс тілін де жақсы білген Шәкәрім – Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан өлкесінде кең танылып, белгілі болған ақын. Ол қазақ жастарын имандылыққа, білімділікке шақырып, ақыл айтудан жалыққан емес.

Шәкәрімнің шығармашылығы қазақ тарихымен тығыз байланысты. Ол – қазақ халқының этногенезіне байланысты өзіндік көзқарасын білдірген ғалым. Шәкәрім шығармаларында табиғатқа, дүниеге, дінге өзіндік ерекше көзқарастар байқалады. 1905 жылы қажылықты өтеу мақсатында Меккеге барып қайтқан. Меккеге барған бұл сапарында Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқыды.

Шәкәрімнің 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабы жарық көріп, онда қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрамы, қоныстану мәселелеріне қатысты құнды деректер беріледі. Осы жылы жарық көрген «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде дін бұзушыларды сынға алды. 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы», «Үш анық», «Жолсыз жаза яки кез болған іс» атты еңбектері жарияланды.

Оның «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмалары, «Әділ-Мәрия» романы шынайы оқиға желісінде жазылды. Бұл туындыларында Шәкәрім, негізінен, демократияшыл, ағартушылық, гуманистік бағыттағы ақын, тарихшы, философ ретінде танылды.

Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ халқының басынан өткен ауыр жағдайға қатты налыған Шәкәрім оқуды, білімді, ағартушылықты насихаттаған, гуманистік бағыттағы қоғамдық қайраткер болды. Ғылым мен білімге құмарлығымен қатар, домбыра тарту, гармонда ойнау, саятшылық құру, сурет салу өнерлерімен айналысты.

Ізден! «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» оқиғасы туралы оқып біліңдер.

Шәкәрімнің бірнеше әндері бар. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» деген әні халық ара сында кең таралды.

XX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай сталиндік тоталитарлық жүйенің жаппай қуғын-сүргіні басталған тұста 72 жасқа караған Шәкәрім қоғамдық-мәдени өмірден аулақтап, Шыңғыс тауының арасына кетеді. Алайда кеңестік жүйенің құрығынан құтылмай, қаза болды.

1988 жылы оны ұлы Абайдың жанына қайта жерлеп, басына айшықты кесене орнатты.

Ойлан! Шежіре, дастан, қиссалардың ерекшеліктері қандай, олар нені баяндайды? Мысал келтіріңдер.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) – Баянауылда туып-өскен, ақын, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы. Ол бес жасынан бастап молладан сауат ашқан. 1870 жылы Хамереддин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында білім алуды жалғастырған. Бала күнінен өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өскен. «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сияқты халық жырлары мен шығыстың қиссадастандарын жатқа айтқан. Халық арасында өзінің білімдарлығымен танылған. Сол себепті өзінің Жүсіп атына халық Мәшһүр атын қосып айтқан. Мәшһүр арабша «белгілі» деген мағынаны берген. 1875 жылдан біраз уақыт мұғалім болып жұмыс жасаған. «Дала уәлаятының газетіне» хат-хабар беріп, мақала жазып тұрған.



Мәшһүр Жүсіп
Көпейұлы

1887–1890 жылдары Самарканд, Ташкент, Түркістан, Бұхара қалаларында болып, білімдар адамдармен араласып, араб, парсы, тілдерін үйреніп, Шығыстың классикалық әдебиетімен танысады. Белгілі түркітанушы ғалым, академик В.В. Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысады. Жар-жар, аужар, бата, ғибратты сөздер, ертегі, аңыздар, діни қиссалардың халық арасында сақталған көне үлгілерін жинап, жариялаған.



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
мешіті. Павлодар қаласы

Мәшһүр Жүсіп «Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанак, Сақау сияқты акын-жыраулардың халық арасында ауызша тараған әдеби мұраларын хатқа түсірген. «Гүлшат-Шеризат», «Ғибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандарының үлгілерін жинап, насихаттаған. «Наурыз» атты жазбасында Наурыз мерекесінің қалыптасу тарихына қатысты халық арасында тараған аңыздардан мәліметтер, қазақ халқының Наурыз мерекесіне арнап қандай дайындық жасауы, Наурызнама мерекесін тойлаудың мәні туралы айтқан. Мәшһүр Жүсіп бұл еңбегінде: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арнал-

ған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама... Үйсін Төле бидің заманында Наурызнаманың қадір құны астан, тойдан ілгері (жоғары) болған», – деп жазған. Бұл еңбек қазіргі таңда Наурызға қатысты құнды жазба деректердің қатарында саналады.

1907 жылы Қазан қаласынан Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы басылып шығады. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Самарқандтың кімдікі екендігі» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры т.б. мәселелерді көтереді. Қазақ халқының ру-тайпалық құрамын, шежіресін жазған. Мәшһүр Жүсіп жазған шежіре қазақ халқының этникалық тарихын танып білуде құнды деректер қатарына жатады.

Баянауылда Мәшһүр Жүсіптің мұражайы жұмыс жасайды. Онда Мәшһүр Жүсіптің тұтынған бұйымдары, акын өмірінен дерек беретін әртүрлі бұйымдар, қолжазбалары мен әртүрлі жылдарда жарық көрген еңбектері қойылған.

Ізден! Мәшһүр Жүсіп еңбегінен «Наурызнама» мерекесі туралы оқып біліңдер.

Құрбанғали Халид (шамамен 1843–1913) Аягөзде туып-өсіп, 1830–1840 жылдары Аягөздегі, кейін Семейдегі мешіттен білім алған. Араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген. Тарих, география пәндерін оқыған. Кейін Құрбанғали Шәуешекке көшіп, онда балаларға мешіт


ашып, араб, татар тілдерінде білім берген. Ол сондай-ақ қытай, моңғол, түрік, парсы тілдерін жетік білген. 1897–1898 жылдары Меккеге қажылық сапарға барып, Таяу Шығыстың көптеген қалаларын аралап, жер-су аттарына байланысты құнды мәліметтер жазып алады. Ол өзіне қазақ хандары, қазақ халқының тұрмысы, болмысы туралы жазуды мақсат етіп, шағатай тілінде «Тауарих хамса» («Тауарих-и Хамса Шарқи»), «Жарида» (Тауари-и Жарида и Жазид) деп аталатын еңбектер жазып шығады.

«Тауарих хамса» 1910 жылы Қазанда «Өрнек» баспасынан басылып шығып, халық арасында кең таралады (қазақша «Шығыстың бес тарихы» деп аталған). Онда

Қазақстан және Орта Азия жерін мекендеген тайпалар мен рулардың көне, бағзы тарихына қатысты құнды мәліметтер берілген. Соның ішінде Қараханид, Алтын Орда, Көк Орда, Ақ Орда, қазақ хандары, би-сұлтандары, жоңғар шапқыншылығы, Қоқан хандығы, Орта жүз қазақтарының Ресейге қосылуы, қазақтың шығу тегі, қазақ жүздері, олардың ұрандары, қазақ жеріндегі сәулет өнері ескерткіштері сияқты ел тарихына байланысты деректер қамтылған.

Еңбекте қазақ халқының тарихымен қатар, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Қытай, өзбек, ноғай тарихына қатысты мәселелер де қамтылған. «Тауарих хамсаны» жазуға 21 жыл уақытын жұмсаған. Құрбанғали Халид қазақ тарихын кеңінен қамтумен қатар, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, мәдениетін зерттеумен айналысады.

Құрбанғали Халид өзі өмір сүрген қоғамдағы қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын жан-жақты талдап көрсетеді. Ол әсіресе қазақ халқының ауыз әдебиеті мен дәстүрлі мәдениетіне ерекше көңіл аударады. Қазақтардың әдет-ғұрыптарындағы үйлену, өлген адамды жерлеу, ас беру, жоқтау айту салттарының ерекшелігін талдаған. Жыр айту, айтыс өнерінің дамуына да көңіл бөлген. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы – жер-су атауларының мағынасын, анықтамасын берген. Қазақтардың жер, шаруашылық жағдайына, табиғатты тани, болжай білудегі халықтық білімдер жүйесіне де талдау жасаған. Қазақстан және Орта Азия халықтары тілдерінің қалыптасу кезеңіне тоқталады. Қазақ тілінің басқа тілдермен байланыстылығына, кірме сөздер жөніндегі ойларымен бөліседі.



«Тауарих хамса» кітабының мұқабасы

Есте сақта! Халықтың күнделікті тіршіліктегі тәжірибесінен, шаруашылықты жүргізу қарекеттерінен, дәстүрлі шаруашылықты ұйымдастыру шараларынан, тіршілік қамын қамтамасыз ету әрекеттерінен, табиғатты танудан қалыптасқан дәстүрлі білімдерін халықтық білімдер жүйесі дейміз.

Білімді шында:

1. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектің қазақ халқының этникалық тарихынан алатын орны қандай?
2. «Тауарих хамса (бес тарих)» атты еңбектің тарихи деректілігінің маңызы неде?
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының халық ауыз әдебиеті мұраларын хатқа түсірудегі еңбегі туралы айтыңдар.

БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- 1663–1756 – Төле би өмір сүрген жылдар.
- 1667–1764 – Қаздауысты Қазыбек би өмір сүрген жылдар.
- 1644–1700 – Әйтеке би өмір сүрген жылдар.
- 1680–1748 – Әбілқайыр ханның өмір сүрген жылдары.
- 1680–1718 – Тәуке ханның ел биледі.
- 1693–1787 – Бұқар жыраудың өмір сүрген жылдары.
- 1710 – Жонғар шапқыншылығына қарсы жалпықазақтық Қарақұмдағы жиын.
- 1714 – И.Д. Бухгольц бастаған экспедиция шығысқа аттанды.
- 1718 – Семей бекінісінің салынуы.
- 1720 – Өскемен бекінісінің салынуы.
- 1723 – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының басталуы.
- 1726 – Ордабасы тауындағы құрылтай.
- 1728 – Қалмакқырылған шайқасы.
- 1730 – Анырақай шайқасындағы қазақ қолының жонғарларды талқандауы.
- 1731 ақпанның 19-ы – Анна Иоанновнаның Кіші жүзді Ресей құрамына қабылдау жөніндегі жарлығы.
- 1731 қазанның 10-ы – Әбілқайыр хан мен оның жақтастарының Ресейге ант беруі.
- 1735 – Ор бекінісінің салынуы.
- 1738 – Кіші жүз бен Орта жүз билеушілері бір бөлігінің Орынборда Ресейге ант беруі.
- 1748 – Нұралының Кіші жүзге хан болып тағайындалуы.
- 1752 – Петропавл (Қызылжар) бекінісінің салынуы.
- 1756 – қазақтар мен қытайлар арасындағы алғашқы шайқас.
- 1758 – Жонғар хандығының жойылуы.
- 1771–1781 – Абылайдың хан болуы.
- 1773–1775 – Е. Пугачев бастаған соғысқа қазақтардың қатысуы.
- 1783–1797 – Сырым Датұлының көтерілісі.
- 1801 – Бөкей (Ішкі Орда) хандығының құрылуы.
- 1804–1846 – Махамбет Өтемісұлы өмір сүрген жылдар.
- 1814–1887 – Дәулеткерей Шығайұлының өмір сүрген жылдары.
- 1806–1879 – Құрманғазы Сағырбайұлының өмір сүрген жылдары.
- 1822 – Сібір қырғыздары (қазақтарын) басқару туралы жарғы.
- 1822–1825 – Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы.
- 1815–1898 – Сүйінбай Аронұлының өмір сүрген жылдары.
- 1824 – Орынбор қазақтарын басқару туралы Жарғы.
- 1825–1836 – Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар.
- 1830 – Ақмола бекінісінің (1832 жылдан қала қазіргі Астана).
- 1835–1865 – Шоқан Уәлиханов өмір сүрген жылдар.
- 1835–1929 – Жаяу Мұса Байжанұлы өмір сүрген жылдар.
- 1834–1897 – Біржан Қожағұлұлының өмір сүрген жылдары.
- 1836–1838 – Исатай Тайманұлы басқарған көтеріліс.
- 1837–1847 – Кенесары Қасымұлының көтерілісі.

1841 – Хан ордасында (Ішкі Орда) казак жастары үшін тұңғыш орыс мектебінің ашылуы.

1841–1889 – Ыбырай Алтынсариннің өмір сүрген жылдары.

1843–1913 – Ақан сері Қорамсаұлының өмір сүрген жылдары.

1843–1916 – Ықылас Дүкенұлының өмір сүрген жылдары.

1844 – Орынбор казактарын басқару туралы ереже.

1845 – Ырғыз бекінісінің салынуы (1868 жылдан қала).

1845 – Торғай бекінісінің салынуы (1868 жылдан қала).

1845 – Бөкей Ордасында хандық биліктің жойылуы.

1845–1904 – Абай Құнанбайұлы өмір сүрген жылдар.

1846 – Атбасар бекінісінің салынуы.

1847 – Қапал бекінісі іргетасының қалануы.

1847 – Райым бекінісінің салынуы.

1847 – Омбыда Сібір кадет корпусының ашылуы.

1847 – Кенесары ханның қайтыс болған жылы.

1848 – Қазалы бекінісінің салынуы.

1851 шілденің 25-і – Ресей мен Қытайдың Құлжа келісіміне қол қоюы.

1853 – Орыс әскерлерінің Қокан бекінісі Ақмешітті (1853 жылдан қала) алуы.

1854 – Верный бекінісінің салынуы.

1855–1858 – Есет Көтібарұлы батыр бастаған көтеріліс.

1855 – Лепсі бекінісінің салынуы (1885 жылдан қала).

1857–1858 – Шымкент және Әулиеата аймақтарындағы казактардың қокандықтарға қарсы көтерілісі.

1856 – Сырдарияның төменгі сағасындағы казак көтерілістері.

1859–1861 – Шоқан Уәлихановтың Петербурда өмір сүрген жылдары.

1860 қазан – Ұзынағаш түбінде генерал Г.А. Колпаковский қолының Қокан әскерін талқандауы.

1861–1864 – Троишкіде, Оралда, Қазалыда, Перовскіде және Торғайда бастауыш орыс-казак мектептерінің ашылуы.

1864 – Мерке, Түркістан, Әулиеата, Шымкент қамалдарын орыс әскерлерінің алуы.

1864–1916 – Балуан Шолақ Баймырзаұлының өмір сүрген жылдары.

1867 шілденің 11-і – Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы «Уақытша ереженің» бекітілуі.

1867 – Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуы.

1868 қазанның 21-і – Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ереженің» бекітілуі.

1868 – Зайсан қаласының салынуы.

1868–1869 – Орал, Торғай облыстарындағы отаршылдыққа қарсы күрес.

1869 – Ақтөбе қаласының негізінің салынуы.

1870 – Манғыстаудағы казак шаруаларының отаршылдыққа қарсы күресі.

1872 – Омбыда мұғалімдік семинарияның ашылуы.

1873 – патша әскерлерінің Хпуға жорығы.

1878 – Семейде облыстық статистикалық комитеттің ашылуы.

1879 – Ташкентте мұғалімдік семинарияның ашылуы.

1879 – Орынборда мұғалімдік институттың ашылуы.

1879 – Қостанай қаласы негізінің салынуы.

1881–1883 – Жетісу өлкесіне ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы.

1886 маусымның 2-сі – Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережеге қол қойылды.

1889 шілденің 13-і – Ресейден Қазақстанға шаруаларды қоныс аудару туралы заңның қабылдануы.

1891 наурыздың 25-і – «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже».

1894–1905 – «Қырғыз далалық газетінің» басылуы.

1896 – Щербина экспедициясының қазақ жерін зерттеуге шығуы.

1896–1901 – Сібір теміржол магистралінің салынуы.

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Асар – маусымдық жұмыстарды жүзеге асырудағы туыстардың өзара көмегі.

Аксүйек – ұлттық ойын, кешкілік, түнге қарай ай сәулесінің немесе жағылған от жарығымен, алысқа сүйек лақтырып, соны іздеп ойнайтын жастар ойыны.

Айып – қылмыс жасаған немесе белгілі бір себептермен айыпты деп табылған адамның жәбірленушіге төлейтін ақысы.

Алтыбақан – ұлттық ойын, үш-үштен алты ағаш сырығының басын қиоластырып, арқанға тартылған ағаш үстінде тербеліп ойнайтын жастар ойыны.

Баж (бадж) – отырықшы егінші тұрғындардан жиналатын салық түрі.

Бәйге – үлкен астарда ұйымдастырылатын, аттың жүйріктігін, шабандоздың ептілігін сынайтын ат жарысының атауы.

Бұхара хандығы – XVI ғасырдың басы – 1920 жылдары өмір сүрген мемлекет. Астанасы XVI ғасырдың 60-жылдарынан бастап Самарқандтан Бұхара қаласына көшті. XIX ғасырдың аяғына таман Ресей протектораттығын қабылдады.

Воевода – патшалық Ресейдегі әскери басшы, көп жағдайда белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікті және аумақтық принцип бойынша құрылған әскерді басқарудың әкімшілік және әскери қызметін қоса атқаратын билеуші. Барлық воеводаларды патша тағайындап, арнайы тапсырмалар беретін болған.

Генерал-губернатор – 1) патшалық Ресейдегі жергілікті жоғары әкімшілік лауазым. Ол бірнеше губерниядан тұратын генерал-губернаторлықты басқарды; 2) Ресейдің Қазақстан жерін орталау саясаты барысында, 1867–1868 жылғы реформаға сәйкес қазақ жері Ресейдің әкімшілік басқару жүйесіне енгізіліп, Батыс Сібір, Дала, Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Олар 6 облысқа бөлінді.

Геосаясат – мемлекеттің сыртқы саясатының географиялық факторларға – аумағына, ауа райына, қазба байлықтарына т.б. тәуелділігі мен байланысын көрсететін тұжырымдама.

Губерния – XX ғасырдың басына дейінгі Ресейдегі әкімшілік-аумақтық бөлінудің ең жоғарғы бірлігі. Губерниялар уездерге бөлінген.

Диуан – 1) Моңғол мемлекетіндегі атқарушылық билікті жүзеге асыратын орган; 2) Ресей империясындағы округтік орган.

Еділ калмақтары – Еділ, Жайық және Дон өзендерінің аралығына XVII ғасырдың басында Орталық Азиядан көшіп барып қоныстанған ойрат тайпаларының (дөрбеттер, торғауыттар, хошауыттар және т.б.) бір бөлігі.

Енші – баласы ер жетіп, отау тігіп, өз алдына үй болғанда әкесі беретін мал-мүлік, әкесінен баласына тиісті үлес.

Ерулік – ауылға басқа ауылдан жаңадан бір отбасы көшіп келсе, сол жерде бұрыннан тұрып жатқан көршілер ол отбасын шақырып қонақасы, ас беруі.

Есім ханның ескі жолы – Есім хан (1598–1628) билік құрған кездегі, оның саяси қызметі мен жүргізген негізгі құқықтық ережелерінің құн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы сияқты құқықтық тарауларын қамтыған заң жинақтығының мағыналық атауы.

Зекет – шариғатқа негізделген, малшаруашылығымен айналасатын шаруалардан алынатын салық.

Жатақ – кедейленген малшылардан шыққан, егіншілікпен айналысатын кедей шаруалар.

Жеті жарғы – Тәуке ханның билігі (1680–1708) тұсындағы байырғы әдет-ғұрыптық заңдар жүйесі, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағы негізіне сүйеніп жасалған құқықтық ережелер жинағы.

Жылу жинау – қандай да бір қиыншылық жағдайға душар болған адамға немесе отбасына ағайындарының бірігіп көмек көрсетуі.

Имам (араб. алдында тұрушы) – мұсылмандарда бірлесіп Құдайға құлшылық жасауға басшылық ететін табыну қызметшісі. Ірі дін қайраткерлерінің құрметті атағы.

Көкпар – қуанышты тойларда серкені тартып ойнайтын ат ойыны.

Көш жолдары – көшпелі малшаруашылығын кәсіп еткен қазақтардың мерзімдік қоныстарға, қыстауға, көктеуге, жайлауға, күздеуге көшу үшін жүретін күре жолдары.

Қасым ханның қасқа жолы – Қасым хан (1511–1523) билік құрған жылдары ел басқару ісінде қолданған, мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралғылары, жұртшылық заңы сияқты ішкі заңдар немесе ережелер жиынтығының атауы.

Қоғамдық қатынастар – әлеуметтік топтар, ұлттар, діни қауымдастықтар арасындағы көп түрлі байланыстар, сондай-ақ олардың өз ішіндегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, т.б. қызметтері.

Қоқан хандығы (1710–1876) – Ферғанада XVIII–XIX ғасырларда өмір сүрген мемлекет. Астанасы – Қоқан қаласы. 1876 жылы хандық жойылып, Ресейдің құрамына, Түркістан генерал-губернаторлығының аумағына кірді.

Қыз қуу – қыз ұзату, келін түсіру және түрлі мерекелерде, тойларда атты жігіттің атты қыздың артынан қуып жетуі үшін ұйымдастырылатын жастардың ат ойыны.

Медресе – дін қызметкерлерін, мұсылман бастауыш мектептерінің мұғалімдерін және Таяу, Орта Шығыс, т.б. елдердің мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын орта және жоғары мұсылман мектептері.

Меншік – кез келген субъектіге (адамға, отбасыға, қауымға, руға, мемлекетке, т.б.) тиесілі мүлік.

Миссионер – дінн ұйымнан, шіркеуден өз дінін насихаттауға және өзге діндегілерді өздеріне тарту үшін жіберілетін жекетұлға.

Молда (араб. маула – билеуші, қожайын) – исламдағы Құдайға табыну қызметшісі.

Номадизм («номадус» – көшпелі шаруашылық) – «көшпелі шаруашылық» ұғымын белгілеу үшін еуропалық ғалымдар енгізген термин.

Отаршылдық (колониализм) – XVI–XX ғасырлардағы өнеркәсіптік жағынан дамыған елдердің басқа елдердің жерлерін басып алу, қоныстану және шаруашылық үшін игеру саясаты. Отаршылдық немесе отарлау жергілікті тұрғындарды күшпен бағындыру, ығыстыру арқылы жүреді.

Ресей патшалығы Қазақстан мен Орталық Азияның басқа халықтарын орталау саясатын жүргізді. Ресейдің отаршылдық саясаты халықтарды жаппай

орыстандыру, шоқындыру және отарлық езгіге түскен елдердің жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы жүзеге асты.

Өндіріс – еңбек заты (өңделетін зат), құрал-саймандар және адам күшінің қосылуы. Өндіріс үдерісінде адамдардың өзара әртүрлі қатынастарға түсуін өндірістік қатынастар дейміз.

Өңіржиек – кеудеге шынжыр арқылы тағалатын, кеудені жауып тұратын қымбат алқа түріндегі әшекей.

Протекторат – екі жақтың тең емес келісімі негізінде бекітілген және тәуелді елдің мемлекеттілігінің сыртқы белгілерін сақтай отырып, екінші бір елдің қол астына толық өтуімен сипатталатын үстемдік.

Редут – айналмалы қорғаныс үшін тұрғызылған, ормен қоршалып, топырақтан үйілген жеке тұрған бекініс.

Сәукеле – ұзатылатын қыздың өз үйінен киіп шығатын баскімі, әйел әшекейінің ең қымбаты.

Тархан – 1) әскери атақ. Түркі-моңғол халықтарында тархан – дәрежесі жағынан ханнан кейінгі екінші дәрежелі ақсүйек. Батырлар да ерекше әскери еңбегі үшін Тархан лауазымын алғаннан кейін салық жинау құқығын пеленген; 2) Ресей өкіметінің Кавказ, Орта Азия, Қырым хандықтарынан шыққан әйгілі адамдарға берген атағы. Тархан атанғандар алым-салықтан босатылған. Ресей патшасы қазақ батырларына (мысалы Есет батырға, Жәнібек батырға) Тархан атағын берген.

Тенге алу – қалтаға түйілген күміс тенге немесе күміс жамбыны атпен шауып келе жатып, ат үстінен еңкейіп алу үшін ұйымдастырылатын ат ойыны.

Тұмар, тұмарша – тіл-көзден, бәле-жаладан қорғану мақсатында соғылған, асыл тастар орнатылған, салпыншақтар тағылған кеуде әшекейі, зергерлік бұйым.

Төленгіт – хан мен сұлтандар кезіндегі жасақтар, олар, әдетте, тұтқындардан немесе азат етілген құлдардың ішінен, кейбір жағдайларда өзінің рулық қауымынан жырақ кеткен қазақтардан жиналды.

Уезд – ХХ ғасырдың басына дейінгі Ресейдегі әкімшілік-аумақтық бөлінудің бірлігі. 1867–1868 жж. жүргізілген әкімшілік реформаға сәйкес Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары уездерге бөлінді. Уезд болыстарға бөлінді. Уезді патша офицерлерінен тағайындалған орыс офицерлері – уезд бастықтары басқарды.

Үкіаяқ – үкінің тырнағы салынған немесе бейнесін беретін, арнайы қалыпта құйылған, асыл тастар орнатылған, салпыншақтар тағылған зергерлік бұйым.

Форт – әскери бекіністер.

Хиуа хандығы – 1512–1920 жылдар аралығында Орталық Азияда өмір сүрген мемлекет. XVI ғасырдың 70-жылдарынан бастап астанасы Хиуа қаласы болды. 1783 жылы Ресей билігін мойындады. 1917 жылы большевиктер билікке келген соң, 1920 жылы 2 ақпанда Хиуа хандығы құлап, оның орнына Хорезм Халық Кеңес Республикасы құрылды. 1924–1925 жылдары оның аумағы Өзбекстан мен Түрікменстан мемлекеттерінің аумағына бөлінді.

Шариғат – мұсылмандық құқық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002.
3. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. Алматы, 1994.
4. Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, 2000.
5. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности кочевнического общества). Алматы — Москва: Совинвест-Горизонт, 1995.
6. Казахи: историко-этнографические исследования. Алматы: Қазақстан, 1995.
7. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004.
8. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті.
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. (ҚРМОН, 2-басылымы). Алматы, 2017.
10. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. / Құрастырған: С.Әжіғали. Алматы: «Арыс», 2005.
11. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). 2-том. Алматы: «Арыс», 2006.
12. Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006.
13. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: «Өнер» баспасы, 1987.
14. Қазақстан (Қазақ Елі) тарихы. 4-томнан тұратын оқулық. Т.3: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер кыспағында. Алматы, 2016.
15. Касымбаев Ж. Государственные деятели Казахских ханств XVIII — первой половины XIX в. Т.4: Жангір Хан (1801-1845). Личность во взаимодействии с кочевническим обществом и сопредельными регионами. Алматы: Наш Мир, 2001.
16. Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999.
17. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 2 том. Алматы: Атамұра, 1998.
18. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002.
19. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности кочевнического общества). Алматы — Москва: Совинвест-Горизонт, 1995.
20. Казахи: историко-этнографические исследования. Алматы: Қазақстан, 1995.
21. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004.

22. *Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998.
23. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Алматы: Ғылым, 2001.
24. *Аргынбаев Х.* Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996.
25. Қазақтың халық творчествосы. Алматы: Ғылым, 1989.
26. Бабалар сөзі. 100 томдық. Астана: Фолиант, 2011–2014.
27. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 томдар. Алматы: Жазушы, 1989.
28. *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: «Өнер», 1987.
29. *Әжіғали С.Е.* Қрател елінің асыл мұрасы: көшпенді Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. Алматы: Times Printhouse, 2006.
30. *Жәнібеков Ө.* Жолайырықта. Алматы: Рауан, 1995.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
I бөлім. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫ	
§ 1. XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы	4
§ 2. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыру	7
§ 3. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы	10
§ 4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жасағының құрылуы	13
§ 5. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы	16
§ 6. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар, билер мен батырлар	19
II бөлім. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ	
§ 7-8. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. Ресейдің отарлау әрекеттерінің басталуы	22
§ 9. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары	25
§ 10. XVIII ғасырдың 30–50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты	28
§ 11. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайдың асқынуы	31
§ 12. Абылай ханның қайраткер ретінде қалыптасуы	33
§ 13. Абылай хан және біртұтас Қазақ хандығының қайта нығаюы	36
§ 14. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты	38
III бөлім. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	
§ 15. XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи оқиғалар	42
§ 16. Дәстүрлі рухани мәдениет (салт-дәстүр)	45
§ 17. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі	47
§ 18. Қазақ халқының ұлттық киімдері	50
IV бөлім. ОТАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС	
§ 19-20. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері	54
§ 21-22. Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс	59
§ 23. 1822–1824 жылдардағы реформалар және қазақ қоғамы	67
§ 24. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары	72
§ 25-26. 1836–1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі	75
§ 27-28. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс	82
§ 29-30. Орта Азия хандықтарының басқыншыларына қарсы қазақ көтерілістері	90
§ 31-32. Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы	96

V бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

§ 33-34. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы реформалар	104
§ 35-36. 1860–1870 жылдардағы азаттық күрес	110
§ 37. Отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері	115
§ 38. Ресей империясының қоныстандыру саясаты	118
§ 39. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер	121
§ 40-41. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы	125
§ 42. XIX ғасырдың 80–90-жылдарындағы әкімшілік-аймақтық реформалар	129
§ 43. Қазақстандағы сауда қатынастарының дамуы	131
§ 44-45. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті	134

VI бөлім. XIX ҒАСЫР – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ

§ 46. Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүрлер ерекшеліктері	139
§ 47. Қазақ халқының ұлттық ойындары	142
§ 48. XIX ғасырдың соңындағы халық ауыз әдебиетінің дамуы және хатқа түсірілуі	145
§ 49. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезіндегі халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері	147
§ 50. XIX ғасырдағы қазақтың күй өнері	149
§ 51. XIX ғасырдағы қазақтың ән-саз өнері	151
§ 52. Қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары	153
§ 53-54. XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісі	157
§ 55. XIX ғасырдағы Қазақстанның ғылыми зерттелуі	162
§ 56. Шоқан Уәлиханов – дарынды ғалым	166
§ 57. Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартушы	169
§ 58-59. Абай Құнанбаев – ұлы ақын	172
§ 60. Ш. Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы	175
Басты оқиғалар	181
Терминдер сөздігі	184
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	187

Учебное издание

**Омарбеков Талас
Хабижанова Гульнара Болатовна
Картаева Таттигул Ерсайыновна
Ногайбаева Мендигуль Сагатовна**

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

**Учебник для 8 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)**

**Редакторы *Е. Жайнақов*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Балтаев*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Корректоры *Г. Абдрахимова*
Компьютерде беттеген *Ж. Бекбосынова***

**Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген**



ИБ № 5723

Басуға 15.06.18 қол қойылды. Пішімі 70·100^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,48.
Шартты бояулы беттаңбасы 62,56. Есептік баспа табағы 11,70.
Таралымы 103 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

